

Л 2006
4661к

1937

«ҰЛЫ ТҰЖИҒАЛАР»



ҚАЙТА ОРАЛҒАН
ҚАЛАМҒЕР

ОРТАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

*“Ұлы тұлғалар”
ғылыми-зұмырнамалық серия*

ҚАЙТА ОРАЛҒАН ҚАЛАМҒЕР

(Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым,
жазушы Жүсіпбек Аймауытұлына арналады)

АЛМАТЫ 2003

ББК 83.3 Каз.

Қайта оралған қаламгер: (Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, жазушы Жүсіпбек Аймауытұлына арналады) / Құраст. В.Қ. Күзембаева; Орталық ғылыми кітапхана. – Алматы, 2003. – 279 бет. – “Ұлы тұлғалар” ғылыми-ғұмырнамалық сериясы.

ISBN 9965-473-63-3

ББК 83.3 Каз.

Бас редактор

ҰҒА академигі, филология ғылымының докторы,
профессор *С. Қирабаев*

Жауапты редактор

К.К. Әбуғалиева

Редакция алқасының мүшелері:

Л.Д. Әбенова

Т.В. Вдовухина

Көркемдеуші редактор

Ибраев Е.А.

Құрастырушы

В.Қ. Күзембаева

4603020102

Қ-----

00(05)-03

ISBN 9965-473-63-3

© Күзембаева В.Қ.,
құрастырушы, 2003

ОҚЫРМАНДАРҒА

Ғылым Академиясының Орталық ғылыми кітапханасының “Ұлы тұлғалар” атты арнайы ғылыми-ғұмырнамалық сериясы жалғасын табу-да. Ондағы мақсат – халқымыздың, ұлттық зиялыларын, елеусіз қалған есіл ерлерімізді қалың көпшілікке насихаттау.

Өткен тарихымызды бұрмалаусыз, тура қорытудың бірден-бір жолы халқымыздың болашағы үшін бар ғұмырын күресте өткізген арыстарымыздың артында қалдырған рухани мұрасын оқырманның, әсіресе жас ұрпақтың қолына жеткізу болса керек.

Міне, сондықтан да біртуар азаматтарымыздың өмірі мен халық үшін атқарған қызметін жан-жақты, терең зерттеу, олардың әрқайсысының шығармашылық және қайраткерлік еңбегін халық арасында кеңірек насихаттау – бүгінгі күн тәртібінде тұрған көкейтесті мәселе деп білеміз.

Бұл еңбек – XX ғасырдың басындағы ірі саяси тұлға, көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, жазушы Жүсіпбек Аймауытовқа арналады. Жинаққа Ж. Аймауытовтың таңдамалы еңбектері мен ол туралы зерттеулері енгізілді.

Ұлтымыздың мақтанышы – ұлы тұлғаларымыздың бүгінгі таңда есімін ардақтап, құнды еңбектері мен елеулі істерін ұрпағына паш етер бақытты күн туды.

Жүсіпбек Аймауытов – көрнекті жазушы ғана емес, сол еңбектерімен халық азаттығын мұндаған, елінің ертеңін ойлап еңіреген, ұлтының болашағын ойлап еміренген азамат.

Сауатсыздық қараңғылығына сүңгіген халқын, ескіліктің тереңіне батқан елін қайтсем жарыққа шығарам деп, қаламын қарудай түйреп күрескен азамат. Жан-жақты талант иесі Ж. Аймауытовтың әдебиетке әкелген жаңалығы мен еңбегі орасан зор. Қазақ әдебиетіндегі роман жанрының тууын Жүсіпбек Аймауытов есімімен байланыстыруға әбден болады. Өз заманының қайраткері болған Ж. Аймауытовтың өмірі мен өнері бүгінгі ұрпақ үшін де ескірмейтін үлгі, өнеге болып табылады.

Ғылыми-ғұмырнамалық серияның “Көмекші көрсеткіштер” бөлімінде Жүсіпбек Аймауытовтың өмірі мен шығармашылық еңбегін сипат-

тайтын мәліметтер әліпби тәртібімен орналасқан: әуелі қазақ тілінде, содан соң орыс тілінде берілген, оның өз еңбектері хронологиялық ретпен әр жылдың ішінде әліпби бойынша орналасқан.

Кітаптың соңында еңбектердің әліпбилік және есімдер көрсеткіші, бірлесіп жазған авторлар көрсеткіштері берілген. “Ұлы тұлғалар” атты серия оқырман қауымның көңілінен шығады деген ойдамыз, ұсынылып отырған жинақ туралы ой-пікірлеріңіз, ұсыныстарыңыз болса мына мекен-жайға хабарласуларыңызды сұраймыз:

480100

Алматы қаласы

Шевченко көшесі, 28

Орталық ғылыми кітапхана

Факс (3272) 61-02-60



ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ

Екі заман шекарасында көзін аша бастаған туған халқының ақылы, ойы, ары, баскөтерері болып, оның қамы үшін, тағдыры мен болашағы үшін бастарын тауға да, тасқа да соғып, ақыры бір кездерде біздің елді жайлаған зорлық-зомбылық дертінің, социалистік заңдылықты бұзудың құрбаны болып кеткен арыстарымыздың қатарында Жүсіпбек Аймауытовтың орны ерекше. Жалпы көпшілік ұмыта бастаған, тек есімдері мен істері бірен-саран көзі ашық зиялылардың ғана есінде қалған тұста, олардың біртіндеп емес, топ-тобымен ел ортасына қайтып оралуы елі мен ерін бөлмейтін, азаматтық ойы бар жандарды қалай тебіrentпес! Бірін күтіп жүргенде бәрі келіп, “ақ түйенің қарыны” бір-ақ күнде жарылды. Қанша бұлт басса да, ақыры ашылмай қоймайтын күн көзі жарқ етті. Әділдік, шындық дегендердің де өзінің шын мағынасына ие болатын кездері болады екен, сол кезең туды.

Біз үшін саяси-қоғамдық дамудың ең бір күрделі жылдарында өмір сүрген бұл Азаматтарымыздың бүкіл шығармашылық еңбегін қазақ халқының азаттық жолындағы ұлттық мүдделерімен байланыстыра білгені қымбат. Олар ескішілдікке қарсы күресті, қараңғыда қамсыз ұйықтап жатқан халқын ояту үшін бірі “маса” болып ызындап, бірі “Оян, қазақ!” деп жар салды. Өлең тілімен, өнер тілімен халқына үгіт айтып, оларды білім-ғылым, ағарту жолына үндеді. Патшаның отаршылдық саясатының халықтың тұрмыс-тіршілігін ғана ауырлатып қоймай, саяси құқығын да тежеп отырғанын айтты. Орыстың озық ойлы мәдениеті мен әдебиетін халық арасында кең насихаттады, орыс классиктерінің шығармаларын аударып, оларды өздерінің ағартушылық идеясына, азаттық жолындағы күресіне пайдаланды. Осы жолда олардың патша әкімшілігінен көрген қудалауы, зорлығы да аз емес еді. Бүгін біз оларды еске алғанда өз басының тыныштығын күйттемей, туған халқы үшін азапты өмір кешуді өздері қалап алған, тіршілігінің бәрі кейін солай лайықталып пішілген ер жүрек жандардың қайраткерлік қайсарлығы мен кейінгі ұрпаққа қалдырған өнеге, үлгі сөздеріне, тіпті бүгінгі ұрпақтың кәдесіне әлі де жарап жатқан еңбектеріне ерекше ризалықпен, ылтипатпен қараймыз.

Осы топтың ішінде Жүсіпбек Аймауытовтың салмақты орны бар. Ол – ақын, прозашы, драмашы, сыншы, публицист, аудармашы. Әдебиеттің әр алуан жанрларында белсенді қызмет ете отырып, Жүсіпбек жаңа дәуірдегі әдебиеттің негізін салушылардың алғы легінде болды. Көптеген ірі шығармаларымен жаңа ізденістерді орнықтырды.

Жүсіпбек Аймауытов 1889-жылы Семей губерниясының Павлодар уезінде, Қызылтау болысының бірінші аулында туған. Арғы аталары аukatты болған деседі. Бірақ Жүсіпбектің өз әкесі Аймауыт та, оның әкесі

Дәндебай да шағын шаруалы адамдар екен. Жүсіпбектің 15 жасқа дейінгі өмірі аулында өтеді¹. Ол ауыл молдасынан оқып сауатын ашады. Тиіп-қашып әр қилы молдалардың (өзі айтуынша, Жүніс қожа, Шәймерден қожа, Қожахмет молда, Қапар қажы, Мұхамеджан) алдын көріп, ескіше едәуір білім алады. Содан кейінгі біраз уақыт өзі де молдалық құрып, бала оқытады. “Қартқожа” романында Ж. Аймауытов бала молда ретінде өз өмірінің осы тұсын суреттеген.

1907-жылы Жүсіпбек молдалықты тастап, Баянауылға барып орыс мектебіне түседі. “Оспанның (Аймауыттың інісі. – С.Қ.) Серебрянников дейтін тілмашы мені тәуір көруші еді. Баянда соның үйінде жаттым. Баянда бір қыс оқып, екі бөлімін бітіріп, келер жылы Керекудегі (Павлодар) қазыналық ауыл шаруашылық (с-хоз) школіне барып емтихан ұстадым”, – дейді ол². Бірақ ауыл шаруашылық мектебінде ұзақ оқи алмайды. Бір айдай ауыл шаруашылық жұмысына қатысып, одан кейінгі екі ай ғана оқуға мүмкіндік алған Жүсіпбек мектеп режимі мен әділетсіздікке қарсы бой көтерген балалардың қатарында оқудан шығып қалады.

Осыдан кейінгі біраз уақытын ол ауылда бала оқытумен, Баяндағы мектептің үшінші класында оқуын жалғастырумен өткізеді. Содан 1911-жылы Керекуге келіп, екі класты орыс-қазақ мектебіне орналасады. Әуелі сол мектепте, кейін интернатта білім алып, 1914-жылы Семейдегі мұғалімдер семинариясына түседі, оны 1919-жылы бітіреді. Жүсіпбектің алашордашылардың істеріне араласатыны да осы кез. Семейде ол “Абай” журналын шығарысады.

1919-жылы Жүсіпбек Алашордадан бөлініп, Кеңес өкіметі жағына шығады. Коммунистік партияның қатарына өтеді. Семейде, Павлодарда партия, кеңес жұмыстарын атқарады. 1920-жылы Қазақстан Кеңестерінің съезіне делегат болып қатысады. Содан кейін Қазақ АССР Халық ағарту комиссариатында басшылық қызметте (комиссардың орынбасары болып) қалады. 1921-жыл Семей губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі, кейін “Қазақ тілі” газетінің редакторы болып істейді. 1922–1924-жылдары Қарқаралыда мектеп мұғалімі, ал, 1924-1926-жылдары Ташкентте шығатын “Ақ жол” газетінің редакциясында қызмет атқарады. Бұдан кейін 1926–1929-жылдары Шымкент педагогтік техникумының директоры болады. Ара-тұра сол кездегі саяси науқандарға араласады.

¹ Жүсіпбектің туған жылы жайлы деректер әр қилы. С. Мұқанов “XX ғасырдағы қазақ әдебиеті” (1932) атты кітабында 1893-жылы туды деп көрсеткен. С. Садуақасовтың сұрақтарына берген жауабында өзі “сиыр жылының аяғында (1890 жылдар) тусам керек” (Қазақ әдебиеті, 23-желтоқсан, 1988) дейді. “1890-жылдар” дегеніне қарағанда, бұл жылды ол да жобалап айтқан тәрізді. Ал сиыр жылы – жыл санау тәртібі бойынша 1889-жылға дәл келеді. Сонда ол 1889-жылдың аяғы болуы мүмкін. Кейінгі біраз деректерде де осы жыл көрсетіледі (С.Қ.).

² Қазақ әдебиеті. 1988. 23-желтоқсан.

Торғай уезінің ашыққан халқына жәрдем ұйымдастырып, жиналған малды “өзі пайдаланып кетті” деген жаламен жауапқа тартылып, артынан ақталады. Содан 1929-жылы “Қазақстандағы ұлтшылдық ұйыммен байланысы бар” деген сылтаумен қайта тұтқынға алынады. Сөйтіп, 1931-жылы 42 жасында, нағыз шығармашылық толысқан кезінде қыршынынан қиылды.

Жүсіпбектің өз айтуынша, оның туып-өскен ортасы өнерге жақын болған тәрізді. Оның болашақ жазушыға әсері мол болған түрі бар. “Ақат ағам екеуіміз де әрі молда, әрі етікші, ағашшы, әрі шимайшы, әрі домбырашы, әнші болып өстік. Әкем домбыра тартушы еді. Ақатты бес жасынан алдына алып отырып, домбыра тартып үйреткен еді. Біздерден үлкен екі апамыз болды. Үлкені домбыра тартушы еді, хат танушы еді. Бізге өлең, ән үйреткен екі апамыз еді. Қадыкеш деген үлкен апамыз өлең де шығарушы еді, ұзатылатын қыз жолдастарына шығарған өлеңдерін ұрлап алып, оқи беруші едік. Байы өлген қатындарға шешем (Бәтима) жыр шығарып, үйретіп отырғанын жас кезімде құлағым шалушы еді”³, – дейді ол жоғарыда аталған С. Садуақасовқа қайтарған жауабында.

Осындай ортада Жүсіпбектің әдебиетке құмарлығы ерте оянады. “Ауылдағы өзім құрбы балалардан хатты ерте таныдым.... - Хисса, өлең кітаптарды көп оқушы едім. Қадыкеш апамның бір сандық хиссасы бар еді. Қыстың ұзақ кештерінде алғашқыда Қадыкешке, соңынан Ақат екеуімізге әкем хисса оқытқызып отырушы еді”⁴, – дейді ол тағы да.

Алғаш өлең жазумен әуестенуін Жүсіпбек 13 жастан деп санайды. “Дұғалық жазатын кішкене қара шолақ кітапшама тіленші шалға есігін ашпаған бір кемпірді, көшкенде байталға мінбеймін деп әкесін ренжіткен қызды (ол Жәмікен деген апам ғой) өлең қып жазып қойғанымды әкем көріп, маңдайымнан иіскегені әлі есімде. Содан соңғы өлең жазғаным 19-20 жастар кезім болса керек. Бір бала молдамен айтысып, өлең жазғаным бар. 1912-жылы жазған өлеңдерім ескі дәптерімде әлі сақтаулы. Абайға еліктеппін. Ең алғаш басылған сөзім – 1913-жылы болса керек, бір ақымақ алыпсатардың болыс болам деп, елге бір мөсте шай апарып, елдің қулары болыс қоямыз деп, шайларын алдап алып, бос қайтқанын жазып едім. Бұл хабар “Қазақ” газетінде басылды. Сол хабардың басылуы қалам ұстауыма үлкен себеп болды. 1916-жылы қазақтан жұмысшы алудың артынан пьеса жаза бастадым. Алғаш жазған 5 перделі пьесам (Нұрғали Құлжанов ұнатпаған соң) жарыққа шықпады”, – деп жазған ол.

Жүсіпбектен қалған мұра аса бай. Оның ішінде “Қартқожа”, “Ақбілек” романдары, “Күнікейдің жазығы” повесі мен көптеген әңгімелер, “Рабиға”, “Мансапқорлар”, “Сылаң қыз”, “Ел қорғаны”, “Қанапия-Шәр-

³ Қазақ әдебиеті. 1988. 23-желтоқсан.

⁴ Сонда

бану”, “Шернияз” атты пьесалар, өлеңдер мен “Нұр күйі” поэмасы, балаларға арналған ертегі кітапшалар, сын мақалалар мен көптеген аударма кітаптар, оқулықтар бар. Өз кезіндегі газет-журналдар бетінде Жүсіпбек жазған мақалалар да бірсыпыра.

Осындай жан-жақты талант иесі Жүсіпбек жаңа дәуірдегі қазақ әдебиетінің бастауында тұрып, өзінің замандастары Сәкен, Бейімбет, Ілияс, Мұхтар, Мағжан, Сәбиттермен бірге көптеген жаңа жанрлардың негізін салуға қатысты. Әсіресе, оның проза мен драматургиядағы орны үлкен.

Жүсіпбектің “Қартқожа” романы тұңғыш рет 1926-жылы Қызылорда қаласында жеке кітап болып басылып шықты. Бұл – ауылдағы қарапайым қазақ азаматының өмірін, оның әлеуметтік арпалыстар кезіндегі күрделі тағдырын эпикалық үлгіде көркем бейнелеуге арналған қазақ әдебиетінің алғашқы көлемді шығармасы. Онда қазақ аулының революция алдындағы және әлеуметтік қақтығыстар кезіндегі тіршілігі, азаттық жолындағы күрестен кейінгі жаңаша ұмтылысы шыншылдықпен бейнеленеді. Әсіресе, жазушы осы тартыстар талқысында қарапайым қазақтың қоғамдық теңсіздік сырларын түсінуге жетіп, әлеуметтік әділетсіздіктің себептеріне ой жіберуін нанымды суреттейді. Шығарманың негізгі кейіпкерін де Жүсіпбек осы тұрғыдан көрсетеді. Шығарма тарихтың осындай бір кезенді, шытырман оқиғаларға толы тұстарындағы қазақ аулы өмірінің жалпы шындығын жұмсартпай, шынайы, кең тұрғыда суреттей алуымен де бағалы. 1916-жылғы ұлт-азаттық қозғалысының басталуы мен оның 1917-жылғы февраль революциясына ұласуы, қазақтардың ел ішіндегі әлеуметтік күрестерге араласуы, “Алашорданың” құрылуы, Октябрь революциясы мен азамат соғысының оқиғалары роман сюжетіне желі боп кіреді. Шығарма қаһарманы Қартқожа да, оның елі, жұрты да осы оқиғалар фонындағы тартыста есейіп, есін жинап, ілгері басады, болашаққа қарайды.

Қартқожаны жазушы бірден озық идеялы жаңа қаһарман етіп жібермейді. Бар тіршілігі теңсіздік, жоқшылықпен өткен қазақ шаруасының баласы өмір талқысына түсіп, біртіндеп көзін ашады, өмірден сабақ ала отырып өседі. Оның бәріне себеп – ХХ ғасыр басында туған әлеуметтік революциялар дәуірі. Егер ол болмаса, Қартқожа да әкесі Жұман тәрізді шағын шаруасын күйттеген момын шаруаның бірі болып қалар еді. Өскен ортаның саңылаусыз қараңғы, көңтері тіршілігі Қартқожаны да әуелде әке жолына салғалы тұрғаны романда бірден көрінеді. Екі жеңі сауыс, бетінің бір жағы сатпақ, көзінің былшығы да тазармаған, болпиган, анау-мынауды елең қылмайтын, ұстамды, момын, аңқау бала даланың жайбарақаттығын бойына жинап өскелі тұрғандай елестейді. Бірақ ойшыл, оны-мұны көргіштігі тағы бар.

Көшпелі тіршілік пен рушылдық-ағайыншылдық қарым-қатынас қазақ ауылындағы қайшылықтарды сырт көзге бірден көрсетпей, жасыр-

ын ұстауға тырысқанымен, ел ішіндегі таптық жік, қоғамдық әділетсіздік, әсіресе, кедейлер өмірінде көзге түспей қалмайтын еді. Қартқожа да есін жия келе осыны көре біледі. Ол өзін кемсітіп, әлімжеттік жасай беретін бай балаларының қылығына қоса, әкесінің әлділерден көрген қорлығын да ойына түйіп өседі. Әлділерге қарсы істер дәрмен өзінде де, әке қолында да жоғы ызаландырады. Кейде: “Әттең, менің кедейлігім-ау! Әйтпесе, солардың менен ақылы артық па? Зейіні артық па? Артық болса, малы артық. Дүние шіркін-ай! Кегімді алатын да күн болар ма екен?” деп кіжінеді.

Қожа-молда алдына барып сабақ алу, намаз, құран оқып құдайға жалбарыну да Қартқожаны кедейліктен, зорлықтан құтқара алмайды. Ендігі оның арманы – орысша оқу болады. Бірақ бұл – ауылдың кедей баласының қолы жете бермейтін ұзақ жол, тек арман ғана. Қартқожаның Уфа медресесінің шәкірті мен Жүніске кездесуін суреттеу арқылы жазушы оның көкейіндегі арманды ұлғайта түседі, қаһарманын іштей ұзақ ізденіске дайындайды.

Қартқожаның шындықты, әділдікті тануы жолында 1916-жыл оқиғаларының маңызы бар. Әуелде патшаға, болысқа қарсы топты көріп, қызықтаған ол бірте-бірте сол іске өзі де араласады. Өйткені, жасын өсіріп жазып, болыс оны да майданның қара жұмысына алуға жазып қояды. Осы бір көтерілісшілерімен бірге жүрген күндер Қартқожа үшін үлкен мектеп болғанын көреміз. Бұрын ауыл маңынан ұзамаған бала көп ішінде жүріп, халықтың әрқилы тобын, олардың мінез-құлқын, тіршілігін таниды. Болыстың елге жасап отырған әділетсіздігін, зорлығын көреді. Соған қарсы батыл қол көтерген Дәрмен сияқты азамат жігіттер де ел ішінде барын біледі. “Дүниеде болыстан жауыз жан жоқ... Дәрмен біліп жүр екен. Өлтірер ме еді!” деген ой Қартқожа басына сонда келеді.

Бірақ құр ызаланған, кектенгені болмаса, Қартқожа ондай кек алу жолына шыға алмайды. Көтеріліс басылып, өзі солдатқа алынып кете барады. Баласының көтеріліске қатысқаны үшін жаза тартып, бар малынан айырылып, сорлы әке қала береді.

Қартқожаның рухани өсуіне жол ашқан – солдат өмірі. Бұл кезде ол тыс жерде, көрмеген ортада жаңа өмір кешеді, қараңғылықтан жарыққа шыққандай сезінеді. Оның көзін ашып, оң мен солын тануына себеп болған Андрейді ол өлгенше есінде сақтайды. Патшаның тақтан құлауынан кейін елге қайтқан Қартқожа ендігі жерде оқусыз, білімсіз өмір сүру мүмкін еместігін ұғынады. Қол қысқалықтың қырсығынан ара-тұра кәсіп қуа жүріп (Баян, Семей, Омбы арасында), ол оқуын жалғастырады. Алашордашылардың тарауы, большевиктердің келуі, қашқан ақ әскерлерінің қылықтары оның әділет, бостандық туралы ұғымдарын толықтырады. Осылардың нәтижесінде ол халық, ел тағдыры, оның досы кім, жауы кім екендігі жайлы ойлануға жетеді. Роман соңында Омбыдан елге оралған Қартқожа ел алдында жігерлі сөз сөйлеп, елді еңбекке, іске

шақырады. Ескіні күштеп қиратып, жаңаны мықтап тындырып жатқан қаһарман әрекеті көрінбегенмен, Жүсіпбек Қартқожалардың өмір талқысынан өтіп, әділдік жағын табуын, жаңа дүниеге шығуын суреттеу арқылы жас қазақ әдебиетіне жаңа қаһарманның келгенін әйгіледі. Оның істейтін ісі әлі алда еді.

Қартқожа романда жалғыз емес, оның алды-арты, өскен ортасы, айналасы шығармада жақсы суреттеледі. Әсіресе, оған адамгершіліктің, азаматтықтың, жігіттіктің туындай көрінген қайратты Дәрмен (ол соғыста қолға түсіп, жау қолынан атылады), Қартқожаның оқып, адам болуына көмектесіп жол сілтеген Хасен, окоп жұмысында бірге болған Андрей, кейін Омбыда оны интернатқа орналастырып, оқуына жәрдемдескен Полидуб бейнелері Қартқожаны толықтыра түседі. Әсіресе, Андрей, Полидубтармен кездесулер арқылы жазушы жаңа қоғам орнату жолындағы күресте қол ұстасып бірге жүрген орыс-қазақ халықтарының достығын, орыс адамдарының қарапайым қазақ баласының оң мен солын тануына көмектескенін орынды бейнелейді. Қартқожа Андрей мен Полидубты жақсы көріп, әрдайым еске алып жүреді.

Романда айрықша көзге түсетін нәрсе – көшпелі қазақ аулы өмірінің жүдеулігі, қоғамдық әділетсіздік. Мұны біз Қартқожа туып-өскен ортаның, отбасылық тіршіліктің, ескі ауылдағы әлдің әлсізге жасаған зорлығы фактыларынан, осы негіздегі қақтығыстардан танимыз. Талапты Қартқожаны оқытпай, ауылға байлап қойған да – осы жоқшылық. “Тастаған шокпар сорлыға тиеді” дегендей, қырсық та Жұман үйін айналдырып, жұт та алдымен осыларды жалмайды. Кедейдің барлық жоғын жұтатқан қыс суреті жазушының шебер қолымен жасалған, ол жайсыз табиғат көріністерін көз алдыға жайып салады. “Күн құлақтанып, шаңытқан ақ пердеге жасырынып, жаңа түскен келіндей ақ дидарын көрсетпейді. Қас қараяр-қараймастан күн батыстан шатынаған, шақшиған, жалғыз көзді жан алғыштай жаман, жарық жұлдыз шығады, күннен күнге шарықтап, көкке өрлейді, жел қасарысып, темір қазықтан таймай, ызғырады да тұрады”.

Жүсіпбек реализмі ел тіршілігінің, халық тұрмысының жалпыға ортақ қиындығын жұмсартпай, оның ұнамды-ұнамсыз жақтарын кең суреттейді. Қартқожаның көтерілісшілер ортасында болған кездегі көргендері, жасақтың жиналып, тау арасында босқа жатқан күн көрісі жалпы көшпелі елдің бей-жай, берекесіз тіршілігін еске салады. Біреулер уақытты қалай өткізерін білмей, ұсақ-түйекпен алданса, енді біреулер тамақ аңдып, таласып-тармасып жатқаны. Өз басымен ойлап, жоспарлы күрес жүргізіп, ұйымдастырып жатқан ешкім жоқ. Жиналғандар не істерін білмейді. Осындай берекесіз тіршілікке, рулық талас-дауларға алданған жұрттың жеңіске жете алмай, ыдырауы да заңды еді. Қартқожа осыны көреді. Ыдырыс қажы ауылында да ол дағдарған елдің “тасаттық” беріп, босқа шығынданып жатқанына, молданың өз құлқынын көздеген

шариғатының алдамшылығына куә болады. “Қазақтың қан жылап жатқаны мынау. Құзғындардың, “жақсылардың”, “адамдардың” түрі анау, мыңдаған, миллиондаған азамат ажалға кетіп барады. Жүздеген жауыздар масайрап, тамақтан басқа қамы жоқ, елді еміп жатады. Олардың жауыз баласы үшін біз жанымызды құрбан етеміз. Не өтесісі, не жақсылығы үшін? Әділет, теңдік, адамшылық қайда?” – деп ойлайды Қартқожа.

Осы жағдайлар біртіндеп Қартқожаны халық жағдайы, оның тағдыры, болашағы туралы ойларға алып келеді. Оның саналы күреске бет бұруына негіз болады. Жазушы оны шығарма соңында ашық айтады. “Қартқожа қазағын, елін сүйеді. Байын, жауызын емес, бұқарасын, кедейін, жалшысын, жерін, суын сүйеді. Қазақ пен орыстан көрген жақсылығын ұмытпайды, орысты да бауыр тұтқысы келеді. Андрей, Полидубтарға қазақтың неше Жайдархандарын құрбан қылғысы келеді. Қазақ та, орыс та Андрейдің, менің көргенімді көрсе, көзі ашылса, менің жүрегімдей бауырмал жүректері болса, зорлық, қиянат, теңсіздік жоғалар еді-ау, – деп бір мезет ойлайды. Бірақ ол мүмкін бе? Барлық адам баласының “мінезін, құлқын, жүрегін бір қалыпқа салып шығаруға бола ма?” – деп жазады Жүсіпбек. Бұл үзіндіден халық тағдырын ойлау дәрежесіне көтерілген роман қаһарманының адамды ұлтына бөлмей, жалпы адамгершілігі тұрғысынан бағалайтын адал бауырмалдығын көреміз. Сонымен бірге ол өмірдің бір қалыппен жүрмейтін күрделілігін де түсінеді.

Шығарма қаһарманы жайындағы жазушы толғанысында бүкіл романның пафосы жатыр. Автор қазақ ортасынан шыққан жас Қартқожаны “елі үшін күйген, еңбекті сүйген, ер жүректі, жұртшылық көсемі – жалынды жастардың” (автордың арнау сөзінен) қатарынан көргісі келеді. Оның халықтық ойлары Қартқожа бейнесі арқылы өрбіп дамиды.

Шығарманың шұрайлы тілі – жазушы шеберлігінің айқын көрінісі. Ондағы суреттер ел өмірін, дала тіршілігін, ондағы адамдар ұғым-түсінігін оқырманның көз алдына жайып салып отырады.

Бұл – “Қартқожаның” жалпы идеялық, тақырыптық маңызына қоса қазақ романының тарихындағы көркемдік рөлін де, жаңалығын да аша түседі.

“Ақбілек” – жеке кітап болып басылып үлгермеген шығарма. Ол кезінде “Әйел теңдігі” журналының 1927–1928-жылдар ішіндегі бірнеше санында жарияланған. Бірінші рет 1989-жылы Жүсіпбектің таңдамалы шығармалары ішінде жарық көрді.

“Ақбілек” тақырыбы жағынан “Қартқожа” романымен үндес. Егер “Қартқожада” жазушы ескі қоғамдық құрылыс жағдайында теңсіздікте күн кешкен қазақ жігітінің құлдықтан құтылып, азаттық күрес жолына шыққанын суреттесе, “Ақбілекте” де осы идеяны жалғастырады. Мұнда феодалдық-рушылдық ортада жікшілдік тартыстардан қорлық көрген

қазақ қызының жаңа заман шындығын пайдаланып, өз бақытын табуы, тең құқылы азамат болуы бейнеленеді. Романның басты кейіпкері Ақбілек әкесіне өшіккен Мұқаш деген жігіттің көрсетуімен қашқан ақ әскерлерінің қолына түсіп, бірқатар қорлық көреді. Одан кейін өз аулында әйелді қолжаулық көрген ортаның азабын шегеді. Ақыры Ақбілек ағасының көмегімен қалаға кетіп, оқу оқып, бақытын табады. Бұл Жүсіпбек Аймауытовтың жаңа заман туралы ұғымын, соның арқасында кедейлер мен әйелдердің теңдікке ұмтылып, күрес пен бақыт жолына шыққанын суреттеуге талабын дәлелдейді.

Осы оқиғалар негізінде Жүсіпбек сол бір аласапыран жылдардағы қазақ аулы өмірінің шындығын, адамдар тағдырындағы өзгерістерді, тынымсыз ізденісті кең бейнелейді. Ескі ауыл мен оның адамдары бойындағы қайшылықты күйлер мен ұғымдар тартысының суреттері, психологиялық толғаныстар жазушы реализмінің байлығын, суреткерлік қарымының кеңдігін көрсетеді. Роман кейіпкерлері заманмен, дәуірмен қабаттаса өзгеріске ілеседі, қоғамнан өзіне лайық орын іздейді. Ол орынды бірі тауып, бірі таба алмай жатса да, жалпы ізденістің беталысы елдің рухани оянуға ұмтылысын аңғартады. Солардың алдыңғы легінде Ақбілек дегеніне жетеді.

Ақбілектің ауылдың етекбастылығынан, алып-қашпа өсек-аяңынан құтылып, қаладан бақытын табуы – жаңа саясаттың жемісі. Ол – білім алып, қатарға қосылған алғашқы қазақ әйелдерінің өкілі. Өткеніне, өзі өскен ортаға бүгінгінің көзімен қарайды. “Оқымаған әйел қор ғой. Қапастағы құстай ғой?” деп ойлайды өзінің бүгінгі күйін өз ортасынан аса алмай қалған Кәмиламен салыстырып. Ақбілек пен Балташтың жарастықты жаңа өмірін жазушы басқаларға үлгі етеді. “Ақбілек көрген-білгенін Балташқа айтып келеді... Сөйлескен сайын бірінің білгені біріне ауысады. Кейде Балташ баяндама, отчет жазғанда салмақты Ақбілек көтереді. Ақбілек бірдемеге алданып жатса, Балташ барып тамақ әкеледі. Екеуі бірге күйінеді, бірге сүйінеді. Өйткені, дененің басқалығы болмаса, екеуі бір кісіміз деп ойлайды”, деп жазады ол.

Ол – бұрынғы қазақ әйелі басында, әйел мен еркектің арақатынасында болмаған жай. Жаңа өмір әйелді осыған жеткізді, әйел мен еркекті бір қатарға қойды. Кешегі жуас, ұялшақ Ақбілек өнерлі жастардың қатарына қосылып, тек “ақсақалдың ғана баласы емес, көптің баласы” атанды. Ақсақалдың өзі де именеді одан. Туған еліне оралып, Алтайдың тауына шыққан Ақбілекке онда өткен өмір ауыртпалықтары, “алайтүлей қараңғы қара күндер барсакелмеске біржола кеткендей, анау алыста, етекте біржола қарасы өшкендей көрінеді. Ақбілек бейнеттен, қорлықтан, күнәдән тазарып, сонау жетіқат көктегі ғарышқа барып, жүрегін алтын легенге малып тұрғандай, анадан жаңадан туғандай тазарады”.

Бүкіл шығарманың идеясы автордың осы сөздерінде жатыр.

Әрине, Ақбілектің бұл күйге жетуі оңай бола салған дүние емес. Жазушы оның қайшылықты тағдырын жеңілдетпей, үлкен психологиялық образ дәрежесіне көтере біледі. Қыздың ақ солдаттарының қолына түскен кездегі, Қарамұртпен кездесулеріндегі жан күйзелісі романда жарқын суреттелген. Осындай күйзелістерде ол жаттың қолына түсіп масқара болғанын намыс көріп, күйінеді, ел бетіне көрінуден жасқанады, өлім тілейді. Бекболатпен қайта тіл табыса бастаған кезде әкесінің үйленуі, оның рулық тартыстарға жақтасып, Бекболатқа қызын беруден бас тартуы, жүкті болып қалу жағдайлары Ақбілек басына түскен ауыртпалықты қоюлата түседі. Міне, осындай үлкен азап жолын өткен қыздың психологиялық күйіне жеңіл қарау да мүмкін емес. Жүсіпбек жасаған образдың ішкі монологқа, толғанысқа құрылуы да осыдан. Көбіне жазушы қыз қайғысын оны қоршаған айнала, табиғат көріністерімен астастырып, кейіпкер басына түскен ауыртпалықтың үлкен бір суретін жасайды. Ақбілек жау қолына түсіп, Қарамұртпен алғашқы кездескен түн суреті мынандай:

“Ұйтқып соққан ызылдақ жел. Ай жоқ. Қараңғылық қоюланып келеді. Сабаған жүндей түйдектелген, шыңылтыр, сұрғылт бұлттар тоғытқан қойдай шоғырмақтанып, тауға қақпақ болатындай, тауды тұншықтыратындай, аш тауықша селдір жұлдыз тарыларын бір-бірлеп қылқып жатыр. Жұлдыздармен бірге үміт сәулелері де бір-бірлеп батып бара жатқандай” .

Романның композициясында, жазылу әдісінде ешқандай қалыптасқан дағды жоқ. Бұрын үлкен прозасы болмаған әдебиетте ондай дағдының болуы да мүмкін емес. Бекболат, ақ офицері, Мұқаш бейнелерін жасауда, портреттерін, ішкі ой-сезімдерін ашуда жазушы олардың өз ұғымына сүйенеді, кейіпкердің монологы үлгісін пайдаланады. Романның төртінші бөлімінің уақиғалары, яғни, Ақбілектің жаңа өмірі екі әйелдің (Ақбілек пен Кәмиланың) әңгімесі түрінде жалғастырылады. Кейде күнделік араласып кетеді. Әсіресе Ақбала – Ақбілек – Балташ арасындағы қарым-қатынасты суреттеуде жазушы осы үлгіге көбірек жүгінеді. Мұның бәрін образ ашудың жолдары ретінде қолданады. Сондықтан ондағы образдар да әрқилы, жарқын. Солардың іс-әрекеті, тіршілігі негізінде сол кездегі қазақ аулы өмірінің шындығын, оған біртіндеп кіре бастаған өзгерістер мен жаңаруларды көркем бейнелейді. Осы ретте Ақбілектің атастырылған, өзара көңілі жарасқан жары, момын, тағдыр өлшемінен аса алмаған Бекболат, кімнің тарысы піссе, соның тауығы болып, пайдаға құныққан Мұқаш (тегі кедей жігіттің кейін өз қателері жайлы ойлана бастағаны да нанымды), қаладағы әрқилы типтерден ескі беделін сүйеніш қып жүрген Ықаң мен Тыпан, жаңа дәуір адамдары – Ақбала, Доға, Балташ, Жорғабек, тағы басқалар жап-жақсы әсер қалдыратынын айтуға болады. Жаңа өмір құрудың күрделілігі жас азаматтарды да әрқилы жолға салып, екшеп жатқанын

көреміз. Бұлардың бәрінен Балташ ақыл-ойы толысқан ұстамды қайраткер боп шығады. Басында едәуір үміт күттірген Ақбала нақты істен гөрі сөзге үйір, қиялшылдау болып кеткені көрінеді. Кеңес өкіметі берген беделін арақ пен қызқұмарлыққа салып, азған Доға да, тіршілігі ептеумен, жылпостықпен өткен Жорғабек те өмірден азаматтық жол таба алмайды. Осылармен алғашқы кездесуде (Төлеген үйінде) жазушы сол дәуірдің бірсыпыра өзекті мәселелерін, қазақ аулын кеңес жолына тартудың қайшылықты жайларын сөз етеді. Романдағы пікірлердің бір кезде басшылыққа ұнамай, күшпен басылып-жаншылып қалған әрқилы халықтық ойларды бүгінгі заманда еске түсіріп, оның шындығын, таластартыстың табиғатын түсінуде едәуір маңызы бар.

Романдағы ел тұрмысының, әдет-салттың суреттері де әр тұрғыда, әртүрлі жағдаймен байланысты жасалады. Осындайда эпизодтық характерлер де жарқ ете түсіп, әсер қалдырады. Мұқаштың әйелі Алтынайдың тіршілігі, Мұсабай аулындағы әйелдер (Бозінген, Күмісай), Мамырбайдың тоқалы Өрік, тағы басқалар – тұрмыстық суреттермен байланысты көрінген бейнелер. Мамырбайдың жас тоқалы Өріктің бұрынғы әйелден қалған балалармен тіл табыса алмағанын жазушы “Сара отығып, есейіп қалған бұзаудай бөтен енеге жуымады. Енесі де қасына таянса, аяғын серіппегенмен, иігендей, мекіренердей түрі жоқ еді” деген образды суреттермен қысқа түйеді.

Жазушының халықтық көзқарасы романдағы байлар мен кедейлер өмірін, олардың ара қатынасын, рушылдық, жікшілдік, пендешілік ұсақ мінездерден туған кикілжіңге әлеуметтік сыпат бере суреттеуінен көрінеді. Ол тұрмыс-салттың ұнамсыз жақтарына да, халықтық түріне де көңіл аударады. Әлділердің тарапынан әлсіздерге жасалып жатқан зорлықты көре біледі. Мұны Мамырбайдың үйленуіне Әбеннің араласуынан, Әбеннің айтуымен әкесінің Ақбілекті Бекболатқа бермей қоюынан бір көрсек, Әбен аулының жалпысы Қойшекеңнің мал соңында үсіп өлгені суреттерінен тағы танимыз. Мұндай көзқарасты танытатын эпизодтар романда бірсыпыра.

Таза қазақ аулының тіршілігін суреттейтін шығарма болғандықтан жазушы романға орыс адамдарын, басқа халық өкілдерін кіргізе бермейді. Орыс адамдарынан көрінетін – азамат соғысында жеңіліп, Қытайға өтуге бет алып, шекараға қарай шегінген азын-аулақ ақ әскерлерінің қалдығы. Оларды Жүсіпбек “ақ” деп, “жау” деп түстеп жатпайды, кім екенін ісі, әрекеті арқылы көрсетеді. Олардың ойын ақ офицерінің сыры түрінде баяндайды.

Оларды сол кездегі ауыл қазақтарының ұғым-түсінігіне лайықтап, “орыс” деп жалпылама атайды. Олардың қолына түскен Ақбілек те ешқайсысының аты-жөнін білмейді, “Қарамұрт”, “жирен орыс” деп сөйлейді. “Ағы” кім, “қызылы” кім, әлі талдап үлгермеген, бұрын олармен араласы болмаған, қараңғы ауыл қызы Ақбілектің, тағы басқа адамдар-

дың “орыс” деп жалпылама сөйлеуі әдейі солай көрсету мақсатынан емес, сол дәуірдің шындығын бұрмаламай беру ниетінен туғаны байқалады. Мұны кезінде Жүсіпбектің дұшпандары одан “ұлтшылдық” іздеуге пайдаланды. Әрине, романның қала тіршілігін суреттейтін тұстарында, әсіресе, Ақбілектің қаладағы өмірімен байланысты оны жаңа типті орыс адамдарымен кездестірсе, артық болмас еді. Бірақ жазушы оған бармайды. Жалпы алғанда, “Ақбілек” – бір қыздың тағдыры негізінде әлеуметтік революциялар дәуіріндегі қазақ аулының жаңаруын суреттейтін алғашқы қазақ романының бірі.

“Күнікейдің жазығы” повесі 1928-жылы “Жаңа әдебиет” журналында жарияланған. Мұның да тақырыбы – әйел тағдыры.

Шығарманың басты кейіпкері – қазақ қызы Күнікей еті тірі, пысық болып өседі. Атастырған күйеуін менсінбей, өзі сүйген жігітпен қашып кетеді. Повесть басталғанда біз оның жалғыз, қараңғы үйде күйзелісте жатқанын көреміз. Маңында адам жоқ, иесіз үй, ауру әйел, неге олай, күйеуі қайда? Туған-туыстары, балалары қайда? Жазығы не бұл әйелдің? Сөйтсек, жазығы – сүйіп, өз еркімен Байманға қосылуы екен. “Бала көтермедің, аурусың” деп, Байман Күнікейден безіп, жаңадан үйлену қамында жүрген көрінеді. Бұл Күнікей ауруына ауру жамап, жүрегін жаралайды. Жазушы бұл арқылы “қазақ әйелі теңіне қосылды дегенмен, әлі де теңдікке жетіп болған жоқ. Оған деген көзқарас өзгермеген. Елдің ескілікті тұрмысы, ұғымы әлі де қолбайлау болып, аяқты шырмап жатыр” деген ойға тірейді.

Повесть оқиғасы шегініс арқылы дамиды. Онда Күнікейдің жастық шағы, өскен ортасы, кедей отбасының жұпыны тіршілігі суреттеледі. Әкесі Құлтума – “құл” атанып, өмірін жалшылықта, Ордабайдың қойын бағумен өткізген момын адам. Кедей үйдің барлы-жоқты тіршілігін ұйымдастыратын – шешесі Шекер. Шешенің тәрбиесімен пысық боп өскен Күнікейдің жаратылысы ешкімнен кем емес екенін, өз көңілін бай қызына бермейтінін жазушы нақты суреттер арқылы көрсетеді. Оның көш кезінде Шәмшидің тобында қатар жүріп, жарыста одан озып кететіні, Тыржықай қызының мінезі шәлкес байталын қуып ұстауы, әншілігі осыны байқатады. Көңілін бай қызына бастырғысы келмейтін, кейде одан артық екенін сездіргісі де келетін, одан жасқанбайтын Күнікейдің іс-әрекеті, қылығы нанымды беріледі.

Сонымен бірге, Күнікей жалпы қазақ қызын қор қып жатқан тұрмыс-тіршіліктің етекбастылығы өзін жоғары, арын таза ұстайды. Ауыл бозбалаларының ыңғайымен жүрмеген оған кейбір ақымақтар дұшпандық ойлап, онсыз да сорлы отбасына қастандық әрекеттер жасайды. Күнікей кеудесінде ыза, кек оянады. Бұл – жалпы ескілікке, көшпелі, жадағай тұрмыс тудырған әдет-салтқа қарсы оянған кек, соған қарсы күрес идеясы. Жүсіпбек ел өмірін суреттей отырып, көшпелі елдің жай-барақат, жауапсыз тіршілігінен туған мұндай жайларға көбірек үңіледі.

Тұрмыс суреттерін оқи отырып, кейде күлесің, кейде ренжисің. Жоқшылық астында азып-тозып жатқан адамдар мораліне күйінесің. Күнікейдің осы ортадан таза, өзінің басын, адамдық арын қорғап шығып, Байманға қосылуы (онымен ұзатылған жерінен қашып кетуі) – қазақ қызының өз теңдігін қорғаудағы үлкен жеңісі.

Күнікей тағдырына қатысты көрінетін әкесі Құлтума, шешесі Шекер, күйеуі Тұяқ, сүйген жігіті Байман, тағы басқа бейнелер негізгі образды толықтыруға қызмет етеді.

Романда сол кездегі ел ішіндегі қыз ұзату, көшу, жастардың ойын-сауық ұйымдастыруы, халықтық әзіл-қалжындар сияқты тұрмыстық суреттер мол. Ол өмір тануға, дәуір шындығын түсінуге қажет этнографиялық материалдар бола алады.

Ақ өлең үлгісімен жазылған шығарманың тілі Жүсіпбектің прозадағы жаңа бір ізденісін танытады. Оның ырғақты прозасы – ескі рухани тіршілігі өлеңмен байланысты болған халықтың жаңа жанрды игерудегі өзгеше талабы.

Жүсіпбектен қалған бірталай әңгіме бар. Олар: “Бетім-ау, құдағи ғой” (1918), “Өмір деген осы ма”, “Мысыққа ойын, тышқанға өлім” (1923), “Елес”, “Оралдан пойыз өткенде”, “Қойшы Тастамақ”, “Жаңа өмірге аяқ басты”, “Жидебайдың баяндамасы” (1924), “Жеті азбан”, “Көшпелі Көжебай”, “Жол үстінде”, “Әнші” (1925), “Боранды болжағыш әулие” (1926), т.б. Бұлардың көбі сол кездегі газет-журналдар (“Сарыарқа”, “Қазақ тілі”, “Жас қазақ”, “Лениншіл жас”, “Еңбекші қазақ”, “Ақжол”, “Қосшы”, “Терме”, “Әйел теңдігі”) беттерінде жарияланған. Әңгімелерімен қатар бұл аталған баспасөз беттерінде Жүсіпбек қолынан шыққан өлеңдер, публицистикалық мақалалар, фельетондар да аз емес.

Жүсіпбек әңгімелері, негізінен, жазушы өмір сүрген дәуірдің шындығын суреттеуге арналады. Оларда ел тұрмысындағы өзгерістер, адам психологиясындағы жаңалық, әлеуметтік теңсіздік пен оған қарсы күрес, өнер тақырыбы, уақыт, заман туралы толғаныс, т.б. мәселелер сөз болады. Жазушы жаңа шындықты кедейлердің теңдік алып, арқалы азамат қатарына қосылғанын көрсету арқылы бекітуге ұмтылады. Олардың жаңа қадамын құптайды (“Жаңа өмірге аяқ басты”, “Оралдан пойыз өткенде”).

Сонымен бірге қоғамдық өзгерістің маңызын жете түсінбей жүрген белсенді типтер де Жүсіпбек қаламынан қағыс қалмайды. Әділетсіздікті, озбырлықты, зорлықты суреттегенде жазушы позициясы әділдікті жақтауға құрылады. Әлдінің әлсізге жасаған зорлығын (“Мысыққа ойын, тышқанға өлім”), өз ойы жоқ Көжебай сияқты көшпелі пікірлі жағымпаздарды (“Көшпелі Көжебай”) өткір шенейді.

Аласапыран, төңкерісті заманда өмір сүрген жазушының қоғамдағы әділетсіздіктерді көріп, ойланатын да кезі болады. Томаша көбе-

лекті жейді, бозторғай тұрымтайға жем болады, құрт құмырсқанын аузына түседі, өрмекші шыбынды торға түсіреді, сұлу қызды жігіт алдап кетеді – осылардың сырына үңілген ол кейде “Дүние деген осы ма?” деген ойға қалады. Кезінде мұны “саясат тілінде торыққандық, түңілгендік, дүниені, қоғамды ұқпағандық дейді” деп бұрмалап түсіндірушілер де болды⁵. Бұл – жеке адамға табынушылық кезіндегі КазАПП-тың белсенді сындарының бағасы. Өмір бар жерде қайшылықты құбылыстардың болатыны, оны түсініп, бағалаудағы өнер адамының сезімталдығы, сыршылдығы әсер ететіні, оның дұрыс түсіну қажеттілігі бүгін әркімге аян. Сондай қайшылықты суреттеуде Жүсіпбек қаламының сатиралық уыты аса күшті көрінеді. Оны біз “Елес” атты әңгімеден анық танимыз. Жазушы мұнда қаламы жүрмей отырған журналистің ұзақ қиналыстан кейінгі көз алдына келген елес арқылы дәуірдің көп шындығын ашады. Елес оған заман талабын түсіндіреді, қоғамдық саясатты терең ұқпай, көп нәрсені бұрмалап жүргендердің істерін ашып айтады. Ол уытты сөзін революциялық өзгерістің тереңіне бойламай, “күнде айғай, күнде даурық, желдеткен қараборан сөз” қуған баспасөз қызметкерлеріне, “ескі әдебиет, ескі мәдениет байдыкі, патшаныкі екен. Оларды жояйық!” деп жүрген белсенділерге, жаңа заман шындығын дәл танып жаза алмай жүрген дәрменсіздерге арнайды. Елеспен кездескен журналистің бейнесінде де осындай түсінбестік басым.

“Әнші” атты әңгімесін Жүсіпбек Әміре Қашаубаевтың өнеріне арнаған. Әңгіме кейіпкері Әмірқанның әншілік өнерін жазушы оның характерімен тұтастықта ашып көрсетеді. Әмірқанның ән айтқан кездерде аруақтанып, өзін өзі ұмытып, өнер дүниесінде қалқып жүретінін, оның жолдастық, азаматтық мінездерін, Ақтамақпен адал махаббатының сырын біз шығармадан жақсы танимыз. Солардың бәрін ашуда Жүсіпбек детальды жақсы пайдаланады. Оның бірінші жақтан айтылатын әңгімелерінде заман шындығы кейіпкердің ойы, сыры арқылы ашылады, алайда кейіпкер әңгімесі жазушы суреткерлігін тежемейді.

Жүсіпбек прозасы – жаңа дәуірдегі қазақ әдебиетінің алғашқы туындылары бола тұрып, оның байсалды, ойлы беталысын, көркемдік ізденісін белгіледі. Осы дәуір ішіндегі Сәкен, Бейімбет, Мұхтар шығармаларына қоса ол прозаның өскелең бағытына жол сілтеді.

Жүсіпбектің драматург есебінде көзге түсуі де тым ерте басталған. Ол Семейде оқыған жылдары жастардың ойын-сауық кештеріне қатысып, домбыра тартып, ән салып, спектакльдер қойған, өзі басты рөлдерде ойнаған. 1917-жылы 17-желтоқсанда Семейде оқитын жастардың әдеби кеші болып, онда Жүсіпбектің “Ескі тәртіпшен бала оқыту”, “Рабиға” атты бір перделі пьесалары қойылған. Ол жөніндегі хабар кезінде жергілікті баспасөзде жарияланған. Кейін “Ел қорғаны” (1925), “Мансап-

⁵ Тоғжанұлы Ғаббас. Әдебиет және сын мәселелері. 1919. 142-б.

қорлар” (1925), “Қанапия мен Шәрбану” (1926), “Шернияз” (1926) атты драмалар жазған.

Жүсіпбек пьесаларының да негізгі тақырыбы – халықтың азаттығы идеясы. Ол феодалдық-патриархалдық салтты, қалың бұқараның қараңғылығын, мешеулігін сынап, оларды оқу, білім, өнер жолына үгіттейді. Бас көтеретін азаматтарды да ел қорғаны болуға шақырады, әйелдердің бас бостандығын қорғайды.

“Рабиға” пьесасында ескі салт негізінде мал берген қойшы шалға тиген Рабиға деген жас әйелдің өмірі сөз болады. Әуелі бата бұзудан, ата-ана қарғысынан қорыққан Рабиға тағдырына мойын ұсынып бақса да, шалының о жар мінезіне (әр нәрсені сылтау қылып, жас әйелді ұра береді) шыдай алмай, одан кетуге мәжбүр болады. Ескі салт қосақтаған шалдан өз басына бостандық алып кетіп бара жатып, ол: “Кел, қазақтың күң қыздары, қол ұстасып, бостандық тұрмысқа жетейік!” – деген ұран тастайды.

Осы тектес идеяның анықтығы басқа пьесаларда да көрінеді. “Қанапия мен Шәрбануда” жаңа өкіметтің арқасында теңдік алып, қосылған екі жас сахна соңында “Жасасын теңдік!” деп шығады. “Шерниязда” пьеса уақиғасы сахна сыртында мылтық атылып, өзгеріс болғанын хабарлаумен бітеді. Бұлардың бәрі көп жылдар езгі мен отаршылдықтың екі жақты қанауында болып келген халықтың өміріне бостандық, теңдік келгеніне ризалық сезімін тудырады.

Жүсіпбек пьесалары идеялық мазмұнының байлығымен ғана емес, драмалық тартыстың өткірлігімен, характер жасаудағы ізденістерінің әрқилылығымен ерекшеленеді. Ол тартысқа негіз етіп әлеуметтік қайшылықты алады. Сол қайшылықты күрестерде кейіпкерлердің позициясын анықтап, образдарды даралауға ұмтылады. “Қанапия мен Шәрбану” пьесасында сүйіскен екі жастың қосыла алмау шырғалаңы 1916-жылғы июнь жарлығы кезіндегі әлеуметтік тартыстар жағдайында өтеді. Шәрбанудың әкесі Исатай ер баласы Ынтықбайды солдаттан қалдыру мақсатымен қызы Шәрбануды Сазанбай байға береді. Мұның кедей адамның басындағы еріксіз болған трагедиялық оқиға екені, байдың жағдайды пайдаланып жасаған зорлығы пьесада орынды ашылады. Елдің барлық ниеті – Қанапия мен Шәрбану жағында. Пьеса соңында солдаттан қайтқан Қанапия Шәрбануды алып қашып, жаңа өкіметті паналайды. Бірақ жазушы қайшылықты өршіте, шиеленістіре бермейді. Сазанбай жастардан жасаған қателігі үшін кешірім сұрайды.

“Мансапқорлар” пьесасы атақ, дәрежеге құмар ел басшыларының арасындағы тартысқа құрылған. Тартыстың бір жағында Қасқырбай болыс болса, екінші жағында – оның туысқан інісі, тілмаш Мүсілім. Ол кезінде әкесіне жасаған зорлығы, өзін оқытпағаны үшін ағасынан кек алмақ, оны өлтіріп, орнына болыс болмақ. Сол үшін болыстың жас әйелімен көңілдес болып, оны болысқа у беруге жұмсайды. Жазушы

Мүсілімнің қылығын болыстан кек алумен ғана шектемей, оның жауыздығын, мансапқорлығын ашу тұрғысынан көрсетеді. Шығарма туыс адамдардың арасын айырып жатқан таптық жіктеушіліктің, зорлықтың үлкен қоғамдық зұлымдыққа, жауыздыққа ұласып жатқандығын ашады.

Жүсіпбек сондықтан салмақты оқыған азаматтардың мойнына артуды көздейді. Жазушы ойынша, елге қорған болатын, елді ілгері бастайтын, ел қасіретін бойына сіңіре алатын негізгі қаһармандар солар болуы керек. Шернияз – осындай кейіпкер. Оқыған жас азамат өзін ел ішінің даудамайынан, айтыс-тартысынан тыс ұстауды ойлайды, халықты азаттыққа жеткізу мақсатын көздейді. Бірақ мұның бәрі оңай жол емес екенін ұғады. Өз басының сәтсіз өмірі, ағайын-туыстың оны ескішілдік, жікшілдік тартыстарға итермелеуі Шерниязды ширықтыра түседі. Ол бәрінен түңіліп, азап шегеді.

Нәрестедей таза жанды
Ел бар ғой деп ойлаушы ем,
Дос та, жар да, махаббат та
Елде ғой деп барлаушы ем...
Жүрегім елді кездірді,
Бұзылған елден бездірді,

— дейді ол.

Шернияз тіршілігін ауырлатқан тартыстарды біз оның папкадағы қағаздарды қарап тұрып айтқан монологынан түсінеміз:

Мұғалімнің мұңы.
Боранбайдың ылаңы.
Сүзек кернеді.
Есеп бермеді.
Ақсақалдың бұйрығы.
Ұрылардың қимылы.
Бақсының емі.
Молданың жемі.
Аштардың жайы.
Мұқтаж шәкірт.
Парақорлар.
Бұған не лаж?
Талан-тараж...

Азамат соғысы кезінің ауыр шындығы тудырған осы уақиғалар халық басына түскен қайғы-қасіретті бейнелейді. Осыны арқалаған, соның салмағын көтеретін ер тұлға деп жазушы Шерниязды таниды. Бұл – Шернияз толғауынан айқын көрінеді.

Жүсіпбек – әдеби шығармашылығын ақындықтан бастаған адам. Бірақ өлеңдері жиналып басылмай, кезінде жарық көрген күнделікті баспасөз бетінде қалған. Қазіргі бізге белгілі Жүсіпбектің поэзиялық туындыларының ішінде “Сарарқаның сәлемі”, “Ах-ха-хау”, “Көшу”, “Ұр-

шығым”, “Әскер марсельезасы”, “Тұңғық, түпсіз астында”, тағы да басқа өлеңдер мен “Нұр күйі” атты поэма бар. Бұлардың көбінде автор ескі өмірдің келеңсіз суреттері мен жаңа дәуір өзгерістерін ақындық сезіммен жырлауға тырысады. Ол құбылысты сурет арқылы көруге ұмтылады. Мысалы, ол “Көшу” өлеңінде ескі ауылдағы көшу суреттерін тұрмыстық детальдар арқылы жасайды. Өлеңде көшпелі елдің көшті салтанат тұтуы, көш кезіндегі у-шу, көш маңындағы адамдар айқын сурет түрінде елес береді. Ақынның жіті көзі олардың ішінен әрқилы типтерді таниды. “Ала шолақ өгіздің арбасына амалсыз жабысам-ау енді тағы”, деп тұрған мінер аты жоқ кедей баласы, “Байтал мінген, байпақсыз байқұс кедей”, “Тәлімшіл, желек салған келіншектер” – бәрі де көш маңынан көрінеді.

“Ұршығым” өлеңі кедей кемпірдің монологы түрінде жазылған. Ол ұршығын иіріп отырып, шекпені тозып жүрген жалғыз ұлын еске алады.

“Ах-ха-хауда” жас қызды қайғылы еткен желөкпе шалдардың қызқұмар қылығын күлкі етеді.

Жаңа бір қызық стильде жазылған өлең – “Тұңғық, түпсіз астында”. Бұл өлеңнің жаңалығы – қазақ өлеңіне үйреншікті сыртқы ұйқасты сақтауда емес, ішкі ырғақ байлығында. Ол ақ өлеңмен жазылғандай еркін оқылады. Ақын суды тіліп, көк теңізде келе жатқан кемені теңіз тулап мерт еткенін әдемі суреттермен береді. Дауыл мен толқын талқандаған кеменің бір тақтайында мықтап тұрып байланған жас нәресте – бала кетіп барады. Өлеңде революция дауылы талқандаған тіршіліктің ендігі иесі осы жас бала сияқты көрінеді. Оның сәби қылығы нанымды да.

“Нұр күйі” поэмасы 1929-жылы Қызылордада жеке кітап болып басылған. Оны автор “Күйлі сөз” деп атаған. Поэма уақиғасы Жібек ананың жаңа туған нәрестесіне толғанып айтқан жырымен басталады. Бірақ ана қуанышы баласының соқыр екенін біліп, тез басылады. Алайда бала өнерпаз, күйші болып өседі. Өнерімен жұртты таң қалдырады. Кейін орыс дәрігерлерінің көмегімен көзі жазылып, ол қуаныш, шаттық күйін тартады. Автордың “Нұр күйі” дейтіні сол. Ақын сол арқылы өнерпаз бала көрген, оның келешегін айқындаған нұрдың, жарық сәуленің шатты сезімдерін жырға қосады. Поэма жастарды өмірді сүйеге, қиыншылыққа мойымай, онымен күресе білуге тәрбиелейді. Едігенің орыс дәрігерлерінен көмек алуы арқылы автор халықтар туысқандығының да проблемасын өзінше шешуге ұмтылады. Поэманың жазылу үлгісінде де ақ өлең көбірек қолданылады.

Жүсіпбектің “Ұран”, “Әскер марсельезасы” атты өлеңдері кезінде Алаш ұраны есебінде бағаланып, халық арасына кең тараған. Оларда ақын қазақтардың қанау мен отаршылдықтағы өмірін, азаттыққа ұмтылысын халықтың ерлік дәстүрлерімен байланыстыра қарайды. Өлеңдерде

ұрандық сыпат мол. Ол күрес жолындағы ұрпақтың рухын жебеуге, оны алға шақыруға ыңғайласа жазылған. Патша құлағаннан кейінгі елдің халыққа бостандық, теңдік келеді деген үміті оларда айқын көрінеді.

Қазағым, қақтықта, қамалма,
Ел болар күйінді амалда.
Кетті түн, атып таң, шығып күн,
Сал малды, сал жанды, аяма!

— дейді ол “Ұранда”. Екінші өлең:

Арғы атам — ер түрік,
Біз — қазақ еліміз.
Самал тау, шалқар көл,
Сарарқа жеріміз.

Ер түрік ежелден
Оқ тескен етіміз.
Қаймығып еш жаудан
Қайтпаған бетіміз, —

деген жолдармен елдің еркін салтын, Алашты қорғауға үндеуге құрылады. Екі өлең де төңкеріс кезіндегі көтеріңкі рухты бойына сіңірген күрес сөзі болып табылады.

Жүсіпбектің ақындық шығармашылығында дүниежүзі пролетарларының гимні “Интернационал” (“Еңбекшілер ұраны” деп аударылған) мен азамат соғысы кезінде туған “Жас әскер” (“Молодая гвардия”) өлеңінің аудармасы да айрықша маңызды. Бұл екеуі де кезінде халық арасына кең тарап, әнге қосылып айтылған. “Интернационалдың” Жүсіпбек аударған нұсқасы кейінгі аудармалардан әлдеқайда жоғары тұрғанын жұрттың бәрі де мойындайды.

Оян, қарғыс таңба басылған,
Жалаңаш, аш құл, қайрат қыл!
Қайнап бастан ақыл ашынған,
Майданға қанды айдап тұр!

Қиратамыз ескі жалғанды,
Жаңа тұрмыс орнатамыз!
Жарылқаймыз жарлы, қалғанды,
Дәулеттен сонда татамыз!

Бұл болар ең ақырғы,
Ең күшті зор майдан.
Дүние еңбекшілігімен
Табылар бар пайдаң.

Жүсіпбектің поэзиялық шығармалары – сан жағынан көп болмағанмен, ақындық ізденістің өзіндік беті жағынан тың туындылар. Оларда мазмұнының жаңалығы сыртқы түр жаңалығымен байланысып жатады. Алайда, Жүсіпбек мұрасынан қол үзіп қалғанымыз қазақ әдебиетінде мұндай өлең үлгісінің жеткілікті дамуына мүмкіндік бермеді. Тек соңғы жылдары ғана ақындарымыз ақ өлеңді жаңаша пайдаланудың жолдарын қарастыруда.

Жүсіпбек көп шығармаларын жаңа, жас ұрпаққа арнады. Соларды жаңа рухта, күрескерлікке, адамгершілікке тәрбиелейтін кітаптар жазды. Оның балаларға арнап жазған “Жаман тымақ”, “Шал мен кемпір”, “Көк өгіз”, “Үш қыз” сияқты ертегілері бар. Олар суретті кітапша үлгісінде жазылған.

Жаңа әдебиеттің жаңа туа бастаған кезінде осындай белсенді еңбегімен оның барлық жанрын бірдей өркендетуге күш-жігерін жұмсаған Жүсіпбек соның бәрінде де дәуірдің жаңа сөзін айтуға тырысты. Ескілікті аяусыз шенеп, жаңаны орнықтыруға қызмет етті. Ол сөз өнерінің шебері ретінде танылды. Жазушы суреткерлігі, стилистігі кезінде жас қаламгер үшін зор мектеп болды.

Ол ойлы публицист те еді. 1917-жылы февраль революциясы болып, патша тақтан түскенде Жүсіпбек “Тұр, бұқара! Жиыл, кедей! Ұмтыл, жастар!” деген мақала жазып, “жасыратын қылық жоқ – бостандық, теңдік күштіге, жемқорға келген теңдік емес, бұл өзі қара бұқараға, кедейге келген теңдік, қолы жете алмай жүргендерге берілген бостандық”⁶ деп жар салған еді. Содан өмірінің соңғы шағына дейін ол жалынды публицистік қаламын қолынан түсірген жоқ.

Жүсіпбек көптеген сын мақалалар да жазған. Олардың ішінде М. Әуезовпен бірігіп жазған “Абайдан соңғы ақындар” (1918), “Мағжанның ақындығы туралы” (1923), “Аударма туралы” (1925), “Сұңқар жыры” (1925) атты еңбектері – автордың әдебиет жөніндегі, оның ерекшеліктері туралы, жазушы шығармашылығын түсінудің принциптері жайындағы ұғым-түсінігін, көзқарасын көрсете алатын елеулі туындылар.

Жүсіпбектің сыншылық көзқарасында жазушы не ақын шығармашылығын оның өзі өмір сүрген дәуірдің көкейкесті мәселелерімен, өнер адамына тән ерекшеліктерімен есептесе отырып талдау концепциясы бірінші орында тұрады. Ол Мағжан Жұмабаев шығармаларына осы тұрғыдан баға береді. Онда Мағжан туып-өскен ортаның қайшылықты шындығының ақын өлеңдеріндегі көрінісі, революциялық дүмпулер кезіндегі ақындық ізденістің әрқилы беталысы нанымды талданады. Сөйтіп, сыншы Мағжан ақынның табыстары мен қайшылығын дәл тауып көрсетеді.

⁶ Сарарқа. 1917. 17-маусым.

“Сұңқар жырын” ол Максим Горький шығармаларының қазақшаға аударылып басылуына арнаған. Онда ұлы жазушының революциялық әдебиеттегі орнына зор баға беріледі. “Максим – көк теңіздің иісін жұтып, мастанып, жұртты кендікке, еркіндікке, нұрлы күнге, ерлікке, тартысқа шақырған, өрттей лаулаған, толқындай тулаған төңкеріс ақыны. Ол жабыларды жан екен демейді, ерді, сұңқарды мадақтайды. Сұр өмірді өмір екен демейді. Ерікті, көрікті өмірді көксейді... Өлі жүрек, жылан жанды, жорғалаған, қыбырлаған адамдарды жаратпаған” деп жазады.

“Аударма туралы” мақаласында аударудың принципі туралы сөз қозғайды. Ол көркем әдебиетті аударғанда қарапайым адамға ұғымды ету мақсатын ғана көздемей, мәдениетті жұрттың үлгісін, сөз қолданысын бар бояуымен, кестесімен бере білу қажеттігіне назар аударады. Олардың “Салыстыру пернесімен таныстыру”, “Оқушыны тереңге айдап, қиялын байыту”, “сезімін ұстарту” керектігін көтереді.

Жүсіпбектің театр, музыка, өнер тарихына қатысты жазғандары да бірсыпыра.

Жүсіпбектің артында бірталай ғылыми мұра да қалды. Ол халық ағарту комиссариатында, педагогикалық оқу орындарында қызмет істей жүріп, жас ұрпақты жаңа рухта тәрбиелеуге, олардың ғылымның әр саласында жан-жақты білім алуын көздеген еңбектер, оқу құралдарын жазды. Олардың ішінде “Тәрбиеге жетекші” (1924), “Психология” (1926), “Жан жүйесі мен өнер таңдау” (1926) атты елеулі кітаптар бар. Бұлар, әрине, бүгінгі педагогика мен психологияның методологиясы тұрғысынан әлсіз көрінсе де, өз дәуірі үшін аса пайдалы қызмет атқарды. Қазақ жастарына осы ғылымдар негізінде алғашқы мәлімет берді, ғылыми терминдердің тууына негіз болды. Жүсіпбек аудармашы есебінде қазақ әдебиеті мен орыстың және дүниежүзілік классикалық әдебиеттің шығармашылық байланысын ұлғайтуға көп күш жұмсады. Қазір оның аударуымен басылған Н.В. Гогольдің “Бақылаушы” (“Ревизор”), А.С. Пушкиннің “Тас мейман”, “Сараң сері”, А. Дюманың “Дәмелі” (“Тамилла”), Дж. Лондонның “Телегей теңіз”, К. Берковичтің “Өрбике”, С. Чуйковтың “Тау еліндегі оқиға” атты шығармалары табылып отыр. Олардан басқа В. Шекспирден, Г. Мопассаннан, Р. Тагордан, М. Горькийден аударған шығармаларын ол кезінде мерзімді баспасөзде жариялаған.

Бұлардан басқа Жүсіпбек кезінде бірқатар саяси, тарихи еңбектерді, оқулықтарды қазақшаға аударуға қатысқан. Оның аударуымен Н.И. Бухарин мен Е.А. Покровскийдің “Коммунизм әліппесі”, М.И. Покровскийдің “Ресейдің ХІХ–ХХ ғасырлардағы төңкеріс қозғалыстары тарихынан”, “Орыс тарихы”, Богдановтың “Саяси экономияның қысқаша курсы”, П.И. Стучкийдің “РСФСР конституциясы” атты кітаптары басылған. Бұлар Жүсіпбекті өз заманының жан-жақты білімді, ағартушы, педагог, ғалымы ретінде тұлғаландыра түседі.

Жүсіпбектің сан салалы шығармашылық қызметі дәуірдің талап етуінен туды. Бұл – бір Жүсіпбек басындағы ғана емес, қазақ интеллигенциясының алғашқы буынына түгелдей ортақ сыпат. Әр саланың өз мамандары жоқ кезде олар заман, өзгеріс дәуірі күн тәртібіне қойып отырған қажеттікті өтеуге бар мүмкіндіктерін жұмсады. Ақын да, жазушы да, драматург та, ғалым да болып еңбектер жазды. Аударма да жасады. Бүгін біз Жүсіпбектің көркем туындыларының әдебиет тарихындағы орнын, жазушы шеберлігін, ізденістерінің байсалдылығын айта отырып, оның барлық шығармашылығының тарихи маңызын айрықша атаймыз.

Жүсіпбектің жазықсыз жазаға тартылып, оның шығармаларын оқуға тыйым салынғанына (1929-жылы ұсталып, 1931-жылы арамыздан кетті) 70-жылдан асты. Осы уақыт ішінде оның еңбектері жоғалып, аты ұмтылып бітуге таяды. Газет-журналдар бетіндегі өлең-жырлары да жыртылып алынып, жойылған. Оны білетін, онымен істес болған, шығармаларын оқыған ұрпақ өкілдері де азайды. Осы жағдайда жазушы шығармаларын жинап-теріп, бастыру, ол жайлы зерттеулер жасау – бүгінгі әдебиеттану ғылымының үлкен міндеттерінің бірі.

*СЕРІК Қирабаев,
ҰҒА академигі, филология ғылымының докторы,
профессор*

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Жүсіпбек Аймауытов 1889-ж. Семей губерниясының Павлодар уезінде Қызылту болысының бірінші ауылында туған. 15 жасқа дейін ауыл молдасынан сауат ашады.

1907-ж. Баянауылға барып, орыс мектебіне түседі.

1911-ж. Керекуге келіп, екі класты орыс-қазақ мектебіне орнала-сады. Әуелі сол мектепте, кейін интернатта білім алады.

1914-ж. Семейдегі мұғалімдер семинариясына түседі.

1919-ж. Семейдегі мұғалімдер семинариясын бітіреді. Семейде ол “Абай” журналын шығарысады. Осы жылы Алашордадан бөлініп, Кеңес өкіметі жағына шығады. Коммунистік партияның қатарына өтеді. Семейде, Павлодарда партия, кеңес жұмыстарын атқарады.

1920-ж. Қазақстан Кеңестерінің съезіне делегат болып қатысады. Содан кейін Қазақ АССР Халық ағарту комиссиариатында басшылық қызметте (комиссардың орынбасары болып) қалады.

1921-ж. Семей губерниялық оқу бөлімінің меңгерушісі, кейін “Қазақ тілі” газетінің редакторы болып істейді.

1922–1924-жж. Қарқаралыда мектеп мұғалімі болады.

1924–1926-жж. Ташкентте шығатын “Ақ жол” газетінің редакция-сында қызмет атқарады.

1929-ж. “Қазақстандағы ұлтшылдық ұйыммен байланысы бар” деген сылтаумен тұтқынға алынып, репрессия құрбаны болды.

1931-ж. Кеңестік қуғын-сүргін кезінде атылды.

1988-ж. Қазақ КСР Жоғарғы Сотының қаулысы бойынша толық ақталды.

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ

Жазылмас жарақатын жылдар емдер –
Жоқтаусыз қалмайды әсте шын кемеңгер!
“Тоздырған топырағын топан із жоқ,
көз жұмған бұл арада кім?” демендер.

Уақыттың уын бекер ішіп пе еді?..
Келіндер, бақтарыңнан түсіп бері?..
Дарыны дархан елдің жатыр мұнда,
Ар ұлы – Аймауыттың Жүсіпбегі!

Жазушы,
ақын,
сыншы,
ұстаз әрі...
Қайнаған қасіреттің мыс қазаны!
Кетіпті шерін бірақ тарқата алмай,
Жетіпті бір басына ішкі азабы!..

Құйғандай өзеуреген өртке жасын,
Қиынға қайрап салса “Қартқожасын” –
Үмітін Тұлпар-жырға үкі қылып,
Қара нан – қара сөзге артты азасын!

Жазықсыз жапа шеккен “Ақбілегі!”
ақ жүрек,
ақ көңілі,
ақ тілегі!
Жауының табанына тапталғанда
Жанының түпкірінде жатты кегі!

Жарасқан Әбдірашұлы
Таң-Шолпан. – 2001. – №2. – 111-б.

**ТАҢДАМАЛЫ
ЕҢБЕКТЕРІ**

КҮНІКЕЙДІҢ ЖАЗЫҒЫ

Повесть

КҮНІКЕЙ ҒОЙ БҰ ЖАТҚАН

Жаялықша жалпиған, жарқанатша қалқиған, жермен-жексен шым қора, бейнеуі жоқ сұм қора. Шымқорада – жер үйде, желпіндірмес көр үйде, арса-арса болып сүйегі, қалақтай болып иегі, жаңқадай жоқ жақ еттен, саусақтары шілбиіп, көлеңкедей кілбиіп, бұ жатқан қай аруақ?

Әлсін-әлсін демігіп, тық-тық еткен жөтелі өңменіңнен өткендей, алма еріні кезеріп Бетпақ¹ кезіп кеткендей, кимешегі қолқылдап қуыршаққа тіккендей, сатпақ-сатпақ жастығы жастық емес кетпендей, сар төсек боп сарғайып – бұ жатқаның қай әйел?

Білмесеңіз, айтайын – Күнікей ғой бұ жатқан.

Күзден жатқан Күнікей – жазға жетті ілініп: күдері ғой жан шірікін, үзілмейтін, созылып.

Көктем күні күледі, күліп еді – жер түледі. Түлегені емес пе ақ кебінін сыпырып, көк торғынға бөленді. Қызыл-жасыл, ақ-көкшіл бейне кілем түріндей, гүлдер гүл-гүл жанады, күлкілдеген гүл-жапырақ, сағымданған күлім бел терезеден көз салса, Күнікейдің көңіліне жазылмас жара салады.

Аь, дариға, дариға! Күнікей сау боп жүрер ме еді! Қырдан тезек терер ме еді! Қырдан қия кезер ме еді! Шырқап әнге салар ма еді! Әнге салса, әл бітіп, қапқа қары талар ма еді!..

Жалғыз әйнек жаман үй, төсеніші – жалаң ши. Жаман шидің төр жағы – ала сырмақ текемет, текеметте – Күнікей, жалғыз әйнек түбінде. Алты көзден үшеу жоқ, лактар ойнап сындырған. Қалғаны аман қалсын деп, әйнекті жүдә жұлдырған. Күн жылыда не керек? Бала-шаға, қозылақ жол қып алды әйнекті. Лақ ойнақтап көрпеге жығып кетеді шәйнекті. Шәйнекте шалап сусын бар, шалабын қорғап Күнікей айтып қояды “Шай!” деп те. Ойнақтаған құлдыр лақ “шай” дегенді біле ме? Лақ қарғыса әйнектен, запы болған Күнікей, қолын созады шәйнекке.

Күнікейдің серігі әйнектен ескен жел болады. Күнікей жалғыз жатқанда, қозы-лақ пен қарлығаш – бейне бір дүйім ел болады. Ауыл үйден Күнікейге келушілер кем болады. Қашан жатқан Күнікей? Қашан өлген Күнікей? Қашанғы көңілін сұрасын? Соған қарап отырар ма? Шаруасы бар әркімнің.

Оқта-текте Күнікейге бір айналып, кіші үйдегі Айдарлым келеді.

– Айдарлым-ау, жап-жас боп аяуды қайдан білесің? Мүшелге жаңа жеттің ғой... Айналайын өзіңнен!.. Сусының бар ма, апатай?.. Қалайсың

¹ Бетпақ – шөл даланың аты.

деген сөзіңнен!.. Сен болмасаң, қарағым!.. – деп қояды Күнікей, деміге сөйлеп еңтігіп.

Айдарлым кетсе, Күнікей жалғыз жатады күркілдеп: – Уһ... аллай!.. – деп күңкілдеп.

Күнікейдің серігі әйнектен ескен жел болады. Күнікей жалғыз жатқанда қос қарлығаш ел болады.

Түйірлеп тасып топырақ, қыл-қыбыр, шөп-шар, жапырақ, біріне-бірі жапсырып, қос қарлығаш қалбандап, ұя орнатты дөңбекке: балалап, өсіп-өңбекке. Жалығу жоқ шіркінде: жаралғандай еңбекке. Күнікей жатыр бақылап, қарлығаштың өнерін жатқандай-ақ көрмекке.

Қарлығашта дамыл жоқ: есі-дерті ұясы, бірі кетсе, бірі кеп, ақ қанаты дірілдеп, қос құйрығын қалақ қып, құртымтай боп құнтиып, бұғып қана қылтиып, ұясына жатады. Зайыбы ұя басқанда, байы жүреді бәйек боп: әлсін-әлсін келгіштеп, жарының жайын білгіштеп.

Қарлығаш екеш қарлығаш бір-біріне қайрылғыш, бірін-бірі сыйлағыш. Адамзатқа не болды? Күнікейден безгендей, Күнікей мәңгі өлгендей, суық топырақ көмгендей, Айдарлымнан өзгесі шетінен, түге, ұмытып.

Баласы қайда Күнікейдің “апалап” бір уақ келетін? Жұбайы қайда Күнікейдің, қияметтік жолдасы? Күнікей бүйтіп жатқанда, жастық қойып басына, қолынан сусын беретін? Аулы қайда Күнікейдің, келіп-кетіп жүретін?

Жалғыз перзент демесең, аулы да бар он шақты үй, байы да бар соқталдай, бауыры да бар байының – немерелес әмеңгер. Күнікей сауда үйінен үйірімен шықпайтын, өңшең қортық көген көз.

Бар болса, олар қайда жүр, бірі басын көрсетпей? Ауылды қойшы, ауыл ғой, жайшылықта бауыр ғой. Байы қайда Күнікейдің? Қосағы бүйтіп жатқанда, қолының ұшын бір бермей, жанына жақын бір келмей?

Келмек тұрып сұңқа адым, жұлық жамап қаңғып жүр, қатқан бар деп қай үйде – көкше түтін аңдып жүр, жамауменен жан сақтап, қара басын қамдап жүр.

Қамдағаны құрысын! Күнікейдің көзі тіріде бір қатынмен сөз байлап, алуға соны оңтайлап, төртті-бесті қараның бір-екеуін беруге, бүгін-ертең қам қып жүр.

Күнікейдің көзі төрт,
Көкірегі жанған өрт.
Бәрінен де жанына
Батып жатқан – осы дерт.

Ауыл-аймақ, абысын, не жақыны-алысы, не тамыры-танысы, не алған серігі, жеті жылғы жолдасы – бәрі бірдей безгендей, Күнікей сонша не жазды?

Не жазғанын бейбақтың мен айтайын, жігіттер, құлағыңды сала бер, көкейіңе ұнаса, мәнісіне қана бер.

ОЛ КҮНДЕ

Ол күнде Күнікейдің бала кезі,
Сүю мен жек көруден таза кезі.

Сонда да:

“Мені сүйген жігітте не арман бар?”
Айтып тұрған секілді отты көзі.
Күнікейдің әкесі Құлтума-ды.
Құлтума құл боп туды, ұл тумалды.
Құл туғанын сонан біл: Ордабайдың
Өмірі қойын бағып қолтаулады.
Шешесі Күнікейдің Шекер еді,
Өзі де Шекер десе шекер еді,
Құлтуманы “Шекердің байы” деуші еді,
Шекерді “қатыны” деу бекер еді.

Өйткені:

Ақ жаулық, қылаң ұрған, қылаң Шекер,
Етегі аяқ басса, бұлаң етер.
Мықынын қысып қалсақ: – Өй қағынды!
Қойшы! – деп еркеленер, бұраң етер.
Ордабайдың ауылы – өңшең бозбас,
Қолы бос, делебесі неге қозбас?
Қызды ауылды торудан торықса да,
Немесе оңайына обықса да,
Шекерден айналып кеп әйел озбас!
Күнікейдің ағасы бар: Жұматай таз.
Тамақ беріп жұмсаса, ол соған мәз.
Көп бала бұралқы итше түйе бас қып,
Желін қап тақиясын алып қашып:

“Тазым, тазым, таққан таз,
Тазды құдай қаққан таз,
Бес ешкісін баққан таз,”
Үй айнала қашқан таз,
Туырлыққа тышқан таз...
Әулекі, жыңды көкек, қоныр ала қаз...” –

деп ажуалап, ыза қылушы еді.

Әкесі қойшы Құлтума, ағасы Жұматай таз, “қоңыр ала қаз, алпыс үйрек, бір тырна, жата қалып жер тырна” болса да, Күнікей Құлагердің баласындай үздік туып, он үшке жетер-жетпесте бозбаланың көзін тартып, баласынбай “сөз айтуға” жарап қап еді. Қыз-бозбала жиылып, сауық құрғанда, орамалдың бетін Күнікейге бұрғанда:

Қолыңның айналайын саласынан!
Көзіңнің көңіл қояр қарасынан.
Сүйрік боп жалғыз өзі қайдан шыққан
Қамыс пен қара өлеңнің арасынан? –

деп бозбала көзді бір қадап қоюшы еді.

Қадаса да, сұмдықты ерте сезгіш, жырынды Шекер қызына қарлығаштай шыжбақ боп, жүрсе-тұрса көзінен таса қылмай, тұтқындағы жаннан бетер бағушы еді.

Бірақ Шекер шеше болам деп бекер арам тер болды. Баланы іспен емес, сөзбен, үлгімен емес, ақылмен үйретпекші адам сорлы ғой. Шекер өзіне “құдай жұқтырмағанды” қызына оқыды. Қызы көргенін тоқыды. “Бозбаламен өзі неге ойнайды?” деген сұрау Күнікейдің ойына ерте бекіді. Он төртке аяқ басқан соң-ақ көзі жанып тұрған Күнікей апасынан құрық әкетті.

– Жә, жә өзім де білем, бала емеспін ғой... – деп, бұрымын арқасына бір ыршытып, етегіне айнала бір қарап, шығып кететін күйге ұшырады.

Күнікейдің ерлігіне апасы өңін бұзғанмен, көмейі бос: өзіне тартқанын, бозбаланың көз салғанын бір есептен теріс те көрмейді. Қай есептен екенін кім білсін, ананың мақтанышы да. Күнікей оны сезеді.

Апасы жылтырағанды Күнікейдің үстіне жапсырады, шашын жылтыратып тарайды, өреді, омырауын қызыл, жасыл жіппен кестелейді, тана моншақты камзолына тағады, уақ күмістен сылдырмақай шашбау да істейді. Құлтуманың тыққыштап әкелген пұшпақ жабағысына бақалшыдан айна, тарак, жұпар сабын, шаш майын әпереді.

– Эь! Кімнің қызынан кем?

Баласын оннан асқан соң-ақ Шекер теңіне атастыруды ойлаған. Бірақ әркімдер-ақ ауызға алса да, бірінің жетесін, бірінің қабын, бірінің сабын, бірінің малын, бірінің мұрнын, бірінің кеңірдек сақалын жаратпай, Шекер аяғына отырғызбаған.

– Қойшының қызы деп кемсінеді ғой. Адырам! Ханның қызына берем бе екен! – деп қоятын.

Өйткені, өзін қойшының қатынымын деп Шекер өмірі ойлаған емес қой. Қойшы – тек қол байлау, құдай бұйрығы. Анығында Шекер өзін ана мырзалардың қатынымын деп есептейтін.

Шекер “Сырдың суын жұлығынан келтірмей” жүрсе де, енді ойланбасқа болмады. Күнікей 14-ке келіп қалды. Енді Күнікей небір қыздарды да отыртып кетеді. Сөйлесе – түбін түсіреді, оң қолынан өнері төгіледі, күлсе – аузынан дүр шашылады. Ән шырқаса – сүйегінді шымырлатады. Шекердің өзі соққан еді ғой ана кезде. Сөйткен қызға сенім бар ма? Кім біледі...

Сөйтіп жүргенде Ордабайдікінде Тұяқ дейтін етікші жатты. “Кебіске Шегебайдан да бұл өткін екен: өкшені бес-ақ шегемен тұрғызады... Асауға құрық салса, тырп етер емес, өкше сіріні тастай ғып, әшекейлеп тастайды. Тақаны қылмита мінеуге келгенде, жер жүзінде бұдан етікші өтпес...” деп, қымызға жиылған құла ауыздардың ауыз суы құрып жүрді.

Шекер Ордабайдікіне қымызға барғанда, ана жақта, жүктің бұрышында: “Пүп-пүп!” деп, былғарыға су бүркіп, тықылдатып, құжырандап жатқан мойны ішіне кірген бір жаманды көруші еді. Оны кісі екен деп артық, көз тоқтатпаушы еді. Жұрттың жер-суға түсірмей жатқанын естіген соң, Шекер де тігінін көргелі:

– Былай тұршы, біз де көрейік, – деп, етікшінің пышағын, бізін, балғасын, кемпірауызын ұстап, қамалап жатқан еркектерді кимелеп, біреуінің қолынан кебісті жұлып алып қарады. Байдың кебісі екен, олай-бұлай аударып көрді де, шүйкесінің қылшығын бір тістеп алып: “Теріс емес” деп, ерніне жабысқан жүнді түкіріп тастады. Сонымен кете барды. Қайтып оның ісіне Шекер көз салған жоқ.

Бір күні кешке таман Күнікей Ордабай үйі жағына барып келіп.

– Апа, сен Шәмшидің кебісін көрген жоқсың ғой. Бір түрлі сұлу бопты! – деді.

– Ә, қойшы, несі бар дейсің!.. Қандай екен? – дегенде, Күнікей қолымен, ернімен, қасы-көзімен көрсетіп, өзінше өте әдемілеп суреттеді.

Байсалды кісімсіп, Күнікейге: “Көрсен қызарсың-ау” деп отырса да, аздан соң өзінің де әуесқойлығы ұстап, бір жұмысқа барған кісі боп, Шекер байдікіне жөнелді.

Келсе, сыңар кебісі Шәмшидің алдында – қолсандығында қаздыып тұр екен. Шекер жанына барып, кебісті алып айналдырып қарады, көбінесе өкше жағына көз салды. Жарма көттік қылып, қызыл-жасыл шарық жіппен иттіс шалып, сірісін қошқар мүйіздеп қойып, тақасын шоңқита, қаза мінеп тастаған екен. Кебіс жұтынып тұр. Шекер көріп-көріп, демін бір-ақ шығарды: кебіске қызығып, күншілдігі қозып кетті.

– Күнікейге мен де осындай бір кебіс тіккізіп берейінші, – деді.

– Тіккізсең, шамаң келеді ғой! – деп: “Саған арам болар” деген кісіше, Шәмши қасын керіп, төменгі ернін бұлтың еткізді.

– Несі бар, “Ердің құны, нардың пұлы” деймісің? – деп Шекердің де жыны ұстап, бастырмалатып шығып кетті.

Шекер келе сала жаман әбдіресін бүйі тигендей астан-кестен ақтарып “төрт қой, төрт киімнің” біреуін суырып алды. Ол Құлтуманың байдікінен алған бас ұлтаны еді. Кебістің сайманы онымен түгенделе ме? Шекер ауылды қыдырып жүріп, көгтік тақа, сірі, ішпек тәрізді жабдығын тауып алды. Шарық жіп бақалшыдан, тарамыс өз үйінен шықты. Барды да Тұяққа сөйлесті. Ордабайдың етіктерін бітірген соң Тұяқ Күнікейге кебіс тікпекші болды.

Он шақты күннен кейін Шекер Тұяқты төрінің алдына отырғызып, өзі – тарамыс, Күнікейге шарық жіп ширатқызып:

– Қарағым, оңдап тік! Бар өнерінді сал. Шәмшидің кебісінен асырмасаң, кем қылма... – деп тақымдап, қайрап, қадағалап отыр.

– Бар өнерді аямайық, – деп Тұяқ сулаған молақ балғаның сабымен ысқылап, жаман көздің астымен Күнікейге бір қарап қояды.

Қиядағыны көретін Шекердің қырағы көз құйрығы құтқарсын ба, Тұяқтың жаман қарасын сезген соң, жатарда төсек-орын жоқтығын сылтауратып, байдың қонақ үйіне жіберіп жүрді. Әйтсе де көңіліне келіп қала ма деп, күндіз кебіс тігіп отырғанда Тұяқтың үй ішін, малын, ауыл-аймағын сұрап, әлі күнге қалыңдық айттырмай жүргенін де сөз қылып:

– Жігіт адамға қыз табылмаушы ма еді... – деп көңілдендіріп, есек дәмелі қылып қояды.

Күнікей жоқта өзінің де жайы-күйін сөйлеп, осы бір-екі күшік болмаса, жаман қойшыға әлдеқашан тұрмайтынын, Күнікейін жыламайтын теңіне қосқысы келетінін білдіріп, ара-арасында:

– Егестіргенде Шәмшидікінен асырып жіберші. Тағаң жетсе, өкшесін оныкінен пышақ сыртындай болса да артық сал. Әйтеуір өнерінді аяма, қарағым! – деп бір ескертіп өтеді.

– Бар өнер болса, сізден несін аяйық, – деп, Тұяқ ыржиған болады.

– Иә, сөйт, қарағым!.. Мен де бір керегіңе жарармын... Тіпті таныс боп қояйық. Біздікіне келіп-кетіп жүрсейші. Байдікіндей ет-қымызымыз болмаса да, айран, шалабымыз, ықыласымыз болады ғой... – деп жылы сөздің де шетін сездіріп, бір-екі сиырдың ірімшігі мен қаймағын, қатығын аузына тосады.

– Ет, қымыз үнемі бола бере ме... Біз енді не қылып, атқа мініп, нетіп жүрген кісі емес... Бәрінен де адамның несі керек... – дегенде Шекер тартып отырған тарамысын тісіне қыстырып, әнтек қоя тұрып, құйқылжыған көзінің құйрығымен сұмдана қарап, жымияды. Оны көріп Тұяқ та жымияды, балғасын қаттырақ сермеп, тізесін қимылдатып, қутындап қояды.

Не керек, Тұяқ бар өнерін кебіске салды, аянған жоқ. Шекердің де бұл кебістен аяғанын ит жесе болмай ма. Кебіс Шәмшидікінен аспаса, кем болмады. Тұяқ жарытып ақы алған жоқ, тек ықыласына ырза болды.

Тұяқ ауылына қайтарда Шекердікіне келіп, дәм ауыз тиіп, қош айтысты.

Шекер қызымен тысқа шығып аттандырып:

– Келіп-кетіп жүр... Көрген жерде ауыл бар... Етігіміз болса, саған тіктірейік, – дегенде:

– Е, нетсек, келмей енді... – деп Күнікей екеуіне кезек қарап, Тұяқ жүріп кетті.

Тұяқ кеткеннен кейін етік жайынан сөз қозғалса, Шекер Тұяқты аузынан түсірмей:

– Шегебай қайда?! Оныкі Тұяқтың бір шанышқанына да тұрмайды, – деп мақтап жүретін болды.

Сөйтіп жүріп Тұяқ Күнікейді айттырды.

Тұяқ – 6-7 қаралы кедейдің баласы. Мұрны кертеш, иегі кемиек бет-аузы құдды шөміш, мойны ішіне кірген. Бейнесіз-ақ жігіт. Сонда да Шекердің қолайына жақты. Шекердің айтуынша, мұрнының да “дән-екесі жоқ”, қолы да “епсек”, өзі де оны-мұныға “епті”, мойны да “сұңғақ”, өңі де “ақ құба” жігіт боп шықты.

– Со кертештен басқа кісі құрып қалғандай... – деп Күнікей сырт айналып бұртындап, жамап отырған әкесінің жаман шапанын лақтырып тастап көріп еді, Шекер мойнын ит ала қаздың айғырындай созып, бүркітше түйіліп, бурадай шабынып: “Болмайды деген не?”... Қарды да, жарды да боратты, жылатты, сықтатты – ақыры көндірді. Құлтуманы қойшы, ол бір өлген кісі ғой.

Әне-міне дегенше Тұяқ бір-екі қарасын беріп, құда түсіп, күйеу боп, бұрынғы келе берісті сиретті.

Тұяқ күн сайын тапқан-таянғанын қалыңға тоса берсін; Күнікей шолпы тағып, ән салып, бұлғақтатып өсе берсін; енді әңгіменің бетін өзге жаққа бұрайық.

КӨШКЕНДЕ

Ол күнге жиырма жылдан асып кетті, жиырма бес жыл да боп қалған шығар. Ол күнде айдабол, күлік, ақ бура, тұлпар, қозған, қасқал Шідерті бойын жайлайды. Өлеңті мен Шідерті – қатар аққан өзен. Өре басы Есіл, Нұрадан келе ме, кім білсін, Өлеңті – Ақкөлге, Шідерті Жайылмаға барып сарқады. Онда Шідертінің суы мол кезі. Жалғыз-ақ Шикылдақ аулы болмаса, о кезде Шідерті бойын қыстаған ел де жоқ. Сәуірдің алашабыр бұлты арылмай-ақ Баянауыл, Қызылтаудағы қалың сүйіндік атандарын алқынтып, бұйдасын көш құлаш созып, Бөкембай, Арқалық, Жаманадыр, Желдадырдан асып, Шідертіге қарай ағыл-тегіл құлай бастайды.

Жонның қар суымен шығып, желкілдеп тұнып тұрған бидайық, шалғын жеймін деп жанталасып, күліктен алдымен Ноқаң ауылы көшеді. Ноқаң малсақ кісі еді ғой. Ноқаң түннен көшеді, үдере көшеді. Қатын-баланың жақ жүнін үрпите, көзін іріңдете, иегін дірілдете, көлікті

зорықтыра, арықты өлтіре көшеді. Қызылтаудан он бес көшкенде Шідертіге түседі. Ноқаң ауылы өзге ел барғанша, жонның соны шалғынына қардай шүйгіп, аш қасқырмен арпалысып, малының түгін тартса, майы шығады.

Ноқаң кеткен соң Ордабай ауылы да қопандайды. Өлер-тірілеріне қарамай, олар да айдайды. Айдағанмен Ноқаң бір сағым – жеткізбейді.

Ордабайдың қыз-келіншектері бәт құндыз бөріктерінің үкісі желкілдеп, жорға мен жүйрік мініп, алдыңғы көшке сыдыртып өте шыққан кереге, уық, құрымын теңдеген ала шолақ, тарғыл шолақ сиырының соңында күзеген көк байталмен қалықтап келе жатқан Күнікейдің зығыры қайнайды. Тақымды бір қысып, қамшыны бір басып, шаба жөнелгісі келеді де, талабы тас болады. Күнікей азуын шайнайды.

– Осынша топтан бір жібі түзу мал табылмады ма? Мінбеймін шолақ байталға, – деп Күнікей о баста-ақ азап салған, бірақ шешесі:

– Қарағым-ау, сүйгенінді мінетін өз жылқың ба? Тигенімен жүре бер, құдай жеткізер... – деп, бастырмаған.

Шынымен дейсіз бе? Жоға, онысы әншейін ғой. Күнікей бедеу мініп қылаң ұрса, төбесі көкке жетпес пе еді? Күнікей тұрсын, астындағы құлағы қалтиған, қарыны қорылдаған шобырға өз көңілі де бейжай.

Шекер “құдай жеткізер” десе де, жеткізбесін іші сезеді. Бір көшті, екі көшті, үш көшті. Кәне жеткізгені? Жалаң бұ жолы ма? Жеткізбегелі қашан? Күнде көзін қызықтырып, бай қыздарының сәнденіп, құтырынып жүргені анау. Бұл ой Шекердің басын жегідей жеді. Шекер шара іздеді, оны ойлады, мұны ойлады: байдан да, құдайдан да “жәрекім алда” болмасына көзі жетті.

Шекердің қабағы, еріні аттай тулап келе жатқанда, бай балалары көп жылқыны күндей күркіретіп, қиқулап айдап, сиырды басып кете жаздап үстінен өтті. Астындағы жаман неме де бүйірі қызып:

– Ий-еңе-һу-о! – деп үйірсек тұлпарымсып, шіңкілдеп басы мен құйрығын көтерейін деп еді Шекер:

– Кет, әй, өлімтік! – деп бір езуін жұлқып, шолақ сабауымен желке-ден бір қойды.

Жылқы лек-легімен өтіп жатыр.

Уай, дүние шіркін-ай! Анау қара ат, торы ат, құла бие, жирен бие, әне бір құла биелерге Шекер де, Күнікей де мінер ме еді! Қаздия, қақия отырып, тақымды жапсырып, өкшені қадап тастап, көк көйлектің етегін, ақ шаршының ұшын делендетіп, елпілдетіп, елендетіп желер ме еді! Анау боқ мұрын Шоқандардың астындағы ақ селеуді Күнікейдің астына берер ме еді; Шекер кедейлікті, қорлықты, қойшыны бір күн, бір сағат ішінде талақ қылмас па еді! Бірақ оған қолы қалай жетеді? Кім жеткізеді? Құдай ма, бай ма? Жоқ, жоқ, жоқ! Өзі, өзі жетуі керек!

Көп жылқыны еріккен балаларға айдатып, өзі Түгелбай адырына мана жосып кеткен қысырақты қайырып, тымақтың желкесін мықырайта киіп, құрығын сүйретіп, жылқышы Домбай келе жатыр екен. Денгейіне таянғанда Шекердің көзі от боп жайнап, шобырын борбайға бір көміп, сиырдан оқшаулана беріп:

– Әй, Домбай! Қайырылшы, – деп, қамшысын шошайтты.

Домбай байдың көп жылқысы өз маңдайына біткендей буланып жүретін есерлеу жігіт еді, өйткені, көшкенде көршілерге ептеп өз таңдауымен де ұстап беруші еді. Анда-санда байдың, бәйбішенің көзі түсіп: “Пәленшеге ол атты неге бердің” дегенде: “Содан қолайлы аттың реті болмады, таң асырып жіберейін деп ем, жылқы өріп кетіп, өзге аттың жөні келмей қап еді” деп жоқтан өзгені сылтау қылып жұбата беруші еді.

Осы Домбай ана жылы бір түні Шекерге қол салғанда, Шекердің онда іріленіп жүрген кезі ме, өзге себеп болды ма, кім білсін, әйтеуір меселі қайтып еді. Содан бері Домбай түйеші Жаманайдың жаман Тәу-кішін талшық қып, Шекерден күдер үзіп кетіп еді. Енді көк көйлегі көлендеген, байбатшалармен айналыс қылатын Шекер медіресін қылған соң не жаны тұрсын, қысырақты “Вшщит!” деп, бір ыршытып жіберіп, айғырын шаужайлай берді.

– Е, Шеке, жақсы ма?

– Жақсы емей, жаман деймісің?

– Атың келісіпті ғой.

– Ой, құдай атқыр! Осынша жылқыдан бір тәуір мал қолыңа түспеді ме? – дегеннен-ақ Шекер мойнын былғаң еткізіп, көзін төңкеріп жіберді, іш білді, мұрт күлді.

Шекер бірталай сөйлесіп, жымыып қайтты.

– Немене, апа? – дегенде:

– Саған бір жақсы ат бер деп тапсырдым. Ертең жүгенді өзің апар! – деді (бұрын атты Жұматай таз әкелетін).

Ертеңгі көште Күнікей құйрық-жалы Шәмшидің шашындай төгілген жарау тобылғы торы биені алып келді. Көк байталдың жанында дүлдүл тәрізді.

Шекер бұрын да айтқан ғой, жаман шомыттарын сиырларына артып, өзі жөнеліп бара жатып, Күнікейге тағы да:

– Бар, ана Шәмшилердің қасында бол! Елендеген мал көрінеді, жығылып қалма! – деді.

Күнікей қызылшаң белбеуімен қыпшасын қылдай қып буынып, қызыл тақиясының үкісін дөңгелете сілкіп, желпідетіп, кебісін тазалап киіп, атын жетелеп, байдың жұртына барды.

Байдікі он шақты түйеге жүгін артып болған екен. Тұрғызған түйелерді салды балақ малшы қатын жетелеп тіркеп, алдыңғы түйені тау кеншіктей кара сирақ Қырықбайына ұстатып қойған екен. Жаулығы қо-

қырайған Қара бәйбіше күптей боп жұртта шалқиып тұрып, кейбір жүгі ауған түйелерді көріп:

– Дүйсенбай, Дүйсенбай! Сен қайда жүрсің, ана ауған түйені бұрамай? – деп шаңқ-шаңқ етеді.

Дүйсенбай маңдай терін шапанының етегімен бір сүртіп, далақтап жүгіріп барады.

– Сен неғып тұрсың, бозбала жігіт боп сіресіп; қымыз ішкенде сондайсың... қолыңа жұғып кете ме? Бар, ана түйені бас, арқанды тарт, атты ертте!.. – деп, Қара бәйбіше көрші жігіттердің онысын оған, мұнысын бұған жұмсап, бұйырып тұр. Жігіттер үн-түн жоқ, жүгіріп қауқалаңдап, мықшындап, бұйрығын орындап жүр.

– Е, мына қыз да сәнденіп шығыпты ғой. Мынау атты бұған кім берген? – деп, Күнікейге де көзі түсіп кетті.

Күнікей қыпылдап, сазарып, түк айта алмай қалды.

– Ата-ау, не қыласың. Біздің қасымызда жүрейін деген ғой, – деп, Шәмши ара түспесе, Күнікей торы биеге қош айтысатын еді, Шәмшиге де нөкер керек қой.

Күнікей атын көп атқа матастырып, жұртта таранып, сыланып жатқан Шәмши, Шәлкендердің жанына келді. Шәмшиден жылы сөз естігенге ме, кім білсін, жердегі белбеуін, сәлісін әперіп, шолпысын сыртына шығарып, жылпылдаған болды.

Қарыны кебежедей бір можа биеге малшы қатын мінем деп, үзеңгіге аяғы жетпей, мықшындап жатыр еді.

– Ана жаман күнді атқа салып жіберші! – деп, Қара бәйбіше Сәрсембайды жұмсады.

Сәрсембай:

– Әй, өлімтік-ай! – деп, малшы қатынды мықынынан бір түйіп, ашасынан алып, аттың үстіне бір қойды.

– Тоқта, қағынды! Атымды алайын, – дегенге қаратқан жоқ.

Малшы қатын ыржиған болып, критон көйлегін жуырда астына баса алмай, ердің үстінде бүкшеңдеп, қопылдай берді.

– Әтшу, әтшу! – деп бәйбіше көшін жөнелтіп, бір қатынға құман ұстатып, түзге жөнелді.

Бәйбіше келгенше нөкерлер қара пәуескеге пар атты жегіп, дайындап тұр еді. Даяршы қатын мен екі кішкене немересін қасына алып, бәйбіше пәуескеге мінгенде, Күнікей тажалдан құтылғандай демін бір алды.

Оған дейін ауылдың қыз-келіншектері де көштерін мана жөнелтіп, түзеліп киініп, аттарын жетелеп, байдың жұртына бір-бірлеп жинала бастап еді. Ат ерттеген, ат ұстаған жігіттер байдың қыз-келіншектерін аттандырып, етегін жөндеп, шылбырын аттың мойнына байлап, сарыбас қамшыларын әперіп, баптап жөнелтті. Күнікей сияқты көршінің қыздары атына өздері мінді.

Күнікейдің көзі Шәмшиде. Үлбіреген ақ мәре көйлегі аяғын қалай жапқанын, етегін қалай жинағанын, үзеңгіге аяғын қай жерінен салғанына шейін байқап, өзі де сондай болғысы келді. Бұ да үзеңгісін табанның орта кезінен салды, шапанның етегін Шәмшише тақымына қыстырды. Бірақ өзгесін келтірсе де, көйлегін кебісінің тұмсығына жеткізе алмады, қалай созғыласа да, болмады. Әнтек қысқалау екен.

Қыз-келіншектер жұрттан былай шығып, қатар түзеген соң Шәмшидің боз жорғасынан қалмасқа, бәрі де желді. Күнікейдің биесі желісті екен: жайнандап, резеңкедей созылып, ағызбақтай сумандап барады. Алдына шығып кетсем, байдың қыздары қызығып, ендігі жолы алып қоя ма деп, Күнікей атының басын тежей берді. Қашағанға, жарысқа көп салынып, желікпе боп қалған жандар екен, қызып ала-ала жөнелді.

Шәмши боз жорғасын тайпалтып, ерден көтеріліңкіреп, қамшыны бір басып еді, көбінің аты шоқырақтап шауып кетті. Сүйтіп келе жатқанда артта қалып, насыбайын атып алған жігіттер қуып жетіп:

– Ал жарыстық! – деп, айғайлап өте шықты. Бұлар да жіберді аттың басын.

Ала сәуледе жасыл шөпті жапырып, өкпек желді естіртіп, көкіректі керіп, тым-тырағай айдап келеді. Шу дегенде боз жорға шықты алдына, оған тете Күнікей келеді құйғытып: шапқан сайын ызғып барады. Шәмшиден озбайын деп, атының басын тарта береді. Бірақ қолын сірестіріп, жұлып әкетіп барады. Әлі келгенше тартып бақты. Шәмши ұзап алып, артына жалт-жұлт қарап, масаттанып қояды. Артқылар таянып қапты. Өзгесін қойшы. Тыржықайдың шөп желке қара қызы да жетіп қапты. “Саған озғызғанша” деп, Күнікей аттың басын жіберді. Жіберіп еді, биесі ағып кетті. Ағыны мұндай қатты болар ма? Өкпек жел дауыл боп, көзінен жасы ыршып-ыршып кетті. Жығылып қалар ма екем деп ойлайды. Бірақ тақымы сүйсініп барады. Көштегі атты, арбалы, сиыр айдаған, түйе жетелеген жандар бір-біріне қосылып, үздіксіз тізбек боп, құйындап, зымырап артта қалып барады. Күнікей кетті: бәрін де артына доптай лақтырып өтті. Көк байтал да, шолақ сиыр да, таз Жұматай да, қойшы Құлтума да естен шықты. Жалынды жаңа, жат дүниеге кіргендей, тамыр біткені, жүрегі оттай заулап, көтеріңкі, асқақ сезім кернеп, анау көгерген аспанмен ағып келе жатқандай болды. Сиыр айдап келе жатқан апасы қызының қарсы алдында үкідей ұшып бара жатқанын көргенде:

– Ойбай-ау! Жығыласың ғой! Тарт басын, тарт! – деп безектеп, шырылдап, тебініп ұмтылып еді, Күнікей “Жығылатын кісің мендей бола ма?” дегендей қамшыны бір сермеп, құйғыта берді.

Көштің алдына таман шығып, бұдырдан асып, алдынан Арқалықтың көлденең жотасы көрінгенде, Күнікей артына бір қараса, Шәмши қапты далада. Манағыдай емес, енді Шәмшиден қорыққан жоқ: бойына бір ерлік, өжеттік пайда болған тәрізді. “Қашанғы қорғалай бергенше,

бір ұрып алайын” деп ойлады. Астындағы бедеуден өлсе айырылғысы келмейді.

Әлден уақытта қызының ойқастап барып тоқтағанын көргенде Шекер бір тамсанды да жымыды.

— Қарағым, астына ат түспей, қор боп жүр екен ғой! Не боса, о босын, бәрінен де озды. Тілеуің берсін, Домбай! — деп, тақымын бір қысып қойды.

КҮН МЕНІКІ

Күнікей ойысып барып бедеуін тежеп, шашыраған етегін жинап, көшке қараса, Қара бәйбішенің пәуескесі көш алдына түсіп қалған екен.

Қара бәйбіше көштің қыр соңынан жөнелсе де, божы ұстаған жалпақ Нөкені “Айда, айданың!” астына алып, жолдағы сиыршыларды киежара, арбаларды соқпырта, бұзауларды бүйірден түртіп домалата, қос құласын шаптыра, желдіре, көштің алдына түспей көңілі көншімейтін.

Күнікей озғанына мардамсып, қоқиланып бұрылса да, қара пәуескені көргенде жүрегі зырк ете түсті. “Мына тажалдың көзі тағы шалып қалмаса игі еді” деп қауіптенеді. Күнікейдің бағына қарай бұ жолы Қара бәйбішенің қанталаған ала көзі сүмектей боп танауратқан тор бедеуді шала алмай қалды. Өйткені, пәуескенің ернеуіне еңсеріле асылған бәйбішенің көзі көште келе жатыр еді.

Неге десеңіз, Ордабайдың үш баласы үш ауыл ғой. Олар бәйбіше қатыннан. Қара бәйбіше — Ордабайдың тоқал алған қатыны. Бәйбіше өліп, өзінен екі ұл, үш қыз туған соң, бұ да бәйбіше атанған. Сөйтіп, Ордабайдың төрт ауылы бірге көшетін. Бәйбіше балаларының көші бұрын жөнеліп, озып кетсе, қонғанша Қара бәйбішенің аузында да, астында да дамыл болмайтын. Бұл жолы да Оразбайдың үлкен баласы Омардың көш алдында түсіп, көрші Көшербайдың жырық кемпірі күндігі қайқайып, ала биені тебініп, жырық сары атанды қарсы алдына салып, шуда қақтырып, жеткізбей келеді екен. Олардың қыз-келіншек, малшы, құлшылары да Қара бәйбішенің сырын біліп алған ғой: көштің ауған-қалғанын ат үстінен түзеп, қасақана айдатып келеді екен.

Манағы атына міне алмайтын кертанау мықыр Тұрсынға:

— Әбілет-ау, атың жүрмей келе ме? Неғып бақайын қыбырлатып келесің? Өлімтіктің қолына шыбық та түспегенін қарасайшы!.. — деп Қара бәйбіше зығырланып, шабынса да, көштің орта кезіндегі қырсау қара атан мұрны созылып ауырған соң “Не де болса бәлесін бір-ақ көрейін” деген немеше кегжең етіп, бас жібін (бұйдасын) шарт еткізді.

— Ай, ай! Ана ақ шелек тағы қалды! — деп түйе басын тартқан биеші Дүйсенбай кейіп, баж ете түскенде, көш жетелеп келе жатқан Тұрсын бұрылып, аялдайын деп еді, Қара бәйбіше одан жаман шарылдап:

– Тоқтатпашы көшті, тоқтатпа!.. Әй-й, салды балақ сасық күң-ай! Сенің шашыңды жұлмасам ба! – деп ойбай салды.

Со кезде Күнікей пәуескенің ар жағын орағытып, көштің тасасымен қыздарға барып қосылды. Апасының бәсекесін жаттаған Шәмши де арттағы бір бунақ көште қара інгенді бір қызға жетектетіп, сарбас қамшымен қара терге шомылған борбайға шыпылдатып ұрып келеді екен. Жанынан Күнікейдің өткенін байқаған жоқ.

Артқы көштің деңгейіне келгенде бос жүруге арланып, бір жағынан, “Бұ да болысып келеді екен” десін деп, Күнікей тартынып қалған бір түйеге жанаса кетіп, бас жібін іліп алды да, естісін дегендей: “Әтшу, әтшу!” деп, дауысын шығарды. Шәмши артына қарап: “Е, Күнікеймісің? Тірке” деді. Күнікейдің “немқұрайды” ғып, өтірік жарамсақтанып келе жатқанын қайдан білсін. Шәмшидің жүзінде зіл көрінбегенге Күнікейдің де көңілі жайланайын деді. “Бай балаларының бәсеке таласқаны мұндай жақсы болар ма? Бізге жалынышты болады ғой. Бізсіз бұлардың күні бар ма?..” деген ой келді.

Күнікей түйені тіркеп, тақиясын түзеп киіп, оң жағына қарағанда Ордабай айналасының барлық шаңырағынан да үлкен, күлімдеген қызыл жақұт күн көктің бір өңірін сары алтынға малып, екі түйенің арасынан абажадай боп адырдан суырылып келе жатыр екен. Мана Арқалықтың басын жалап тұрған алтын сәуле заматта ылди біткенге шашырап, ол сәуленің жуан ортасында Күнікей де келе жатыр еді. Өні қашып тұрған көк шөп, қызылды-жасылды, сарылы гүлдер де аты. бәйгеден келгендей ажарланып, жылтырап, құлпырып ала жөнелді. Шарықтаған сайын үдеткен боз торғайдың шырылы, боталардың қоңыраудай сыңғырлаған жіңішке, сұлу, қаяусыз зары, енелерінің ауық-ауық қоңырлата бастап, қоюлата көтеріп, бір жоғары, бір төмен толқынтып, жіңішкерте, сүмір-ейте созып: “У-ү-ү-һ!” деп барып басылған ырғалаң боздасы сайын даланы жаңғырықтырып, өз алдына бір гөй-гөй тартып, біріне-бірі ұласып, қызғыштай қытқылдап, қырғидай шықырлап бара жатқан арбалардың шиқылы: “Апа деймін, бауырсақ, ірімшік...” деп, кебежеден басын шығарған қара қожалақ жас балалардың ызындаған қыңқылы – бәрі де бүгін Күнікейдің жанына майдай жағып, дүние өзіне бола жаралғандай, алтын күн өзіне бола туғандай көрініп келеді.

Күннің мұндай айбынды, сұлу екенін Күнікей бұрын көрсеші! Мына күн тап өзінің, өз үйінің күні тәрізді. Жып-жылы, жап-жарық!

“Әтшу-әтшу, мойнағым! Шырла-шырла, торғайым! Қарның ашты-ау, ботақан! Мә, ірімшік берейін, қоя қой енді, қалқатай!.. Әлі-ақ ауыл қонады, ашқан қарның тояды...” деп ойлағанда, бала күнде ауыл көшкенде айтатын:

Ертең ауыл көшеді,
Түндік бауын шешеді.

Қара қойым қашады,
Құмалағын шашады, –

деген ойыншық өлең есіне түсті. Күнікейдің балалығы ұстап кетті: бозторғайша аспанда, қызыл гүлді, алтын күнді мадақтап ән салғысы келді. Сол кезде іркіс-гіркіс түйелерде біріне-бірі жалғанып, қатар түзеп көш сәніне кірді. Қыз-келіншектердің қолы босап, бастары қосыла бастады. Тыржықбайдың қызы:

Жосалының басынан жоса алмадым,
Жорға мініп, алдыңнан тоса алмадым...

деп, “Ай-ай сәулем” деген әнді жөндеп сала алмай ыңырсып, әуре ғып келе жатыр екен. Күнікей мұрнын тыржитып, жаратпады. Айтты-айтпады, кәзір сондай жайқоңыр, шобыр ән салатын шақ па? Қорғалдақтай шымырлатып, бозторғайдай шырылдатып, шырқап, қалықтатып, сорғалатып салатын шақ емес пе?

Қыздардың ортасына Шәмши де кірді. Көшін жөндеп оздырғанға көңілі бір демдегені ме, кім білсін.

– Е, ән салып келесіндер ме? Кәне, айтындаршы? – деді.

Байдың қызы жоқта ыңырсып келе жатқан жаман-жұман қыздар:

– Ойбай-ау... жоқ... әншейін... – деп, құты қашып, дымын қоя қойды.

“Өңшең шірік күң! Онысы несі? Салмайтын несі бар?” Соған бола ма, өзіме бола саламын” деген кісіше, көңілі тасып келе жатқан Күнікей ешкім “айт” деместен:

Бауырында Шұбартаудың қос балапан.
Сол таудан дария толқып су тараған.
Сұлу қыз, әсем жігіт – бәрі сонда,
Япырым-ау, неге келдім сол арадан?
Сол арадан, а, ай, Әкуда-дай... –

деп, сайын даланы жаңғырықтырып, көшті басына көтеріп, сұңқылдатып қоя берді. Қыздар: “Мынау қай жақтан шыға келді?! дегендей ауыздарын ашып қарай қалды. “Өзімді қошемет қып, ән салды ғой” деп, Күнікей бір ауыз өлеңді бітіре бергенде Шәмши бір қопарылып, мойнын бұраң еткізіп:

– Әй, Күнікей-ай! Сен бір жанып тұрған отсың ғой! Е, көңіл ашар деп осыны айт! – деп көпшіктеген болды. Өйткені, бұрынғы көште бүйтіп суырылып соғып жіберетін қыз қасында болмаушы еді. Күнікей Шәмшидің ол қошаметіне құлақ қойған жоқ, жүдемелете-жүдемелете 2-3 әнді тастап-тастап жіберді. Сол-ақ екен:

Біржанның төңкерілген дауысымен “Ешкіөлмес ел жиылды бауырында!...” дегендей-ақ, Күнікейдің аққудай сұңқылдап, күмістей сыңғырлап, бұлақтай сылдырлап, бұлбұлдай құбылтып, бұлқындай жұтынып, жүйкені босата, сүйекті шымырлата сорғалатқан, кестедей нақысты, ботадай сүйкімді, балдай тәтті, күндей сұлу әніне көш бойындағы қыз-бозбала, қатын-қалаш жиналып қалды.

– Е, базар мұнда екен ғой!

– Көп жаса, шырағым!..

– Қалғып-шұлғып келе жатқанда ұйқымызды шайдай ашты ғой...

Ой, тілеуің берсін!..

– Тағы да, қарағым тағы да... десіп қатындар да көтермелеп:

– Шешесі Шекер ғой! Бұ қыз тегін өледі деймісің?.. – деп аңыз қылысты.

Астындағы торы бедеудей, бауыры жазылып алған Күнікей құдай берген өнерді аясын ба? Жұрт анталап, топ көбейген сайын, аруақтана, дәуірлете соқты, делебесі қозған бір-екі қыз да Күнікейге қосылып кетті. Күнікей бірталай айтып, айызын қандырған соң, ерігіп келе жатқан жұрт:

– Ал, бозбалалар! Сендер де айтындар! Қыз екеш қыз да айтып келеді, – деп кеу-кеулеген соң Мұсатай, Әйткен сияқты бозбалалар да керіліп, ырғаландап, көзін ашып-жұмып, айғайды салып, бүгінгі көшті ойын-сауық қылып жіберді. Сауықтың арты “ұйқыашарға”, “аударысқа”, “көкпарға” айналып, жұрт дырду-думанмен қонар жерге келіп қалғанын да білмеді.

Жолшыбай шидің, қарағанның, томардың түбінен үйректің жұмыртқасын тауып алысып, бозбалалар қаншыр қуысып, көк шалғынды жосылтып, өңшең саусылдаған, дулаған жастар көштен бұрын келді. Келсе – Арқалықтың бөктеріндегі Атшоңқайға көш басшылар да жетіп, жатық көгалдан ауылдарына жұрт сайлап, көп жұмыс тындырған немеше шіреніп-шіреніп тұр екен. Күнікейлер де аттан түсті. Бозбалалар ат ұстап, қаңтарып, матастырды. Ат екпіні, күн қызуымен алқынып, қызара бөртіп, ісініп келген жастар белбеулерін шешіп, шапанын тастап, желпініп, Күнікей сияқты көршілердің қызы көш келгенше тезек теруге жөнелді.

Көш келіп, байдың үйлері үлкен-үлкен жабасалмасын жасап алған кезде, сиырларының тілін салақтатып, сілекейін шұбыртып, бүйірін солықтатып, жүгіріп, сиырларын ұстап, жүгін түсіріп жатқанда Шекерлер де келді. Түтігіп, Күнікейге:

– Сайтан-ау! Сонша шауып... астындағыны алып қойса қайтесің? Маңдайыңа басқан атыңнан жаман... – дегенде, Күнікей жайымен жұмыс істеп жатып:

– Ойбай, апа-ай! Ат беретін кісі мендей бола ма? Бүгінгі күні менікі болған жоқ па! – деді.

– Не дейді, ойбай, мына қыз? – деген соң, Күнікей бүгінгі әңгімесін айтып шықты.

Шекер түк айта алмады.

– Сен бе? Сен!.. – деп тамсанып жымыды.

ТӘЙТ ӘРМЕН!

Аяңдаса – тымақты алшыдан салғызып, желсе – желдей естіртіп, шапса – құйындай ұшатын, қашағанды шөбін жұтқызбай қағып түсетін бедеу торыны ендігі көште Күнікей тағы мініп шыққанда, өз сыбағасына өзі құлдық ұратын құла ауыздар көлденеңнен көз салып:

– Шекердің қызы мына өнерімен әкетті-ау! Әйтпесе, кедейдің тақымына сыятын жануар емес еді, – десті.

Дей берсін. Күнікейге торы бедеу тақымына басқан атынан бір кейін емес. Күнікей енді жылқы келгенде жүгенін алып, өзі жүгіреді. Жүгендерде сағынып қалғандай, мойнынан құшақтап аялайды, жіберерде бас-арқасын сипап, мамық алақанымен қабырғаға қағып қояды. Ұлы дүсір жарыс болмаса, анау-мынаумен жарбаңдасып шаппайды. “Қашаған қуып, қинап тастама!” деп, күркесіне келе бергіш Домбайға да тапсырып қойды. О да айтқанын қылып жүрді.

Атшоңқайдан асқан соң немене, Шаңды, Сарыапан, Қызылқұдыққа қарай құлап кеткендей, демде барып қаласың. Қызылқұдықтан көшіп, Әулиетастың дөңінен асқан соң, қарсы алдыңнан жарқырап Майсор көрінеді. Майсордың құлағына бір түнеп, малды шалғынға шеміршектетіп алып, қалың қаулы, жауылшалы, жоңышқалы, бетегелі бұйрат пен белден бел асып отырып, Шақшан адырының түбінен Шідертіге қылт ете түсесің. Жердің бәрі Күнікейдің кеудесінде сайрап тұр. Бәрі де бала жасынан бері қозы қуған, бұзау қайырған, тезек терген, ән салған, ат ойнаған, асыр салған танымал жерлері.

Жолшыбай Күнікей қыздармен бірге жарысып, төбе-төбеден тарғыл жуа терді. Бозбалалармен ілесіп, қоян қуып, Құлболдының басына да шықты. Қызылқұдықтан көшкен күні Тыржықайдың қызына бір шәлкестеу байтал кез келер ме, мініп жүре бергенде, байтал аяғын бір көтеріп еді, қобалақ сорлы жалп ете түсті. Байтал ер-тоқымды бауырына ала сартылдатып, Қызыладырға қарай құйрығын тігіп алып, шығандап жөнеле берді. Күнікей атына мініп дайын тұр еді, байталды қуып берді. Бірталай ұзап кеткен байталға үкідей ұшып барды да, жетті. Қайырмалады. Болмады, құйрықтан алды – тоқтата алмады. Содан кейін қабырғалай беріп, байталдың тізгінінен шап беріп ұстап, алып қайтты. Артынан Мұсатай да шауып келеді екен. Тағы бір-екеуі әр жерде шашыл-ып қалған ер-тоқымды жинап жүр. Мұсатай келіп:

– Әй, қарағым-ай! Сен бірдеңе боласың ғой! Әкеңнің көсегесін көгертер едің. Әттең, ұл боп тумадың, не керек! Сенен “мынандайын”

(шынашағын шошайтып) аяған құдайды да тәйірі алсын! – деп қалжыңдаған болды.

Мақтағанды іші тәуір көріп келе жатса да, Күнікей ойын-шыны аралас:

– Кет, көргенсіз, жоқты айтпай... – деді.

– Жатқа қор қылмайтын бала едің, не керек, Кейқуат, жаман Тұяққа қор боласың... – деп келе жатқанда Күнікей мырс етіп:

– Е, жаның ашиды екен ғой? – деді.

– Ашымай енді... Жаным ашығандықтан айтып жүргем жоқ па... – деп, баяғысын тағы жақауратты.

Күнікей өп-өтірік түсінбегенсіп:

– Неменені? – деп, шешесі құсап көзін төңкеріп қылымсып, Мұсатайдың бетіне қарады.

Мұсатай кәдімгідей басалқы айтатын адам сияқтанып, алақанын жайып, басын шұлғып:

– Тым болмаса оң жақта дәурен сүріп, қызық көріп қалсайшы. Жастық екі айналып келер деймісің... өстіп бұлғақтап жүре берем деймісің... Осы күні деген шағың... Жас-жастың тілеуі бір, жібектің түйіні бір... – деп, сүре сөзге салып бара жатқан соң, Күнікей күліп:

– Мен бір жөні түзу сөз айта ма деп келе жатсам, баяғы Қаратауың ба? Ондайынды бізден өзгеге айт, шырағым!.. – деп бірдененің шетін сездіріп, тежеп тастады.

Мұсатай оған да тоқтамады. Анау көпке жетпей тұрып, бір сөз алып қалуға асығып, тікесінен:

– Бүгін түнде барамын. “Бұ қайсың?” деп жүрме! – деп көзін қысып қойды.

Күнікей:

– Демінің сағын! – деп ернін шығарды.

– Күнікей енді өзің білесің... – деп, Мұсатай қылмандап, қиқандап еді, Күнікей:

– Бізді тәлкектеп не қыласың? – Қатышыңды айналдыра бер! – деп сөздің бетін ашты. Мұсатай абдырап:

– Қашан мен Қатыш... – деп келе жатқанда, ер-тоқымды жинаған жігіттер де ұшырасып, Мұсатай есек дәмелі боп қала берді.

Қатыш Тұрғанбайдың “кұрық қайтпас” сары қызы еді. Мұсатай да одан сау емес екенін Күнікей неғып білмесін.

Ауыл Майсордың құлағына – Былқылдаққа қонды. Байдың төрт ауылы ығы-жығы, бықы-бықыр төрт түлік көк майсаға көміліп бырт-бырт жұлып, барылдап, жусатып жатыр. Лек-лек балалар жарысып, шуласып, құрақтан жұмыртқа алуға, қоға тартуға Майсорға кетіп барады. Еркектер бие қуып, құлын ұстап, әйелдер жаппа күркесінің алдына бықсытып от жағып, самауырын, шәйнектеріне шай қайнатып жатыр. Қызкеліншектердің кейбірі суын әкеліп, кейбірі жолда дем алып,

шелектерін қолдасып, ән салысып, жаңа бара жатыр. Жалғыз-ақ Құлтума сияқты қойшылар көрінбейді. Өзгенің бәрі көк шалғынға аунап кенелуде, масайрауда.

Таң атқалы оразасын ашпаған ел шайларын ышқына-ышқына ұрттап, маңдайдан сорғалаған терлерін алақанның қырымен сыпырып тастап, бойы жадырап, көйлектерін желпіп, қарындарын ашып, борбайын қасып, күркесінен шықты. “Мынау атты, анау өгізді жіберу керек екен ғой...” деген тәрізді, малсақ кісімсіп, суыған көліктерді қоя берді, жіберді, жібертті. Көзінің іріні шокпардай болған шал – түйеші Жаманай да (манағы Тұрсынның байы) байдың түйелерін жіберіп, одан бір түйеге мініп, ауыл-ауылдың түйесін қайырып Майсордың көкпегіне апарып салып, жайрап, битін қарап отырғалы: “Шөк былай!” деп, сар желіп, сойылдап жүр.

Жалғыз-жарым мал көздеген қоңылтақ кедей шалдар, бұзау көздеген, ұршық иірген кемпірлер немесе тізе қап байлаған, бір балағы салпылдаған биешілер болмаса, өзгенің бәрі біраздан соң қымызға қанып, күр-күр кекіріп, қарнын сипап, итарқа, шаңырақ салма, жүк күрке, арба күркелерінің астына кіріп, манаурады.

Жұлдыз-жұлдыз жаман итарқасының күн жағын жауып, кимешегін қайырып, білтеленген бұрымдары сексіп, күркесінің ауыз жағына Шекер де қисайды. Таз Жұматай байдың биесін сауғызады. Құлтума келуге қашан! Апасының ірге жағына борансыз жастыққа Күнікей де жантайды. Күні бойы атқа шауып, күрке тігіп, жүк тасып, су әкеп, тезек теріп шаршаған Күнікей, басы жастыққа тиген соң қор ете түсті дейсіз бе? Жоқ, көзі жуырда ілінбеді. Ұйықтайын деп көзін жұмса да, балдырғандай уыз дене шаршағанды елемей, местің емізігіндей бұлтиған жас көкірегін нәуетек, албырт жүрегі қайнаған шәугімнің қақпағындай бүлкілдетіп, қиялы бірден-бірге көшеді. Көкірегін қысып ыстықтата берген соң, кірлеп кеткен тартқының түймесін ағытып, жастығының астына салды. Кеудесі әнтек сая табайын деді. Жалаңқат көйлектен торсия білінген қос алмасын оңды-солды сипап, шалқасынан жатып, манағыны тағы ойлады.

“Манағы” мынау еді:

Құлтумаға ағайын Сүлеймен деген болатын. Оның қатыны – Бәден. Күнікейдің Бәденнен жақын жеңгесі жоқ. Мана Бәден екеуі су әкеле жатып, шелектерін жерге қойып, дем алып отырып, шүңкілдескен.

– Еркежан, мен десең көн. Одан артық патшаның баласы керек пе? Құдайға шүкір, жас емессің. Сендей күнімізде біз талай қызықты көргенбіз. Дүниеде бозбала құшқаннан қызық не бар дейсің? Сен оның дәмін әлі татқан жоқсың, білмейсің, – деп қайдағы жоқты айтып, қызықтырып, азғырған. Күнікей ә дегенде:

– Қойшы, жеңеше! – деп арындаса да, әрі-беріден соң жер шұқып, ойланып:

— Апатай, тіпті жаным шошиды. Жаман болады... Адам қиналады дейді ғой... — деп, икемге келген тәрізді болған.

— Қой енді, балалық қылма! Сырғытқаның жетті ғой. Бүгін қабырғаға кеңес те, бір жауабын бер! — деп жеңгесі кеткен.

Жеңгесінің айналдырғаны жалаң бұл емес, екі жылдан бері көр-жерді айтып, құшақтауды, сүйісуді, қойынға жатуды, келіншек болуды сөз қылып, баулып, қылқылдай беретін. Бір ретте: “Бәленшені қойныңа алсаң қайтеді?” дегенде Күнікей: “Апама айтамын” деп тұра жөнелген болатын. Содан былай жерге кіргір жеңгесі еппен айналдыруға, тана моншаққа, иіс сабынға қызықтыруға кіріскен. Бұл күнде Күнікейдің құлағы ондай сөзге әбден үйреніп, ойын-сауықта бозбалаға бетінен сүйдіріп, өзі де сүйіп, омырауын қыстырып, барлық сұмдықты әбден білген еді. Жалғыз-ақ ана жағына келгенде, әнтек батылы бармай, қипақтай беруші еді.

Бүгінгі Бәден жеңгесінің айтқаны: Ордабайдың бір немересі Мәжікен деген жігіт еді. Мәжікен қатыны да бар, жасы да жиырма екі-жиырма үшке келген үлкен жігіт болса да, қаршадайынан көршілерінің қыз-келіншегіне ауызданып, жаман үйренген, ауыздықсыз бай баласы — бозбалалығын әлі қойған жоқ еді. Қою қара қасты, қошқар тұмсықты, қызыл шырайлы, ат жақты, келбетті жігіт еді. Осы Бәденнің өзімен де, шешесі Шекермен де Мәжікен он төрт жасынан бері айналыс қылған еді. Күнікей онысын қайдан білсін? Бәденнің Мәжікенмен әрі ескі тамырлығы бар, әрі “жеңгетайлығын” есептеп (өйткені, көйлегі де тозыңқырап жүр ғой), әрі бай баласының буына жығылып, айдынынан қорқып, қалай да Күнікейді көндіріп беруге бұ жолы төс табанын сала кіріскен еді.

Міне, Күнікейді ұйықтатпай, ойландырып жатқан “манағы” — осы еді. Күнікей: “Бозбаламен неткен... қандай болады екен?” деп, бір ауық әуес қылады. Біресе Ұмсындықтың күйеуі қол ұстаған түні: “Жан терге түсіп, қиналдым” дегенін есіне түсіріп, қорқады. “Жеңешемді өкпелетіп алам ба” деп тағы ойлайды. Ойын-сауықта омырауынан қысқанда, тамағынан сүйгенде бойы шымырлап кететінін ойлағанда: “Одан да тәтті ме екен” деп, тағы қызығады. Біресе күйеуін де есіне алады, бірақ о жағына келгенде, аяғына боқ басып алған кісіше жеркенеді. “Оған сақтағанша, итке тастасам болмай ма? Оған қара басым да көп” дегендей қылады. Қалайда Күнікейдің ақылы алтыға, ойы онға бөлініп, көпке дейін көзіне ұйқы келмеді.

Кешке таман ала сиырдың бұзауы жоқ болып, Күнікей ауыл-ауылды қыдырып іздеп жүрді. Көз байланған қараңғы кез еді. Бидің ауылына қарай келе жатқанда аяқ астынан бір адам сораң етіп ұшып түрегелді. “Көтек!” деп жалт бергенше болмай, қолынан шап беріп ұстай алды. Бұл әлгі айтқан Мәжікенмен немерелес Қасым деген жігіт екен. Қасым да қатын-балалы, сақалды жігіт.

– Немене, қоя беріңізші? – деп бұлқынғанына қараған жоқ, аш белінен құшақтай алып, бір шөптесін шұқырға түсті.

Күнікей не болғанын білмеді. Жүрегі аузына тығылып, қалшылдап, дірілдеп, кеудеден, сақалдан итеріп, төбетпен жағаласқан мысықша шапылдап, шырылдап, алыса кетті. Еңгезердей кісіге әлі келсін бе – умаштап алып ұрды. Күнікей “апатайлап!” шырылдай бастап еді:

– Шығарма дымынды! – деп аузын басты.

Күнікей оған қорықпады, булығып, қақалып:

– Ойбай-ай, ойбай! – деп құлындағы дауысы құраққа ұшты.

Сол-ақ екен, Күнікейдің оң жақ беті де ду ете түсті: Қасым жақтан тартып-тартып жберген еді. Күнікей күйіп кетті, бетін тырнап кеп алды. Қасым: “Ә, ә аузынды...” – деп бетін ұстай алғанда, тулап жүрген Күнікей қоянша бұлт етіп, сытылып шыға берді. Сол кезде дүбірлетіп бір атты кісі де келіп қалған екен. Қасым қайта ұмтыла алмады? Күнікей үкідей ұшып үйіне тартты.

Шаш будыраған, камзолдың түймелері үзілген, көйлек жыртылған, өңі өрт сөндіргендей Күнікей күркесіне келе етпетінен түсіп, ышқынып, солқылдап жыламасын ба? Шешесі: “Ойбай-ай! Құдай атқан-ай! Кім тиді? Не болды?” – деп жұлмалап еді, қолын итеріп тастап, бүк түсіп, жастықты құшып, одан жаман кеңкілдеді. Биенің екі сауымындай жылап, әбден сілесі құрып, мауқы басылған соң, апасын оңаша шығарып алып кетіп, сөйледі. Апасы үрейленді, таңдайын қақты, күйіп пісті. Бірақ “тірі адамға ауыздан шығармайық, жабулы қазан жабуымен қалсын” деген ойға келіп тоқтады. Кімді қиратсын? Кім теңдік әпереді?..

Со күні түнде Күнікей ұйықтай алмай жатқанда бір адам шөпті сыбдырлатып, ептеп басып, іргеге келгендей болды. Күркенің о жақ-бұ жағына шығып тындады. Қайта Күнікейдің іргесіне келіп біраз отырды. Бір мезгілде іргеден суық қол кіріп келді. Күнікей:

– Бұ кім? – деп, шап беріп ұстай алды.

Қол ақырын ғана:

– Мен, – деп еді Күнікей:

– Мені кім өзі? Кет аулақ! – деп даурығып, қолды итеріп жіберді.

– О қай көргенсіз өзі? Кімді тәлкек қып жүр? – деп Шекер де шаңқылдап, басын көтеріп алды. Қол жылысып жөнелді. Ол манағы жеңгесінен сөз айтқызып жүрген Мәжікен еді.

Таң алды кезінде Күнікей шырт ұйқыда жатыр еді, жып-жылы төсіне бір суық қол тағы кеп тиді. Күнікей жұлқып кеп тастады.

– Бұ қайсының?

– Мен... Мұса... тай...

– Тәйт әрмен!

Со кезде Шекер тағы ояна келіп:

– Өңшең көргенсіз аузыңа с... Осы үйде әкелеріңнің көз құны қалды ма? – деп аузы-мұрнына шай қайната бастаған соң, Мұсатай итті абалата, дүрсілдете жөнелді.

– О не? О не? – деп ұйқылы көзімен қоңқылдап, Құлтума да бір аунап түсті...

БАС БӘЙГЕ БАЙМАНДІКІ

Ертеңіне Қасым бетіне орамал байлап шықты. Жұрт “аттан жығылып, бетін тас жырып кетіпті” десіп жүрді. Не жырғаны Күнікей мен Шекерге аян, түндегі аттыға аян. Оның аузын Қасым тығындаған.

Күнікей жеңгесінің сөзіне қалса да, түндегі оқиғадан кейін бай балаларын ит етінен жек көріп, қатайып алды. Шідертіге қонған түні тезек теріп жүріп, Бәден жеңгесі тағы да:

– Ерке бала, түнде дауыстап, ұят қылғаның не? – деп келе жатыр еді, Күнікей түсін бұзып:

– Жеңеше, менімен тату болам десеңіз, о жағына аузыңды ашпа! – деп, шартынан қайырды.

– Өкпелеймін, – десе де:

– Өкпелесең, өкпелей бер, еріккен бай баласының тәлкегіне көнер жайым жоқ, – деп, теріс айналды.

Содан кейін сүттей ұйып жүрген жеңгесі араз боп, Күнікей жайынан өсек таратуға кірісті.

Күнікейдің тырнағы уытты екен: Қасымның оң жақ беті тарақ таңбалы тыртық болып кетті. Он бес күннен кейін Құлтуманың ала сиыры далада шек-қарыны жарқырап өліп жатқанын Кіші ауылдың қойшысы айтып келді. Тұяқтан балалы мал үшін алған жалғыз бұзау қашары жаз ортасында ұшты-күйлі жоғалып кетті. Құлтуманікі жалғыз бұзаулы сиырға қарап қалды. Мұның бәрі Қасымның жұмысы екенін Күнікей мен Шекер білді. Соңғы қашары жоғалғанда: “Енді біржола құртқаны ғой!.. – деп Шекер жылап жіберді.

– Малыңды жау алсын! Өй, ұлы-қызыңның алдына келсін! Бізді зарлатсаң, құдай сені бізден де жаман зарлатсын!..” деп, айтпаған қарғысы қалмады, бірақ содан басқаға шамасы келмеді. Шешесі зарлап, қарғап-сілеп жатқанда, Күнікей де қынжылды, іргеге қарап, көзінің жасын бұршақтай домалатты. “Осы үйді сорлы қылуға мен себеп болдым-ау” деп, адам боп, қойшының, қоңсының қызы боп жаралғанына өкінді. “Бай баласынан қайтсем кек алам” деп зығырланды, толғанды – ешбір лаж таба алмады.

Әйтеуір көктің көлемі ғой, бір жағынан, Құлтума мен Жұматайдың еңбегін еміп, бір жағынан, қызы мен екеуі байлардың жібін иіріп, алашасын, бауын тоқып, сырмағын сырып, кестесін тігіп, ұрттап-жалап, жаз бойы тамақтан кенде болған жоқ. Құлтума да торсығын бұрынғыдан

үлкейтіп, қой келгенде күпісімен жауып тасалап әкеп, Шекер жалма-жан жүгіре шығып, шешіп ала қоятын болды.

Жаз ортасында Шәмшидің қайнысы келеді, құда түсері, қол ұстатары қабат болады деген хабар естілді.

Бұл хабарды естіген соң Ордабай айналасындағы төрт-бес ауылдың әйелдері өз күйеуі келетіннен жаман шала бүлініп, қыдырмашыдан көйлек-жаулық алып, кірі-қоңын жуып, көк моразға малып, әркім өз әлінше тыраштана бастады. Қашаннан бері шаң басып, боқжама болып жатқан байдың кілем-киіздері де көп малайдың күші – Қара бәйбішенің әмірімен қағылып-сілкініп, үй сыртына жайылды. Бұрын өңезі туырылып тұратын шелектер де түледі. Базданып жатқан іркіт сабалар да аузы төмен қарап, бақан бастарында салбырады. Аузы “кұрттаған” қарындардың да жіңішке ақ құрттары іргеде жыбырлады. Борбайы бөксеріліп, жалт-жұлт етіп жүретін таз Жұматай, қазаншы Дүйсенбай сияқтыларға да ақ домнан тылтиған көйлек-дамбал пайда болды. Әсіресе бұл науқан ауыл артында ақ шатырда маңайы қара май сасып жататын Ахмет, Риза сияқты қырманшы азбилардың шекесін шылқылдатты: жүн-жұрқа, қыл-қыбыр, тері-терсекке арбаларын таудай қып тиеп, қойды қотандап айдап, бауырмал кісімсіп, қайта-қайта қош айтысып, ырғап-жырғап жөнелді.

Жалғыз-ақ бұл науқан биттерге бапты болмады; көптен жуылмай, таралмай, кірлеп, терлеп, қайызғақтанып жүрген шаштарға ыстық су, ақ сабын тие бастады. Қордаланып, оңалып, етек алып кеткен шіркін қайнап тұрған су болмаса, анау-мынауыңды қырау құрлы көрсін бе, қанша тарақтағанмен берекелі неме таусылмады.

– Ойбай-ау! Бұ құрып қалғыр арылар емес қой... мүлде құжынап кетті... Күйеу келгенде самайымыздан битіміз сорғалап отырса, тірідей маскара ғой, – десіп, әйелдер биттің жауын іздеп, сұрау салысты. Іздей берсе, не табылмайды, біреуден біреу құлақтанып, сақармен, күлмен, керосинмен жуатынды, майға өлтірген сынап жағатынды тауып алды. Әсіресе, керосин мен сынап мың да бір дәрі екен: бит біткенді қасқыр тиген қойдай дүркіретіп, ана шаштың да, мына шаштың да түбінен андағайлатып айдап шықты. Ақ жаулықтың етегіне тарыдай төгілген қара жорға, боз жорғалар бірін-бірі жаныштап, қойдай маңырап, қозыдай шуласып, аяғында жер ошақ біткенді бытырлатып: “Өй, күйеуің құрысын” деп, жоқ болды. Күні-түні тықырлатудан көз ашпайтын бастарға да, қолдарға да бірталайға дейін бостандық берілді. “Тым құрығанда жұмасына бір қыздың күйеуі келіп тұрсайшы!” деп, жалыққан қолдар тілек тіледі. Оған қыз шақ келетін-ау!

Құдалардың келу қарсаңына бозбалалар да дәмелі аттарын таң асырып, ер-тоқымын, айыл-тұрманын түзеп, қам қылысты.

Анадай жерге сегіз қанат ақ отау тігіліп, іші кілем, киіз, алаша, көрпе жастық, түс киізбен безелді.

Құдалар келетін күні үш жерден қарауылшы қойған. Шақшаның басындағы қылаң атты қарауылшы тымағын қолына алып, атой беріп шапқанда, ықшам киімді жалаңдаған бозбалалар қылаң ұрған сандақтарына міне сала дүрсілдете жөнелді. Сол шапқаннан шауып, андағайлап Шақшаның басына шықты. Алыстан қатар тізіліп келе жатқан құдаларды санап алып, қырық құдаға қырық жігіт іріктеліп шығып, алдынан шықты. Қалғаны адыр басында қарап тұрды.

Шақшаның арғы тепсеңінде жігіттер құдаларға жолығып, ат басын тиістіріп тұрып бірталай сөйлесті. Құдалардың ақсақал жағы: “Күш сынаспай-ақ, жолдарыңды беріп құтылсаңдаршы...” десе де, желөкпе жастары намысқа қызып: “Біз де қатыннан тудық қой, біздің мінгеніміз де сиыр емес, жылқы”, – деп, қолдарын сермеп, қоқаңдап болмады. “Ал, ендеше...” деп, құданың бас ақсақалы, ауылдың бес жігітін ертіп, төбеге шықты. Тепсеңде іркіліп қалған жетпіс жігіт аттарынан түсіп, айылдарын тартып, белдерін қатты буынып, білектерін түрініп, қайта атқа қонды.

Мінуі-ақ мұң екен. “Ал қимылда!” десіп, бірін-бірі қуып, сайын далада салды аударыспақты. Отыз бес құдаға отыз бес ауыл жігіті жекпе-жек келіп тұрмады. Аты да, өзі де шалымды жігіттер онысын олай, бұнысын бұлай қуып, қолы тиген жерінен еңсеріп, доптай түсіріп жатыр, кейбірі жан сауғалап қашып, кейбірі атының басынан аса домалап, кейбірі сүйретіліп атын бермей жатыр. Екі жақтан бірталай кісі аударылды. Құдалардың ішінде үш мықтысы бар екен. Олардың ауыл жігітінен үш-төртеуін аударып кеткенін көріп, Байман деген жігіт біреуін қуып берді. Бара жауырыннан алып төңкеріп кетті де, қалған екеуін кезекпе-кезек аударысып, жұлысып жүріп тағы түсірді. Байман болмаса, ауыл жігіттері масқара болып еді: қымызға тойып шлікқан кісі алқынып, құсып, берекесі кетіп еді. Биенің бір сауымында отыз бес құданы түгел түсіріп, Баймандар бәрін жаяу айдады. Ауылдың қалған жігіті құдалардың аттарын қуып, қайырып келе жатты. Құдалар жеңілді: ауыл жігіттерінің жолын беріп, ырза қылды.

Бұл жолы қайрат көрсеткен Байман болды. Байманның қайратына ауыл да, құдалар да сүйсінді. “Байман, Байман” деген лақап бес жасар баланың да аузына тарап, ол жүрген жер базар бола бастады.

Әйелдер құдаларына сый көрсетуге әзірленіп тұр екен: есіктен кіре берген құданы босағада тұрып, көзге ұнмен ұрып, бірталайын соқыр қылуға таяды. Ертеңіне ойын басталғанда одан да сорақысын көрсетті.

Әңгіме “Кәне, құда, айттан” басталды. Онысы тек сылтау. Айта алмай әнтек бөгелсе, аяқтан дырылдата жөнеледі. Төрдегі қадірлі құдаларға жаулық салындырды, қошқардың енін, қамшысын, түйенің құмалағын саусылдатып қадаған құрым киіз сәукелесін кигізді. Олардың жолы сонымен бітті, өйткені, бауыздау құдаларға ауыл адамдары да ара түсті. Әңгіменің үлкенін аяқ жақтағы аяусыз, кедейлеу құдаларға көрсетті.

Борбайын жоғары көтеріп, екі балағынан су құйған, киімшен өзенге тоғытқан, арба жеккен, қол аяғын буып, домалатып, асау өгізге теңдеген, күл төккен киізге салып, жоғары-төмен домалатып, ыршытқан әншейін ойыншық екен. Тойдың қызығы шығырға мінгізгенде болды. Шығыр – бір құдайдың пәлесі. Дөңгелек кигізген жалғыз бақанды тікесінен жерге орнатып, бақанның басынан үш жіпті салбыратып дөңгелектің үш жағынан байлайды да, құданы дөңгелекке мінгізіп, шыр көбелек айналдырып, басына шығарып қоя берді. Шиыршық атқан дөңгелек ұршықтай зырылдан жерге жеткенше құданың зықысын әбден шығарды: зырылдағанына шыдай алмай, ұшып кетеді, басы айналады, құсады, өлмесе де, өлімші болады. Бұл азап құдаларға тамұқ азабынан бір кейін болған жоқ. “Өзгенді істесең де, шығырыңа апарма!” деп жалынды. Оған қарайтын қатындар ма?

Одан да сорақы бір жұмыс: “Өлең айт” деп сүйреп жүргенде кейбір қатын әлгінің дамбалын шешіп жіберіп, жанды жерінен ұстап, лақша бақыртып, тартып тастауды шығарды. Әсіресе ондай жұмысқа қолы оташының қолындай сумандаған Шекер болды. “Ит ашуын тырнадан аладының” керін қылып, Қасымның кегін жазықсыз кедей құдалардан алды.

Ордабай ауылы бес ту бие, жиырма қой сойып, Өлеңті, Шідерті, Жон бойындағы елді түгел шақырып, той қылды. Шапқызған жетпіс аттың отызына бәйге тігілді: алды – қасқа тоғыз, арты – он сомға дейін. Он бес балуан бәйгесі: алды – жамбы бастатқан тоғыз, арты – төрт кез мата. Сонша төгілген мал, өлген, зорыққан ат, еркектігінен айрылған, мерткікен, жарымжан болған адам! Не, үшін, кім үшін? Екі ауыз сөздің басын қосып айта алмайтын мыңқылдаған шотпақ қара күйеуі мен көзі біттіген, былшиған сары қыздың шашыратқысы үшін. Шекерді, Күнікейді қан қақсатқан, Құлтума, Жұматай, Жаманат, Дүйсенбайлардың көзіне көк шыбын үймелеткен екі байдың атағы, мақтаны үшін.

Бекер ме?! Кім айтады бекер деп? Ешкім айта алмайды.

Байдың тойындағы күресті, көкпарды, ат жарысты, төбелесті жазбаймын: оларды мадақтау біздің мақсатымыз емес. Жалғыз-ақ бұл тойда күрес, көкпар, жерден күміс алудың бас бәйгесі Баймандікі болғанын ескертеміз.

Ардақты оқушылар, “Байманның бәйге алғаны бізге не керек? Ондай бәйгені кім алмайды?” деп, күн бұрын сөге көрмеңіздер. Байманның сіздерге керегі болмаса да, бізге керегі болғалы тұр. Байман кім еді? Не істеді? Бұл әңгімеге қандай қатысы бар? Оны кейінгі жағынан қарай беріңіздер.

ӨЗ ЕСЕБІ

– Ат бастатқан тоғыз болса керек...

– Саған кім айтты? Жамбы бастатқан дегені қайда?..

– Бұйырмасын, тай тұяқ, оған өңештемей-ақ қойындар!.. Сақау Інкәрға айтқан екен, Інкәр біздің Несібелдіге айтыпты. Несібелді аузы-мұрны қисаймастан маған айтты. Өтірік айтса, жаны шықсын, – деп түзге барған үш қатын көйлектерін тізесінен асыра түріп қойып, ыстандарын қызартып, беті-қолдарын жуып жатып, біріне-бірі бой бермей Дәмегөй:

– Бұйырмасын, мұрнымды кесіп берейін, – дей бергенде:

– Дәмегөй-ау, құртымдай құрғырыңды кесіп беріп, сымбылбайыңмен дем аласың ба? – деп, арт жағынан Қатыш келіп, иықтан бір салды.

Дәмегөй:

– Көтек! – деп селк ете түсті.

Қатыш қастарына келе, ыстанының бауын шешіп, бөксесін алды-артына изендетіп, артқы етегін лақтырып тастап, жапалақша жалп етті.

– Е, араласып жүрген мынау біледі ғой! – дескен соң, Қатыш ыстанының бауын бір қолымен ұстап, шәугімді алып жатып:

– О не? – деп сұрады.

– Қыз ибасын айтамыз, – десті.

– Шүйінші берсең, бәт құндыз бастатқан тоғыз, – деген соң таласып отырған үшеуі біріне-бірі ернін шығарды.

О кезде Қара бәйбіше кілем төсегінің кемерінде Көксаумен аузы-аузына жабысып отыр еді.

Әңгіме мынау:

Шәмшидің қыз ибасын төрт кісі сұрап, соның қайсысына беруді Қара бәйбіше Көксаумен ақылдасып отыр еді.

Көксаудың шын аты Ыбырай ма, Ысқақ па, Баймұжық па, Жүндібай ма? Кім білсін, әйтеуір өмірі күркілдеуден көз ашпаған соң, жұрт “Көксау” деп кетіп еді. Кейбір жек көретін кісілер оны “Тітне” деп те атаушы еді.

Көксау мойны мықырайған, көзі бақырайған, бет-аузы жұртта қалған сірідей тырысқан, қол-аяғы шидей, бойы шүкиттей бір жарқанат еді. Көксаудың араласпайтын сөзі болмаушы еді: көбінесе әйелдер мен еркек арасына елшілікке жүруші еді. Көксау білмейтін ел жапсары, қатын өсегі, партия, пәле жоқ еді. “Жақсылар” кейде аңғырт кетіп бара жатқанда Көксау қасына таман еңбектеп барып:

– Оның бір кестесі бар, өзіңізге ұғындырайын... – деп, бірдеңені күбірлеп, мыңқ ете қалар еді. Айтқанындай-ақ, ондай жұмыстың “кестесі” табылып, Көксаудың топшылауы дұрыс шыға бергендіктен, мырзалар оны: “Ін түбінде ойлап жататын байғыз” деп те қоюшы еді. Көксаудың екі қатыны мен қызы мырзалардың аяқ ылауы еді. Оны Көксау сезсе де, сезбегенсіп жүре берер еді. Бір есептен, мырзалармен белдесерлік күші де жоқ: жаман, аз атаның тұқымы. Анау Құлтума, Дүйсенбай, Сақаулар – осының ағайыны: оның бәрі бай тұқымының малайы, атарман-шабарманы, бір есептен, мырзаларға жалынышты: өз

тұқымына түскен алым-шығынды түндік басына үлестіру, жинау, олардың арасынан мал табу Көксаудың қолында. “Жақсыларды” жанап, жеңге болғандықтан, алпыс үйді өзі билегендіктен, орташа ауқат бітіп, орта шарқы үй боп қалды. Бір есептен қатын-балаға қатты сөйлеуге өзінде пәлендей қауқар да жоқ. Және бай тұқымынан тұқым алғанды, бала көргенді жаман ойы теріс көрмейді.

Қара бәйбіше Сүлейменді ауызға алғанда Көксау тыртып, қыржиып:

– Ой, тәйірі-ай! Баяғыда пәленшенің қара шаңырағы еді демесек, о бір берекесіз адам ғой. Қас болып қастығын, дос болып достығын көрсетуге жарарлық кісі емес, не керек? – деді.

Расында Сүлеймен партияда ел аларлық, дүние шашарлық, салмақ боларлық кісі емес, біртоға, сыпайы, шаруақор адам еді.

Қара бәйбіше Ыбырайымды айтқанда, Көксау оны да жаратпады.

– Шопан атаңнан қыз алғаны болмаса, о бір қарау ит емес пе? Қайтсем малым қалады деп, партияда екі жақты кезек алдап, безбеннің ауған жағына шыға кетеді. Керек десе, өзінің үш түндігіне ие бола алмайды. Оныкі тек әншейін, бір сылтау болсын, әйтпесе, ол берсең де алмайды, -- деді.

Анығында Ыбырай кім болыс болса, соның жемі еді. Оның ту биесінде, еркек қойында ерік жоқ: болыс керек қылған күні шабарман бажылдатып, ұстап әкетер еді. Болыстық осы ауылда тұрғанда, тым құрыса, бір алуына кіпарат болар ма екен деп, Ыбырай өп-өтірік тілеулестігін білдірмек еді.

– Қожбандікі ше? – дегенде:

– Жо-жоқ. Оны атақ қылма! – деп, Қара бәйбіше қолын сермеп, безек-безек етті. Өйткені, оның керімсал қара қатынымен баяғыда байы тамыр боп, талай түнгі сыбағасынан құр қалдырғаны өлмей есінен кетсін бе? Бәйбішенің бетін байқаған соң, Көксау да таласқан жоқ. “Бұ кәпір әлі ұмытқан жоқ екен” деп ойлап:

– Оның ауылы да шалғай: бала-шаға шұбатылып бару да қиын ғой, – деген болды.

Сонымен олай-бұлай екшеп келіп, қыз ибаны Рақыштікіне беруді ұйғарысты. Ол ауыл әрі жақын, әрі бастас: өз тұқымы, әрі тілмәш та сол: елдің бір тұтқасы ғой. Рақыштың кер ауыз қатыны былтыр көш-жөнекей Шәмшилер түскенде, қой сойып бермей, қатқан етпен жөнелткеніне бәйбіше ішінен наразылау боп, бір қаржуын қайырам ба деп жүруші еді. Сонда да Көксаудың дәлелдері басым келген соң, айтары болмай қалды. Ана бәйбіше балаларының болыс болғанын қаламаса да, оны сыртына шығара алмады. Өз балалары әлі жас қой. Ал былтырғы өкпесін сылтау қылуды тым болмашы нәрсе көріп, Көксауға сыр бермейін деп ойлады.

Омырауында қақ сіңген, шуаш сасыған алжапқыш, бұтында құйысқандығынан жүні көрінген, Жұматайдың көне тері шалбары екенімен ісі жоқ, Шекер желкеден түйген қылаң жаулықтың құйрығымен шалбардың жырығын жауып, кебісін шөпке үйкеп, “сендерге осы түрім де жарамай ма?” дегендей, жан-жағына түйіле қарап, мықынын бұлттыңдатып, сол қолын аспандатып, оң қолымен шелек көтеріп, қосақтан Байдікіне қарай жүрді. Жалаң Шекер емес, қараша үйлердің қатын біткені байдың салқар алты қосақ қойын сауысатын, әйтпесе, қоңсы бола ма? Байдікінен ұрттап-жалап ала ма? Қаттысын қайырып, жұмсағын жымырмаса, қойдың пұшпақ жүнін, киімінің ескісін, етікгің сірісін, бас ауырғандығы бір қайнатым қара шайын, малдың өкпесін, бір жөргем ащы ішегін, ұйқысын, сорпасын байдікі тегін бере ме? “Қолы ойнағанның аузы ойнайды” деп Қара бәйбіше неге қақсайды дейсің?

Шекер бұрын еміне бермей, еркінсіп, былғаныш қара жұмыстан бойын теткіп ұстаушы еді. Өйткені, сомадай Жұматай мен Құлтума, әрі көлеңдеген ақ жаулығы мен құймыр отты көзі тұрғанда, аштан өліп, көштен қалмаспын деп ойлаушы еді. Ала сиыр мен тарғыл қашардан жүдемете айрылған соң, бұрынғы еркелік, кербездік, бұрынғы о жар үміт, өр кеуде артын қысайын деді. Күнікейге камзол, көйлек, өзіне кебіс, шапан, Жұматайға күпі керек. Құлтуманы қойшы, о түгілі Күнікейге жаңа көрпе, жастыққа тыс, кестелі орамал, ақ шымылдық, сары қол сандық, қызыл сал керек. Тұяқ: “Есік көрсет, малыңды алып, қалыңдығымды бер” – деп қыңқылдағалы қашан. Қысқы азығы, соғымы тағы келеді. Үш қанат желкөз баспаның туырлығы жұлдыз-жұлдыз: бүктеумен, жазумен, артумен, тігумен сұрғылданып, өзі үлдіреп тозығы жеткен құрымға қой сүйкеніп, лақ секіріп, сиыр мүйіз деп, сау тамтығын тастамады. Бір жағынан бозбаласы түскір іргенің сиқын кетіріп бітті: шиде қирамаған аяқ, үзілмеген бау қалған жоқ. Бұ жұртта тың жерін ауыстырып келтірсе, ендігі жұртта Күнікейдің іргесі тышқан қиғандай жырым-жырым боп шығады.

Шәмшидің күйеуі келгенге жұрт масайрап, Күнікейдің құрбы-құрдастары атлас, торғын, жібек, бәтес, мақпал, барқыт киіп, күміс баулы, сандық шомбал шолпылары күнге шағылысып, құйымшағын соғып, қызылды-жасылды, оқалы, зерлі тақиялардың шоқпардай үкілері үлпілдеп, күлтелі қос етектері күлкілдеп, он кез бәтесті аяғымен теуіп, бұлғандап, сәнденіп жүргенін көргенде Шекердің іші қазандай қайнайды, оларды көргенде Шекердің көзі мұзға тайғандай сырғанап өте шығады да, көрмегенсіп, қырын қарап кетеді.

Бұл жолы да Шекер сүт толы шелегін жамбастай көтеріп, сол қолын әнеугі Байжұмыр құданың борбайынша ербеңдетіп, байдың жер ошағына таяна бергенде өңшең асыл киінген қыз-қырқындар үйден шығып, түзге жөнелді. “Үстіндегісін сыпырып алып, ырбындаған сайтандарды желкеге бір түйіп, қой сауғызар ма еді? Көрер ем сәнденгенінді!”

— деп зығырланды. Самаладай болып бара жатқан қыздарына қарап, насаттанып, өзінің де қыз күні есіне түсіп, үй жанында Қара бәйбіше тұр еді. Шекер соны аңдиды. Аңдығандағысы — көзін тасалай беріп, шелегіндегі сүттің түп жағын үйіне ала қайтпақ еді. Қыз күнін есіне алып, қиялға батып тұрған бәйбішеге, тілеуің бергір, ар жағынан Қатыш кел шүңкілдесе қалар ма! Шекер жалма-жан жер ошақтағы тай қазанға сүтін сыбдырсыз құйып, түбіне екі аяқтай қалдырып, қызыл күйменің ар жағымен қосаққа қарай сызып берді. Үйіне жеткенде, бәйбішеге бір қаралық қастық қылғандай, өзі бір қазан сүт олжа тапқандай, әлдеқандай мардамсып, ернін жымырып, тілін бір жалап алды.

Күнікей қара құманға су ысытып, басын жуып жатыр еді. Шекердің келген жерден сұрағаны бұзау болды.

— Шынарбай үйінің бұзауымен бірге. Шөккенге соңыра айдай кел дедім, — деген соң Шекердің көңілі жайланып, шелегін іргеге қойып, үстіндегі сауыс шомыттарын шеше бастады.

Күнікей екі алақанымен шашын шартылдатып бір сілкіп, желкесіне тастап:

— Апа-ай, “бай” деп сәнденгені болмаса, күйеу бір топас екен ғой, — деді

— Неғыпты?

— Зағипа тақасын жұлып алып еді, қолға салып қалды. Зағипа ашыланып: “Аузында әзілі жоқтың қолында тоқпағы бар” деген осы-ау, — деп еді. Сендей қызды солай сүй... үйрету керек деп қарап отыр. Бетімізден отымыз шықты. Сүйтсек, Күлтай көріп қапты, қақ төбесінде танадай жалтыры бар екен...

— Ойбай-ау! Таз десеңші!.. — деп, Шекер мырс ете түсті. Біздің Жұматайға күле беретін немелер ғой, келсін өз бастарына да!.. — деді.

Шекер беті-қолын сабындап жуынып, Күнікейін алдына отырғызып, шашын тарап отырып, күйеуді тағы жамандады:

— Көзі — дәл өлетін сиырдың көзі. Мұрны — Шолақтың күйген бармағы, аузы — талыс, өзі — аумаған Түйебай... — деп, сол елдегі сұмпайы біреуге теңгеріп, әбден іске алғысыз қылды.

— Апа, қойшы, байғұсты сонша құлдыраттың ғой! — деп Күнікей ішек-сілесі қатып күлді.

Қызын күлдіргенге, күлдіргендей сөз айтқанына Шекер қайта-қайта:

— Аумаған Түйебай! Құдды сол... — деп кеңкілдеп өзі де күлді. Бірақ аяқ кезінде күйеуді сонша жамандағанына өкінгендей ой кірді. Өз күйеу баласы — Тұяқ қайбір жұтынып тұрған жігіт. Істі өткізіңкіреп алып, түзетем дегенше жуырда оңала ма, дереу күлкісін тыйып алып:

-- Еркектің түрі не керек? Ақылды, өнерлі болса, асырап-сақтауға жараса, тұз-еңбегі жарасса, со-дағы... — деді.

Апасының Тұяқты мақтамақ болған ойын сезе қойып, үп-үлкен кісімсіп, түсін бұзып:

– “Келбет көрсең, сын сорма!” “Түсі игіден түнілме” деп, қазақ неге айтады? Апа, кейде жоқты айтып кететінің бар-ау! Түрі шошқа кісінің сыры қай оңушы еді? – деп апасын іле түрегелді.

Апасы да сұмдықты сезгіш қой.

– Е. қойшы әрман, кәрі кісіше мақалдамай! Көксауда не келбет бар? Бір жұрын. Сонда алпыс үй Жаманқұсты си десе, сигізіп... отыр. Көктұмсықта не түр бар? О да ауылнай боп, пәлен етіп, түген етіп жүр... – деп елдегі атқамінер, пысықтарды, сұмдарды санай бастады.

Оған Күнікей жеңістік бермеді.

– Өсек айтқан да, жыбырлаған да, кедейді жеп зарлатқан да өнер боп па? – деп тайталасты.

Айтыстан мән шықпасын білген соң Шекер сөзді басқа жаққа бұрғалы үндемей аз кідіріп, есік алдына қарап:

– Кебісінді жуып, майлап алсаң етті, – деген болды.

– Май кісінің үстін былғайды: түкіріктеп, киізбен сүртем, – деді.

– Барғанда аяғыңнан тастама: мұндай қарақұртта ұрлап кететін, – деп апасы ақылын үйретті.

Алдағы ойынды ойлағандікі ме, әйтпесе, апасын сөзден тосқанына ішінен мардамсығаны ма, Күнікей тарақты тырнағына тырсылдатып, ыңырсып ән сала бастады. Шекер шолпысын шапына қабат өре байлап жатып:

– Шолпыңды қалтаңа салып қой. Есің шығып желеңдемей, байқап отыр: қиып әкетеді... “Өлең айт” дегенде жар дегенде сен қоя берме! Әуелі анау үкілі Айшалар-ақ айтсын... арттан асырып салсаң да болар... Салғаннан қатты бастап, тығылып қалма!.. Аузыңды аңқитып ашып жіберме. Айшаға ұсап, көмекейінді көрсетіп... – деп білгенін үйретіп отырғанда, Күнікей ыңырсыған әнін қоймастан жауырынын қиқаң еткізіп:

– Қойшы, апа! Жоқты айтпай! – деп қыржындап жаратпады.

– Кет, сайтан, о несі? – деп, апасы қолымен арқаға түртіп қалып отырды.

Әйтсе де, апасын ренжітіп алам ба дегендей, қыржындап отырған Күнікей замат жайраңдап:

– Апа-ау! Мен Жұмабектің тағы бір әнін үйреніп алдым ғой! – деп, мойнын былғаң еткізді.

– Кәне, салшы! – деген соң Күнікей ақырын сыңсыған дауысымен “Ысмаатты” айтты. Апасы тындап болып:

– Жақсы екен!.. Бірақ жаңа әндерінді әбден жаттап, жаттығып алмай, айтпа! Жаңылып қаласың, – деді.

– Е, өзім де айтпаймын... Уай, шіркін, Жұмабек не деген әнші! Дауысы бір қарлықпайды, бір жарықшақ жоқ, әні таң атқанша таусылмайды. Өзі де көңіл ашар, ойыншы жігіт екен! – деді.

Соны айтқанда апасы мойнын бұрып, қызына түйіле қарап:

– Ойыншы екенін қайдан білдің? Ойнадың ба? – деп сұрады.

Күнікей көзін бажырайтып, тілін шығарып:

– Әшейін айтам, – деді.

– Қарағым, мықты бол, мықты бол! Айтып ем ғой. Жас құда құдашаны қатты айналдыратын: масқара боп жүрме! – деп, қамқор ананың қалпын қылып, қызын арқаға қағып, құлағының түбінен иіскеді.

Күнікей пәлен деген жоқ:

– Болдың ба, апа? – деп, қаздып түрегеліп, көйлегінің етегін сілікті.

АЛ СОНДА

Қой-қозының беймаза ызыңы басылып, көгенде жалғыз-жарым лақтар ғана шырылдайтын мезгіл болды.

Күйлеген қызыл құнажынның соңында “көптікі, көптікі” деп, өгіздер өңкендейді. “Маған да, маған да” деп тайынша бұқалар томпаңдайды. Қаға берісте біреуі шылтың етіп артыла кеткенде қу мүйіздің бірі жайқап қалса, домалаң ете түседі. Бір аунап тұра сала тайынша бұқалар тағы ұмтылады. Өгіздер, тайыншалар қырқысып, қызыл құнажынға кім көрінгені бұқалық қып жатқанда, ауылдың ана шетінен: “Өзімдікі, өзімдікі” деп күжілдеп, бүйірлері сартылдап, тұяқтары сыртылдап, ұмтылып көк бұқа бара жатыр. Өзге сиырлар үй жанында, қотан жиегінде, “А, құдай, бергеніңе шүкір!” дегендей, әуелі алдын, содан артын шөгеріп, тыныштанып жатқанына бір күрсініп, тұмсықтарымен жұлдыз қарап, қараса да түк көрмей, дүрдек ауыздары малжандап, күйіс қайыруға кірісті. Қанды көз, қызыл езу қаншықтар жол шолып, ауыл қорып, күн бұрын қызғыш боп, шәуілдеп, шала бүлініп жүргенде дүрдей көк қасқа, сары ала төбеттер қотан шетінде жайымен аяндап келе жатып, анда-санда ауыздарын толтыра “оһ!, оһ!” деп қояды.

Жаман үйінің жанына сүйене шалқалап, санына шейін түрілген қара қайық, қотыр борбайын қос қолдап тыр-тыр қасып, “еһ, еһ!” деп, қышуы қанғанда түшіркеніп, Құлтума жатыр. Манағы олжа сүтіне жалғыз сиырдың сүтін қосып, жер ошаққа асыл, анда-санда астын бір көсеп қойып, отқа талтая табынып, Шекер отыр.

Үлкендер, еркектер тойған сиырдай тырайып дамыл алуға кіріскенде, қыздар қызыл құнажындай қылаңдап, сылаңдап, шоқтанып, топтанып, сылдырлап, былдырлап, Шідертіні өрлей, Рақыш ауылына бет қойды. Олардың соңынан “өгіздер де, тайынша бұқалар” да шұбырды. Деген алтыбақан, ақсүйектің айсыз қаракөк аспанды тұңғиық түні.

Шідертiнiң кейде тастақ қыл буып, кейде құмдық шүңгейт суы сылдыр-сылдыр ағады. Жиегiнде келе жатқан қыздардың күлкiсi мен шолпысы да сылдыр қағады. Өңшең ақ көйлектердiң жерге төгiлген етектерi тұтасып, қара барқын қынамалар қараңғыда ақ селеу мiнгендей толқынып, шоқ-шоқ үкiлер орман басындай жайқалып, жарасып келедi. Жүрген iздерi иiссу, жұпар аңқиды. Жұматай таз сықылды жалаң аяқ, жаман саяқ малайлар ық жағында келе жатып, “ым, ым, ай дүние-ай!..” деп, мұрындарын тыжыра-тыжыра иiскелейдi.

Ана ауылдан да, мына ауылдан да дауыстары күмiстей сыңғырлап, бiрiн-бiрi шақырысып, айғайласып, шуласып, “қой әрi!” десiп, әндетiсiп, қаракөк түндi шыңылдата жаңғырықтырып, бала-шаға, қыз-келiншектер ағылып барады. Кiртiң-бұртың, кiрбең-күйбең, күйкi өмiрден бәрi де жалыққан, iшi пысқан. Бәрiнiң де есi-дертi бiр түн, бiр сағат болса да, осындайда ойнап-күлiп, көңiл көтерiп қалуда.

Өзгесi не керек? Күнiкейдi айтсайшы! Аяғы жер басып келе жатқанын, сағым құшып келе жатқанын бiлмейдi. Жүрек кеткен лепiрiп, көкiрегiн көтере, тамағын кенеп қояды. Тамыр бiткенi ұшқын түссе, мылтық дәрiсiндi лап еткелi келедi. Тамырында, жүрегiнде, тұла бойында жарылып сыртқа шығуға арпалысқан қамаулы, қайнаған, быжылдаған әлдебiр жалын; шарап, күш бар секiлдi. Қандай күш екенiн өзi де сезбейдi, әйтеуiр мас кiсi тәрiздi. Жұлдыздары жыбырлаған жарқ-жүрқ көк болат аспан жамылып, аяғымен бұйра бетеге, тырбық жауылшаны жантайта жапырып, бытбылдықтай шiп-шiп еткен, шыныдай мөлдiр, құрыштай шымыр, қымыздай жұтымды ауаны сiмiрiп, мастанып келедi.

Келсе, сегiз қанат ақ орданың оң жағына недәуiр қыз-келiншек жиналып, төр жақ қана олқы тұр екен. Қарлығаштай қалбалақтаған жалаң аяқ жас балалар ғана төрге қораздана отырған боп, атып тұрып, шоқаландап жүр. Ана жақтағы бозбала емес, сымақтар екен, төрге бата алмай, көбi босаға жақта үйме-жүйме көрiндi. Күнiкейлер жұпар иiсiн аңқытып, жайнап, саусылдап кiрiп келгенде бәрi бастарын көтерiп, көсiлген аяқтарын жинап алды: топты нөкерлермен салауаттана Шәмши келдi ғой. Күнiкей Шәмшилерге таяу, көрнектi жерде отырғалы бүкшиiп жатқан бiр-екi қызды итерiп жiберiп “Ой, бұ қайсың?” дегенде, дым сезбеген боп, тымырайып отыра қойды. Төменгi жақтағылар сыйыса алмай, бiрiнiң үстiне бiрi отыра жаздап, жуастарды шеттете, озбырлары омыраулай, ығы-жығы отырысты.

Шәмшилердi аңдып тұрғандай-ақ ауылдың сорпаға шығар бозбалалары да, жас құдалар да лек-легiмен келiп, төрдi толтыра бастады. Төрден босағаға дейiн үй лық толып, түндiк қайқита тартылып, көздер оңды-терiстi құйрықтасып, ерiндер қыбырласып басылған кезде:

– Кәне! Не отырыс бар? Ойын бастандар! – деген қадау-қадау сөздер шыға бастады.

– Е, бастандар!... Ойнағалы келді ғой жұрт... Пәленше, сен неғып отырсың?.. Е, өзің неғып отырсың?.. – деп, біріне-бірі сілтеп, тоғытатын қойдай ұйлығып, шегіншектей берді. Өйткені, көсем серкедей алдына түсе кететін өжеттер кем еді. Жайда өжетсініп жүрсе де, топ алдында бір жерімнен дәнекүс шығып қала ма, әлдебіреу тілімді алмай, бетім қайта ма, көптің бабын таба алам ба... деп бірі жүрексініп, бірі сыпайысып, бірі ақылдымысып, бірталайы жантайып жатып, қызға көз салғанды, қасына қыз әкеп берсе, айналдырғанды тәуір көріп, ырың-жырыңмен бірқыдыру уақыт өтті, біраз отырысты.

Сол отырыстың үстіне төрт-бес жігіт – Баймандар келді. Оларға серпіліп орын берісті. Неге екені белгісіз, найзағай ұшқыны зулап өткендей, Күнікейдің тамыр біткені шым ете түсті.

– Ойын басталды ма? Неге аңтарылып отырсыңдар? – деп, Байман жайпаңдай, жалақтай келді.

– Жоқ әлі... Өзің қыздырмасаң... – деген соң, Байман:

– Ал ендеше, мен бастайын. Айтқанымды істейсіндер, істемегенің ойын бұзар бересің, – деп, кеудесін ашып, білегін сыбанып, түрегелді.

– Е, бәрекелді!... Ой, сабазым-ай!.. Топтың гүлі жаңа келді ғой!.. – деп, өзінен өнер шықпайтын тоғышарлар қошамет қылысты.

– Бәрің де ойнауға келдіңдер ғой?.. Ендеше, бұлай отырып ойнауға болмайды. Әйда, қыз-бозбалалар, аралатпа отырасыңдар. Кәне, пәленше, сен бері кел, сен мұнда отыр!.. – деп қыздарды да, жігіттерді де жетелеп, сүйреп, көтеріп, заматта опыр-топыр қып, бір қыз, бір жігіттен, қыз жетпегеніне келіншектен аралатпа қып отырғызды.

Кеуделеу орынға Күнікей де ие болды. Байманның тегеуірінді қолы қолын ұстағанда әлгі найзағай тамырын тағы бір аралап өтті:

– Жаным, ағатай! Өзім барайын... Қай жерге, қай жерге, – деп, елбектеп, ере берді. Байман дедектетіп апарып, екі құданың арасына сыналап жіберді.

Қыз-бозбала реттеліп отырған соң Байман домбыраны қолына алып, әуелі ауыл әншілеріне, одан кейін Жұмабек құдаға ән салғызды. Бозбаладан үшеу айтқан соң домбыраны қыздарға қыдыртты.

Бұл елде “Үкілі Айша” деген келте мұрын, кербез, домбырашы, әнші, данғойлау, мақтаншақ, көңілшек қыз бар еді. Со қызды шүү дегеннен сый құданың қасына, қақ төрге отырғызуы тегін емес екен: домбыра алдымен соған барды. Үкілі Айша:

– Ойбай-ау! Енді не айтам? – деп өтірік сынықсып, домбыраны жуырда баурамай, бұлданған болды. Күнікей ішінен: “Әдірам қалайын” деді. Үш ауыз өлең мен үш түрлі ән саласың деген соң, Айша үкісі бұлғандап, көзін ашып-жұмып, көмекейін көрсетіп, таңырандап, дағдылы “Еркем-ауын”, “Зұлқиясын”, “Әліп-би, нәпсің тый, лә-мә-си-ли, титұртусын” айтып, маңдайын орамалымен бір сипап, домбыраны оң жағындағы құданың алдына қойды:

– Е, дұрыс-ақ! Пәлі! Айша домбыраның жөнін тапты! – деп, қошаметшілер пұшпақ бөрікті, барқыт жағалы, ашандау қара торы жігітті айналдыра бастады.

Құда қипақтап, терлеп, мойнын ит аланың айғырындай қылқындатып, дауысын өлімсіретіп, кезегінен әрең құтылды. Домбыраны қарындасы Шәмкенге жылжытып еді, үлде мен бүлдеге бөленіп танауын көтеріп отырғаны болмаса, мәні кем екен, ол домбыраны ар жағындағы Күнікейге ұсынды. Күнікей домбыраны итеріп тастап, алмады. Түнеугі өзін бас салатын, екі сиырын бірдей жоқ қылған Қасымның қарындасы ұсынды екен деп, бүгін айдатып жіберсе де, неге алсын? Оның кезегіне бола өлең айту Күнікейге намыс емес пе? Құдалардың бірі немесе ойын бастаушы Байман әкеп берсе, айтқалы-ақ отыр. Шәмкен:

– Сәнденбай айтсайшы! – деп тікірейіп еді, Күнікей:

– Айта бер өзің! Кезегім келгенде айтам, – деп безеріп отырып алды.

– Ол зәр шөп бір безергенде болар дейсің бе? – деп, ана жақта отырған түнеугі Бәден (Мәжікенді... алмадың деп, араз боп кететін сол), домбыраны алып, қасындағы бір келіншекке ән салғызды.

Екі-үш кісі аралаған соң домбыраны Байман Күнікейге бергенде, жымың етіп, тамағын кеней бастады.

Күнікей үш ауыз өлең айтты: “Бал-Қадиша”, “Сұлушаш”, “Әлди, бөпем” деген, үшеуі де теңіне қосыла алмаған әйелдің өлеңі еді.

“Ағалар, осындайда ойна да күл”

деген үкілі Айша сияқтылардың жалғыз-жарым салдаман өлеңдері болмаса, жалпы әйелдердің өлеңі көбіне теңіне тие алмағанын, малға, шалға сатылғанын, қорлық көргенін, оң жақтағы дәуренін, тым болмаса бір жылша ұзатпай тұруын жырлаған, сұраған, еріксіз, көріксіз өксіген өмірлерін суреттеген, мұң-зарлы, қайғы, шерлі еді. Байқаған адам ол мұң-зарды сезген еді. Бірақ қызық көруді, ойнап-күлуді аңсап, қасындағы қыздардың қызуына мастанып, арсалаңдап, қолдары, тізелері айкасып отырған есірік жастар, ол мұң-зарға құлақ қоймады.

Тұйғыным-ай дегенде тұйғыным-ай!
Болдым ғашық көзіңнің құрығына-ай
Мал бердім деп бір жаман алып кетсе,
Шара бар ма алланың бұйрығына-ай!

Немесе:

Бір жұлдыз ай астында сәулеленген,
Көп дұшпан сырттан асық, әуреленген,
Басында Қап тауының сіз бір пері:
Тұра алмас тағат қылып, сізді көрген.

Немесе:

Көрінер алыстан тау мұнарланып,
Қосылар екі ғашық құмарланып,
Ақ үйдің оң жағында жатар ма еді,
Түлкі алған ақ иықша жұмарланып... —

дегендей, жастық, мастық өлеңдерімен қыздарды өздерінше үгіттемек, сүйіспек, сүймек боп қызуланды, қызықты, буланды.

БЫЛАЙ

Өлеңнен кейін “орамал тастамақ” болды. Бұл елдің әйелге бар көрсететін бір артық сыйы: жігіт орамал тастаса, қыз үн-түн жоқ барып, сүйер еді, қыз тастаса, жігіт үш ауыз өлең айтып, сүйер еді. “Орамал тастамақтан” өлең білмейтін топастардың мысы шықты. Айтайын десе, әрі жұртқа естіртерлік дауысы, өлеңі жоқ, әрі қыз сүйе алмау намысы. Өте-мөте жамбастап жатып, қызға қылжындаған “мырзаларды” құдай ұрды. Кейбірі: “Қара таудың басын”, енді бірі: “Арияйдай дегенге арияйдай, ақ серкенің мүйізі қарағайдайды” айтып, тағы бірі жаңылып, тұрып қап, жұртқа күлкі болды. Төменгі жақта отырған жағымпаздар “Со да болар” деп, жуып-шайды.

Бір реті келгенде Күнікей ормалын Байманға тастады. Байман қак ортада ойын басқарып жүріп, орамалдың кімнен келгенін білмей:

— Бұ кім? Бұ кім? — дегенде, Күнікей қызарандап, қасындағы құданың артына бұғып кетті. Күнікей екенін білген соң Байман домбыраны қолына алып:

Дүние — бір қисық жол бұрандаған,
Бақ тайса, ерге дәулет құралмаған.
Меңзеген асқар тауға есіл көңілім,
Дүниеде еш нәрсеге тына алмаған, —

деп, өзінің бақсыз, дәулетсіз, бірақ көңілі көп жерде екенін аңғартқандай болды. Өзі шығармаса да, өзіне лайықтап жаттап алған өлеңі ме, кім білсін, содан кейін көзін Күнікейден алмай отырып:

Бір түлкі шұбарланған қашар шыңнан,
Көңілім әлдеқалай жауабыңнан.
Жібек пен түрлі перен белін буған,
Қазақта бала бар ма сендей туған?
Бұлтпен аспандағы бетін жуған,
Сықылды ақ балапан түйғын қуған.
Құдайға сонда риза болар едім,
Баланы бір көрсетсе, сенен туған, —

деп келіп, Күнікейдің бетіне таянды. Бұл өлең әркімдерге-ақ айтылатын өлең болса да, “Жібекпен өмірі белін бумаса” да, Күнікей өзіне арнап шығарылған өлеңдей көріп, әрі насаттанып, әрі өзіне көпсініп, әрі “тұйғын қуған ақ балапандай” сасқалақтап, ұялып, Байманның қолы тигенде денесі шімірігіп, қытықтанып, қараңғы жерге қарай тығыла берді. Жұрт мақтап жүрген балуан, ер, өлеңші, өнерлі, топ басы Байманға не бетінен, не тамағынан, не аузынан, не тілінен сүйгізерін білмей, қай жерінен сүйсе де, аяғандай емес, буыны босап кетті. Байманның отты лебі бетін жыбыршытып таяна бергенде жалт қараймын, деп аузына дәл келіп қалды. Қараңғы жерде ернін емізе түсіп қайрыла бергенде өзі де құшырлана шөп еткізді.

– Міне, бізге ұқсап сүйіссендерші! – деп Байман басын көтерді. Тегін сүйіс емесін сезді: бір күрсініп қойды. Мана сұңқылдатып ән салғанда дауысында бір соны күш, бір түрлі нақысты ырғақ, бір “қитұрқы” барлығына сүйсіне: “Уа пәлі! – деп, бір айғайлап, көтеріп тастап еді. Енді еті тығыршықтай жұп-жұмыр денесіне қолы тиіп, дөңгелектеу жанарлы қара көзі мен көзі айқасып, уытты, тәтті ернін татқан соң, серт айтқандай: “Мұнысында бір гәп бар екен” деп, түйді де қойды. Ойын созыла берді. “Хан қалай? Белбеу соқ, тақия жүгіртпек, сақина тықпақ, мыршым, ондай қылма, мұндай қыл, ләпи молда, қалдырма қақи, балтам тап...” сияқты сүйісетін, белбеумен ұрысатын, жұдырық жұмсайтын, емшек ұстайтын, қол қысатын, тағы талай қол жұмысы аралас ойындарды адақтаған кезде жігіттер түрегелісіп, “құр-құр” қалмақ ойыны сияқты жақтан ұратын, күш сынасатын ойындарды да істеді. Шалқасынан сіресіп жатқан жігітті аяғынан көтеріп тұрғызуға, екі аяғын айқастыра ұстап, бүкшиген жігітті бір қолтығына қысып, иығынан асыруға, белбеуден ұстасып, бірін-бірі басын төмен салбыр-атып, шалқая бергенде дөңгелекше айналдыруға келгенде Байманға тең келер жігіт болған жоқ.

Жігіттер ойыннан жалығып, Жұмабек құданың әнін тыңдауға, көбі қасындағы қыздарымен шүңкілдесуге кіріскен кезде, Күнікейден жарымады ма, кім білсін, сол жағындағы құда тұрып, тысқа шығып кетті.

– Мен де бір дамыл алайыншы, – деп, ашық орынға Байман барып жантайды, Күнікей қымтырылып орын берді. Оң қарап, қылымсып, мойнын тұқырта, көзін қырындата, құбылта, қайта-қайта “э” деген майда даусын созып, жоқтан өзгеге күліп, сөйлесе бастады.

– Мен байқамай жүр екем ғой, – дегенде, Күнікей шұғылдан қоюлана біткен қою қара қасының қақ жылғасын өбістіре көтере қойып:

– Кімді? – деп, көзін төңкере қарады.

– Сені.

– Оны неліктен айттыңыз?

– Жақын адам екенбіз ғой.

Е, со ма? – дегенде, жаратпаған адамша тұмсығын көтерді.

Онысы Тұяқты күйеуім деуге қорланған еді. Байман Тұяқтармен ағайын ғой. Осы ауылда бір қойшының қызы – Тұяқтың қалыңдығы бар деп естігені болмаса, “қойшының қызы” деген соң, қай бір тәуір қыз дейсің деп, оны елеп, сұраған да емес еді. Және Байман бұл ауылмен биыл үйір боп, топтан, ойын-сауықтан, дүрмектен, қымыздан қолы босанбай, көбінесе, “мырзалармен” ат үстінде жүрген жігіт қой. Құда, күйеулер үйінде, қыздардың арасында жаңа өспірім қайқы төстеу қара торы қызға көзі түсетін, бірақ тым жас қой деп, көз тоқтатпайтын. Сол қайқы төс, қара торы қыз өзінің жақын жеңгесі екенін манағы сүйістен соң біліп, қасына келгенде бастаған әңгімесі сол еді.

Күнікейдің: “Е, со ма?” деп, жаратпағанын Байман байқаған да, елеген де жоқ.

– Уа, Тұяқ біздің ағамыз болады, – деді.

– Ағаңыз келіскен екен, – деп Күнікей ернін шығарды.

Байман қарқылдап тұрып күлді. Тұяқтың сыры өзіне мәлім ғой.

Жұрт:

– О, немене, Байман? – деп қарай қалды.

– Әшейін бір сөз, – деп Байман аңғырт күлкісін тоқтатып, қайта әңгімеге кірісті.

– Өлгенше күлдіңіз, тегі, ағаңыздың бір ақауы бар ғой, – дегенде.

Байман:

– Жоқ, ойбай! Түгі де жоқ... Ол – қолы іскер жігіт, – деп жұбатпақ болды.

Содан кейін Байман: “Жеңешем екенсің ғой... Ойбай, жеңешетайым-ай! – деп, Күнікейдің қолын екі алақанының арасына салып, аялдап отырды. Бір сөздің кезегінде Байман:

– Жеңгейдің бір бұты адал... – деп келе жатқанда Күнікей ернін тістеп, қолын қысып қалды. Байман тым о жар кеткенін сезіп, аузын жұма қойды.

Әлі беті ашылмаған нәуетек Күнікейге добалдай Байманның “жеңгей” дегені әрі ерсі, әрі қызық, әрі жаңа, жат көрініп, Күнікей бой жетіп қалғандығына көзі жеткендей дардиып қалды. Байманмен әзілдесу, күлісу, еркелей қылымсу жанына жағымды тиді.

Күнікей Байманды әнеугіден бері білетінін, құда аударғанда, күресте, көкпарда оның бас бәйге алғанын, жұрттың оны мақтап жүргенін анда-санда үзіп-үзіп, алқынып, аз сөзбен еріксіз айтып қап отырды. Күнікей сөйдегенде Байман:

– Солай ма? Мен білсемші! Жеңгетайым сырттан бәрін байқап жүр екенсің ғой? – деп, Күнікейдің қолын бауырына тартып, жүрегіне басып, сипап қояды.

– Әнеугіден бері жеңешеңізге бір келіп амандасуға жарамай, ағаңыздың қадірі барлығы ғой... Кісі көргендей үйіміз де, күйіміз де жоқ, сонда да... – деп, Байманды бір састырды.

– Құдай ақына, құдай ақына! Бұл ауылда деген есімде жоқ... – деп, Байман қалбалақтай берді. Манағыдай емес, байқап сөйлемесе, әр жерден-ақ шалдыратынын сезді.

Байман басымен өзінен ұтылып, кішірейгені, қалбалақтап, көзін жыпылықтатып, жалынған іспетті болғаны Күнікейге одан бетер қызық, ермек сияқты көрінді. Жұрт әлдеқандай қол жетпес қып көтеріп жүргені болмаса, Байман бала мінезді аңқаулау, ақ көңіл, салдыраған жігіт екен.

Сол мінезіне елігіп, ерленіп, желденіп, Күнікей не сөйлеп, не қойып отырғанын да білмеді. Оған сенгендігі сонша – барлық сырын айтып салудан да тайынатын емес еді. Дәл бір құда болатын кісіше, оның ауылына баруға асыққан кісіше, Байманның неше ағайынды екенін, әкешесін, малын да сұрады. Байман кедей кемпір-шалдың жалғыз баласы екен. Әкесі құдай деген бірәдар адам екен. Байман қалтқысыз аңқылдап, сұрағанын айта берді. Күнікей бірталай қипақтап, сөз аралатқан болып отырып, Байманның қатыны бар-жоғын да сұрады. Байман балаша ыржиып, бетіне жымия қарап, басын шайқап: “Жоқ” деді. Байманның өтірік айтады дерлік түрі жоқ. Қасы-көзі, аузы бәрі татаусыз сайрап шын айтып тұрған тәрізді. “Жоқ” дегенде Күнікейдің көңілі бірдеме дегендей, албырт кеудесінен лебін бір шығарып қойды.

Таң таяу болса керек: сол әңгімемен жатқанда қатындар қайтамыз деп қозғала бастады. Өзге қыздарға қыбыржу кірген соң, Күнікей де қолын Байманның қолынан суырып, тұруға оқтанып еді, Байман қолынан тартып отырғызды. Қыздар ереуілдеп түрегеліп, шам тасаланып, қараңғы болған кезде Байман мойнынан құшақтап, өзіне тартып, аузынан бір сүйді. Күнікей тілінен сүйгізіп, тұра беріп еңкейіп, бетінен бір “шөп” етті де, жарықтағы қыздарға қосылды. Байман есеңгіреп кеткендей әнтек сұлық жатты да, дереу ұшып түрегеліп:

– Әй, немене, қайтпайсындар! – деп ақырды. Жігіттерді шақырып, есікті бастырып, қатындарды қамап алды. Қатындар шығамыз деп омыраулады. Оларға құдалар қосылды. Ауыл жігіттері: “Шығармаймыз, жол аламыз” деп бірін-бірі итермелесіп, опыр-топыр тартыс басталды.

Байман ауыл жігіттеріне даурығып жүрсе, бірсыпырасы қатындарға қосылып, түсін суытып: “Жіберу керек” дегенді айтты. Байман онысына түсінбеді. Оны айтушылар: мана қыз-бозбалаларды аралатпа отырғызғанда көңілдегі қызы қасынан табылмағандар, бай балаларының ішіндегі бір-біріне күндестер, Байманды бұралқы көрушілер, оның ауызға ілініп, бай балаларына жаққанын көре алмаушылар, өздерін маңына дарытпай жүрген Күнікейді меңгеріп әкеткенін қызғанушылар немесе құдалардан өздері жол алып, пайдакүнем, өнерсіз күншілдер, тоғышарлар еді. Байман арсаландап жүріп, ондай сасық ойларын сезбеді.

– Сендерге не болған? Ауыл намысымызды жібергеніміз бе? Жолды келістіріп алайық та, – деп те көрді. Ол сөз құлағына кірмей, әлгілер өзді-өзі күбірлесіп, біреулері:

– Майлыбай, сен барсайшы, сөйлессейші! Құдалардың беретіні не екен? – деп өз араларынан біреуді жұмсады.

Майлыбай барып сөйлесіп, “бітістік” деп келді.

– Ал, енді қайтесіндер? – деп, қатындар өздері жеңгендей масайрап, кимелеп, Шәмшиді ортаға ала, есікке лап берді.

– Бітіссеңдер болғаны, – деп Байман тұрып қалды.

Майлыбай қалтасын қамти ұстап, жаудан түсіріп алғандай одыраңдап, өңшең Байманға қарсыларды соңынан шұбыртып, қызыл көрген күзғындай анталатып, олжаны бөліске салуға үй артына жөнелді.:

Өзіне қарсылар екенін білмей:

– Уай, уай! Біз де бір атаның ұлы едік қой! – деп, Байман да омыраулап барса да, Майлыбайдың уысындағы күміске өзді-өзі таласып, қырылысып, төбелесіп, өліп қала жаздағанын көрген соң, аяғында арашашы боп, олжаны ұмытып, жігіттерді боқтап, жөніне кетті.

Қатындар қалыңдықты ортаға алып, оң жаққа шымылдық құрып: “Шымылдық құрар”, “Қол ұстатар”, “Шаш сипар”, “Төсек салар”, “Етік шешер”, “Ірге тебер”, “Көрпе қимылдатар” кәделерін “Жол менікі, сенің жолың анау, жолы біткен” десіп, керілдесіп, керісіп, таласа-тармаса бір жапырақтан жырымдап алысуға, оның артын ала жаздай өсекке, пышпышқа, араздыққа айналдыруға байдың үйіне қарай ентелесті.

“Біз де осындай боламыз ғой, Шәмшидікі қандай болар екен?” деп таңырқаған қыздар сол дырдудың ішінде бара жатты. Олармен бірге Күнікей де кетті. Дүрмекпен келе жатқаны болмаса, Күнікейдің қиялы сағымдай бұлдырап, сол сағымның ішінен біресе екі тірсегі ботанікіндей майысқан, басы бір бөлек, кеудесі бір бөлек кейкуат Тұяқ елестеді, біресе екі иығына екі кісі мінгендей, көзі алақандай, шүйдесі тоқпақтай Байман елестеді. Елес кейде алыстағы мұнарланған жалғыз ағаштай елбеңдеп, үзіліп-созылып, кейде самауырда көлдененнен көрінген беттей екі езуі жырта қарыс, басы сиырдың жапасындай боп көрінді.

СОНЫҢ АРТЫНАН

Шәмшиді шырғалаған қыз-келіншек үлкен үйдің ығында үйме-жүйме боп тұрғанда желең деген жеңгелері күйеуді ертіп, үйдің оң жағын орап, “алтын босағасын” аттатты. Шабар қатындар алқынып: “Жүр-жүрдің” астына алып, жалма-жан Шәмшилерді үйге кіргізді.

Екі ашпалы пайы шымылдықты оң жаққа құрып, жібек көрпеге күйеулерді отырғызған екен. Күйеудің жанында үш жолдасы бар. Олар – төр жақта. Күйеу – төменірек.

Қатындар Шәмшиді: “Қарағым, шырағымдап”, өліп-өшіп сүйемелдеп, қолтықтап, күйеуінің қасына апарып шөгерді. Шәмши бет-аузын атлас шапанмен тұмшалап алыпты. Өзге қыз-келіншектер де жеткен жеріне жалп етті. Дүниеде болмаған бір зор оқиға қазір болатындай,

бәрінің тағдыры осы шымылдық ішінде шешілетіндей, көздері күйеу, қалыңдықты ішіп-жеп, анталауда. Күйеу соғымға соятын өгіздей, мойнын ұсынып, тымағын көзіне түсіре киіп, құдиған Шәмши де пірге қол тапсырғалы отырғандай бүгжиіп, сүлкіген.

– Кәне, отырасыңдар ма? Кім ұстатушы еді?.. – деп қатындар танауы желпендеп, желпілдетіп жүр.

Ана жақтағы Қара бәйбішенің жарлығымен Қатыш деген қатын омыраулап, күйеу, қалыңдықтың алдына келіп отырып, екеуінің оң қолдарын екі қолымен ұстап:

– Кәне, шырақтарым ата-ененің жоралғысы... бір-біріңе жібектей жұмсақ, балдай тәтті боп өмір сүріңдер! Өмір жастарың ұзақ, үбірлі-шүбірлі болыңдар! – деп, күйеудің жібек орамалымен ұстаған қолын қалыңдықтың қолына айқастырды да, жібек орамалды қалтасына салды.

– “Шаш сипардың” жөні менікі емес пе? – деп, қатындар Қара бәйбішені қамалап жатыр еді. Орынбасар деген қатын маңдайы жарылғандай: “Былай тұрлап”, екі қолын ербендетіп кимелеп келіп, күйеудің асыл шүберек ұстаған қолымен Шәмшидің шашын сипады да, шүберекті ол алды.

Содан кейін күйеулердің алдына төс салынған бір табақ ет тартылып, татпаса қысыр қалатыннан жаман, бәрі де таласа-тармаса жесті.

Бұрын “қол ұстатқанды” көрмегендігі ме, мынау жібек шымылдық, күлім сәуле, қызылды-жасылды киім, сыпайы ырым-жырымдардың жаттығы ма немесе өз көңілі де қызылды-жасылды боп кетті ме, қалайда бұл істеліп жатқан жоралғылар Күнікейге әлдебір ертегі әлемінде елбелектеген жанды сурет тәрізді боп көрінді. Кешегі шотпақ қара, төбел таз, ұрт мінез күйеудің бұ жерде әп-әдепті, жібектей жатық жігіт бола қалғаны: анаған да, мынаған да арсылдап отыратын, малшы-құлшымен өсекке таңылып жүретін, тау көкірек, мақтаншақ, сиырдай сары қыздың қой аузынан шөп алмас мүп-мүләйім нәуетек, науша қыз бола қоюы Күнікейге торғын қағазға ораған сасық сабындай немесе алтын жалатқан мыс сақинадай, алдауыш, бояма болып көрінді, тыржиды, жиренді, тезірек кеткісі келді. Қатындардың төсек салуға қамданғаны сылтау болып, қыздар тарай бастағанда алдымен Күнікей жөнелді. Көп қатынның арасында отырған апасына, шығып бара жатып:

– Жүрмейсің бе, апа? – деді.

– Жүре бер, қазір қайтам, – дегенсін, Күнікей үйіне жалғыз қайтты.

Жаздың тұтам таңы күйеу-қалыңдық найқалсын деп аялдап тұрма, бай үйінің тұсындағы шапақ жылжып келіп, Шекердің алдына қарай итінген құмандай қара тоңқаймасының ар жағынан ақ таңдақтанып қалыпты. Күнікей таңның тез атқанын да теріс көрген жоқ: жаман күйеуге жаны ашымақ тұрсын, “өлмесең, өрем қап” дегісі келді. Алдыңғы жағын көтермесе жабылмайтын, қиюы қашқан, таспалаған жаман есігін

керегенің көзінен қол жүгіртіп ашып, Күнікей үйіне кірді. Терінің, тердің, құрымның, Құлтуманың, жаман тонның, шуаштың, өнездің иістері қосылып, күлімсілеу боп мүңкіп тұрған өз үйіне кіргенде Күнікейдің мұрны тосаңсиын деді... “Бұф, бұф!” деп қатты қорқырап жатқан әкесі шықыр етіп шалқасынан түскенде “һүү-һүү-һүү” деп, бір аунап түсіп, борбайын тыр-тыр қасынды.

Апасы төсегін салып қойған екен. Күнікей шашбауын сылдыратып, шешініп, есікті іліп жантайды. Жантайды да жас ботадай ыңырсып, ақырын, тәтті “ымь” деді.

Ол “ымь!” деген лепте көп мән бар еді. Түні бойы ойнап, шаршаған балдырған денесінің әнтек дамылдап сая тапқаны да, ойында Байманмен сөйлескені де, оның артынан қиялына келген шілі-мілі сұлу елестер де, жаңағы “қол ұстардың” сән-салтанатына қызыққаны, жек көргені, күңіркегені де, содан барып жаман Тұяқпен қол ұстайтыны есіне түсіп, оған мойны жар бермей, қапастағы торғайдай жүрегінің бұлқынғаны да, – бәрі де сол толған көкіректің “ымь” деп қыңқ еткен жалғыз дыбысымен сыртқа шығарған лебізі еді.

Одан кейін Күнікейдің көзіне көпке дейін ұйқы келмей, аунақши беруі, көзін бір ашып, бір жұмып керіліп-созылуы, кейде оймақ аузының бір шеті әнтек шұңқырайғаны несі екен? Әлденені ойлап жатыр ма екен? Ол Байманды ойлағаны, оны сөзбен қамағанына өзінің сүйсінгені, оның жалынғаны, оның саудыраған ақ көңіл мінезі ұнағаны, онымен тағы да жолыққысы, сөйлескісі, сүйіскісі келгені, оған жолығатын қызық күндерді қиялымен суреттегені еді...

Ұлы сәске кезінде Күнікейдің сілекейі қызыл жастығына шұбырып, оймақтай аузы әнтек ашылып ұйықтап жатқанда құлағының түбін шыбын жыбыршытты. Ұйқылы-ояу жатып, қолымен екі-үш рет сипаса да, ақыры оятты. Күнікей “құрып қалғырлап” кейіп оянды, өйткені, бір тәтті түс көріп жатыр еді. Тыстан кірген апасы:

– Шай да қайнады; тұр енді, қарағым! – десе де, Күнікей керегенің көгіндегі сағызға қарап, әлгі түсін есіне түсіре алмай, жауап қатпай, ойланып біраз жатты. Көгендеулі қозыдай тізбектелген сұлу түсінің көп жері ескі текеметтің түріндей көшіп, үзік-үзік сыңар мүйіз, түйе мойнақ, мот аяқ, теңбіл-теңбіл бірдеңе сияқтанып кетті. Күнікей “Өлі арыстаннан да тірі тышқан” дегендей ойға мініп, сұлу түсті тастап, жаман көрпесін сырғытып, басын көтерді.

Аяқ жағында жатқан көне мәсісін киерде көйлегінің етегін қайырып, етті, жұмыр жіліншігін жоғары-төмен ысып-ысып жіберді. Аяғын жаңа көргендей балтырын қысып, бөрткенін шұқылап, азырақ айналды да, сауыс қызыл шұлғауын керіп ұстап қағып-қағып, мәсісін тарс еткізіп киіп алды.

Күнікей тысқа шығып, есік алдында тұрып, ауылға барлай қарады. Содан кейін бармағының ұшымен шапанның жағасын көтеріп, шашы-

ның жарымына дейін жауып, сәулімдерше сызылып, түп-түзу аяндап, Шідертінің бер жағындағы өзекке түсті.

Өзекте бірталай отырып, асықпай қайтып келе жатқанда аяқ басуы “бұ келе жатқан мен емес пе?” дегендей еді.

Күнікей үйіне келіп, оң босағада жүресінен отырды. Жаздың жайдары күні маңдайынан түсіп, қыз-қыз қайнатады. Маңдайдан түскен қызу арқасынан өтеді. Ұйықтап тыңайып қалған жас денесі ширатқан қыл шылбырдай шиыршық атады. Ой жағалап ойнақтаған шұнақ қара қасқа лақша ыршып-ыршып түскісі келеді. Бірақ Күнікей ыршымайды: ол енді өзінің сәулім болғанына көзі жетті. Сәулім болса, бала қаздай байпаңдап, салмақпен жүру керек.

Күнікей кіріп, боқжаманың бұрышында қыстырулы тұрған жұпар сабынын алып шығып, иығына дейін түрініп, әуелі тығыршықтай жұмыр білегін көпіртіп жуды. Сонсоң сабынды екі алақанына езіп алып, бетіне, мойнына, құлағына шейін баттастыра жағып, аппақ қып бір қойды, бетіндегі ақ көбікті әуес қып, көпке дейін су тигізбеді. Сабын сінді-ау деген кезде бетін, құлағының іші-тысын, мойнын айналдыра бипаздап, баптап жуынды. Содан кейін бір бұрышы сынған, төрт бұрышты қаңылтыр айнасын керегенің басына іліп қойып, қасын керіп, көзін бажырайтып, тісін ақситып, бұғағын бұлтитып, таранып-таранып, сүртініп, шаштарын сылап жатқызып, ашық омырауына қолын салып, олай-бұлай қимылдатты, енді омырауына тартқысын байлап жатқанда, апасы қарап:

– Немене, күн ұзын бипазданып болмағаның? – деп шайын ұрттай бастады.

– Неге асықтың, апа? – деп Күнікей жылы-жұмсақ жымыып, шайға отырды.

Күнікейдің бүгінгі жүріс-тұрысында, қозғалысында байқаған адамға бір түрлі жаңа өзгеріс бар секілді еді. Әлде көптен күтіп жүрген арманына қолы жеткендей, әлде алдынан бір қызық дәурен күткендей, өзін бір нәрсеге арнағандай, ол арнағанына жан-тәнімен сенгендей, әйтеуір мәлімсіз бір күш бойын билеп, қанын кернеп, еркін алып, “мейлің” дегізгендей бір күйге түсіріп еді. Бұрынғы “өзі” – өзі емес, өзіне бірдеңе пайда болған, жамалған іспетті. Қарап отырып ойланады. Ойына әлденелер келеді, бірақ неге ойланғанына өзі де түсіне алмайды, өзіне-өзі есеп бере алмайды. Неліктен бүгін бүйтіп бипазданып кеткенін де сезбейді. Ойы әлдеқайда қыдырып отырып, шыны аяқ деп, қасықты аузына апарды, ірімшік екен деп, тұзды тістеп қалды. Сөйтті де, сақылдап тұрып күлді. Апасы:

– Жаймысың? Немене алаңдап отырғаның? – дегенде:

– Білмеймін... – деп тағы күлді. Әйтсе де апасына сездірмейін деп, түндегі “қол ұстатардың” ерсілігін сөз қылды; күйеудің, Шәмшидің өп-өтірік мәлие қалғанына күлген кісі болды.

Күнікей күліп отырып, томсарып қалады, томсарып отырып, күліп жібереді, біресе апасымен шартпа-шұрт келіп қалады; біресе жайдарымсып, апасының мойнынан құшақтайды, бір сағаттың ішінде күзгі күндей қырық құбылады. Бір жерде байыз тауып отыра алмайды: кіреді, шығады, жантаяды, айнаға қарайды, кестесін бір тігеді, бір қояды... сағыз шайнайды, бізін тістелейді...

Қара сабаның ауыр піспегі дүмпілдеп дабыл қаққан кезде Күнікей апасынан сұранып, күйеу жаққа баруға үйінен шықты.

АҢДАТУШЫЛАР

Күйеудің қабағы жабыңқы: қалыңдыққа ырза болмаған секілді... Қасындағы балдыздары өзара шүңкілдесіп, бірінің бірі қос етегін, шырғасын, қалтасының қақпағын шұқыласып, киім, кесте жайын сөз қылып отыр.

Құдалардың бірсыпырасы тыста жүр. Алтау-жетеуі ана жақта жантайысып, біріне-бірі сүйеніп, шалжиып, домбыра дыңғылдатып жатыр.

Күнікей құда-күйеуге, қыздарға қыдыра қарап қояды. Есіктен біреу кірсе, мойны бұрылып қалады. Қарайды да: “Тәйірі, сен екенсің ғой” деген адамша теріс айналып кетеді. Күтіп отырғаны Байман еді.

Күйеудікіне күнде келіп-кетіп жүретін Байман бүгін қайда жоғалып кеткені мәлімсіз. Бұл үйде отырғандар Күнікейдің көзіне адам сияқты көрінбейді: көлеңкедей, елестей бірдеңелер, Байман кешіккен сайын Күнікей оны көруге ынтығады. Ол жайрандап, апырандап кіріп келсе, осы үй толып кететіндей, жұрт ойнап-күліп, көңіл көтеретіндей көрінеді. Бірақ Байман келмеді. Көрінер ме екен деп, бір ауық Күнікей тысқа шығып, сіңбірген болып, ауыл жаққа көз салып келді – көрінбеді.

“Байман отырған үйге бірдеңені сылтауратып, өзім барсам, қайтер екен?” деген де ой келді. Бірақ өзге қыздардан сытылып шығып, ауыл қыдыру – жеңілдік болатынын ойлап, тағы тоқтады. Әлдебіреу Байманның қайда жүргенін айтар ма екен деп:

– Құдалармен ойын қылып отырмай, осы ауылдың көп бозбаласы қайда жүр? – деп, қасындағы қыздарға қарап сөйлеп еді, олардан жарытымды жауап шықпады:

– Айтты-айтпады қайда жүр?..

– Қымыз аңдып жүр дағы... – деген сияқты бірдеңе дегені болмаса, Байманды ешқайсысы ауызға алмады.

Құда-күйеулер қымыз ішіп жайланғанша Байман көрінбегенсін, енді отыра беруін мәнсіз тауып, Күнікей үйіне қайтты.

Апасы үйде жоқ екен. Күнікей үйіне келіп, жантайып, керіліп, созылып, күрсініп жатты. Көзін шаңырақтан көрінген көгілдір аспанға салып, әнтек сығырайтқанда Байманның түндегі сөйлескені, күлгені, сүйгені одан да қызық, одан да тәтті бір сұлу түрде көз алдына елес-

тегендей болды. Денесі тағы да сондағыдай қытықтанып, шымырлап, қызып, ұшқынданып, жүрегі де сондағыдай лепірсе екен деп тіледі. Оңаша үйде жалғыз жатса да, әлденеше адамдармен сөйлескендей, өз ойы өзіне өте қызықты болып көрінді. Апам келіп, ойымды бөліп жібере ме деп қорқып, мысықша басып, есіктен сығалап келді. Ойлаған сайын Байманның қолын қысқаны, көзіне қарағаны, кірпік қаққанына шейін көңілінде сайрап, анықтала берді. Енді Байманды ойламаса, көрмесе, тұра алатын сияқты емес. Онсыз өмір өгей өмір сияқты, ойлап-ойлап, кешке жақын Күнікей күйеулер жаққа тағы кетті.

Жанына қыз-қырқын нөкерлерін ертіп, күйеу серуендеп, даладан келе жатыр екен, Күнікей олардың алдынан баруға арланып, құдалар үйінің босағасынан сығыр көзімен сығалады. Үйден шыққан бір жас құда Күнікейдің білегінен ұстай алып:

– Құдаша, кімді қарап тұрсың? – деп еді, Күнікей:

– Күйеулерді... – деп, қолын тартты.

– Әй, құдаша-ай, өзің бір болайын деп тұрған құдашамсың-ау...

Менің бір сөзім бар еді... – деп келе жатқанда:

– Жоқ, шырағым, біз ондайыңды білмейміз, – деп, Күнікей қолын суырып алды.

Анау-мынау деп тәжікелесіп тұрғанда балдыздары мен күйеу де келіп, Күнікей солармен бірге үйге кірді.

Күнікей іңірде бір рет тысқа шыққанда, үй жанында Мұсатай ұстап алып, баяғы “Қара тауын” тағы қозғап еді:

– Тәтті аузыңның дәмін кетірме, – деп, Күнікей оған да болмады.

– Болмағаныңды көрермін!.. Басқа біреуге неттің бар ғой? Онсын өкпелеме! – деп, кіжініп ол кетті.

– Көрсек, көреміз, – деп қала берді.

Ай қорғалып туатын іңір қараңғысы. Күнікейді қыздар шамға жұмсап, қараңғыда жалғыз келе жатыр еді. Көп арбаның деңгейіне жеткенде арбаға атын байлаған біреу төтеден қосылып, бір қолтығын қаусырмалай, құшақтай алды.

– Бұ кім? – деп селк ете түсті Күнікей.

– Жолы болар жігіттің жеңгесі алдынан шығар деген осы ма? – дегенде Байман екенін тани кетті.

Күнікей бұлқынған жоқ:

– Көрінген жоқ едіңіз... қайдан келдіңіз? – деді

– Шықаң ауылынан бір жұмысқа барып... Өзің немене?..

– Жай... Құдаларға шам апарайын деп...

– Апарарсың; бері таман жүр, – деп, Байман арбаға қарай икемдеді. Алғашқыда:

– Қойыңыз, ойбай! – деп, денесі дір ете қалса да, Күнікей тірескен жоқ, ерді.

Екеуі бұзау байлаған, сиыр қамалаған қара-құралы көп арбаның тасасына тоқтады. Күнікейдің жүрегі қаттырақ соғып, буындары дірілдеп барады, әйтсе де, панасы үлкен таудың қойнына енгендей. Жау батпас жанның соңына ергендей, өзінен ерік кетіп, қасында тығылып тұрғанын тәуір көрді. Байман бір қолымен қолын ұстап, бір қолымен иығынан құшақтап тұрып, бетіне аузын таяп:

– Кеше мен сені жақсы көріп кеттім ғой, оны білдің бе? – деді.

– Сүйттіңіз бе?

– Сүйттім... сен ше?

– Мен бе?.. білмеймін... – деп Күнікей тұқырып, мырс етті.

– Білмесең, түнде кетіп бара жатып, неге сүйіп алдың?

– Кісі қайнысын сүймей ме?

– Жарайды... сүйсең, шын сүй...

– Сіз әлде өтірік сүйесіз бе?

– Жоқ, тегін айтқаным ғой.

– Мен ендеше, өтірік сүюді білмеймін... Сүйіп көргем де жоқ...

– Кешегің шын ба?

– Шын болса, қайтер едіңіз?

– Шын болса, сені “Жаным, күнім” деп жүрер ем... Сенің жолыңа басымды берер ем... – деп, Байман белінен қысып, бетінен сүйді.

– Көптің бірі боп кетпесем... – деп, Күнікей көп қарады.

Байман “Болмассың” деп уәде берді. Екеуі де емін-еркін құшақтасып, қалтықсыз сүйісті. Біраздан кейін “қашан, қайда жолығамызға” келді. Күнікей:

– Қоя тұрыңыз, мен әлі жаспын ғой, – десе де, Байман:

– Сүйгенің шын болса, несиеге қаратпа, – деді.

Күнікей недәуір бұлтақтап, апасының сақтығын, ауыл жігіттерінің өштігін айтып көріп еді, Байман: “Көңіл болса, көш-жөнекейге” салып, жайға қаратуға көнбеді. Ақырында Күнікей ойланып тұрып:

– Жарайды... енді.. – деді.

– Қай жерде? – дегенде:

– Ретін таба алсам, шығайын, кешке іргеден келіңіз, – деді.

Соны айтуы-ақ мұң екен, қара сиырдың ар жағынан бір адам сопаң етіп шыға келді. Күнікей жалт берді. Байман ол адамға қарсы жүрді.

– Бұ қайсың?

– Бұ қайсың? – десіп, олар сөйлесіп қала берді. Күнікей тез аяндап, үйге кіріп кетті...

Ауылдың көзі ұйқыға барған кезде іргенің шиін сытырлатып, бір қол керегенің көзінен өтті. Күнікей ояу жатыр еді, қолды ұстай алып, сипады да, қысып қойды. Қозғалмай тұра қалды.

Күнікей басын көтеріп, ар жағына бұрылып, тындады. Әкесінің жуан қорылы – апасының ұйқылы не ояу екенін естіртетін емес. Біраз тындап отырған соң қолды кейін итеріп, “күте тұр” дегендей ғып, өзі

ептеп орнынан түрегелді. Есікте құлып бар, бірақ құлып сияғы жоқ, бізбен де, шегемен де ашыла береді. Күнікей күндізден әкесінің ұлтару бізін тауып алып, ашып-жауып көрген. Кілтті апасы жастығының астына салып жататын. Оны ұрлауға оянып кете ме деп қорыққан: апасының ұйқысы сергек қой.

Қара бізді қолына алып, шапанын жамылып, Күнікей есікке барды. Құлыпты сылдыратпайын-ақ деп ептесе де, мұндайға үйренбеген епсіз қолы дірілдеп, сылдыратып алды. Болар-болмас сылдыр тіпті салдыр-гүлдір сияқтанды. Жалман-жан қоя қояды да, апасы жаққа құлақ салады. Ұйықтап жатқан тәрізді. Құлыпты тағы ұстайды. Сылдыр шықса, тағы тұра қалады. Не керек, әбден қысылып, қиналып, жан дәрмен күйі бір заманда құлыпты ашты-ау.

Енді шығуы бір қиямет: итеріп қалса, қажыған жаман есік қираң етіп, шықыры бүкіл ауылға естіледі, көтерсе, көтерген жағының тақтайлары жоғары сусып, топса жағы жерде қалып, тағы шықырлайды. Бұ бір “кұдайдың пәлесі” болды.

Күнікей біржола ашып қалудың да, саумалап ашудың да есебін таба алмай, түйіншекті тұтқа жіптен ұстап, дағдарып, бірталай тұрды. Кешіккенге Байман кетіп қала ма, өкпелеп қала ма деп, бір қыпылдап барады. Апам оянып кетіп, ұшып түрегелсе, не айтам деп, тағы қысылып барады. Есік көзінде тұрғанына талай заман өткен сияқты. Әбден азапты шегіп, бір уақта “тәуекел” деп есікті саумалаңқырап аша берді де, шықырлап бара жатқасын тезірек ашып, өзі сыйғандай жерден кебісін ұстап, жалаң аяқ шықты да, есікті қайта жапты. Әбиір беріп, апасы ояған жоқ.

Есік алдында елу адымдай жерде өзек бар. Оның ар жағы – өзен. Со жақта шығар деп, аяғына кебісін іліп, ақырын басып, алақтап жөнелді.

Өзектің қабағына жетер-жетпесте, айдың жарығында ағарандап, алдынан бір адам түрегелді. Сол екенін таныды: аяғын тезірек басты. Жолығуға бес-ақ адымдай жер қалды. Сол кезде:

– Ұста, ұста! – деп шаңқылдап, өзен жақтан төрт-бес жігіт дүрсе қоя берді. Күнікей үйіне қарай қашты. Байман айдалаға қашты. Қуып берді. Күнікей үйіне сүңгіп жоқ болды.

Бұ жолы есіктің шықыры қатаң шықты. Шекер оянып кетіп:

– Бұ кім? – деп басын жұлып алды.

Күнікей ақырын ғана:

– Мен, – деп еді, апасы:

– Қайда бардың?.. Қалай аштың? –деп, тергей бастады.

– Түзге отырғым келді... Тартып қалып едім, өзі ашылып кетті, – десе де, сұмдықпен көзі шыққан апасы нану қайда:

– Дүзі қара, дүзі қара-ай! Бір сойқан ғып жүр екенсің ғой!.. Ойбай-ай! Енді қай жаққа барайын?.. Шашынды бір талдап жұлайын!.. Пәлен-түген деп ұрсып, бірталай жерге апарып тастады.

Күнікей апасының ызыңдап, құлағына маза бермесін сезді... Амал жоқ, өтірік айтып, ақталмақ боп, қарсы сөз айтып, шырылдады.

Ертеңіне апасы тағы ұрысты. Күнікей шынын айтсын ба, жолатпады.

Енді ауылдың жаман-жәутік бозбалалары аңдитын болды. Олардікі: “Бізді менсінбедің. Байманды таңдадың”. Әрі Байманды бұралқы көріп күндеу.

Сөйтіп, Күнікейге үйден де, түзден де аңдушы табылып, Байманға жолықтырмады.

Түнде жолыға алмасына көзі жеткенсін Байман “құдалығын” сылтауратып, Шекердікіне күндіз келіп жүрді. Шекер оның келгенін теріс көрген жоқ: әрі құдасы, әрі құрдасы, әрі ауызға ілініп жүрген, өзі әнші, өзі балуан, ер, өнерлі жігіт. Тәуір бозбалаға өзінің де жыны қозып тұратын адам ғой. Бірақ Шекердікіне Байман барса, ауылдың Әйткен, Мұсатай сияқты бозбалалары да ере барып, Күнікей мен Байманды оңаша бір сөйлестірмей-ақ қойды.

Аңду күшейген сайын екі жастың бірін-бірі аңсауы да күшейді. “Сүйемін, қайтейін? Болмайды...” деген ойларын көздерімен ғана білісті.

Сөйтіп жүргенде Күнікейдің күйеуі Тұяқ “мырзаның” да қол ұстайтын мезгілі жетті.

ҚОЙ ҚАЙДА

Бір тамса да, соған тамсын деп, Тұяқ бір шеге қақса да, “Илаһи, ниет қылдым Күнікейдің қалыңмалын өтемекке...” – деп қағып, тапқан-таянғанын тамызықтап төлей берді, төлей берді. Әйтеуір бере берген соң, еңбек қой, малынан құтылуға таяп еді.

Ол “есік көрсет” деп қыңқылдағалы қашан. Әдейілеп адам жіберіп, үзілді-кесілді хабар алайын дейтін Тұяқ қайбір көшебелі кісі? Тек өткен-кеткеннен әлгі қыңқылын қайталай берді. Шекер: “Қойсын әрі, балам жас” деп аяғына отырғызбай жүретін.

Сөйтіп жүргенде Тұяқтан әдейілеп елші келді. Кәдімгідей адам сияқтанып амандасып, жөн-жапсарын, құда екендігін айтып отырды.

Тұяқты кемсінген соң, Күнікей о жақтан келген қайындарынан да пәлендей қаймыға қоймайтын. Бұ жолы да “Кейуақытқа көк екенімді көр” дегендей, міз бақпай отырып алды. Тасаланатын көзінің соқыры, мұрнының пұшығы жоқ. Жә, барып отыра қоятын жау байлардікіндей оң жағында ағасының ақ отауы тұр ма? Жасық адамша несіне бетін басып, жас балаша қайдан үй айналып жүрсін.

Елші де пәлендей епті жігіт емес. Екі ұрықты, періп кетпелеу мінезі болушы еді. “Отырсаң, отыр. Әкенді танытайын” деген немеше шешесі мен екеуі отырған жерде:

– Құдаларыңыз сәлем айтты. Күйеу балаңыздың ішкені ас болатын емес. Не қылса да, ел жайлаудан қайтпай тұрып, мені бірдеңе қылсын дейді. Ендігісін өздеріңіз білесіз, мен мойнымнан түсірдім, – деп, тосынан тосын қойып қалды.

Күнікей түк естімегенсіп, төмен қарап сұрланып, инесін жылдам-жылдам шанша берді. Шекер көзінің астымен қызына бір қарап, құдаға бір қарап, азырақ кідіріп қалды. Соңғы кезде Шекер бұрынғысынан ойысып, икемге келейін деп еді, өйткені, баласының жас еместігіне көзі жеткендей болды. Құлыпты өзі ашып, түнде өзі шығып жүрген “жүрек жұтқан” қыз қатқаны жас болсын ба? Қаршадайынан ауызға ілінген, өзіне тартқан “зәр шөп” бір күні жер соқтырмасын кім біледі? Сондықтан құданың сөзіне үндемей қоюдың жөнін таба алмай, бір есептен Күнікей естісін деп:

– Сәлем айтса, енді несі бар?.. Жөні бар сөз... Өз қызығымыздан өзіміз қашқанмен бола ма?.. – деп сипай салды, есек дәмелі жауап берді.

Соны айтқанда Күнікейдің қабағы түсіп, томсырая қалды.

– Құдайдың бұйрығы. Әйтеуір жат жұрттық боп жаралғасын, қимағанмен қайтейік енді... – дегенде, Күнікей ұшып түрегеліп, тарс-тұрс етіп шыға жөнелді.

Қызының бұл қылығына Шекер ә дегенде:

– Ойбай-ау, мынанікі не? – деп, өтірік мырс еткен болса да, артынан баласының жастығын, жабдығының сай еместігін, жоқшылығын айтып, өзі де қамығып, көзіне жас ірікті.

Құдасы кеткесін Шекер қызына доң айбат көрсетіп, ұрысқан болды: “Жеңілсің, баласың, есің жоқ” деді. “О несі екен, кісінің көзінше тарс-тұрс” деді. “Несі бар оның?” деп, Тұяқты мақтап, білтелеген болды. Бірақ оның бәрі тек шеше болған соң айтылған, кара судай кенеуі жоқ, бос сөз екенін Күнікей де ұқты, шешесі де сезді. Күнікей күйеуінің келуіне түк айтпады. Көңіл білдірмеді, бітеу жара болды да қойды. Күнікейдің үндемегенін апасы көнгенге жорыды.

Бір күні кешке таман байдікінен алған жамандаттын сүйек-саяғын асып, орталарына қойып, жеп болған кезде, төрт көзі түгел отырғанда Шекер құда-күйеулерінің келетінін естіртті. Өзгеден бұрын:

– Немене тығыл-таяндатып? – деп Жұматай түксиді. Онысы – қарындасын қимағаны, Тұяқтан қызғанғаны еді.

– Сен не білесің? Малың беріп, бітіріп қойды. Оның жазығы не? Жайға қаратқанымыз жеткендей болды... – деп, Шекер бастырмалатып тастады.

Құлтума тоқпақ жіліктің жуан басын мүжіп болып, кішкене басын өзіне қаратып алып еді, жықпылындағы жылтаң қараққа алтын тауып

алғандай шұқшиып, апармай жатып аузы бүлк-бүлк етіп, істік пышағын тісіне шақырлатып сұғып қалып, жылтың еткізіп суырып алып жатыр еді. Жылтаң қарақты құтты жеріне қондырып, көңілі дауалаған соң, жайымен отырып:

– Оған бір қой сою керек, – деп қоңқ етті.

– Е, қой соймай... бір түгілі екі қой соярың. Бір қойды ауыл-үйге берем: ырым істеймін. Бір қойды құдаларыңа қонақасыға бересің... – деп Шекер соқты.

– Ненің ырымы? Қой қайда? – деп Құлтума қоңқылдады.

– Қайда болсын? Табасың? Екеуің бірдей сомадай боп отырып, жалғыз қызымды қуартқаным ба? – деп, Шекер қызының шашбауын көтерген болды.

– Ауыл деп, ауылды тойғыза аламыз ба? Жылқы сойып берсең де, жұқ болмайды, – деп Құлтума сіресті. О байғұстікі борыш-қарыштан қашқандық қой.

Құлтуманың тайталасқанына Шекердікі де ұстап кетті:

– Сенің не білгенің бар? Немене аузыңа келгенінді күйсеп отырғаның... Малға ие жігіт боп... Мал тұрсын басында билік бар ма? Шірік-ай! Сен Көксаудың қара табан құлы емеспісің? Қырық қарасы бар Дүймағамбеттікі де он бес сом, сен де он бес сом алым төледің. Бір ауыз ләм деуге жарадың ба? Аузың кепердей боп, қара басып отыруың... Осындайда бір пысық жігіт бола қалатыны бар дейім өзінің. Бұл пысықтығыңды Көксауға неғып көрсетпей жүрсің? Өл де маған... Қайта өз қызығыңа, өз қызыңа өзім соям дейтін кісі емеспісің? Ә-әй, шірік-ай, қайтейін сені, қайтейін... Әуелі сыбағалы көтеніңе ие бола алмай, Жаңылға жегізіп отырып, сен билік соққанды не қыласың? Саған неткен билік? Жүре бер қойыңды құрттап, қойыртпағыңды ұрттап. Сенде түйсік, сенде мынадай сана болса, Күнікейден мал аяр ма едің? Жұрттың басынатыны – сенің қортықтығың ғой... Әйтпесе, Күнікейім қай байдың қызынан кем? Сенде сүйек жоқ, намыс жоқ. Кісі емессің, білдің бе? Қысып отыр, аузымды қыздырмай... – деп, Құлтуманы біржола орнынан тұрғысыз қылды.

Құлтуманың аузы-мұрны маймылдың тұмсығындай қомпайып, сорайып, аңырайып, ақымақ болды да қалды. Мына сияқты көк айыл, кер ауыз қатынға неғып шыдап жүргеніне өзі де таң қалды. Ішінде бірдеңе түйіртпектеніп тұрғандай болса да, бірақ оны шетінен тарқатып, ашудың аузын ағытып, құтырын төгуге тілі түскірі жетпеді. Ол түйіртпек өңешімен өрлеп келіп, дәл жұтқыншағының түбіне тоқтағанда ернін сылп-сылп еткізіп, екі-үш тамсанып, кезеніп отырып-отырып:

– Осы елге неғып болыс болмай жүргенсің? – деді.

– Әдірам қал! Тілінің ащысын жаман ш-ш-шіріктің! – деп Шекер тағы бірталай жерге апарып тастады.

Құлтума бұ жолы қомпайған тұмсығын жинастырып, сабасына түсіріп, пышағының майын бармақтарымен сыпырып, жалап, тізесінің ас-тына қойды да, Жұматайдың қолындағы шоқпытты шетінен тартып, икемсіз қара қайыс қолын үйкей берді.

Таз Жұматай алғашқыда: “Немене тығыл-таяндатып?” деп арындап қалса да, артынан әкесінің қойға саудаласып отырғанын есітіп: “Бір қой жетпейді... Той ырымын қылмай бола ма?” деп Шекермен қабаттасып, бір-екі айтып қалды. Жұрт қызының күйеуі келгенде той қылушы еді деп, о да тыраштанбақ болғаны ғой. Шекердің Құлтуманы құдай аманаты жосып тастауына Жұматайдың сөзі де қамшы болды.

Жалғыз-ақ бұл сөзге Күнікей қатысқан жоқ: шешесі шаптығып жатқанда қолын жуып, сүртініп, тысқа шығып кетті.

Құлтума сыбағасын алып, жайланып, жантайып, бір борбайын көтеріп, тыр-тыр қасынып жатып, “қой қайдан табылар екен” деген ойға батты. Бұл ой Құлтумаға мемлекет мәселесін шешкеннен бір кейін соқпады. Алты-жеті жүз қойды қысы-жазы өзі бағып, өзі қағып, суығына тонып, ыстығына күйіп жүрсе де, өзінде бір қой болмау деген не деген сұмдық? Далада өзге қоймен шендескенде алдындағы о қойды өз қойындай көріп: “Қайтар, қойым қосылады” деп бақырушы еді. Бөтен қойға бір қойы кетсе, өз қойынан жаман, “бір қойым жоқ” деп, қотаннан қотан қоймай іздеуші еді. Қойы аз қойшыларды: “Көтен басындай неменді әрі айда” деп кемсітуші еді. Сол “өз қойым жоқ” деп жүрген қойдан бір қойға билігі келмейтінін жаңа білгендей болды. Мұны, сірә, бұрын ойласайшы!.. Япыр-ай, ә!! Бұ қалай!

Байдың бір қойын сұраусыз сойып тастаса ғой: “Ұрлап сойдың” деп, төбесіне әңгір таяқ ойнатып, басына қосақ, көтіне тіркеуімен төлетіп алады, өзін көтке бір теуіп, шығарып жібереді. Бір қой емес, пәлен жүз қойды оңалтамын, қасқырға жегізбеймін, ұрыға алдырмаймын, ұраға жықпаймын, шұқанаққа үйелетпеймін, бір қозысын далада қалдырмаймын, бір тоқтыны құрттатып өлтірмеймін деп, Құлтума қанша шыжақ болады; екі көзі төрт болып, қадағалап қарайды. Құлқын сәріден ымырт жабылғанша жалғыз өзі құла түзде сарылып, қоймен қой боп жүргені. Сонда да бір “тәңір жарылқасын” жоқ. Сонда да бір қойдың қанына ортақ бола алмайды. Бұ не деген жұртшылық? Бұ не деген қорлық, құлдық – адам емес, қой болғандық?... Япыр-ай, ә?! Бұ қалай болды?..

Сол дәулет масы, жатып ішер мырзаларға бір күн өз қойын өзіне баққызып байқар ма еді? Білер еді сонда қой баққанды!..

Құлтуманың бұл ойлары қансонардағы қоянның ізіндей сайрап келе жатып, қойдың шарлауына соққандай шатасып, бытысып, алғашқы бет алысынан көз жазып қала берді. Қазір бір қойды борыштанып тауып алып, соңыра байдың бір қойын далада ұрлап беріп жіберген дұрыс па? Немесе анау қойшылармен айлалас болып, біреудің бір қойын қақтырып

әкеліп, сойып тастаған жөн бе? Бірақ “Бұ қойды қайдан алдың” деп, біреу етін көріп қойса, ол барып айтып қояды-ау!.. Япыр-ай, ә! Бұ қалай болды?

Қалай да қой табу керек. Бір емес, екі қой... Қатын о бір құдайдың пәлесі: ойына бірдеңе алса, өлуіне бейіл болмайды... Бұ қызы түскірдің өзі де бір пәле екен ғой... Жоқ жерде қой іздетіп... Дәнеңе ойламай, қойын бағып жүре берген де бір ғанибет екен... Япырым-ай, ә? Бұ қалай болды?.. Қалай табады, ә?!

Қанша ойланса да, аяқтап келгенде: “Япыр-ай, ә? Бұ қалай болды?” деген тығырыққа айналып кеп тіреле берді. Сол тығырықтан жол тауып шыға алмады.

Ал Жұматай қойды мәз ойлап, басын қатырған жоқ. Ол ана жылы ғана тұлымшағы ербиіп, борбайы жалт-жұлт етіп жүгіріп жүретін қаршадай қара табан қарындасының бүгін ер жетіп, қатын болуға жарап, әлдебір бөтен еркекпен құшақтасып жататынын ойлап, әрі таңырқап, әрі қызғанып, әрі түсінбей, бір тосын жұмысқа оқыс жолыққандай, о да тығырыққа қамалды. Бірақ оның тығырығы Құлтуманікіндей бұлтарысты болмады. Күнікейді ойлап отырып, соның өз басына қарай көшті. Тұяқ келеді – күйеу боп отырады. Әнеугі Шәмшиге ұқсатып, қатындар Күнікейді әкеліп қол ұстатады. Сонсын екеуін онаша тас-тайды... Бұл онда қайда жүреді? Не ойлап жүреді?.. Тұяққа ұқсап бұ да қашан онаша үйде қыз құшақтар екен? Бұл қашан қалыңдық ойнар екен? Мұның қалыңдығы да Күнікей секілді бүлдіршіндей қара торы қыз болар ма екен? Жоқ, әлде Нысанбайдың жырық қара қызындай бір сұмпайыға тұс келер ме екен?.. Құрып қалсын! Құдай жырықты көрсетпесін!.. Шешесі әлгі Сақаудың Пішәнін аузына алып жүруші еді.. Ол әлі жеті-сегізде. Қыз сияғы жоқ. Бір пері. Өскенде қандай болар екен? О да Күнікейге ұқсап, шашбау тағып, қыз болар ма екен?... Жоқ, сонда да танауынан қос боз аты жылтындап, бет-аузы сауыс боп тұрар ма екен?... деген ойлардың аяғы кешегі өзінің Тұрсынға (түйеші шал Жаманайдың қатынына) бір жөргем ішек беріп: “Есіңе ала жүр” дегеніне соғып, соған қалай бару, қалай жанасудың амалына шауып кетті... Сол ойдың үстінде, мұрнын бір тартып, самайын бір қасып, байдікіне – жұмысына қарай аяндады...

Шекер бірқыдыру шиыршық атып, қара табақты қазан түбіне қарай итере тастап, тері дастарқанды сүйек-саяғымен саудыратып, есіктен ыршыта қағып, ақ күшікті аяғымен бүйірден бір теуіп, қайта келіп, жүресінен талтайып қолын жуып отырып, шымшуырмен алдындағы отты көсеп-көсеп жіберді. Мұның бәрі — үй ішін қыран шапқандай қылғаны, қырланғаны, ашуланғаны еді. Құлтуманың жамандығына, кедейлігіне, кемдігіне жайда қабырғасы мұздай жабық боп сөйлейтін басы ертең күйеу келгенде, досқа күлкі, дұшпанға таба болам ба деп қауіптенгені, кейігені, күйзелгені, тарылғаны еді...

КҮЙЕУ

Күйеуі Сұлушаштың ұрын келді,
Қисайып жаман тымақ, қырын келді, —

дегендей-ақ, Күнікейдің күйеуі бір күні кешке таман салша жетіп келді. Қасында үш-төрт жолдасы бар. О да ауылға келмей, анадай жерге түсіп, атын ұстап отырды. Не дегенмен күйеу аты бар ғой. Тымағының төбесіне селтитіп үкі де қадап апты. “Шауып келді” алуға балалар да жүтірсісті. Қараша үйдің қыз-қырқындары да барып, қастерлеген боп ертіп әкеліп, “алтын босағасын” аттағты. Көк ала шытпен тыстаған қоңыр елтірі тымағын көзіне түсіре киіп, танауы кержиіп, о да келіп, ақ шымылдықтың ішіне кірді.

Өз әлінше Шекер де үйінің ішін мырсындай қылып қойыпты. Ата-сы өлсе, атамайтын жалғыз қара ала сырмағын төрінің алдына төсепті. Ноқталы кебісін, тот әбдіре, шалжақ ауыз сандығын, шоқпыт төсегін, тон-мон, жүн-жұрқаларын текшелеп жинап, ескі алашамен бүркеген болыпты. Бұрын жадағай-жайдақ жататын қазан-аяқ жаққа шыпта құрыпты, жалғыз-ақ от басында тұратын қара құман жылжып барып, босағадан орын алыпты. Әттең, қолдың қысқалығы. Әйтпесе, Шекер кісіге кеудесін бастырғандай әйел ме?

Құлтума екі қойды қайдан табарын білмей, күшеніп, басын қатырып жүргенде Шекер қойды да өзі жайғастырып қойып еді. Бір қойды Жұматайдың ақысына сындырып, байдікінен алмақ болып еді. Байдың бір әдеті: күні толмай, малшыға ақы бермеуші еді. Бұ жолы Шекер өзі барып, құда, күйеу келетінін айтып, Қара бәйбішеге талақша жабысқан соң, мейірімі түсіп еді. Енді бір қойды Мақатайдан алды. Оның қырық-елу қойы бар ғой. Ана кезде Мақатай қатыны өліп, зарығып жүргенде Шекердің бір “сауабын алғаны” болушы еді. Өзімсіне, өжеттене сөйлеген тілін жыға алмады. Жұмсақ адамды билей сөйлесең, ырқыңа көне кететін бір әдеті бар ғой.

Мондыбастау, мосқалдау үш құда Шекердің қақ төрінде малдасын құрып, қораздана қапты! Ауыздарына тас салған адамша үндемей, өздерінше сыпайы болғаны ғой. Оларды түртіп, әңгіме қозғап отыратын Құлтума қайбір шешен кісі: “Мал-жандарыңыз аман ба-дан” кейін, сөзі таусылып қолы ышқырға таман сырғып, сипаңдап, жантаюға айналған соң Шекер арт жағынан бірдеңе алып жатып:

— Сен ненің көркіне отырсың? Барып, малыңды сой! - деді.

Өзі кетудің есебін таба алмай отырған Құлтума бір мекіреніп, орнынан тұрып, бүкшеңдеп жөнелді.

Жұматайдың бар түзелгені: жаздай ілмеген жаман шоқайын аяғына киіп алып, бір кіріп, бір шығып, балаларға: “Жолдан былай, жолдан былай” дей береді.

Күйеудің қасында үш қыз, үш-төрт қызсымақ, екі қатын отыр. Жоғары жағындағы жастау жолдас, не өнері барын қайдам, тымағының бір құлағын ішіне, насыбайын ерніне жымырып алып, керегеге шырт-шырт түкіре береді. Оның ар жағында, төрдегі құдаларға таяу кім отыр... Әлгі осы ауылда жүре беретін кім бар еді ғой?.. Аты аузыма түспей тұрғанын қарашы!.. Осы үйге “құдамын” деп келе беруші еді ғой... Е, е, Байман, Байман! О да құда ғой: күйеуге жолдас боп келген ғой. Ол енді бұл ауылмен де ашына келетін жөні бар ғой. Онсыз думан бола ма?

Бірталай қолы бос бозбалалар (қолы бос емесі де жоқ қой) Құлтуманың жаман үйіне лық толып, қалай болса солай ығы-жығы отырысып, шеттегі құданы қолға ала бастады. Әңгімелерінің түрі мынау сияқты еді.

– Пай-пай, пай! Өзі де саңғырап тұр екен!

– Аумаған күніне бақпастың адыры.

– Анау жотамен қоянды қуар ма еді?

– Үңгірін қайтесің?

– Ат-матыңмен сыйып кетпейсің бе?

– Өзін таза күбі қылса, қайтер еді?

– Қыстыгүні суымыз тасымал болушы еді, деген біздің қолымыз екен...

– Неше шелек су сыяр екен?

– Шамалап айтайын ба?.. Шамалағанда, өзінің ызботы мол жатыр-ау: қырық шелегің жүк болмас.

– Мен де ойлап отыр едім – шамаң шама-ақ екен.

– Уай, өзі қобыз болса, қандай сөйлеп тұрар еді!

– Оған деген байдың өзі.

– Қағып көрсе, қайтер еді өзін?

– Дәу де болса, күңгірлеп тұрған шығар-ау, ұрымтал отырсың ғой: қақшы өзін! – дегенде, қу жақ жігіт абайсыз отырған шеткі құданы тұмсыққа шертіп қады.

Құда селк етіп, тұмсығына шап берді. Жұрт ду күлді.

Манадан бері сөз қып отырғандары шеткі құданың мұрны еді. Мұрын болғанда тым рабайсыз, мұрын деуге келмейтін, қоңқиған, үңір-ейген бір тұмсық еді. Еріккен жігіттердің адырға, күбіге, қобызға теңейтін де жөні бар еді. Құда:

– Жындымысың? – деп тұмсығын сипалап, түсін суытайын деп еді:

– Жүндімін, сен тақырмысың? – деп, тағы бірінен-бірі қағып кетті.

– Көргенді ауылдың жігіттерісіңдер, ұят емес пе? – дегенде, кейбірі:

– Қой, тимендер байғұсқа! – деп, кейбірі одан жаман өшігіп:

– Әкете алар ма еді?

– Бәс тігемін, алып кетеді.

- Не тігесің?
- Шақшамды тігем.
- Әкете алмайды.
- Әкетеді.

– Шын айтасың ба?

– Шын айтам, – деген кезде “әкете алмайды” деп отырған жігіт әлгі тұмсықтан тағы қапсыра ұстай алды. Тұмсық иесі жұлқып, қолын қағып жіберді:

– Кәне, әкетпегені? Кәне, әкетпегені? Әкпел шақшаны! – деп жігіттер дауласты. Отырған жұрт тағы күлкіге қарық болды. Құда қып-қызыл боп, ежірейіп келе жатыр еді:

– Қарап отырғанша ойнап-күліп отырыңдар. Ойынға ашуланбас болар, – деп Байман туысқанын тоқтатып тастады. Бір жағынан, қоңқақ жолдасының қалжың білмегеніне өзі де намыстанып отыр еді.

– Мынау ағасының тұмсығын кішкене балтамен кырнап әкелмей... – деп жігіттер Байманды күлкі қыла бастаған соң:

– Өздерің қырнай бер! – деп күлген болып, тысқа шығып кетті. Аспан қошқыл. Жел тымық. Жолдас қара айғырына мініп, күн-шығыстан шыға шапқан сабалақ түн дүниені қараңғылыққа батырып, батысқа қарай ұмтылып барып қапты. Түтін тұманға оранған ауыл аттары жылт-жылт етіп, ыңыранып, маужырап жатыр. Жер ошақ басы – ырылдасқан ит. Қоңырсыған – құйқа, мықшындаған – Құлтума, жайраған – жас ет, қатын-қалаш, ішек-қарын, арбада – пысқырған аттар.

Ат жаққа барып дәрет алып, Байман Құлтуманың үйін бөктерлеп, Сүлеймендікіне қарай жағалады. Дәуде болса, Күнікей сонда болу керек. Бәден жеңгесі жер ошақта сүт пісіріп жатыр екен.

– Пісірер көбейсін! – деп, Байман қасынан жанап өтіп, үйіне таман барды. Үйде жас баланың жылаған дауысы естіледі. Дүрс-дүрс түйіп, біреу тербетіп отыр.

– Кім бар мұнда? – дегенде, Күнікей дауысын әрең шығарып:

– Біз бар, – деді.

Үй қараңғы.

– Сіз босаңыз, біз де бармыз, – деп Байман үйге кірді. – Жалғызбысың?

– Жалғызбын.

– Сені мұнда қуып тастаған екен ғой... – деп, жақындай отырып, Байман қолын созды. Жып-жылы, мап-майда, кішкене қол уысына ілінді, ақырын ғана қысты да, өзіне таман тартты.

– Абайлаңыз, келіп қалар, – деп Күнікей сыбыр етті.

Байман абайлаған жоқ: ұмтылыңқырап құшақтап, бетінен сүйді. Күнікей сүйгізді, сүйді. Шүңкіл-шүңкіл сөйлесті. Ол шүңкілді тыстағы Бәден жеңгесі естіген жоқ.

— Қараңғы үйде неғып отырсындар?.. Жарығымызды құдаға алып кетіп, қараңғыда қалдық... — деп, Бәден келген соң сөздің беті ертеңгі ойынға, қыз ибаға, кәдеге қарай ауды. Байман құдағайымен біраз қалжыңдасып отырып, кешікпей кетіп қалды.

Ертеңінде бір қой сойылып, той-томалақтың ырымы істелді. Қыз ибасын бір қараша үй алып, қыз ойнақ қылды. Өз шамасынша жиналған қыз-бозбала ойнаған, өлең айтқан болысып, ауыл жігіттері орамал, шаршы ырымдарын алысып, тарасты. Қол ұстатуға асығып, Күнікейді қатардан алып қайтты.

Шымылдық ішінде Тұяқ күйеу отыр сүмірейіп, шашбауын сылдыратып, Күнікейді қасына әкеп отырғызып, қыз, қатындар қамалағанда Тұяқ қысылып, терлеп кетті. “Осы баққа шынымен жеткенім бе? Осы құрмет шын менікі ме?” дегендей, өзін-өзі сенбеді. Басын шапанмен тұмшалап алып, Күнікей қатындардың ырқына көне берді. Тұяқтың қолын ұстатуға бір қатын қолын созып еді, алақанына апарып сүйкестірді. Тұяқ шірік те ондап ұстауды білмеді, тигізе салып тартып алды. Тұяқтың пышақ, біз, балға жауыр қылған түрпідей алақанымен шашын сипатқызды.

Апасы Күнікейді бұлқынар, жұлқынар, балалық қылар, көнбес деп ойлап жүруші еді. Оның бірде-бірі болған жоқ. Әнеугіден бері айналып-толғанып: “Бата бұзған барқадар таппайды... ата-ананың қарғысына ұшыраған қыз оңбайды... Не де болса, талайыңнан көр... Құдайдың неден жарылқап, неден қарғарын қайдан білдің?..” деген сияқты сөздерді құлағына құйып отыратыны босқа кеткен жоқ екен. “Қарағым есі бар ғой” деп ойлады. Әйтсе де, ішінен қызғанған іспетті, қысылған іспетті, ұялған іспетті бірдеңені сезгендей болды. Онысы: “Баяғы анау ғой”. Бір күндерде өзімен ондай болған Тұяқтың енді қызымен мұндай болғалы отырғаны, жеме-жемге таянғанда, әзер арсыз болса да, бір ойлатпай қойсын ба? Кім біледі. Әлде Күнікейдің де көпке дейін Тұяққа беттемей жүрген бір себебі сол шығар. Қалай да арсыздыққа адамнан өтер жан иесі жоқ қой. Ар да тозады екен: тұрмыс тоздырады екен. Шекердің ары да о жағына келгенде, Құлтуманың қырық жылғы шалбарындай тозығы жетіп, үлдіреп, ыдырап, жамауға келмей кеткен ар еді. Бұл жолы да тек бетіне әнтек қызғылт пайда қылғаны болмаса, жүрегін қопара қозғай алмады.

Қатындар төсекті салды. Қызды күйеудің қолына берді. Шамды сөндірді. Шықты. Есікті жапты.

Тұяқ шешінді (қатындар шешіндіріп кеткен ғой). Көрпені жамылды. Жатты.

Күнікей аяқ жағында отыр. Шешінбеді. Қозғалмайды. “Қалай дегенмен, болашақ қатын ғой. Қатын өзі шешініп, байының қойнына кіріп жату керек қой” деген ой сүресімен малданып, еркек басымен әйелге жалынуды ар көргенсіп, Тұяқ біраз жатып еді, Күнікейдің шешінерлік

қалпы сезілмейді. “Өзі отыр ма? Кетіп қалды ма?” – деп, аяғымен түртіп еді, отыр екен. Бір ауыз сөз айтпай жатып, аяғымен түрткені Күнікейді жиренген үстіне жирендірді. Күнікейдің қозғалмасын білген соң Тұяқ:

– Неге отырсың? Жатсайшы! – деп күбірлеп еді. Жауап қатпады. Содан кейін Тұяқ: “Қалыңдықты әлде күйеу өзі шешіндіретін болар ма?” деген ойға түсті. “Қалыңдық ойнаған кісілерден сұрап та алмаған екем” деп өкінді. “Сұрасам қайтер еді” деген бір ой да болғаны рас еді. Бірақ “мазақ болармын” деп, сұрамап еді. Не дегенмен, бұл әлі беті ашылмаған қыз ғой деген ой сап ете түскенде, басын көтеріп, қолын жіберді. Шапанынан тартып еді: қатып қалғандай илікпеді. “Мұным да жарамайды екен” деп ойлап, қолынан ұстағалы сипалап еді, қолын итеріп тастады. “Бұ да өрескел болған екен” деп мойнынан құшақтауға ыңғайланып еді: басы екі тізесінің арасына кіріп, домаланып қалды. Шапанын алайын деп еді, тістесіп айрылмады.

– Өй, мұның не? Баламысың? Сөйте ме екен? – деп, өзі білген көр-жерін айтып байқап еді, Күнікейден қайран болмады.

Со кезде іргеде тындап жатқан бір қатын жөтеліп қалды. “Ә-ә, жана білдім! Қатындардан ұялып отыр екен ғой” деп, Тұяқ қуанып кетті. “Үндемей біраз жатамын, қатындар кетсін” деп орнына қайта жатып, көрпесін жамылып, тындырған немеше бір күрсініп қойды.

Қатындар аздан кейін тұрып кеткендей болды. Қалғаны болса, тағы кетсін деп, тағы біраз жатты. Сол кезде шықырлап есік ашылды: “Қатын иттердің біреуі ме? Жоқ, әлде өзіміздің жолдастар ма? Бір түнге қуығы жарылып бара ма екен? Дәу де болса, Шелекбай ғой. Қуығының майы кеткен бір ит ол. Қайдан ерттім соны?” – деп зығырланды. Есік жабылып, аз уақыт өткен соң басын көтеріп, сипаласа – Күнікей жоқ. Үйдің ішін олай бір, бұлай бір шарқ ұрып іздеді. Күнікей үшті-күйлі жоқ. Тұяқ тамсанып, таңдайын қағып, боғын пышақтап, іздей тұрсын, біз Күнікейдің ізіне түсейік.

Тұяқ ойлағандай, Күнікей іргедегі қатындардың кетуін күтіп отыр еді. Бірақ Тұяқ ойынан Күнікей ойының азырақ айырмасы болды. Қатындар кеткенде Күнікей Тұяқтың қойнына қарай емес, есікке қарай бет алды. Әлгі шығып кеткен сол еді. Күнікей шықса, үрген иттен басқа ың-жың жоқ. Түн түнеріп, таң қараңғысы басқан екен. Күнікей үйдің о жақ-бұ жағына барлап қарады да, ептеп басып есік алдындағы өзекке қарай жүре берді.

Өзекке жеткенде, қараң етіп алдынан біреу түрегелді. Алқынған, аңсаған көкірек қарсы ұмтылып:

- Жеттің бе, жаным? – деп құшағын жайғанда:
- Жеттім-ау, қалқам! – деп құшағына кіре кетті.
- Серт пе?
- Серт!

– Жүр, ендеше, былайырақ! – деп Күнікейді шапанына тығып, қолтығына қысып алып кетті.

Әнеугіден бері Күнікейдің күткені, көнгені осы серт, осы үміт еді. Кешегі түндегі Сүлеймендікіндегі шүңкіл де сол серттің қайрауы еді. Қыбырттаған жаман-жұман бозбаланың да, қиқандаған кейкуат Тұяқтың да аузын аппақ қылып, қараңғы түнде қапысын тауып, албырт Күнікей асыл қазынасымен ер жігіттің қолына тиді...

Аймауытов Ж. Шығармалары: Романдар, повесть, әңгімелер, пьесалар / Құрастырушылар: М. Атымұв, Қ. Керейқұлов. — Алматы: Жазушы, 1989. — 346-408 б.



МЕМЛЕКЕТ ҚҰРЫЛЫСЫ

Адам баласы өзінің тұрмысын түзеуге ерікті. Бір мемлекеттің ішінде неше түрлі, алуан жұрт бар; Олар өзіне қолайлы тұрмысты өзі біліп жасамақ. Әмір патшаның қолында тұрғанда жұртқа бұл еркіндік болмады: мемлекет құрылысы халыққа зиянды болса да, шыдады. Талай қысылтаяң жерде “жұрттың еркі” деген сөз патшаның ауызында болса да, халықтан ерік сұрамады.

Енді патшаның пәрменінен халық құтылды; Қандай қолайлы тұрмыс жасаса, ерік өзінде. Бірақ ұлан-байтақ жерде шашылып жатқан жүз миллион халық қалай жиылып, қалай кеңеспек?

Міне, соның үшін мынандай тәртіп болу керек: әр гүбірне, әр облыстан халық екі-үш кісі өкіл сайлау керек; бұл өкілдер көпке сенімді, пікірі, ойы жұртпен үйлесетін Һәм басқа жұрттың өкілдерімен тізелесіп, халыққа жайлы, ұнамды мемлекет негізін жасайтын кісілер болу керек. Сондай өкілдердің бас қосып кеңесетін жиылысын “учредительное собрание” дейді.

Учредительное собрание – халықтың өзі болмаса да, көзі. Онан жоғары, онан күшті мемлекетте әкімшілік иесі жоқ, соның үшін халық учредительное собраниеге мойынсұнып, шығарған жарлығына көнуге міндетті.

Патша түскеннен кейін жаңа үкімет халықтың тілегін орынына келтіру үшін учредительное собрание ашпақ болып, сонан бері даярлану жұмысы қандай қиын болса да, осы күз сентәбір-октәбір айында учредительное собрание ашылады деп жұрт күтіп отыр.

Учредительное собраниеге қанша кісі сайлау керек? Кісі аз барса, үлгіре алмайды Һәм жұрттың көбі кірмей қалады; Егер көп сайланса, көпшіліктің жұмысы баяу болмақ; Орташа шамалағанда, бүтін Россиядан мыңнан аса кісі жиылса, жарар деседі.

Бұрынғыдай байлардан, атактыдан, күштіден сайлайтын үміт кетті, енді еркек-әйел жиылып, қалаған кісісін тура өздері сайлайды. Сайланатын өкілдер саяси іс жүзінде қай партияның адамы екені білініп, халық әр партияның программасына (тұтынған жолына) таныс болу керек. Саяси партиялар: социал-революционер, социал-демократ Һәм кадет партиясы. Кімнің программасы жайлы, әділ болса, соған халық дауыс беру керек. Сайлау біткен соң өкілдер Петроградқа жиылып, учредительное собрание ашып, халықтың қалауынша жаңадан мемлекеттің негізін құрмақ.

Бұл оңай жұмыс емес. Өткен мемлекетті жалғыз патша билеп, күллі әмір соның қолында болып еді; енді мемлекетті уақыт кесіп сайланған адам басқарып тұрмақ, бірақ оның әмірі халықтың өкілдерінің әмірінен төмен болу керек, сонда халықтың бостандық, теңдігіне қорқыныш болмайды. Осындай уақытша сайланған кісіні “президент” дейді Һәм мұн-

дай мемлекет түрін “республика” дейді. Учредительное собраниенің алғашқы жұмысы Россияны республика қылмақта.

Мемлекетте үш түрлі әкімшілік бар: заң шығаратын, заңды орынына келтіретін Һәм билік құратын. Заң шығару бүгінге шейін патшаның Һәм Думаның еркінде еді. Енді патша болмайды. Учредительное собрание негізгі закондарды жасап тараған соң соларға тіреп, қалған заңды Дума шығармақ, бірақ Дума халықтың шын тілегін орынына келтіру үшін Думаны халық өзі сайлау керек.

Бұрын іс жүргізетін министрлер Һәм олардың советі (кеңес) болатын. Министрлер патшаның ауқымында жүріп, халықтың мұң-мұқтажын тындамайтын, Думаны керек қылмайтын; законсыз жұмыс қылса да, олар сотқа тартылмайтын, енді министрлер халықтың өкілдеріне бағынатын болады Һәм оларды өкілдер сайлайды. Министрлер өкілдерге сенімді болса, әмір жүргізіп қызмет қылмақ; ыңғайсыз, бұрыс істеген ісіне өкілдер алдында жауапты болып, законсыз жұмысқа пресажныйлардың сотына тартылатын болмақ; Халық өкілдерінің жиылысын “парламент” дейді. Осындай министрлерді парламент сайлап, парламент түсіріп отыратын мемлекет түрін “парламентарная республика” дейді. Россияда қай түрлі республика болу керек? Бұл – учредительное собраниенің екінші қарайтын мәселесі.

Мұнан кейін билік (сот) мәселесі қаралмақ. Билікке әкім қатынаспай, би (судья) законмен іс қылатын болмақ, рахымды би, қатал би, жаймашуақ би, омырау би керек емес; Би арын жастанған, заңды қолданған әділ, тура би болу керек. Билерді әкімге қол арттырмай, жақсы ақы беріп, азғындықтан сақтау керек; билерге шен, мақтау мақсұт болмай, үлкен би, кіші би болмай, бәрі біртегіс бірдей жұмысын бітіретін болу керек. Ешкімнен қорықпаған би әділ болмақ; ондай әділ биде туысқан жоқ; Бидің алдында айыпкер қандай бай, күшті болса да, дірілдеп тұрмақ. Халыққа осындай билік жасау – учредительное собраниенің үшінші жұмысы.

Мемлекет негізі қандай жақсы болса да, адамның бостандығына бір қорғаншақтық болмай қоймақ емес; Бірақ қорғаншақтық мемлекеттің бүтіндігіне, көптің пайдасы, тәртіп салу үшін керек нәрсе, сондықтан бұған көну керек. Бірақ үкімет қатысқанын қаламайтын кейбір орындар бар; олар мынау сықылды: кім қай дінді қаласа, сол дінге кіруге ықтиярлы болу керек, бұл – үкіметтің жұмысы емес; әркімнің жүрегiнің ісі.

Жиылып, бас қосып кеңесуге бөгет қылмасқа керек; жиылыста керек мың кісі болсын, керек үкіметті қараласын, оған үкімет шамданбау керек, әйтпесе, жұртқа бостандық болмақ емес, баяғы құлықтан құтылмағандық.

Газета, кітап жүзінде ойын, пікірін жазушыларға я еркін, ашық сөйлеушілерге тию салынбау керек.

Мұның бәрі – азат адамның адамдық құқығы.

Дінге бостандық, бас қосуға, ұйым жасауға бостандық, сөзге бостандық, баспаға бостандық, мұның бәрін негізгі закон қылып бекіту учредительное собраниенің қолында. Жаңа мемлекет билігін жасап, ол билікке шек қояды.

Сонда Россия халқына береке кіріп, бақ қонып, еркіндік тиіп, жұрты кенелмек.

Байларға, ауқаттыларға учредительное собраниенің бұл бостандығы жеткілікті, бірақ қара халыққа, әсіресе кедейлерге күнелту үшін бостандықтың үстіне азық-түлік және керек. Мұжықтың күнкөргені – егін, қазақтыкі – мал, бұларға жер керек.


Міне, соның үшін жер еңбек сіңіріп, пайда шығаратын егінші мен мал өсірушіге берілу тиіс.

Бұл мәселені шешетін – учредительное собрание. Тіршілікке тамақтан басқа ғылым, өнер, білім керек. Олай болғанда Россия жұртына тегін оқытып, шкөлді көбейтіп, халықты өнерлі қылмақ та – учредительное собраниенің қарайтын мәселесі.

1917

*Кирил қарпіне түсіріп, әзірлеген –
Нұржан Қуантайұлы*

“Ақ жол Қазақстан”. – 2002. – 23 тамыз.



ҰЛТТЫ СҮЮ

Ұлтты сүю әртүрлі. Қазақтың аты орыстың атынан озса, балуанын балуаны жықса, шешенін шешені сөзден тоқтатса, мардымсып, бар қазақ сүйсініп қалады. Қазақ жеңілсе, орыс та дардияды. Ноғай мен қазақ, сарт пен ноғай егессін, олар да солай. Бұл – әр жұрттың қанына біткен өзімшілдік. Тұрған жерін, өскен елін, өз тұқымын басқадан артық болса екен деген құрғақ тілек, құрғақ сезім ең төменгі дәрежедегі надан адамда да бар. Бұл қасиетті сезім емес; жерін, үйірін сағыну, жеріне тарту хайуанда да бар. Үйренген, тамақ жеген жерін жақсы көру – табиғаттың еріксіз каноны. Ұлт сүюдің ең төменгі дәрежесі осы.

Ақылы, сезімі ұстарған қазіргі мәдениеттің түрінде жүрген адам баласын алсақ, әр ұлт өзінің өскенін, өзінің көркейгенін, жетілгенін, өзінің қожалығын көксеп, жанын салып, қанын судай ағызып, дүниемүлкін ортаға салып, алысып жатыр. Бұған қарағанда, адам баласының өз мешелділігі мәдениет өрлеген сайын күшейіп келеді. “Өзіңе тілегенді біреуге де тіле”, “Адам баласын бауыр тұт” деген көркем тілек далада қалып, тұрмыс күресі, қанішерлік майданда тұр. Ұлты үшін құрбан болуға шыдағандық – ұлтшылдықтың осы күнде ең берік ережесі.

Зорлық, қиянат, қанішерлік жоғалып, бір заманда адам баласы бірін бірі маңдайға шертпейтін, жер жүзіне ұрмақ орнайтын шақ бола ма? Жоқ па? Белгісіз болса, алыс. Өзі көксеу – тәтті қиял; заман көксетін емес. Ендігі мақсат – аяқ астында қалмай, тырбанып тырнақатар ретке кіру, дүниежүзінен жоғалып кетпес қамын қылу.

Ұлтын шын сүйіп, аянбай қызмет қылған азаматы көп жұрт күшті, өнерлі, білімді жұрт болып, күресте тең түсіп, басқаларға өзін елетіп отыр. Ұлты үшін құрмет қылмай, бас қамын ойлап жүрген азаматтардың елі артта қалып отыр. Ұлтшыл жұрттар, әне, Германия, Япония, Англия, Түркиялар, олардың баласы жасынан “ұлтым” деп өседі. Есейген соң бар білімін, күшін өз жұртының күшеюіне жұмсайды. Олардың әр адамы – мемлекеттің керегі, қызметкері.

Көршіміз орысты алайық. Бұлардың қара халқы надан болды. Оқығаны ұлт қамын ойлаған жоқ, қызыққа, шенге дәрежеге салынып, бас пайдасынан өзгені ескерген жоқ. Шенеунігі өзі қожа, өзі төре болып, қара халықты менсінбеді, жан есебінде көрмеді. Кешегі ояздар, жандаралдар, генерал-губернаторлар өз алдына кішкене патша еді. Олардың ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болды, асуға, атуға әмірі жүрді. Қара халқы мен оқығанының арасында жақындық болмады, бірін бірі жек көрді. Ақсүйек, дворяндар қара халықпен сүйкесуді бойына қорлық, намыс көрді. Екінші жағынан, орыс патшасын құдайдан жаман әспеттеп, көкке көтерді. Именді, қорықты, патшадан күшті әмір иесі бар деп ойлаған жоқ. Патшаны шырғалаған өңкей ақсүйек, шенеуніктер патшаны

қара халықтан алыстатпаса, жақындатуға себепші болған жоқ. Қара халық қорлықта, қысымшылдықта жүріп жатты...

Қорлыққа көшіп, тепкіге шыдап жүрген орыстың қара мұжығы үнсіз, тілсіз, көнбіс надан емес. Қылжыр, өзімшіл, зор көкірек надан еді. Патшаның пәрманына, ақсүйектің тізесіне амалсыз көніп, кекетіп-мұқатып, сырттан қоржиып жүруші еді. Мұжықтың мұндай болған себебі – орыстың жоғарғы табынан шыққан талай атақты, білімді жазушылары мұжықты мадақтап, кітаптар жазып, көтеріп, өзімшіл қылып, тәңірсітіп жіберіп еді. Міне, осы халда жүрген орыстың бір тәңірісі Николай жоқ болып еді – не болды?

Тәңірсінген, өзін-өзі зор тұтқан қожа болып, мемлекеттің астын үстіне келтірді. Неше түрлі бассыздық, қылып Россияның күл-талқанын шығарды.

Жоғарғы айтылғаннан шығатын қорытынды мынау: орыстың ақсүйегі, оқығаны ұлт қамын ойлап, халыққа жаны ашып, қызмет қылған жоқ: “дәреже” қуып кетті. Тәңірімсінген қара халық жүгенсіз надан болып қалды. Қысқасы, орыс ұлтшыл жұрт еместігін, таптан тапқа, партиядан партияға бөлінген берекесіздігін көрсетті. Мұнан былай маңдайына тас тиіп барып түзелмесе, бұ қалыпта үлгі аларлық, жіктерлік еш нәрсесі қалған жоқ.

Енді қазаққа келейін. Біз жұрт болуды жаңа ойланып, жаңа қамдандық, қазақ әлі ақсүйек, қарасүйекке, оқыған, оқымағанға бөлініп, арасына жік түскен жоқ. Бірақ жуан ата, жіңішке ата болып, жуанның жіңішкеге көрсететін зорлығы, қиянаты бар. Жақсы тәртіп, әділ билік орнаса, жуан мен жіңішкенің айырмасы жоғалып кетуі мүмкін. Басшы түзу болса, басшыдан бас тартып, ауа жайылатын халық аз, қазан бұзар, ар соққан біреулер болмаса. Қазақты тура жолға бастайтыны да, адастыратыны да – оқығаны. Оқығанын қазақ сыйлайды, соңынан ереді. Кәдірлейді. Сенеді. Білімді, ақылды, жақсылықты, үлгілі, тәртіпті, ақиқатты, әділдікті, қызметті оқығандарынан күтеді. Оқыған – қара халықтың шырағы (идеалы), бұқарасы сонша кәдірлегенін оқығандар білу керек. Халыққа қызмет қыла білмеген, үлгі, шырақ болуға жарамаған оқыған халықтың ықыласын қайырады, көңілін шығарады. Халықты өзінен алыстатады, өсек арқалайды, пайдасы артық тимейді.

Бұқараның әспеттеуіне қарай “бұл уақытта” төрт аяғы бірден түсіп, ұлт үшін жанын салып, сілетсіз, таза қызмет қыларлық шын “шырақ” табыла беруі қиын. Бұл уақыт – қазақтың мәдениетке аяқ басатын, шаруасы, тұрмысы, білігі өзгертін, ғаскер болатын, жалпы ұлт ісіне жол ашатын уақыт. Қазақтың өміріне көрмеген жаңалықтар кіретін уақыт – осы күнгі оқыған қызметкерлер. Қазақтың ескі қалпынан жаңалыққа көшетін – “көшпелі” заманның кісілері. Көшпелі заманның қызметкерлерінің қашанда болсын кемшілігі көп болмақ.

Әркім әртүрлі пікір тұтынып, әртүрлі жоба ұсынып, жаңалықты орнатуға жиыат қылмақ. Бірақ бұл буынның адамның тәжірибесі, тәрбиесі жетілмегендіктен істеген ісінде үстірттік, төселмегендік көп шығып, ойлаған мақсатына жете алмай, ескі өмірдің жауыздығымен алысуымен күні өтеді. Бұлардың істеп кеткен ісінен келесі буын тәжірибе алып, төселіп, анық қызмет қылатын, қызметінің жемісін көретін солар болады. Бұл жүрген буынның адамында кемшілік болатын бірнеше себептерін айтып өтейін.

Адамның өмірдегі ісі – алған тәжірибесінің жемісі. Жанның тәрбиеленетін үш түрлі сыпаты бар: ақыл, сезім, қайрат. Адам жаратылыстан ақылды болып, осы үш сыпаты бірдей тәрбиеленген болса, ол кісі әрі данышпан болады. Ал адам ісінде байыпты, табанды болып, көп қата жібермейді. Егер ақылы шамалы адамның үш жан сыпаты бірдей тәрбиеленген болса, ол адам өзіне өзі қанағатшыл, өміріне ырза, орташа тығынды кісі болады. Бұл кездегі оқығандардың алған тәрбиесі қандай? Үш түрлі жан сыпаты бірдей жетілген бе? Соны айтпақпын.

Қазіргі оқығандардың тәрбие негізі қазақ ішінде салынған. Қара қазақтың баласына беретін тағылымы белгілі. “Өтірік айтпа, қиянат қылма, адал бол, ақжүрек бол, өзің үшін оқыма, мен үшін де оқыма, ұлтыңа қызмет қылып, пайда тигізу үшін оқы!” деп үйреткен қазақ некен-саяқ шығар. “Шіркін, бәленшенің баласының қуы-ай! Кісі сыртынан сатып жіберетін”, “кісіге ақынды жібермейтін бол, закон біл, ақша тап, даражаға ілін” деген мақсатпен оқытады. Айтса да, айтпаса да, қазақтың бұл ойы белгілі. Осы тәрбиемен өспеген бұ жүрген оқыған да кем шығар; жасынан баланың ақылы, сезімі қулық-сұмдыққа, біреуден артылуға, дәрежеқұмарлыққа үйренеді, бұл – бір.

Орыс шкөлінің тәрбиесі де оқығандарды ұлтшылдық, кішіпейілділік, таза жүректі қызметкерлікке артық әсер бермейді. Орыс балалары ұлт дегенді көп ескермейді, көбі өзімшіл, мақтаншақ, тәкәппар келеді. Олардан жақсы мінез шамалы, ал қызметке кіргелі көргені – Николайдың жадағай шенеуніктері. Олардың көретін рахаты: жақсы киім, жақсы тамақ, тройка арғымақ катаятса, секектеткен “мадмазел” (әйел). Мәжілісі – арақ, қарта, биллиард, салтанат, айбар: “Тақсыр-еке! Господин!”, шұлғыған, шоқынған қара жұрт, міні, бұлардан алған тәрбиенің түрі осы сияқты, бұл – екі.

Ұлтымыз бар екенін, еліміз-жұртымыз бар екенін, жұртымыз қатарға кірмей, теңдік жоқ екенін, Николайдың қасқырлары қазақты ішіп-жеп құртып бара жатқанын сезгелі, “Ұлтқа құрмет қылайық” дегелі бес алты-ақ жыл болды. Әрине, бұл оянуға 1905-інші жылғы толқын, тағы әртүрлі түрткілер қамшы болған шығар; көбінесе ес кіргізіп оятуға, ұлтты танытуға себеп болған – “Қазақ” газетасы. Онан бұрын ұлт дегенді кім білген: көбіміз кеше өзгеріс болған күні ұлтымызды тауып алдық. Сондықтан оқығандардың кейбіреулері жан-тәнімен адал қызметімен

ұлтына көрсете алмай, пайдасын не дәрежесін сағалап кетуі ғажап емес, себебі, * ... – танылмаған сөз орны (Н.Қ.) “ұлтшылдық”, “адалдық”, “қызмет” деген нәрселер сүйегіне сіңіп өскен...” емес. Сырттан жапсырылған жамау.

Оқығандардың жолдан тайып кетуіне себеп болатын – бар адамның табиғатына біткен жергілікті мінездер. Орын, атақ, дәреже, мұқтаждықтың жоқтығы адамды тастырып, көтеріп жібереді. Бұларды кісінің кісісі-ақ көтереді. “Қой көрмеген қуалап өлтіреді” дегендей, бұрын қолына билік тиіп көрмеген жұрт білікті жақсылыққа жұмсай алмай, жаман жаққа жұмсап, адыраңдап, “тағдырың қолымда” деген сияқты пікірге түсіп кетуі де мүмкін, бұны Николайдың шенеуніктерін көз алдыма елес-тетіп айтамын.

Кейбір оқығандарда қара халықтан бойын аулаққа салғысы келіп, қызыққа, салтанатқа салынғысы келетін салқындық, ірілік мінездердің ұшығы сезіледі. Адам шалдуар нақысының әнімен кетсе, өзін-өзі тергеуге алмаса, жаман мінезінен тыйылып, жақсы жағын тәрбие қылмаса, бұзылып кетуі оп-оңай. Меніңше, қара халықтан жиренгендік, ірілік – ұлтын сүйеге, мұқтажын, сырын білуге жиһат қылмағандық деп білемін. Бұл мінез Николайдың шенеуніктеріне еліктеген болып табылады.


Орыстың білімін алуға, өнерін білуге, жақсы жағын жаттауға еліктеу – дұрыс та, кәпірлігін, мақтаншақтығын, рақымсыз, қызықшыл, қалташыл, антшыл “суық” шенеуніктігіне еліктеу, ақсүйек болуға, салтанат түзеуге, тұрмысын, жүрісін, үй ішін жат түрге салып, қазақтан қашыртуға еліктеу – үлкен мін, кемшілік. Бұ жағынан оқығандар арына төрелетіп, сақ болуы керек. Осындай әдетті күшейтуге себеп болатын күншығыс халқының табиғатында тағы бір мінез бар. Ол: антқұмар, зиннатқұмар, әйелшілдік, адымын алыстатпайтын ұсақтық, қайратсыздық, жалқаулық. Көңілдегісі болмаса, біздің тұқымдар тез табаны қай-тып, қажып қалады. Мақсатының жолына құрбан болуға шыдамайды. Бұ да есте болсын.

Ақтығында айтпағым: оқығандар өзін өзі тәрбие қылу керек. Қара халықтан жиренбей, жақын жүріп, сырласып, мұң-мұқтажымен таныс болып, өзі ұлтын сүйеге, халыққа өзін сүйгізуге жиһат қылуы керек. Естеріңізде болсын: қара халықтың мәдениетті болуынан мәдениетті кісінің қазақ болуы қиын, баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындатып тәрбиелеу керек. *Орыс тәрбиесін алған бала ұлт қызметкері бола алмайды.* Қазаққа аюдай ақырған шенеунік табылуы оңай; ерінбей-жалықпай, бақырмай, шақырмай іс бітіретін, терісі қалың, көнбіс, табанды қызметкер табылуы қиын. Қазаққа зор кеуде ақсүйектің, ақша жегіш жалтырауық шенеуніктің, сұлу сөзді, құрғақ бектің керегі жоқ; адал күшімен өгіздей өрге сүйрейтін жұмысшы керек. Сол жұмысшы – оқығандар. Бекерге кеткен сағат, босқа өткізген минут – ұлт ісіне зор шығын.

Оқығандар! Бұл уақыт – жан тыныштық іздейтін, қызық қуатын уақыт емес, қызмет қылатын, еңбек сіңіретін уақыт. Ойлаңыздар: халық біз үшін емес, біз халық үшін туғанбыз, олай болса, мойнымызда халықтың зор борышы, ауыр жүгі жатыр.

“Абай” журналы, 1918-жыл

“Жас Алаш”. – 2001. – 6 наурыз (Рух, №2)



ҚАЗАҚТЫҢ ӨЗГЕШЕ МІНЕЗДЕРІ

Газета* жүзінде қазақтың ьэртүрлі** кемшіліктері түртіліп, жазылып жатыр. Мысалы: ұйымсыздық, күндестік, парақорлық, партия, әділетсіз билік, әйелдің халі деген сияқтылар. Рас, мұның бәрі аянышты халдер, бірақ бұлар – әр міннің бұтақтары. Роман, өлең, мақала жазушылар да осындай ұсақ кемшіліктерді көрсетпек. Қазақтағы неше түрлі болып тұрған ауыр халдердің түпкі негізі, тамыры қайдан тарап, бұл күйге ұшырағанын ешкім қолға алып, мәтбұғат жүзінде қозғап көрген жоқ. Соның үшін бұл терең сауалды жұрттың есіне салып, жүректерді қыздыруға сөз бастап отырмыз.

Бұрынғы уақытта қазақ елі ұйымшыл, ері жауынгер, биі әділ, намысқор, адамы әрі бітімді, қайратты, сауықшыл болған екен. Досымен достасып, жауымен жауласуға табанды, қайғыра да, қуана да білетін халық екен. Рас, бұл уақыттағы ұйымшылдық күні үшін болса да, жүребара бет түзеп, қалып алатын сүреңі бар сияқты еді, естуімше (Әрине, халық болған соң түгел самдай, мұнтаздай деуге келмейді, надандық уысында талай оқшау мінездер болған, оған орын беруді артық деп білем).

Ол қылықты түсініп, түзу жолға салушылар болса да, дүниауи ғылымдарда кіріп, тамырлап, бұтақтап кетуге ықтимал еді, бірақ қожа, молда, ишандардың схолистик (алық) ғылымын таратып, елдің ойын, рухын, қол-аяғын кісендеп, бір кесімді тар жолға тығып, адамшылықты тағдырдың қазығына қылқылдатып байлады да қойды. Түсінгенше қазаққа дін де оп-оңай сіңіп кеткен жоқ, түсінген соң табандап іске асырғыш еді. Сол кезде халықты меңгеріп ұстап тұратын азулы, айдынды хан сықылды бір күш керек еді, халықтың бақытсыздығына қарай жақсының сиреген кезінде күш кетіп, мынадай соққы жолықты. Қазақтың ұлттық қалпы өзгерілді. Тірлігі, мақсұты басқа, ниеті шалғай, суық бауыр жаттың қолына тиді. “Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса” деген халге ұшырады. Кемеңгер билердің заманы құрып, адамды мал мен пұлға сатып алатын заманға килікті.

Қазақтың тұрмысы өзгерді. Киіз үйде қыстап, суыққа шынығып, қуатты, қайратты денелі өсетін қазақ, тазалығы жоқ, аласа жер үйге кіріп, аурулы, нашар болып, мыжғырланып, еңсесі көтерілмей өсетін қалыпқа түсті. Осы себепті адамның өсімі де кеміді. Әрине, тән қуатты болса, жан қуатты, ажарлы болады. Нашар жаннан осал мінездер туады.

* Газета – газет.

** ьэртүрлі – әртүрлі.

*** Өшіп қалған сөз орны.

Мысалы: ойнас, өтірік, өсек сияқтылар. Бұл – бір. Екінші, сол уақта, өзі сурет ала алмаған бірлікке қырсықтың қара басы боп партия деген қағынды тиді. Жауыздық, залымдық қара бұлттай қоршап, халықты астаң-кестең қылып, өзді-өзімен атыстырып, көзді шел қаптады. Күннен күнге өршіген қалың сасық тұманнан шыға алмай, адасып келіп-келіп түсіп отырған халіміз, міне – осы күнгі.

Партиядан тарайтын фітнәнің бірсыпырасын айтайық: партия басталғалы мал азайып, кедейлік килікті. Себебі: болыс болатындар аямай малын шашып, құрып болған жағдайда сол малын өзіне түсіре алмай, қалғаны онан жаман құриды. Екінші, партияның малын жаудың малындай ішіп-жеген халық (оны) қайта құсып, қолындағы өз малын азайтты. Партия кәсіпке кіріспеуге үлкен себеп болды. Шаруа жағының қырсығы бұл.

Енді “дін” жағымызға не келтірді?

Қай жұрттың болсын қасиеті уағдашылық, антқор еместік, құдайдың атын жеңілге салмаулық еді. Біздің қазақта аруақ, құдай, ант-иман, құран дегеніңіз бержебайшының ісіндей қадырсыз. Құдайға қылған құлшылық, қайыр-садақа партияның бірімсегіне жүріп кетеді. Дінге келген кемшілік осы.

Енді қазақтың мінезіне (ахлаққа) тигізген зияны мынау: ұрлық, зорлық, қорлық, өтірік, өсек, алдау, қулық, сұмдық, айдау, байлату, кісі өлу – рақымсыздық, жалған мақтан, ынсапсыздық, тұрақсыздық, настық, жалқаулық деген нәрселерге шайтанның ұясынан артық болмаса, кем болған жоқ. Бір туысқан түгіл әке мен бала партияға таласып, күндескен соң адамның жақыны кім болмақ? Әрине, жақыны, досы – жалғыз ғана басы, құлқыны.

Партия халықтың бірлігіне, ерлігіне қолқабыс қылды ма? Намысты қоздырды ма? Жоқ. Бұған таласымыз жоқ. Бірлікшіліміз, ұйымшылмыз, жауынгерміз дейтіндер табыла қоймас, алтыбақандық, қазанбұзарлыққа мақтансақ, мақтанайық.

Сүйтіп, ұсақтап келіп, жаужүрек батырларымыздың батырлығы ауыл-үйдің малын ұрлауда қалды. Бұрынғы билердің жұрнағы кішкене дөңгелек жер болып қалды.


Осындай ортада өскен бала да жамандыққа салынып, жіті оқығандарында да көпке шейін таты кетпейтін көрінеді. Мысалы: “Ұлтым”, – деп оқып шыққандар халық арасына келсе, қарая бастайды.

Сайып келгенде, қазақта қалып тұрған өзгеше мінездер: тілі айтқанды қолы қылмайтын тұрақсыздық, ұйымсыздық, басынан аспайтын өзімшілдік, ездік.

Халықтың өзіне айтып, мінезін түзеу қолымыздан келмейді. Жалғыз-ақ үмітіміз, қаруымыз – оқығандарда. Оқығандар ендігі жас балаларға өздері үлгі болып, надандықтан шығарып, адамшылықтың жарық жағына сүйреуге міндетті. Соларға қазақтың мінездерін тастатып, айны-

май, қажымай, таза жүрекпен кемшіліктерге қарсы тұрып, бірлік жібіне жармасуларынан басқа не тілей аламыз.

Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999. – 5-т. – 116-118 б.



АНА ТІЛІН ҚАЛАЙ ОҚЫТУ КЕРЕК?

Бүгінде Америка әдісі, жиынды (комплексті) әдісі, тәжірибелі (лабораториялы) әдісі, құлшынды-белсенді (активнодвигательный) әдісі... тағы сондайлар майданға шығып, сөз болып жатыр. Бәрінікі – білім берудің төте жолын табу. Бізде көп әдістер түгіл жөнді бір де әдіс жоқ деуге болады. Елдегі шала мұғалімдерде қандай әдіс бар? Айтыңызшы! Рас, тіпті жұрдай емеспіз: “Әліпте жоқ, би астында бір ноқат” та өз әлінше әдіс боп келді. Ел мұғалімдерінің бала оқыту әдісі де соның ағайыны емей не дейсіз?

Тап осы қалыпта басқалардың қолданып жатқан көп әдісінің бірін ала қоюға ыңғайымыз келетін емес. Оқытушымыз, аспабымыз – бәрі шалағай. Және көп әдістер біз түгіл өзге өнерлі елде де жүйеленіп жетпей жатыр. Дегенмен, “көрің қадырға” жабыса беруден мән шықпайды. Қолдан келетін, пайдалысын біз де сығалап, шымқылап ала беруіміз керек.

Бұл мақалада “мынау пәлен әдіс” деп қолақпандай қып, қолға ұстата қоярлық пәлендей тартуымыз жоқ, орыстың түрлі әдістерін қарастырып, одан, бұдан құрастырып, әзірше ойымызға келген, тәжірибе етіп, қолданып жүрген қойыртпақ әдіс сымақтарымызды біз де айтқалы келеміз. Қарап отырғанмен, бүркей бергенмен бола ма? Журналға ықшамдалған мақалада қарқ қылуға да әуелі тіл оқытудың өзін былайша жіктеп алсаң, қалай болар екен:

- 1) жазу-сызу (емле) үйрету;
- 2) сөйлеуге, шығарма жаздыруға төселдіру;
- 3) тіл бақылау (грамматике);
- 4) әдебиет жайынан кеңес құру;

Бұл мақалада бастапқы екеуі туралы сөз қылармыз. Сөйтпесек, орын жететін емес. Тегінде әдіс туралы көп жазу керек қой. Бұлардың әрбіріне бір мақала жазылса да, аздық қылады. Біздікі қысқаша, үстіртін әңгіме болар. Мұның ең қиыны – жазу (емле) үйрету болуға тиіс.

Бұған шейін жазу дыбыс әдісімен үйретіліп келді. Дыбыс әдісінің кемшіліктері көп. Дыбыстарды бір айыртып, одан әр дыбысқа таңба (қаріп) салып, ол таңбаларды түрлі түрде құрастыру жас балаға зор машақат екенін оқытушы білсе керек. Біздің таңбаларымыз қайбір тиянақты? Біресе есіктің тұтқасындай сорайып тұрса, біресе шұнтитып, мықырайып қалады. Оның үстіне тап-таза естілетін дыбыс болған ба? Өте-мөте даусыздар. “Бигесекінді” (б) жеке күйінде айтып беріңізші! Сөз жоқ, басында “н” дыбыс шыға келсін. Басында естіртпеймін десең, аяғынан солаң етсін. Ол ол ма? Дыбыстардың жеке күйінде естілуі мен сөз ішінде естілуі тағы қайта келіп қалады. Мұның тағы бір жаман жері сол: салғаннан өлі дыбыс, өлі қаріп үйретеміз. Бұл психология заңына келмейді. Психологияның айтуынша, ұғым алу жолы былай: адам әуелі

нәрсені бақыламақ. Бақылаған нәрсенің суреті (пернесі) мида қалмақ, ол пернеге ат қойылмақ, сөз тумас. Дыбыс әдісімен оқытқанда, нәрсе бақыланбайды, перне қалмайды, сөз де болмайды, шуу дегеннен дыбыстың таңбасы деген “бірдеме” үйретіледі. Тағы да талай кемшіліктері бар. Әрпіміз, әліппеміз ыңғайына қарай, хат танытуға дыбыс әдісін қолданып жүрміз. Әйтпесе, қолға түспейтін төте әдіс бұл ғана емес.

Енді Америка әдісін қолдану керек деген әңгіме көтеріліп келеді. Бұл әдістің қандай екені туралы сөз көбейтудің керегі жоқ. Үйткені, оған лайықталып жазылған бізде әліп-би жоқ. Жаңа шығатын Ақанның әліп-биі кітабында осы әдіспен оқыту жолы да көрсетілсе керек. Сол шыққан соң, бұл мәселе қозғала жатар.

Сонда да емле үйрету жайынан бір-екі сөз айта кетейік.

Бір нәрсе туралы адамның саңылау мүшелері неғұрлы жапатармағай қызмет етсе, соғұрлы ол нәрсені тезірек, нығырақ меңгеріп алмақ. Білімнің қиқымы бейне бір суда жүзген жеміс: бес бармақты батырып, шеңгелдемесең, уысыңа түк ілінбейді, іліксе де, аз келеді. Ендеше, білім алуға қармақты тұс-тұсынан салу керек. Ол қармақтар – саңылау мүшелеріміз (көз, құлақ, тіл, мұрын, қол – дене). Балаға сөйлеңіз (тындасын!), жазыңыз (көрсін!) айтқызыңыз (тілімен қызмет етсін), жаздырыңыз (қолымен, денесімен істесін!). Міне, тұс-тұсынан қармақ салған деп осыны айтады. Мүшелері жегілсе, оқушы тез меңгеріп, тоқып алады. Сабақ сайын оқушының есінде болатын бір мықты әдісі осы болу керек.

Танық нәрселердің атын жаздырмай тұрып, өзін, әйтпесе тұрпатын, суретін, үлгісін, жоспарын көрсету керек. Мұның бірі де мүмкін емес екен, ауызша ұқсас нәрсемен салыстырып оқыту керек. Сонда барып миына перне қонады, сонда барып перненің аты көкейінде қалады.

Бұрын емле үйретуге жатқа жаздыру сән боп жүрген. Жаңа хат танып келе жатқан адамға хатқа жаздырудан да кітаптан не тақтайдан қарап жазған пайдалырақ. Үйткені, саңылау мүшелеріміздің ішіндегі ең шалымдысы көз болады. Ескі молдалар араб сөздерін қатасыз жазуды кітап көшірумен білетін. Көз деген – жақсы айна. Көркем жазуға да жол беру керек емес. Оны көркем жазуды көшіріп жүріп үйренгені жақсы. Хат жазу соңғы кездерде емле тексеру үшін ғана керегі болар. Онда да көп бола бермесін! Жазу үйрету туралы айтатынымыз осы-ақ. Енді сөзге төселдіру жайынан.

Сөзге төселдіру ә дегеннен басталу керек. Бісімілдесі – сұрау, жауап. Дұрыс қойылған сұрау дұрыс жауап алу керек. Дұрыс жауап бере алмаса, әуелі жолдастары, одан қалса, оқытушы түзетіп отырсын. Оқытушының түзетуі берілген жауаптың мәнісін түзету болмасын, сөйлемнің қырыс, қисынын түзету болсын, тілі жетпей тұрған жерін жөндесін.

Қазақ баласының бір әдеті: “бәлен етіп, сонымен кетіп, содан сүйтіп...” деген тәрізді нүктесіз шұбата береді. Сөйлегенде де, жазғанда да

қысқа сөйлеуге уағдалана беру керек. Ұзын әңгімені аз сөзбен қысқартып айтқызу – сөзге төселдірудің бір керекті жері. Бала түгіл, әлеумет қызметкері боп жүрген кейбір азаматтардың топтарда орыс сөзін қазақшаға аударғанын тыңдасаң, олақтығы көрініп тұрады: қысқаша мазмұнын өз ойымен айтып бере алмайды, сөйлеушінің сұрлеуімен түгел айтып шығам деп әуре болады. Кетеусіз, татымсыз көпсөзділікке тұрмыс үйретеді ғой. Одан пайда да бар шығар, әйтсе де, зияны басым болар. Түбінде көпсөзді адам берекесіз келеді. Аз, дәмді, тиімді сөздің қадірін қазақ та білген ғой, білмесе, “ердің құнын екі ауыз сөзбен кеспей” деп, мақтамас еді. Қазақ баласы бұлдыратып, түссіз қылып сөйлейді: ақтан тигізіп, тапбасар сөйлейтін адам кем болады; көбінесе құба жондатып, тайғалақтатып, бетін қырпып, жалпы сарынға салып отырғаны. Сотта жауап берген кейбір қазақ бұлтақтатып, құйрығын ұстатпай қояды; жауабын олай да, бұлай да ұғынуға болады. Қызылдар, ақтар елге кезек келіп, ығыр болған кезде қай келгені қыр қазағынан: “Қызылды жақсы көресің бе? Ақты жақсы көресің бе?” деп сұрайды білем, сұрап тұрғаны ағы екенін, қызылы екенін қайдан білсін. Жауабы қайшы келіп қалса, өлгені ғой. Сонда қазекең тұрып: “Сізді жақсы көреміз. Сізді жақсы көреміз” деп құтылады екен. Әрине, мұндай тапқыштықта пайда да бар. Бұл – мақтарлық нәрсе. Ал үнемі бұлдырата беру ойды дұрыс шығармайды. Ой дұрыс болмаса, білім табылмайды. Оқытушы осы жағын баса аңду керек.

Мектепте қысқа әңгімелер қалай оқытылу керек? Салған жерден кітаптан оқыта бастамай, алдын ала сол әңгімеге балаларды даярлап алған жөн. Балалардың көргені, естігені жайынан сұрап, сурет көрсетіп, әлдебір оқылған, сөйленген нәрседен, не өмірден алып, әйтеуір оқылатын әңгімеге балаларды төндіріп, ынталандырып алу керек. Содан кейін оқылса, әңгімені балалар құлшынып тыңдайды. Алдымен жақсы оқитын балаға, сонан соң төмендеуіне оқытылсын. Әңгіме қандай әсер берді екен, тыңдаушылар ойлансын. Ұғымсыз, жат сөздер түсіндірілсін. Суретті, көркем сөздері тапқызылсын, мазмұны қысқаша қайта айтқызылсын. Әңгіме бөлшектелінсін. Бөлімдерінен сурет туғызылсын. (Оңай сурет болса, балалардың қолынан келсе, тақтайға салғызылсын; қиын болса, ауызша суреттелсін. Болмаса, үйде салып келуге берілсін). Сұраулар қойылып, балалармен кеңесілсін. Әр бөлімдерін тақырыптатып қарасын. Әңгімедегі қаһармандар атынан сөйлетілсін. Әңгімеден баланың есіне не түсті екен, айтқызылсын. Қорытынды шығартылсын.

Оқылатын әңгіме қандай болу керек? Оны таңдау үшін, оқыту әдісін ескеру үшін мұғалім мынадай сұрауларды өзіне қойып алса, дұрыс болар еді: 1) осы әңгіме мектеп мүддесіне, баланың біліміне лайықты ма? 2) бұл сабақтың мақсұты не? Мөлшерлі уақытта сол мақсұтқа жете алам ба? 3) қандай әдіс қолданамын: а) әңгімеде шәкірттерге не таныс, не танық? б) әңгімеге даярлау үшін, алдын ала қандай

тұрғыдан қозғау керек? п) әңгіменің басқы пікірі қайсы? Жанамай пікірі қайсы? т) қиын сөздері, сөйлемдері: өзгеше жерлері қандай? ж) бала-лармен қай түрде кеңесемін? д) бұл әңгімеден дағдыландыруға (жаздыруға) қандай жұмыс, мәселе туғызуға болар еді? е) оқытқанда дауысты қай жерінде, қалай құбылту керек?.. Бұл сұраулар тек мысал үшін. Шалымды оқытушы әңгіменің түріне қарай, әдісін өзі таңдамақ.

Алғашқы кезде қысқаша көркем әңгіме, ертегі, мысал, өлеңнен бастап, жүре-бара маңызы да, көлемі де ұлғайып, әдебиеттің түрлі тарауларына жасалған жөн. Бас-аяғы жоқ ұзын әңгіменің бір қиқымын оқыту керек емес, аз да болса, бір нәрсе туралы толық айтылған, тұтас нәрсе оқытылу керек (ұзын романдардың әлдебір тақырыпқа жазылған лайықты жерлерін алуға, әрине, болады). Әуелі әліптеу (описание), содан кейін баяндау (повествование) түріндегі әңгімелер аралас алынған жөн. Әңгімелер, өлеңдер үлгілі әдебиеттен не балаларға арнаулы кітаптардан алыну керек. Өмірді әр жағынан суреттей алмаған, мақсұты, өнегесі сың-аржак, анық көрініп тұрған, әйтпесе ерсі сөздер балаға оқытылмау керек. Тұрмыстың жаратқыштық жағын суреттеген, көңілді ашқандай, ойды түрткендей пернелі, үлгілі, сырлы сөздер оқылу керек.

Түріне қарай, әңгімелердің оқыту жолдары да өзгеше болады. Газет хабарлары сықылды қара сөз бен толғаулы өлеңдердің оқытуы бір емес. Ертегі, әуезелердің пернелі, кестелі сөздерін тастап, баланың өз сөзімен қайта айтқызуға болмайды. Олардың маңызы қиялға әсер беріп, шарықтатуында толғаулы, суретті, сәнді сөздерді, өлең-жырларды өз сөзімен мылжалау жарамайды: олардың маңызы сезімге әсер беріп, көңілді ұйытқытуында.

Өмірді дәл суреттеген, қаһармандарын толық мінездеген аса бір жақсылары болмаса, Крыловтың мысалдарын көп оқыта беруден де пайда аз, үйткені, тегінде ондай мысалдарда терең мән болмайды; күндегі өмірдің тәжірибесі қасқырды, түлкіні, аюды, бұлбұлды, есекті мінездеген мысалдарын алуға болады.

Баланы күн бұрын даярлап алған соң, толғаулы, көркем өлеңдерді, сөздерді әуелі оқытушы өзі оқып берсе, балаға әсері күшті болады. Толғаулы, ырғақты сөздер күй емес пе?! Күйді күйші тартса, құйма құлаққа сый емес пе? Күйге қарай көңіл күйі билемес пе? Жақсы оқылған, толғаулы сөз балаға әсер бере алмаса, мұратына жетпегені. Алғашқы алған әсер күшті болады. Ендеше күйлі сөзді көп оқып, жасытпаған жөн, 3-4 қайтара оқылса, жетеді. Қара сөзге қолданатын әдісті ақын сөзіне келгенде тастау керек. Мұнда назар ақынның пернесі, суретті сезімі жағына аударылу керек. Түсіндірем деп, ақынның тілін созғыласа, әсер бұзылады; түсіндіру әсерді әлсіретуге емес, күшейтуге жұмсалсын.

Көркем әдебиеттен оқытқаннан кейін, балаларға, мәселен, мынадай сұраулар қойылса, жарайды:

1) Әңгіменің қаһарманы кімдер?

2) Заманы, орны, уақыты, жағдайы нендей?

3) Басында, ортасында, аяғында айтылмай кеткен, жетпей тұрған сөздер жоқ па?

4) Шығарманың өте маңызды жерлері қайсылар?

5) Қандай сөздер, жолдар, сөйлемдер өте сұлу, жат, күшті келген?

6) Қандай сурет салуға, қай-қайсын айттыруға болар еді?

7) Қай жері күйге келтіріп оқуға, қай жері сымбатқа түсіруге қолайлы?

8) Қай жерлері өте қуаныш, мұң, қауып-қатер, қайғы, шаттық сезім туғызады?

Дауысты құбылтып, мұғалім оқи бастаса, мұның бәріне оқушы жауап бермей қоя ма?

Енді шығарма жазу туралы азырақ сөз.

Шығарма жазу – сөйлей білгеннің белгісі. Бірақ сөзшендік пен жазымпаздық бір емес. Әрқайсысына өзгеше зеректік, өзгеше дағды, еңбек керек.

Шығарманың материалын (дерегін) қайдан болса, содан алуға болады. Көбінесе шығарманы оқылған әңгімеден туғызу керек. Не әңгіменің өзі қайта жазылсын, болмаса әңгіме арқылы баланың есіне түскен нәрсе айтқызылып, содан кейін жазуға берілсін. Әрине, оны бір сабақта, бір сағатта істеп бітіруге болмайды; көлеміне қарай уақыт шамалану керек. Белгілі тақырыпқа, белгілі планмен жазу алғашқы кезде қиын тиеді. Сондықтан әуелде плансыз жаздырып жүріп, бара-бара планды тәжірибе арқылы өздері тапқандай болса, тым жақсы. Тақырып көп жазу тілемейтін дәл, ықшам болу керек. Жылдың мезгілдері, өмірбаяны, көрген-білгені деген сықылды кең өрісті тақырыптардан қашу керек. Тақырыпқа жазып, төселуге класқа сурет әкеліп, іліп қойып, әліптеткен жақсы. Қазақ баласына класты, орындықты, шкафты суреттету сықылды өмірге керексіз жұмыстар берілмеген жөн, одан да “әке, шеше, туғаным не істеп жүр екен?” деген тәрізді ойландыратын, сезімін, қиялын ұстартатын нәрсені жаздырған артық. Бұл тәрбие жағынан да татымды. Оқушылардың бір бүйрегінен ауылы, елі кетпегені жарайды. Бұған талай жерде оралып соғып отыру керек. “Өзі болып, төркінін танымай кететін” жаман қылықтар алды-артына қарап, ойланбағандықтан, өзіне есеп бер-мегендіктен туады. Неғұрлым шығарманың тақырыбы күндегі өмірден, әсіресе, еңбектен, істен, балаға пайдалы, зиянды, жұғысы бар нәрселерден алынса, соғұрлым бала жұмысына ынталы болмақ, ендеше, жемісті де болмақ.

Үй ішіне, жолдасына, танысына сәлем хат жазғызып үйрету де пайдалы нәрсе. Дардай жігіттердің хат жаза білмейтіндері көп болатын көрінеді (Әсіресе әскерлік мектепте).

Газет хабарларын оқытып, тақырыптатып, тілін, сөз құрлысын бақылату, ол хабарлар туралы кеңесу, мәселеге пікірлерін айтқызу, өз-

деріне көрген-білген елдегі жұмыстарды хабар қылып жаздыру, жақсысын басқармаға жіберіп тұру – міне, өмірге керекті, пайдалы тақырыптар. Газеттің белгілі бөлімдерін әр балаға не бірнеше балаға оқып отыруға тапсырса, бір-екі жеті өткенде сол бөлім туралы баяндамалар жасап, өздері жоба ұсынса, мұның бәрі жұртшылыққа, азаматтыққа аяқ басқанның нышаны болар еді. Газет оқуға қызықса, сөз жаза бастаса, әлеумет жұмысына араласқаны деп біл.

Оқылған, естілген әңгіменің мазмұнын қайта жаздырғаннан да бастан кешірген оқиғаны, көрген-білгенін, өз пікірін жаздырған артық, бастапқыда сөз құрастыру жағына көбірек назар салса, соңғыда қиял, сезім, шығарғыштық қуаттары да қызмет етеді. Өз бетімен істеп шығарған қандай рақат! Өз күшіне сенімі артып, бір жасап қалады.

Шығарма жазылды. Оны қалай түзету керек? Өз қатесін жазушы өзі түзетуге кіріспесе, ондай шығармадан пайда да шамалы. Бұрынғы оқытушылар шәкірттің дәптерін қарағанда қызыл сиямен сызып-сызып, “жаман, жақсы” деп қоя салатын, болмаса, “пәлен жерін қайта көшір! Өне жері анадай боп кетіпті...” деп бірдеме жазып қоятын. Шәкірт “жаман, жақсы” дегенін көрсе болғаны, жаман болса, тыға салатын, жақсы болса, жайып салып, жолдастарына көрсететін. Ол жолмен шығарма түзету керек емес. Әсіресе, алғашқы кезде, жеке баланың жазғанына көптеп, бар класс түзету керек. Бәрін бірдей класта түзетіп шығаруға уақыт жетпейді екен, бұған мынадай шара істеу керек: үлгі қылуға жақсы, жаман, орташа жазылған үш шығарманы алып, соларды көптің талқысына салып, мінетін түзету керек. Ол – бір. Екінші – шығарманың бәрін түгел оқып шығамын демей, ең оғаш жерлерін алып, тақтайға жазғызып, балаларға түзеттіру керек. Бірталай шығармаларды солай өткізуге болады. Тақтайға жаздырып түзеткеннің пайдасы: көз қанады, ал енді шығармаға төселген кезде оқытушы түзетіп әкеліп, оғаш жерлерін, тәуір жерлерін көрсетіп, қайырса да жарайды.

Олақ оқытушы бар баланың жазғанын бір қалыпқа сыйғызып шығарам деп әуре болады. Әлгі “бірдеме” зорлық деген осы болады. Етікші, ерші ұста біткеннің қолы бір ме? Әркімнің өз ойы, өз оңтайы болады. Баланың ой желісі, өз оңтайы болады. Баланың ой желісін, өз оңтайын бұзып керек емес. Тек өз сарынымен келмей, үйлеспей тұрған сөздерін дұрыс құрастырып, не демек болғанын табу керек. Тамыршылық осында.

Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999. – 5-т. – 194-200 б.

ҚАЗІРГІ САЯСИ ХАЛ

Кешегі аузы апандай, ауыз бақандай, арамза Николайдың қолтығынан құтылғанда жұрт “әулиеге ат айтып, қорасанға қой айтып” дегендей “әуе!” деп алып, енді еркіндік болды ғой деп бір серпіліп, Құдайға шүкірлік қылып, қуанып қалып еді. Қысылған ел, қырылған жан, көгенделген азамат, не түрлі бәле – бәрі де естен шығып, енді пынжыр бұғаудан құтылды деп, жұрт болу үміті көңілге кіріп еді. Онымыз асығыстау екен.

Ұрандасып, бас қосып, кеңесіп, ұлт жұмысына кірісе бастағанда қожасының артынан қолы келіп, басымызға міне түсті; Ол қол – ойдан, қырдан жиылған жітікке саяқ. Олжа тапқыш сығандар, социализмнің атын сатқан большевиктер. Революцияның бергені – бостандық, теңдігі, большевиктің істеген жұмысы – ел шауып, олжа табу, аузын ашып, қарсы келгендерді шабу, асу, ату болды. Большевиктің босяқты қырғындығын көрген жұрт жағасын ұстар. Николай бірсәрі екен ғой деген де болды. Большевиктің содыры тимеген ел, таланбаған дүние, талқан болмаған қала қалмады. Жерінің шалғай, елінің бытырандылығынан талас болып, амандау қалып отырған – біздің қыр халқы. Большевик хүкіметі тұра берсе, қазақ та аман қалатын емес еді. Бұл большевик жұрт қамын ойлаған басшыларымыздың қолға түскенін жапты, ұстап алса, өлтірмек те болды. Бірақ жауыздың тілеуін Құдай бермеді. Әлгі басшыларымыз аман-есен құтылып, бүгінге келіп шықты. Қазақ басшыларын бұл халға түсірген, әрине, өзімізден шыққан соғылғандар. О соғылғандар кім еді? Олар пайдасы басынан аспайтын бықсыма көңіл, бояма ұлтшылдар еді; Заман қалай өзгерсе, фікірі солай өзгеріп отыратын қорқақтар еді; Аласапыранда атқа мініп, арам жолымен атақ алуға арланбайтын арамзалар еді; Боран болса, жүгенін беліне байланып, сүргін аңдыған ұрықарылар еді; Қылт еткен күні сылт етіп, алаш аруағына пышақ салуға шіміркен-бейтін жүзіқаралар еді.

Мұрнының ар жағындағыны болжамайтын шолақ ойлы сорлылар бүгінде өзіне қазған орынан өзі шыға алмастай болып, аруақ-құдайға шет болып, лағнет таңбасы маңдайына басылғалы отыр. “Үйде оңдырмағанды Құдай түзде де оңдырмайды” дегендей, бейбітшілікте адам болмаған шабыншылықта адам болсын ба? Большевикпен қабат шолтаң ете түсті. Большевик көзі жоғалды.

Жоғалуы ғажап емес, большевик ұзақ өмір сүрмейді деп білетіндер айтып-ақ жүрген, қарап отырған жұрттың дүниесін, малын тартып алып, өзін шауып өлтіріп, шаруаны күйзелте берсе, кім шыдар? Зорлыққа шыдамаған халық ашынды. Россияның нәр жерінен ақ гвардия, казак-орыс, афесерлер қосылып, күш жинап большевикті жоюға қам қылған. Соның аяғы – осы майдың ішінде бүкіл Сібір қалаларындағы боль-

шевиктер құйыла бастады. Омбы, Том, Новониколайск, Краснояр, Ақмола, Қызылжар, Көкшетау, Павлодар, Қарқаралы, Семей, Барнауыл, Өскемен, Зайсан – бәрі алынды. Большевик быт-шыт болып қашуда. Басқа қалаларда большевикпен ұрысып, шығын болып алынғаны да болса керек; Семей шығынсыз, бір кісі өлмей құтылды. Оның себебі, Семей большевиіінің жан-жағындағы қалалары алынып, сүйенері болмағандықтан, Семей қоныс болмайтынын білді; Оның үстіне казак-орыспен казак қосылып, қырға афесерлер алып шығып, казак басшылары ғаскерін жасай бастады, сондықтан 29-ыншы майда Семей большевиіі үн жоқ, түн жоқ, бір күнде пойызбен сызған.

Семейден, Барнауылдан қашқан большевиктер Рубцовка деген қала маңында жиылып жатыр дегенді естіп, большевиктің тұқымын құртуға офицер, казак-орыс, казак отрядтері жіберілді. Казак отряды большевикпен төбелесіп, қуып, бірнеше кісілерін тұтқын қылып қайтты.

Енді большевик қалған жер – Түркістан жағы. Барлы-жоқты күші Ташкентте деген хабар бар. О жаққа тіліграм жүрмегендіктен, оның хабары алынбай тұр.

Петрград, Мәскеу большевиктен босады; бұрынғы уақытша хукімет алды деген тіліграм хабары бар.

Сібірді большевиктен тазартып, елді Сібірді билеп отырған – Сібір хукіметі. Сібір өз бетімен іске кірісті. Бұрынғы большевик жоғалтқан жергілікті мекемелер: земство, комитеттер қайта құрылды. Сібір хукіметінің ұраны – халықты өзіне билету, біздің учредительное собраниеіні жасау.

Алаш қаласына казак басшылары жиналып, Алаш Ордасын көтеріп, қызметке кірісе бастады. Алаш Орданың қазіргі мақсаты – казакты жұрт қылып, автономия алу. Осы жолда Алаш Орда милициясын жасап, қазынасын толықтыруға кірісіп жатыр.

Енді казак елеулі ел болам десе, санаулы сыбаға алам десе, алатын кезі келді. Алғанда немен алады? Әрине, белдесіп, теңдесіп отырып айтысса, алады. Белдесуге күш керек, теңдесуге жол керек. Бүгінге шейін “пәлен миллион жұртымыз” дегеннен басқа арқамызға таңып, бел қылатын күш жоқ еді. Өзге жұрт не автономиясын алып, не ала алмай жағаласып қалып жатқанда, біз күйбеңдеп қала беретініміз, қызылкенірдек болып, омыраулап кете алмайтынымыз немене еді? Әрине, таянатын, сенетін күшіміздің жоқтығы болатын. Шамамыздың кемдігінен большевик хукіметі автономия берем деп, емексітіп, алдап кетіп отыр. Енді күш алдырмаймын, ғаскер жасатпаймын дейтін большевик жоқ. Әлде болса, “Ханның қара сыбағасы” деп алдымызға әкеліп беретін автономия жоқ, бұ заманда сыбаға ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен алынады. Осылай болса, азамат, атқа мін, милиция болу керек. Жалпы жұрт ел болайық деген нанымды көңіліне тоқыса, ел болады. Басшының соңынан ерсе, айтқанын қылса, азаматын, ат-тонын аямаса,

ел болады. Артынан елі ермеген басшы – басшы бола алмайды. Басшының артынан ермеген ел – ел бола алмайды. Құдайға шүкір, әзір басы аман, малы түгел еліміз де бар, ел қамын ойлап, тура бастарлық еріміз де бар. Ендігі тілеу – елімізге ес кіріп, ер етегін түйіп, жер-су, үрім-бұтақтың қамын ойлатар күн болсын. Сонда, алаш туы, желкілдеп түрленерсің; сонда, Сарыарқа, түрленіп гүлденерсің; Сонда, алаш баласы, іргелі ел боларсың!

1918-жыл.

Әзірлеген – Нұржан Қуантайұлы.

“Жас Алаш”. – 2002. – 3 тамыз (Рух, № 7).



МЫСЫҚҚА ОЙЫН, ТЫШҚАНҒА ӨЛІМ

(Әңгіме өмірден алынған)

– Күн ұзын терген тезегің сол-ақ па? Бар, тағы бір барып кел, – дейді Күмісай. Ол кезде он бір-он екі жастағы Ұрындық бақайшағы майысып, аз толмас қапты көтеріп, жерошақ басына таянып еді. Тезекті тастай беріп, аузы бұртиып, жылайтын балаша кескіні бұзылып, Ұрындық сырт берді.

– Бадалғыр! Бар деген соң бар енді! Шашыңнан түк қоймай жұлармын! – деп, қызыл шолақ сиырды сауып жатқан Күмісбай шабынып түрегелді.

Күмісай тұрғаннан соң оңбасына көзі жетті. Ұрындық бас терісі аузына түсіп, қапты жұлқылап, әкелген тезегін төге бастады. Күмісай сиырына қайта отырды. “Маңайда тезектен түк жоқ, қайта-қайта жұмсайды... Көкжұлын қып өлтіреді ғой” – деп Ұрындық мыңқылдап, көзін басып, қабын иығына салып жөнелді. Уақыт намаздыгердің алды еді.

Күмісайдың шаңқылдаған даусымен үш қанат киізді лашықтың ішіндегі қаймақ ұрлап жеп жатқан жалаңбұт, алты жасар Құрмаш шошынғаннан селк етіп, қаймақты төгіп алды. Сасқалақтап, жүгіріп есікке барды, Күмісайдың сиыр сауып жатқанын көрді де, қылмыстың ізін жоғалтқалы қара аяқты түзеп қойған болды. Қаймақты екі қолымен тырнап топырағымен аралас аяққа салып жатты. Мұрны пысылдап, есікке қарай түседі. Қаймақ жұққан бес саусақпен мұрнын сүртемін деп, бет-аузының бәрін қаймақ қылып алды. Қанша епті болғанмен, алты жасар бала ұрлығын шығармай қоя ма, ноқталы кебеженің бұрышына тығылып отырған мезгілде тері шалбары саудырлап Күмісай үйге кірді. Құрмаштың отырысы, алақтап жалына қарағаны сезікті еді. Бет-аузындағы алабажақ қаймақты, топырағымен аралас қара аяқты көрген соң Күмісай күйіп кетті.

– Жер жастанғыр, жайрап қалғыр! Жайратып отыр екенсің ғой, көгала! Түйнеме келгір! Ындының құрып бара ма? Түйнеме келтірейін, – деп Құрмашты бір қолынан ұстап, лақтырып жіберді. Шапалақ басқа да тиді, көтке де тиді. Құрмаш есенгіреп қалды, қарғыстан ішін кептірді, таяқтан сілесін қатырды.

Ол кезде Құрмаштың інісі Нұрмаш үйдің артында бір шұбар қоңызды ұстап алып, ауызға таман апаруға ыңғайлап отыр еді. Күмісайдың қатты айғайы қоңызға жәйлі келді, Нұрмаш қолы дірілдеп, қоңызды құтты жеріне қондыра алмай айрылып қалып еді.

Ұрындық жаны кейіп, көзінен жасы парлап, қабын толтыра алмай жүр. Құрмаш қаймақ ұрлап, сыбағасын алып, жылауға шамасы келмей, сілесі қатып ол жатыр. Қорек қылатын ала қоңыздан айрылып, зәресі ұшып, көзі бадырайып Нұрмаш отыр. Бүгінгі емес, балалардың күндегі

көретін күні осы. Тамаққа жарымайды, ұрлық қылады. Бар бас көтерері – он бір жасар Ұрындық тезек, сумен көкжан болып, бейнетте өмірі өксулі. Осындай қорлықта, зарлықта жүрген үш бала кімдікі деп ойлайсыздар? Қара құрсағын қақ жарып іштен шыққан баласын туған ана өстер ме еді?

Туған ана осынша мейірімсіз бола ма екен? Әлде Күмісай сонша жүрегі тастан жаралған адам деп ойлайсыздар ма? Олай емес, ол балалар әке-шешесі жоқ – тірі жетім. Күмісай – олардың нағашы апасы. Әке-шешесі жоқ болған соң, бір кезде тұқым еді деп екі сиырымен қолына алып еді. Күмісайдың өзінде бала жоқ. Бұрын бес-алты бала тауып, оның бәрі о дүниелік болған. Жасы қырықтың жуан ішіне кірді, байы алпысқа таянып қалды. Өзінде екі сиыр, жетімдердің екі сиыры – төрт сиыр сауып отыр. Енді балалардың қалайша бұл күйге ұшыраған мәнісін айтайын.

Осы елде жеті атасынан бері бақ-дәулет арылмаған күшті атаның тұқымы Үкімбай деген жігіт бар-ды. Үкімбайдың өз әкесіне мың біткен, ағалары болыс болған. Бұл күнде дәулет қайтып, орташа ауқатқа қараса да, адамгершілік үзілген жоқ. Біреудің ақысын бұлар жемесе, кісіге ақысын жегізетін бұл тұқым емес.

Үкімбай жасынан дәулет масы бай баласы болды. Тұқымның дәулетін, адамгершілігін арқаланып, бетіне келер жан болмай, шалдуар, сотқар, қияпас жігіт болып өсті. Аталы ауылдан қыз алды, атадан топтан енші алды. Алғашқы келіншегі өткен соң, орташа жерден тағы алды. Оның үстіне көңілі қосылған бір әйелді және алды. Өз алдына бір бай, жас отау болып дәурен сүрді.

“Ат мінсе ауынан” дейтін бір мәтел бар. Кей жігітке қатын тұрмайды, кей іреуге бала құрамайды, тағдырдың жазуы ғой – Үкімбайдың соңғы қатындары да бірінен соң бірі дүние салды, алғашқы қатындардан үйемелі-сүйемелі төрт бала қалды.

Қатыны қайтыс болғалы он бес күн болып еді. Үкімбай үйде отырса да, атқа мінсе де, шаруа қараса да елдің сөзіне, дауына, барымтасына қатынасса да, жатса да, тұрса да бір қатын алу ойынан шықпайды. Қалай болады? Жас болса қырыққа келіп қалды, мал болса шағын, елу шақты қараның жарымын бермей, қыз келмейді, әлде ыңғайлы қыз да жоқ. Сырын білмеген ноқтаның жуан тұғырын мал шығарып алғанмен, ол әлдеқандай болып шығады. Шаруа ұстай ала ма? Өзі шаруақор, өзі арзан әйел қайдан табылар екен? Міне, Үкімбайдың басын қатырып жүрген осындай ой еді.

Үкімбай шай ішіп отыр еді. Тыста ит үрді, түйеге арба салған екі-үш қатын түсіп жатыр деп, ер бала айтып келді. Кешікпей қатындар үйге кірді. Бата қылуға келген көрші ауылдың қатындары екен. Тұрғамбай-

дың шешесі, Ұлтарактың қатыны, Бәйміштің Рақиласы. Ішіндегі алып алары Рақила. Өзгесі кемпір-семпір. Рақилаға көзі түскен жерде-ақ, япырмай, Рақила қалай жұғымды, жасы отыздан асса да, әлі жап-жас, өңі тайған жоқ. Аққұба, маңдайы да жарық, әнтек мұрны шошағырақ болмаса, өзі де биязы, киімі құбатөбел болса да, кірі жоқ, таза, бойына қонымды, не керек, қазақша биялайға лайық бір әйел.

Оның үстіне Рақиланы Үкімбай баяғыдан біледі. Бұшпағы қанамағанмен, ит терісін биялай қылатын, асы берекелі, дәмді, үйінің іші тап-тұйнақтай болатын. Рақиланың кескініне қарағанда шаруаға күнтақты екені де Үкімбайдың көзіне елестеді. Бәйміштің үйін үй қылып тұрған — Рақила. Үкімбай бозбалалықты көп істеген. Ол кезде Бәйміш бұған қоңсы еді. Үкімбай Рақиламен ойнап-күлген болатын. Сондағы Рақиламен аңыз арасында жүргенде жолығатын тәтті шақтары да есіне түсті. Сонда Рақила сүйкімді еді, денесі де жұғымды.

Рақилалар шай ішіп, аз отырып қайтты. Бірақ Рақиланың сүгіреті Үкімбайдың көңілінен шықпады. Рақиланы алсам қайтер еді деген ойды олай қорытты, бұлай қорытты. Ол көңіліндегі әйелі, арман қылған әйеліне дәл келді. Әрі шаруаға, әрі балаларға жақсы, әрі алуға оңай, арзан, әрі еркекке сүйкімді, қыбын табады, әрі... қай жағынан болса да Рақиладан оңды қатын жоқ. Жалғыз-ақ айнытатын: Бәйміштің көрші ақысы, кірмелігі, баласының жоқтығы оғаш зорлық болады. Әйтсе де Рақиланы алуға дәлел көп, бала таппайтын қатын Бәймішке не керек? Мүмкін тағы бір қатын алса, бала көрер. Қайта менің алғаным да пайда деп өзін ақтады. Ағайын, туысқан мұнымды жақтыра ма? Көршімнің қатынын тартып алғаным оларға теріс көрінбесе деген сұрауға теріс болсам, мен боламын, олар маған жақсы қатынды қайдан тауып береді. Мен үшін кім мал шығарады? Шығаратын мал бар ма? — деп жауап берді. Сонымен ұзатпай Рақиламен сөйлесуге, жолығуға, көнсе, тез алып қашуға бел байлады. Үкімбай тұзу, қисық болса да, ойынан ісі бөлек кете қоймайтын, бір беттесе, әкесі тіріліп келіп айтса да, көне қоймайтын мінезі барды. Сол мінезге салды. Рақиланың ауылына барып, Бәйкендікінде отырып Рақиланы шақыртып алды. Үкімбайдың тілін Бәйкен екі қыла алмайды: кешегі пәленшекеңнің баласы, әлі де шауып аламын, жоқ қыламын десе, қолынан келеді.

Алғашқыда Рақила таңданса да, қорықса да, он бес жыл бірге өмір сүрген байын аяса да, Үкімбайдың басына, жастығына, дәулетіне, адамшылығына қызықпай тұра алмады, жүрегі қобалжыды, ойланып жауап бермек болды. Оған Үкімбай шыдаса да, қатыны өліп, көзі қарауытып жүрген кісі баяғыны бастауды тілек қылды. Соңғы тілегін алып, Үкімбай көңілін дауалап, үйіне қайтты. Ойланайын дегені жәй сөз, көнуі шексіз екенін сезіп кетті, өйткені, Рақила бауырына қысып, “жаным!” деп, тамағынан қатты сүйіп еді.

Екі-үш жолыққаннан кейін Үкімбай Рақиланы алып қашты, Бәйміш жазған ол күні кісіден аласы тайыншасына кетіп еді. Қатыны кеткенін ауылы айтты. Азаланды, күйінді, қорлыққа шыдай алмай, өлмек те, өлтірмек те болды, өліп кетпек те болды. Ел адамдарына барды, жылады, сықтады. Олар Үкімбайды теріс қылды, қатынын қайтарып береміз деп сөйлесті. Тартып әпереміз деп айтысты. Ол хабарды естіп, Үкімбай қатынды сотқа әкетті. Сотқа ел адамдары да кісі жіберді. Соттың ағайындарын араға жүргізіп, Үкімбай қатынға бостандық қағаз алып қайта келді.

Бәйміш дамыл көрмеді. Сотқа барды. Сот “жайластыр” деп елге сенімді кісі жіберді. Ол кісі ел адамдарымен сөйлесіп, Үкімбайдан Бәймішқа төрт қара әперілсін деп бітім айтты. Оған Бәйміш разы болмаған. Сонымен қатынды алып Үкімбай жатты. Арада бірталай күндер өтті. Үкімбай соттың жіберген кісісін разы қылды. Кесілген малды да төлемеді.

“Уақыт солай болды, бір сайтан азғырды, қайтейін, Құдайға тапсырдым”. Малсыз, қатынсыз, қорлыққа көніп, үйі иесіз қалған Бәйміштің айтар сөзі осы-ақ. Бүйтіп отыруға болмайды, тірі кісі тіршілігін қылу керек, Құдайдың салғанына кім көнбеген. Бәймішке қатын алу керек. Байы өлген, байын менсінбеген, қайтып келген қатын бар ма? – деп өткен-кеткеннен Бәйміш сұраулас болды. Ыңғайлы, дұрыс адам табыла қоймады.

Ендігі Бәйміштің мақсаты: қартайғанда перзент көретін бір әйел алу еді. Көптен құлағында бар-ды, қасындағы ауылда Серікбайдың қатыны бұзылып жүр деген сөз. Серікбай – екі сиырдан басқа малы жоқ бір кедей. Былтыр пайда табам деп тоғайға кеткен. Содан бері хабар-ошар жоқ. Қатыны отызға келмеген жас адам. Үш баласы бар. Асырап сақтайтын бай жоқ, сүйенер кісін жоқ, бұл жерде отырып күн көре алмайсың ғой деп, төркіні қатынды азғырып жүретін. Төркіні қызын екі-үш қараға сатып, аужал қылмақ болатын.

Бәйміштің қатын іздеп жүрген хабары естілді. Серікбайдікіне қатынның төркіні келіп сөйлеседі. Қатын үш баласын тастап, кетуге көнеді. Оны бітіріп алып, төркін Бәймішке келеді. Сен қатын алмақ ойың болса, біздің баламыз кеткелі отыр. Сенде бөтен кісі емес едің, бізге баламыз жыламайтын орын керек. Сен жолықсын деген соң, сөйлесе кетейінші деп келіп едім. Бір малтапқыш қу сөйлеседі.

Бәйміш бұл қатынды ойласа да көңілі тұрақтамай жүруші еді. Өйткені, Серікбай жалғыз жігіт, жалғыздық өз басында да бар. Оның үстіне қатынның үш бірдей баласы шулап жетім қалады, олардың көз жасы, обалы кімге? – Бәймішке. Қызыл қарын жас балаларды шулатып

тастағанда не барқадар табамын? Үкімбай маған зорлық қылды деп, менің Серікбайға зорлық қылуым Құдайға мақұл ма? Ит жеңгенін талайды деп, әлімжеттік қылған болармын. Серікбай – ағайынды кісі, өштесіп кете ме деп ойлаушы еді. Бұл жолы осыны көп ойлады. Бұл ойын келушіге де айтты.

Ол қарсы дәлелдер келтірді. Сен алсаң да, алмасаң да, Серікбайға ол қатын тұрмайды. Бізге бәрібір, біреу табылар, байсыз тұра ала ма? Өзің білесің, – деп жүріп кетті. Бәйміш сөз байлай алмай, қала берді.

Бір жұма өткен соң Бәйміш мынадай хабар естіді. Серікбайдың қатыны төркініне барыпты, сотқа барып, бостандық қағаз алыпты, балаларын. Серікбайдың нағашы ағасының қолына кіргізіп беріпті. Серікбайдың ағайындары барып, екі тайынша алып, бітіп келіпті.

Бұл хабарды естіген соң Бәйміш қайта ойланды. Ол – бала тауып отырған қатын. Мен алмағанмен, біреу алады екен. Бұдан арзан қатын табылмас, обалына мен қалмаймын, төркіні қалып отыр. Қой, осы қатынды алып қалайын деп ойлады. Осы ойға бекіп, ертеңінде атқа мініп, қатынның ауылына барды. Қатынның туысқандарымен сөйлесіп, үш қараға келісіп, алып қайтты. Төркінінің мақсаты да екі-үш қараға Бәймішке бермек еді.

Сөйтіп, Үкімбай өзінен төмен Бәйміштің қатынын алды, Бәйміш өзінен төмен Серікбайдың қатынын алды, Серікбай қатынсыз қалды. Серікбайдың үш баласы Ұрындық, Құрмаш, Нұрмаш тірідей шешеден айрылып, жетім қалды. Серікбай есен-сау келе ме, жоқ па? Мәлімсіз. Келген күнде де Серікбайдың қатын аларлық шамасы жоқ. Әңгіменің басындағы тезекке кеткен Ұрындық, тамаққа жарымай, ұрлық қылып, таяқ жеп отырған Құрмаш, үй артындағы қарны аш Нұрмаш қорлықта жас өмірі өксіп отыр. Олардың көз жасы кімге? Оқушы өзі шешсін.

*Әңгімені баспаға дайындап, ұсынған –
Байғали Бейсенбаев*

*М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
Абайтану бөлімінің ғылыми қызметкері*

“Ақиқат”. – 1992. – № 8. – 80-83 б.

ТӘРБИЕ

Малдың баласы туысымен тәлтіректеп, аяғын басып, біраздан соң буынын бекітіп, жүріп кетеді. Бұл неден? Денесінің жетіліп, күшті болып туылғанынан. Ширақтықтан. Аса суық болмаса, жеңіл-желпі салқында туған қозы, бұзаулар өліп қалмайды. Бұл – өңінің қалыңдығынан, шыдамдылықтан. Тауықтың балапаны жұмыртқадан шығысымен енесімен бірге қазандап жүріп, тамақ шұқып, жей бастайды. Үйректің балапаны жұмыртқадан шыққан соң енесіне еріп жүре береді. Ал торғайдың балапаны жұмыртқадан қызылшақа болып туады да, жуырда ширай алмай, бірнеше заман аузын ашып, шырылдап тамақ сұрап жатады. Иттің, қасқырдың, мысықтың балалары көзін ашып, жер бауырлап жүріп кеткенше бірталай заман. Құмырсқаның баласы – алғашқыда ұзыншақ қана ақ құрт қимылдай алмай жатады. Жүре-жүре өсіп, мүшелері білініп, қанат пайда болып, ұшып кетеді. Сонан кейін қанаты түсіп, кәдімгі құмырсқа бола-ды.

Жоғарғы айтылғандардан көрінеді, қыр хайуанының баласы әртүрлі халда туып, кейбірі тез ширап, тамақ жеуге жарап, кейбірі баяу ширап, кеш өсетіндігі, бірақ қайсысына да болсын аз яки көп күтім, асырап-сақтау, үйрету-баулу керек. Бұл айтылған хайуандардың баласы көп болса, бір-екі айдың ішінде өз бетімен жүріп-тұруға, кейбірі тамақ тауып жеуге де жарап кетеді.

Ал енді адам баласын қарасақ, хайуан баласынан анағұрлы нашар, болбыр, нәзік болып туады. Аяғы басуға, қолы ұстауға, көзі көруге көпке шейін жарай алмайды. Өңінің жұқалығынан, денесінің нәуетектігінен ыстыққа да, суыққа да шыдамсыз болады. Бір жылда, бір жарымда аяғын әзер ғана басады. Онда да тамақ тауып жей алмайды, өзін-өзі ақтай алмайды. Денесі қуатты, мүшелері ширақ болған хайуан баласына азды-көпті күтім, асырау керек болса, денесі әлсіз, сезімдері жетілмеген адам баласына күту-асырау, сақтау, үйрету – бір сөзбен айтқанда, тәрбие өте керек.

Хайуан баласын тамақ аулауға, ыстық, суықтан, жаудан, пәледен бас қорғауға үйретеді. Адам баласына хайуан сықылды тамақ табу, бас қорғау үшін берілген тәрбие жеткілікті болмайды, себебі, хайуан мен адамның тұрмысы, мақсаты екі басқа!

Хайуан бет-бетімен, тамақ аулап, жан сақтап жүре береді. Адам жеке-жеке жүріп, күнелте алмайды, себебі: адамның хайуандардай аузы, тұяғы тырнағы, мүйізі жоқ, суық пен ыстыққа шыдамсыз нәм адам ол хайуан қалпынан кетіп қалды және адамның кәрі, жасы, ауруы, дімкәсі бар. Бұларды не керек қылмай хайуанша тастау, не жеп қою керек. Болмаса, асырау керек.

Осы күнгі өмір жүзінде көмектесіп, серіктесіп істемесе, бір кісінің қолынан келе бермейтін жұмыс көп.

Хайуан жаратылыстан өзіне біткен бір сезімнің қуатымен өзіне лайық болған қылмыстан артық еш нәрсе істемейді. Адам жүгенсіз бетімен кетсе, адамдыққа лайықсыз талай қылмысты істейді. Сондықтан адам жалпыға бір канонға (закон) мойын ұсынуға керек. Қысқасы, адам баласы бірігіп, қауым болып тұруға мұқтаж.

Бір қауымды денеге ұқсатсақ, әрбір адам — сол қауымның мүшесі. Әр мүше өзіне тиісті қызметін атқарып тұрса, дене тіршілік қылмақ; болмаса, дене әлсізденіп, дiмкәрланбақ. Міне, осы сияқты адамның малдан тұрмысы басқа болған себебі, адамның тәрбиесі де малдан артық ьәм қиын. “Хайуанның адам сықылды қауым болып тұратыны бар емес пе?” дер біреу. Рас, құмырсқа, бал құрттары қауым болып тұрады. Жалпы қызмет қылады, бірақ олар туралы кейін толық жазбақпыз.

Тәрбие екі түрлі: дене тәрбиесі, жан (рух) тәрбиесі. Хайуан көбiн-есе денесiн тәрбиелейдi. Адам баласына дене тәрбиелеудiң үстiне жанын (рухын), ақылын, сезiмдерiн, жiгерiн-мiнезiн тәрбие қылу керек. Денесi мен жаны бiрдей тәрбиеленбеген кiсi сыңаржақтау бола бередi. Мысалы мынау: бiреу денесi күштi, бiрақ ақымақ; бiреу ақылды, бiрақ денсаулығы нашар; бiреу рахымды, бiрақ ақылы аз, бiреу ақылды, рахымы аз, бiреу қайратты, бiрақ пейiлi арам, бiреу ақпейiл, бiрақ жiгер жоқ. Бiреу мақтаншақ, бiреу қорқақ, бiреу ұялшақ, мiнездiң, ақыл-қайраттың әртүрлi болмағы тәрбиенiң түрлi-түрлi болмағынан. Адам баласының арасында ұрлық, зорлық, өтiрiк, алдау, кiсi өлтiру, талау сықылды неше түрлi бұзықтықтың көптiгi — тәрбиенiң жетпегендiгiнен.

Мәдениет жүзiнде адам баласы құс болып ұшып, балық болып жүзiп, алысты жуық болдыруды анық қалап отырса да, бiрiн-бiрi өлтiруi, зорлығы, қиянаты қалмай отыр. Неге? Адам тәрбиенiң құлы болуға жетпей әлi күнгi табиғаттың құлы болып жүргендiк. Адам баласы қашан табиғатқа құл болудан құтылады? Анық ақылға билетiп, жалпы жұрт жақсы тәрбиелi болғанда құтылмақ. Адамшылықтың тарихына көз жiберсек, өмiр жүзiнен мысал қарастырсақ, атақты данышпандардың пiкiрiн, сөзiн байқасақ, тәрбие адамды бұзуы, түзеуi көрiнедi.

Ескi Юнан халқында спартакистер ұлтшыл, жаужүрек, күштi жұрт болған; аштыққа, шөлге, ыстық, суыққа шыдамды екен. Бiрақ ахлақ (мiнез) жағы осал болған екен. Неге? Себебi: спартакистер ұлтқа қызмет қылатын күштi кiсi керек қылып, дененi ғана артық тәрбиелеп, ақлақ жағын ескермегендiктен.

Алғашқы екi ғасырдай афинандар құлықты, ғылымды, күштi жұрт болған. Неге? Данышпан Солонның жасаған ережесiмен жақсы тәрбиеленгендiктен.

Рум халқын атақты, күштi қылған кiм? Тәрбие. Ескендiрдi данышпан хәкiм қылған кiм? Аристотельдiң тәрбиесi. Неронды залым қылған кiм? Философ Сенеканың хата тәрбиесi. Немiс жұртының ұлтшылдық, бiрлiкшiлдiгi неден? Тәрбиенiң қуаты.

Абыл кісіге бір ауыз қатты сөз айтуға ұялады. Қабылға кісі өлтіру бұйым емес. Мұны қылған кім? Тәрбие.

Тәрбие туралы еңбек қылып, кітап жазып, сөз сөйлеп кеткен философтар (данышпандар): Солон, Сократ, Афлатон, Аристотель, Цицерон, Лутер, Бэкон, Каменский, Локк, Руссо, Песталоский, Ушинский, Толстой Һәм басқалары. Бұлардың әрқайсысының әртүрлі пікірі бар: ол туралы кейін жазылар. Ал, тәрбие жөнінен Абайдың бір сөзі: “Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам баласының мінезін түзеп болмайды деген кісілердің тілін кесер едім” деген. Міне, тәрбиенің зор ғылым екендігіне, адам баласын бұзатын да, түзейтін де тәрбие екендігіне дәлел – осы. Тәрбиенің қандай шарттары бар, не әсер қылады? Келесі нөмірде жазылмақ.

Адамды бұзатын да, түзейтін де тәрбие деп едік. Енді сол бұзу, түзеу дегеніміз не? Қандай бет болса, түзелуге болады. Не нәрсе әсер береді? Сол туралы жазбақпыз.

Адам баласын жақсы тәрбиелеу керек дейміз. Жақсы тәрбиенің мақсаты не болмақ? Әр нәрсенің бір көздеген мақсаты болу керек. Мақсатсыз іс қылуға болмайды. Жолаушы жолға шыққанда бір мақсатты ойлап шығады; шығып алған соң ойланбайды. Сол сықылды тәрбиенің мақсаты болуға тиіс. Тәрбие туралы әр заманда шыққан білімді жандардың пікірі әртүрлі, біреулер – тәрбиенің мақсаты – денені күшейтіп, адамды ұлтшыл қылу дейді, біреулер адамды бақытты қылу дейді, біреулер мінезді түзетіп, адамшылыққа қызмет қылдыру дейді. Осы сияқты әртүрлі мақсаттарды тексеріп көрелік.

Тәрбиенің мақсаты – денені күшейтіп, ұлтшыл қылу болса, бұның жақсы жағы да, жаман жағы да болу керек. Жақсы жағы: бір халықтың ұлтшыл адамдары көбейсе, ұлты үшін жанын салып, сол ұлтты көркейтуге тырыспақ. Адамның өз басының көркеюімен ұлты көркеймейді, ұлты көркейсе, өзі көркейеді. Бір ұлт бақытты болса, ол бақыт сол ұлттың ішіндегі адамдарына да ортақ. Бір адамның бақыты бір ұлтты бақытты қылуға жетпейді. Ұлтын, Отанын көркейту, қандас-діндес, тілдес бауырларының қамын жеу – бұл жақсы жұмыс. Ал енді жаман жағы мынау: ұлтшыл адам бір жұрттың ғана қамын ойлайды; бұл қамын ойлау жолында басқа жұрттармен айтысады, тартысады, жұлысады. Өз қылығы дұрыс, қисық болсын үстіне шығарып, басқаны жеңуге жағат қылады. Біреуді жеңуге ұмтылған кісі қызуламақ; қызу кісі өз қатесін көрмейді, көргісі келмейді. Қатесін көрмеген кісі бірбеткей, ақыл көзінің ауданы тар кісі болу керек. Ақыл көзінің ауданы тар кісі адамшылыққа пайда келтіре алмайды. Адамшылыққа пайда келтіре алмаған кісі ахлағы әлсіз, жабайы, “кәдімгі” кісі болмақ. Ұлтшыл адам біреуге зорлық қылса да, қан төксе де, мұқатып, өз Отанының дәуірлеуін іздейді. Мұның түбі – бәсеке, талас “мен сенен артық боламын”. Бұл – өзімшілдің ісі. Өзімшіл кісі кең болмайды, кең болмаса, қаскүнем болады. Қаскүнемдік

жақсы емес. Тіршіліктің өз талқысы аласұртып, әр халыққа ұлтшыл болмасқа ерік қоймай отыр. Ұлтшыл болу – адамшылдық ісі емес, заманның ісі.

Тәрбие – адамды бақытты қылу деген сөзді алсақ, бақыттың өзі не нәрсе? Дүниедегі ең бір талас, қиын мәселе – әр адам бақыт деген нәрсені әртүрлі түсінуі, біреу байлықты бақыт дейді; біреу мал басы түгел болуы бақыт дейді; біреу жақсы қатын алғанды бақыт дейді. Біреуге бақыт болып көрінген нәрсе бақыт сияғы жоқ. Кәдімгі тұрмыс, біреуге тіпті сор сияқты көрінуге мүмкін. Тереңірек қарасақ, бұл – әртүрлі ұғым, мінездердің қорытындысы. Бір қорытынды – әр адамның басында болған тұрмыстың әртүрлі көп шарттарының қорытындысы. Сол сықылды, тәрбиенің түпкі мақсаты – адамды кәмелетке жеткізу десе, ол кәмелетке де әркімнің қарауы әртүрлі. Біреуге кәмелет болып көрінген біреуге төменшік, кәдік болып көрінуі де мүмкін.

Тәрбиенің мақсаты – мінезді түзеу, адамшылыққа қызмет қылдыру деген сөзді алайық. Түзу деп нені айтады? Түзу мінез әдептілік пе? Жуастық па? Рақымдылық па? Әдепті кісі адамшылыққа қызмет қыла ма? Жуас кісі қызмет қыла ма? Бұ да әркім әртүрлі түсінетін нәрсе, енді алыстан ойлап көрейік.

Адам жанды нәрселердің ішіндегі ақылдысы, сезімдісі, қайраттысы. Ішіп-жеу жанды нәрселердің бәрінде бар. Адам дүниеде ақылды зат болса, өмір сүруінде де бір ақылды мақсат болуы керек. Тамақтану, нәпсіні ырза қылу, өсіп-өнумен хайуан ғана қанағаттанады. Егер адам да осындай керекпен ғана қанағаттанып өмір сүретін болса, адамның хайуандық жағы өсіп, ақылды, адамшылық жағы өшкен болады.

Өмір сүру дегеніміз – іс істеуге бір мақсат болуға тиіс. Ондай мақсат бір жақсылық болуы керек. Ол жақсылық қиялда ғана болмай, дүние жүзінде бар болып, бар болса, бір адамда болмай, көпке бірдей болуы керек. Өмірдің түпкі мақсатын ғылым көрсетпей, ғылымға керекті тәрбиені өмір көрсетеді. Егер адамның өмір сүруінде бір мақсат бар болса, тәрбиеде де мақсат болуға тиіс. Ол мақсат жалпыға пайдалы, іске асарлық болуы жөн.

Бірсыпыра білімділер ол мақсатты анықтап айта бастады, нобайы мынаған келеді: Адам баласы еркін жүріп, еркін тұрып, бірінің мұқтажын бірі жеткізіп, жүректері махаббатқа толып, біріне-бірі қастық ойламай, тәрбиенің мақсаты сол болар еді. Бірақ сондай заман бола ма? Болмай ма? Болмаса, адам баласын өмір талқысы қажытып, сол іске де аса ма? Бұл әлі мәлімсіз. Бұны іс жүзінде шығаратын тәрбиенің қуаты болуға керек.

Қош, тәрбиенің мақсаты бар дейік, бар болса, ол мақсатқа қалай жету керек? Адам қалай тәрбиелесең де, көне бере ме? Көнетін болса, қандай шарт көндіреді? Көндірмейтін не нәрсе? Міне, бұл мәселе – талайдың миын тауысқан, талай талас шығарған мәселе.

IV ғасырда шыққан Англияның бір атақты оқымыстысы Локк деген кісі айтқан: “Баланың ақылы да, жаны да туғанда таза тақтайдай болып туады. Таза тақтайға қандай жазу жазса да, жазушының еркінде; сол сықылды балаға қандай тәрбие беру тәрбиешіден, бала қалай тәрбиеленсе, соған көше береді” деп. Бірақ Локктің бұл пікірі өз заманындағы білгіштерге де, соңғы заманның ойшылдарының пікіріне де хилаф болған. Локктің пікірі өмір тәжірибесінде орнына келмей, мансұқ болған. Локктің пікіріне қарсы пікірлер мынау: Адамда жаратылыстан әртүрлі мінездің ұшығы болып туады, – дейді. Орысша “Прирожденная идея”. Сонан бергісі тәрбие жолында қызмет қылған адамдардың пікірлерін қорытып келіп, орыстың Ушинский деген тәрбиешісі айтады: “Тәрбие адамды түзететін құрал екені рас, бірақ ағашты қалай шапса, солай іс қылып шығаратын ағашшының балтасындай құрал деуге болмайды. Тәрбиенің айналыс қылатыны – жанды нәрсе. Жанды нәрсені күллі жан сипатының егжей-тегжейін білген білімді, тәжірибелі кісі іс қылып шығармаса, анау-мынау балташылар бұзып алуы мүмкін” десе, данышпан Толстой өзгелерден тереңірек кеткен. Ол бүй дейді: “Бала туғанда әр мінездің ұшығымен тумас түгілі, мүлде тәрбиелік болып туады. Қайта тәрбиелеу баланы бұзады. Балада уайым, қайғы жоқ, кек жоқ. Рақымды, бірін-бірі сүйгіш болатыны тәрбиелі болып туғандықтан, баланың мінезі есейген сайын өскен орта, көрген өнегемен бұзылады. Тәрбие адамның алдында емес, артында дейді. Бірақ Толстой “тәрбие зиян” десе де, тіпті тәрбиелеме демейді. Баланы тәрбиелеу үшін әрбір тәрбиеші өзіне тәрбие қылу керек дейді. Себебі: Бала айтып ұқтырғаннан да көргенге көп еліктегіш келеді. Солай болған соң балаға не жақсы мінез болсын, іспен көрсету керек”, – дейді.

Осы күнгі білімді тәрбиешілердің пікірі: “Балада әртүрлі мінездің негізі болып туады. Жақсылық жағы да, жаманшылық жағы да болады. Сол әр тарауы құрулы негіздің қай жағынан көп тәрбиелеп машықтандыруға, сол жағы артылмақ. Тәрбиешінің жұмысы – жақсы жағын көп машықтандырса, жаман жағын сендіре беруге жағат қылу”, – дейді.

Енді тәрбиенің шарттарына келейік. Адамның өміріндегі күшті нәрсе тәрбиенің қуаты болса да, тәрбиенің шарттары адамның жаны мен денесінің өзгеше халдеріне, туған, өскен ортаның шарттарына тіреулі, тәрбиенің белгілі құрып қойған жолы жоқ. Балаға әсер беретін нәрсе медресе не тәрбиеші (мұғалім) болмай, басқа белгісіз күшті әсер беретін нәрселер де болуы мүмкін. Ол нәрселер: жаратылыс (дүние), үй іші, өскен орта, замандастар, туған жұрт, оның діні, тіл ьәм басқа да нәрселер, бұл шарттардың әсері де ылғи жүре береді деуге болмайды. Себеп, адам есейген сайын өзгеріп отырмақ, өзгертуге себеп болатын нәрсе адамның жан сипаттары. Жан сипаттарының адамды өзгертіп, бір толқымалы халға түсіретін уақыты да болады. Сол кезде өнегелі, тәртібі

күшті бір дүкен жолықса, тәрбиенің бетін жақсы жаққа бұрып әкетуге мүмкін, ондай үлгілі дүкен медресе болу керек.

Баланы бұзуға; түзеуге себеп болатын бір шарт – жас күнде көрген өнеге, ол өнеге әке-шешенің тәрбиесі болу керек. Ата-ананың берген тәрбиесі – баланың мінезіне салған ірге. “Ұяда не көрсең, ұшқанда соны іледі” деген – тауып айтқан мақал. Жасынан сіңген мінезді есейгенде жоғалтуға басқа бір күшпен болмаса, болмайды. “Сүттен біткен мінез сүйекпен кетеді” деген сөз ата-ананың тәрбиесінің күштілігін көрсетеді. Бірақ бұл мақал тәрбиемен мінезді түзеуге болмайды деуге дәлел емес. Балаға қайырымдылықты, қаттылықты, кішіпейілділікті, үлкен көңілділікті, әдептілікті, әдепсіздікті, шыдамдылықты, күйгелектікті, шыншылдықты, өтірікшілікті беретін кім? Ол, әрине, ата-ананың тәрбиесі. Бұл мінездердің бәрі жас уақытта басқа бір күшті шарттармен бұзылып, түзелмесе, түпкілікті мінез болып қалғаны. Буыны қатқан соң түзеуге болмайды. Жасында алған мінезді жүре түзеп әкетуге адамның жанында өзгеше бір қуат болу керек. Кей-кейде ата-ананың тәрбиесі әсер қылмай, жақсы ата-анадан жаман бала, жаман ата-анадан жақсы бала шығып кететіні болады. Бұл – сирегірек болатын жұмыс. Ондай болудың себептері бар. Не баланың ақыл сезімдерінің бір өзгешелігінен, болмаса, өскен орта, көрген өнегеден кеп шыққан мінез болады. Тәрбиеге әсер беретін нәрсе өскен орта, ата-ананың тәрбиесінен соңғы күшті болмаса пара-пар әсер ортанікі. Адамды замандас, жолдастың азғырып, не түрлі мінез жұқтыратыны белгілі. Тәрбиеге туған жұрттың тіл, мінезі, тұрмысы да әсер қылмақ. Қысымшылық көрген, жасқаншақ болған, жалыншақ, жабыңқы елдің баласы да сондай болмақ. Ашық көңілді, сауықшыл ел-жұрттың баласы да сауықшыл ер болмақ. Діндар елдің баласы діндар келеді. Тәрбиеге үлкен әсер беретін шарттың бірі – медресе. Баланың ақылын арттырып, білім беретін, ілтипатты, табанды, талапты, ыждаһатты қылатын, өмірлік азық беретін жақсы медресе болу керек.

Бұл күнге шейін тәрбие ғылымы күшейіп, етек алып, кәмелетке жетпеген кейінгі басқышта жүрген ғылым мұның себебін бұл күнге шейін адам денесінің саулығы мен қалтасының толық болуын көбірек ойлап, мінездің, жанның таза, сау болуын ескермегендіктен, үрім-бұтағының ахлақы болғанынан ақшалы болғанын артық көргендіктен. Адамдық көзбен тереңнен тексерсе, дәрігерден де тәрбиешінің көп болғаны артық. Дәрігер адамның денесін сауықтыратын болса, тәрбиеші адамның ақылын, мінезін, жанын сауықтырады. Ахлақты, ақылды адам көбейсе, Отанның күзетшісі, қорғаны. Олай болса, тәрбиешіге Отанның келешек өмірін тапсырған болады.

Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999. – 5-т. – 131-138 б.

АБАЙДАН СОҢҒЫ АҚЫНДАР

Қазақтың мінезін суреттеп, мінін жазып, сырын ашып, көзге көрсететін, елдің халін қайғырынып, жақсылыққа сүйреген сөздер Абайдан бері басталды. Абайдан бұрын қазақтың мінез-қалпын суреттеп берген айна болған жоқ, міні айтылмай, жүзі жуылмай, бітеу, тұйық күйде келді. Сол уақыттағы сөздер таразыға тартылып, ақылға салынбады. Надандық пердесін жырта алмады. Таяз, ұсақ, көрнексіз түрде болды. Абайдан бері әлгі өмірдің тұйығы жойылып, түйіні шешіліп, сыры сыртқа шығып, мінезі айнаға түсіп келе жатыр. Қалам шамасынша шеберлеп, келісті жақсыны да, кейіпсіз жаманды да суреттеп отыр.

Әдебиетіміздің атасы болған Абай туралы өз пікірімізді жазып едік, енді Абайдан соңғы ақындардың өнері туралы пікірімізді жазбақып.

Қазір бізде өлең жазушылар көбеюіне себеп болып отырған нәрсе – бір “оянудың” барлығы. Бұл оянуға бірінші – Абай, екінші – “Қазақ” газетасы, үшінші жалпы жұрттың ғылымға бет алуы себеп болды. Абайдың қай өлеңі болсын кейінгі буынды жетектеп, түртіп, қозғайтын әсер берді. Кейінгілерді бұл әсер ойландты, оятты, бұған жалғас оянған ойдың бетін түзеп, жолға салып, ілгерілеуіне қамшы болған “Қазақ” газеті.

Бұл газет халықтың саяси көзі ашылуына, “жұрттық” деген ойдың кіруіне қандай себеп болса, әдебиеттің гүлденіп, өркендеуіне де сондай себеп болды. Егер келешекте қазақ әдебиеті буынын бекітіп, қатарға кіретін болса, “Қазақ” газетасына борышы үлкен. Бұл газеттің әдебиетке істеген аталық қызметі мәңгілікке атағын шығарып, қадірін күшейтеді.

Осы күнгі өлеңшілердің жалпы бетінде халықтың жалғыз ғана мінін айтып, жақсылыққа нұсқайтын, бірақ ақындықтың түгел шартын көксемейтін бірбеткейлік бар: көбіндегі бір мінез – халықтың мінін айтса да, жақсылыққа тартса да, тірелетін қазығы – “ұлтшылдық” болып отырады. Бұл ұлтшылдық қазақ жұртының қысылып, таршылықта келіп, өнер, білім жүзінде өзгеден кейін қалғандығынан. Енді сол қысымшылықтан босанып, тез ілгері бассам екен деген табиғи мақсатынан шыққан нәрсе. Бұл ұлтшылдық қазақ газетінің рухында бар-ды. Газет тұрмысқа жанасатын керекті көздеп, жұртты өнерлі қылуға, көзін ашуға тырысады. Өлең ұлтшылдық жолмен кетіп отырса, газеттің соңынан ергендік, ақындарымыз өлеңнің мағынасына түсінбегендік. Бұған газет кінәлі емес, ақындардың солақайлығы кінәлі.

Өлең бір мақсатқа жұмсалатын құрал болу керек емес. Жолы еркін, азығы талғаусыз өнер болу керек. Өлеңге қоятын шарт: еркін ой, шарықтаған терең қиял, нәзік, өткір сезім, құйылған сұлу сурет, кестелі, таза, қысқа, анық, дәлді, нағыз тіл. Осы айтылған шарттарды түгел сіміріп, төрт табанды, сегіз қырлы болып шығатын өлең Абайдан соңғы ақындарда некен-саяқ.

Тегінде “ақын” бар, “өлеңші” бар. Ақынға қойылатын шарттар: әлгі айтылған өлеңшілдікке ол шарттардың кейбірі болса да жарай береді. Бұлай болғанда біздің өлеңшіміз көп, ақынымыз аз. Сілтеген қаламы, сермеген талабы көлемденіп, төгіліп, түрленіп, жапырағы желкілдеп, қолмен қойғандай, мейірің қанып, тойғандай болып шығатын өлеңдер бұл күнгі ақындарда аз. Көбінің өлеңі – шеберлеп айтқан қара сөз. Мәдениеттің төменгі басқышында жүргендіктен әдебиеттің өзге түрлері тараулай алмай, кешегі өткен ақындар мен билердің сөзіне еліктеп, не жазса өлеңмен жазу бұл күнгі өлеңшілерге сән болып жүр. Бірақ бұл әдет ілгері басқан сайын қала беру керек. Өлеңшілікке өнері жоқ, жай тілді кісілер өлеңге салынып, бойдағы өзге өнерін жойып алуға мүмкін және өлең болуға лайықсыз сөзді жұрт өлең қылып жүр. Шарты табылмай, зорлықпен қылғынып отырып жазылған өлеңнің әдебиетті күшейтуге септігі жоқ. Қайта сыңар, жақ қылғаннан басқа.

Біздің ойымызша, қазіргі жазылып, шығып жүрген өлеңдерде мына сияқты міндер бар. Табиғаттың ыртүрлі түрімен сырласып, мұнда са алмайды. Өлеңдерін оқып отырғанда көңіл жоғарылап, қиял шарықтап, басқа бір дүниеге кіріп кеткендей болатын қуат аз. Адамның жүрегінің сыры табиғатпен жалғасса, қиялы күшейіп, мінезі көркейіп, сезімі нәзіктене бермек. Және ақынның қиялы жай, ақын емес кісінің қиялынан артық болу керек. Салған жерден оқушыны соныға салып жібергендей болсын. Абайдың “Желсіз түнде жарық ай”, “Көлеңке басын ұзартып” деген өлеңдеріндей бұл күнгі ақындарда өлең жоқ.

Көрген нәрседен көңілде өзгеше артық бір әсер қалып, аудармай, бұлжытпай тілмен суреттеп беру соңғы өлеңшілерде күшті емес. Сезім, көңіл суретін тілмен үйлестіріп келтіру ақынның ғана қолынан келетін жұмыс. Бұл туралы Абайдың суретшілігіне жеткен әлі ақын жоқ. Аңшылықты, жылдың төрт уақытын суреттеген өлеңдеріндей суретті сөздер қай ақында бар? Және сол төрт уақытты суреттегендегі Абайдың қиялы мен сезімінің күштілігі соңғы ақындарда кем.

Кейінгі ақындардың тағы бір міні – сыршыл еместігі, ыәркімнің жүрегінде бір жасырын сыр бар, жасырын тіл бар, жасырын күй бар. Ақынның ақындығы сол жасырын сырды тауып, жүректі тербетіп, қуантып, мұңайтып, жасырын күйдің шегін шертіп, ыәрбір пернесіне тап басу. Ондай өлеңді оқығанда оқушының шері қозғалып, ой-көзі жүрегіне үңілетін бір әсер пайда болады.

Онан соңғы бір міні – тілдерінің шебер, кестелі еместігі. Сөздерінің сырты тақылдап, үйлесіп келсе де, нәзік сипаттарды жетік суреттей алмай, жадағай, үстірт кетіп, айтпақ сөздерін көңілге берік қондыра алмайды. Жас ақындардың ішінде сезіміне сөзі жақын келетін суретшілдігі бар – Мағжан. Бірақ оның тілі де кестелі, толық келмей, өлеңнің әсері көңілге ала қонады. Мысалы: “Жолда” деген өлеңінде боранды сипаттағанда тілін жеткізе алмай: “Жел... ішін тартып оқырып” деген

жерінде көңілге байланып келе жатқан суреттің түрі бұзылыққырап кетеді. Өлеңде, әдебиетте жанды нәрсенің сипатын жансызға жамайтын жол бар, бұл бірақ ұнасымды болған жерде қосылады. Мысалы: сол өлеңнің ішінде: “Жел... кейде қатты ысқырып” деген ұнап тұр. Осқырып деген сөз – желге жанаспайтын сипат. Бұл айтылған суретшілдік, терең қиял, сыршылдық, кестелі, шебер тіл, нәзік сезім – ақындардан ғана сұралатын сипат. Өлеңдерінің сыртқы түрі мен қалпына қарап, қазіргі өлеңшілерді бірнеше жікке бөлуге болады.

1) Сезімге әсер берерлік суретті өлеңдер көбінесе Мағжан, Міржақып, кейде Сұлтанмахмұт ьәм Ахмет Мәметовтікі. Бұлардың өлеңінде өзгеше бір сарын бар. Жүрегінің сезімін суреттейтін, жалғастырып әкететін артықша бір маңыз бар. Бұлар – сыршыл (лирик) ақындар.

2) Екінші жіктің өлеңшілері – Ахмет Байтұрсынов, Сәбит Дөнентаев, Шәкәрім, Бекет Өтетілеуов. Бұлардың өлеңі сырты төгілген сұлу, тілі кестелі, анық, халықтың ұғымына, оқуына жеңіл, тәтті. Бұлардың өлеңінің сезім мен қиялға тәрбие-әсері аз, ақылға азығы бар. Бұлар – халықшыл (народник) ақындар. Ана ақындардан бұлардың сөзінің халыққа бір атасы жақын тұрады.

Осы күнде сәні кетіп бара жатқан үшінші бір жік бар. Бұл жіктің ақыны – ескі өлең, жыр, тақпақтарға еліктеп, желе-жортақтатып, құба-жондатып келетін Ғұмар Қарашев.

Енді осы жоғарғы атанған үш жіктің өлеңшілерін бас-басына тексереміз.

Алғашқы айтылған төрт ақынның ішінде Мағжан, Ахмет, Сұлтанмахмұт бөлек, Міржақып бір бөлек. Алғашқы үшеуінде орыс ақындарына еліктегендік бар. Еліктегіштік ақындық жолында мін емес. Пушкин мен Лермонтов өлеңінің көбінде Байронға еліктеген деп айтылады, бірақ еліктеумен олардың ақындық дәрежесі кеміген жоқ, қайта орыста оларға жеткен әлі ақын жоқ.

Сыршыл ақындардың ішінде өлеңнің ішкі суретіне сөзінің сыртқы кестесі үйлесіп, маңызды болып шығатын – Мағжанның өлеңдері. Мысалы: “Орамал”, “Жолда”, “Туған жер” сияқты өлеңдері. Мағжан өлеңіне ұқсайтын – Ахмет Мәметов пен Сұлтанмахмұттың кейбір өлеңдері. Бұлардың еліктеу күші де, көңіл қиялы да қалаған жерден дәл шығып отырмайды. Сыршылдық сипатын көрсететін – Сұлтанмахмұттың “Жас жүрегі”, Ахметтің “Су жағасында” деген өлеңдері сияқтылар.

Бұл айтылған өлеңшілердің ішінде өзінің ақындық беті күшті, түр тапқыш, аса еліктегіш емесі – Міржақып. Кенеттен келген оқиғаны тез сезіп, тез сініріп, тез жауап тапқыш, жүйрік қиялды өлең Міржақыптан шығады. Мысалы: Сүлеймен Бижановтың, Қазы Нұрмахаммедовтың өлімдеріне шығарылған: “Жұт”, “Қайда едің?” деген өлеңдері сияқты. Жүрекке әсер беретін өлеңдері: “Сағыну”, “Қиял”, “Шәкірт”, “Қажыған

көңіл”, “Айырылу”, “Жамалдың зары”. Осы өлеңдерінде адамның жүрегіне тиетін қасиетті, зарлы, салмақты әсер бар. Міржақып өлеңдерінің кей жерлерінде тілді тұтып қалып отыратын сөз, буында не артықтық, не кемдік болып отырады. Мысалы: “Айрылу” деген өлеңінде:

Жүректің қасіретін жаспен жуып,
Келесің жаным сезіп, қайтып жуық.
Рахат рухына тілеп ыахтан,
Хош айтып кетпес пе едім, көңілім суып, –

дегендегі “Рахат рухына тілеп ыахтанның” бір буыны басқаларынан кем. Бұл – сөздің маңызын қуғандықтан. Міржақыптың алғашқы кездегі өлеңдері шұбалаң, маңызсыздау еді, ақындық күші соңғы сыршылдыққа айналған өлеңдерінде көріне бастады.

Енді екінші жіктің өлеңдеріне келейік.

Ойына сөзі дәл, тілге жайлы, көркем, халықтың керегіне, кемшілігіне ғана айналған өлеңдер Ахмет Байтұрсыновтікі. Ахмет өлеңдерін ақындық еркі билеп, қиял ермегі айдап шығармайды. Ойды оятуға, миды сергітуге мұңлы мұқтаж, терең мақсат түртіп шығарады. Біресе ызамен зекіп айтып, біресе зарланып, шермен айтып, біресе ақыл қылып, сипап айтып, не қылса, халықтың көзін ашпақ. Өлеңінде толғанған ой, тоқыған шердің көп ізі бар, бірақ бұған қарап, қиялы шалқып, шарықтап кетпейді. Ылғи халықтың нәзіктенбеген сезімін, жетілмеген ұғымымен есептесіп отырады. Ахметтің көзге түсерлік бір өнері – переводқа шеберлігі.

Халықшыл ақындардың ішіндегі алдыңғы қатардағы – Сәбит. Сәбиттің өлеңі қысқа, дәмді. Аз сөзге көп мағына сыйғызғыш, сөзді ойына құл қылған, тілі тәтті, дәл келеді. Сәбит өлеңінде көңілге тақ еткізе түсетін тапқыштық, салыстырғыштық, сыншылдық, аса терең болмаса да, төрт тағандап түсетін нығыздық бар. Мысалы: “нәр жан нәртүрде”, “Той”, “Азаттық күні”, “Жаңа жылға” нәм басқалар сықылды өлеңдері сұлулығы, ұғымдылығы, тілге жеңілдігі, тәттілігімен қандай надан адамның болсын көңіліне қона кетеді. Сөзге еркін, бай екендігіне қаптап тізген өлеңі дәлел.

Сыртының сұлулығы, тақылдақтығымен Ахмет пен Сәбиттің өлеңіне Шәккәрімнің өлеңі ұқсайды. Бірақ терең мағыналы сөздерді өлеңмен келтірем деп сөзін созыңқырап, шұбатып әкетіп, оқушыны тез жалықтыратын қалпы бар. Шәккәрім көбінесе өлеңі халыққа ұнамды болуын көздейді және өлең арқылы халықтың ақылын да тәрбие қылып, жетілдіргісі келеді. Осы күнгі ақындардың ішіндегі Абайға өлеңінің сыртымен болмаса да, ішкі мағынасымен еліктеген кісі – Шәккәрім. Мінді, кемшілікті айтқанда жерлеп, кекеп, шенеп, оңдырмайтын Шәккәрім өлеңінде шанышпа, шанышпа ащылық бар.

Бекет Өтетілеуовтің өзімен, өлеңімен таныстығымыз аз. Переводы ұғымды, жеңіл, тәуір.

Ғұмар Қарашевта Марабай ақын, Бұхар жырау, тағы сол сықылды бұрынғы ақындардың қалпымен кеткен ескінің сарқыты бар. Бірақ ескілік сөздер батырдың батырлығын, бидің шешендігін, ханның хандығын, салтанатын жетілдіріп, ескектетіп айтқанына келісуші еді; ол кездегі халықтың рухы да, тұрмысы да ескек, асқақ сөзге лайық келуші еді. Халықтың мінезін суреттеп, мінін айтып, терең пәлсәпә сөздерді желдіртіп, ескектетіп айту бұл заманда артық, ұнаспайды. Өлеңнің сыртқы ағымын қуып отырғандықтан, ішкі мақсат анық шықпай, иленіп, бытырап, бірін-бірі басып, көкірекке айқын із түспейді.

Осы күнгі өлеңшілер туралы қысқаша пікіріміз – осы. Бұл ақындардың өнері туралы бар болған сыны бұл емес. Нығызырақ сынауға бас-басына арналып бір мақала жазылып, өлеңдері әбден сай, басқа қылыну керек. Бұл жазғанымыз – бірсыдырғы жалпы қарап өткендік.

Жоғарыда айтып едік: өлеңші бар, ақын бар деп. Қандай өлең жазған кісі ақын болатыны аз да болса байқалған шығар. Бұл айтылғандардан бізде ірі ақындардың аздығы сезіледі. Әдебиеттің күшеюіне осы күнгі ақындардың үлкен себеі әзір тиген жоқ. Тимегені белді, күшті ақын шығып, жазған өлеңінің бәрі маңызды болып, әдебиетке түр тауып бере алмай отыр. Бірінің 4, бірінің 5, бірінің 6 өлеңі ғана көңілдегідей болып шығады және нәр ақынның беті нәртүрлі. Күштеп көз жазған бір кісі болмаса, әдебиет беті түр таба алмайды. Кейінгі қалам ұстағандарда не жазса, өлеңмен жазғысы келетін бір әдет бар. Тіпті, өлеңге ынғайы жоқ кісілердің ақын болам дейтін ойы бар. Бұл ой – қате, ақындық бар болса, өзі де түртіп шығады. Жанды артық қинатпайды. Шабыт айдамай, жан қиналып, келіссіз жазылған өлеңнен ақын еместігі беп-белгілі, көрініп тұрады. Әдебиетімізге жақсы өлең, шын ақынның сөзі көрік беріп, күшейте алады. Әдебиет бақалшының қоржыны емес, қотанда жатқан қиқым-сиқымды балаларға алдап сатып, тыға беретін. Әдебиетке қызмет қылуды әркім-ақ тілейтін шығар; бірақ қолдан келмейтін нәрсенмен қызмет қыл деп әдебиет қыстамайды: өлеңнен өзге ертегі, жұмбақ, мақал, тақпақ, қара сөзбен қызмет етуге де болады. Шамасы келетін де, келмейтін де өлеңге жұмылғандық – бәрі бірдей не тойшы болғандық, не қойшы болғандық. Тегінде әр жақты болмай, бірбеткей, сыңаржақ болу да қате деп білеміз.

Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999. – 5-т. - 126-131 б.

ПЕВЕЦ

Рассказ

Хороший город – Семь Палат.

Сплошь казахи живут. Летом и зимой кумыс, игрища, вечеринки, катания. Айт, свадьбы, сватовство, скачки, борьба. Пьянство... Драки... Молодухи в белых платках... А уж летом – пароход, паром, лодочки под парусом, острова зеленые, лес густой... И веселье, и гульба, и гомон пьяный аж до самых небес возносится, будто дым... Музыка слышна кругом... Сутолока праздничная. Нет, что и говорить, – веселый город.

Однажды и мы урвали кой-какие гроши от скудной нашей стипендии, наняли за тридцать копеек извозчика, да и махнули в Заречную Слободу..

А сами только из аула, первый год в городе. Еще не успели толком пообвыкнуть да пообтереться.

– У кого здесь кумыс хороший, агай?

Извозчик начал перебирать женские имена.

– Жумаш? А это чья баба-то?

– Это не баба, а девушка...

Дома, где держали кумыс на продажу, здесь называли почему-то по именам хозяев – “Абуканипа”, “Имам Агзам”.

Через десять минут мы были уже в Заречье.

Здесь казахская слобода. Слобода неказистая, с двумя мечетями над рекой и захудалой церквушкой. Домишки под стать им – приземистые, обшарпанные да облупленные все, перекошенные: всем своим видом они будто подтверждали, что жить здесь могут разве что казахи. Но смотрели те домишки на свет своими мутными стеклами с каким-то вызовом. На них напирали крепкими стенами другие дома – под высокими крытыми железом и выкрашенными голубой краской крышами. Здесь же можно увидеть и их владельцев – раскормленных, как на убой, в синем бархате да в мехах драгоценных, в шапках собольих; серые рысаки, изгибая лебединые шеи и сверкая богатой сбруей, проносят их мимо, развалившихся в легких кошевках. И беднота – кто с котомкой, а кто с узелком – повылазила на белый свет, тоже на базар потянулась в своем рванье. Может, в надежде урвать чего-нибудь на ужин, а может, просто потолкаться среди народа? Кто их знает, чего они такие скучные, может, нужда заела...

– Куда вас, ребята?

– Давай, куда ближе!

– Ближе будет к Аккатын, хотя к Шакет тоже недалеко...

– У кого дочка помоложе, туда и вези.

Возле маленького домика с двумя окошками извозчик резко осадил коня.

Из калитки в это время вывалились на улицу, шумно гомоня и пихая друг друга локтями, четверо веселых парней, шапки у всех сбиты на самые глаза. Увидев нас, они замолчали. После короткого наглого рассматривания парни удалились, задрав носы и не проронив ни слова, — убедились, видать, что мы для них всего-навсего “безвредная мелюзга”.

Хозяйка, белолицая, ладная тетушка с большими золотыми серьгами в ушах, встретила нас так, как сноха своего любимого деверька не встречает: “Проходите, проходите, ребята, чего же вы стоите!...”. И провела нас в дальнюю комнату.

Комната была совсем маленькая, но все здесь было как-то одно к одному подобрано — и небольшой круглый столик, и круглые чашки, и лоскутные одеяла на полу, и сама дочка Шакет, беленькая, аккуратная, сидит с краю, потупив глаза, тихонько помещивает кумыс деревянным резным черпаком. Усатый парень поднялся, пропустил нас, и, едва мы расселись, протянул мне чашку с кумысом. Хороший обычай в этом городе — почитают здесь ученую молодежь. А значить это, что и молодежь почитает старших.

“Кумыса принести?” — Шакет улыбнулась и посмотрела на нас.

— Кумыса одну чашку... только сказать успели, Шакет поднялась и принесла большую бутылку. Наверное, все у нее уже заранее приготовлено. Она придвинула к себе желтый таз и стала наливать в него кумыс. Тугая желтоватая струя доброго густого кумыса ударила в посудину, пена с шипением оседала, и вся комната тут же наполнилась душистым кумысным духом.

Гости, кряхтя и отрыгивая, пили чашку за чашкой. Они успели разомлеть и теперь изображали учтивость, то и дело протягивали девушке свою чашку, произнося:

— Сама-то попей, сестрица.

Шакет слегка прикасалась к краю чашки и, сделав быстрый глоток, возвращала ее назад, не забывая подлить в нее черпаком. При этом она встречалась глазами с владельцем чашки.

Шакет — лет пятнадцать, а может, шестнадцать. И не сказать вовсе, что она такая уж красавица. Но лицо у нее удивительно живое. Иногда девушка словно удивлялась, и тогда брови ее причудливо изгибались, а то вдруг она делала томное лицо и слегка шурилась, то смотрела прямо на тебя, будто влюбилась, а иногда вдруг рассерженно сверкала глазами. Выражение лица у нее менялось каждую секунду. И каждого из гостей она одаривала либо шуткой, либо ласковым взглядом. Наивному гостю могла показаться, что симпатии девушки обращены именно к нему. Но лишь одному Аллаху ведомо было, кто же на самом деле нравился Шакет... Ну а простаку, из которого выколачивались денежки, ведать о том было, конечно же, не дано.

В этом мире, где каждый чем-нибудь торгует, Шакет торговала ласковыми взглядами. Нужда – она и до этого доведет. Выходит, что Шакет своими глазками добывала пропитание для целой семьи. Выходит, старалась Шакет из-за денег, а может, еще из-за чего... Жалко ее. И невольно проклянешь про себя тех, кто приходит в этот домик, потому как испортят они, в конце концов, девушку, эти гуляки и гладенькая тетушка с золотыми серьгами.

Шутки у городских парней, как правило, туповатые...

Ничем другим, как заставить отпить из своей чашки, они не могли привлечь к себе внимание девушки, и оттого эти посиделки становились какими-то скучными и бестолковыми. Но тут в комнату вошел, будто ворвался, какой-то джигит. Он посвойски уселся за столик, сам взял пиалу и подал Шакет: “Налей!”. Парни зашумели: “Вот здорово, что ты пришел”, – и придвинули к нему свои чашки.

– Шакет, милочка, подай-ка гармонь!

Но джигит запротестовал:

– Некогда, извозчик ждет...

– Успеешь еще... спой нам немного...

Парни дружно надели на него с уговорами. Певец поднялся и сел на сундук. Шакет принесла гармонь. Судя по тому, как он вел себя, джигит был всеобщим любимцем и баловнем. Он взглянул на Шакет и, усмехнувшись, сказал:

– Так не пойдет, не пойдет. Вот поцелуешь меня разок, и тогда я спою.

– Ой бай-ау... еще чего, – смутилась Шакет.

– Это правильно, – подхватили парни, – иначе он не вдохновится!

Джигит, видать, понял, что девушка застеснялась и, ловко наклонившись к ней, сам поцеловал ее в щеку. Шакет отпрянула и густо покраснела.

Певец растянул меха гармони и заиграл, откинув голову, словно душа его воспарила.

Потом он весь как-то подобрался, сжался в комок, как птица перед полетом. И запел. Запел в полный голос. Он без передыху спел три песни подряд. И что это было за пение!

Мрачное и беспросветное, яростное и мятежное. Песня захватывала слух, волновала сердце, будоражила кровь в жилах и будто вливалась в тело.

– Ой, ширкин! Молодец! – вскричали парни.

– Ой, пале!

... Когда в безлюдной тоскливой однообразной степи набредешь вдруг на зеленый шумящий лес и увидишь перед собой величественную гряду... Или когда среди множества старых, усталых от жизни лиц вдруг блеснет перед тобой, как отблеск зари в ночной темноте, взор молодой

красавицы. Или когда устанешь плутать в ночной степи, отчаявшись набрести на человеческое жильё, из-за бугра увидишь вдруг огни аула... Охватит тебя радость. Вот с чем сравнимо то, что испытали мы, сидя не шелохнувшись, с замирающим от неведомого доселе чувства сердцами.

Жаль только, что длилось это недолго, и не смогли мы тогда всласть послушаться чудных песен незнакомого джигита.

– Что это за певец?

– Это – певец Амирхан, – сказали нам парни, когда он ушел.

Мне приходилось раньше слышать, как хвалили люди певца Амирхана и, конечно же, хотелось услышать самому, как он поет.

– А что, он здесь где-то живет?

– Здесь.

– А когда его можно застать дома?

– А зачем он тебе?

– Так, просто... Послушать бы...

– Дома его никогда не застанешь. Он – как мираж.

– А что, у него ремесло есть какое-нибудь?

– Нет у него никакого ремесла. Только песни одни...

– Да, он как будто над всеми, что ли... Такого нужда не одолеет.

– Он что, за деньги поет... Или как?

– Нет, не видел никто, чтобы он за деньги пел. Не опустится он до этого, даже если умирать будет с голоду.

– Чудно-то как!

– Он сам чудной, да только никто не сможет так всколыхнуть народ, как Амирхан. Он будто зажигает всех...

И, правда, Амирхан зажег нас.

Мы поговорили еще про Амирхана и разошлись по квартирам.

2.

В канун наурыза мы, шакирды, решили устроить представление. Где еще может молодежь показать, на что способна, как не на таком празднике? Здесь можно блеснуть перед народом своими талантами, можно и хватку свою деловую выказать, которая в будущем всем нам пригодится. Есть, правда, и доля риска – праздник покажет все, как есть – кто робок, а кто, наоборот, хвастлив не в меру, кто расторопен в деле, а кто нет.

Поставить настоящий спектакль нам оказалось не под силу. Во-первых, не было подходящей для случая пьесы, во-вторых, не нашлось исполнительниц для женских ролей. Женщины, даже из тех немногих, что были обучены грамоте, все, как одна, отказались – вроде как стыдное это дело, участвовать в спектакле. Приглашали их по несколько раз на репетиции, но в последний момент у всех вдруг разболелась голова.

Итак, из всего нами задуманного репертуара осталась одна незамысловатая сценка, которую мы разыграли собственными силами, остальное — декламации стихов, песни, домбра, ну и оркестр, как водится. Чтобы хоть как-то украсить наше представление, решено было пригласить Амирхана.

Послали за ним только тогда, когда сами уже успели приготовить свои номера.

Амирхан пришел, поздоровался со всеми за руку, и тут я увидел перед собой совсем другого человека, скромного и учтливового. Это был совсем не тот Амирхан, которого мы видели в доме Шакет.

Трудно описать словами, как он выглядел. Наш хитрюга Бек, когда надо было кого-нибудь передразнить, начинал корчить рожи, и, в общем-то, мог изобразить кого угодно. Другой наш товарищ — Нурмагамбет, отличавшийся своим красноречием, пожалуй, описал бы Амирхана так: “сладкоголосый и сладкоречивый, но колченогий и низкорослый, как ползучая черепаха...”

Я, конечно же, не Бек, но обладай я его способностями, я бы, пожалуй, чтобы изобразить Амирхана, вытаращил глаза и оттопырил уши. Не знаю даже, как бы я выразился, будь я Нурмагамбетом. Однако все же попробую описать в двух словах Амирхана таким, каким я тогда увидел его — это был человек стремительный и напряженный, как охотничий сокол, складный и удалой, как сайгачий альчик-биток.

... Амирхан спел нам тогда пять своих песен, а потом мы проводили его, договорившись, что он непременно примет участие в нашем представлении. Надо сказать, что к празднику мы готовились изо всех сил. Для представления был снят клубный театр. Отпечатали билеты, и уже за два дня до праздника они были проданы.

Народ в Семи Палатах дружный и на подъем скорый — на праздник повалили целыми семьями — с женами и детишками. Мест в зале не хватало, столько народу собралось.

И здесь очень выручили нас жены преподавателей. Разия-женгей, например, столько всякой всячины напекла, сколько, наверное, на свадьбу своему родному сыну не стряпала. Жена Оспанбека-ага продавала кумыс, она плавными движениями помешивала его деревянным черпаком и разливала по чашкам. Молодец, целых две бочки продала, ну и денег, конечно, огребла немало. Девушки тоже старались вовсю, весь вечер сновали по залу, разносили программки.

Как нам, шакирдам, в тот день было не воспрять душой?

О чем оставалось жалеть — разве что наш рукописный журнал к тому дню остался-таки недописанным?

Никогда еще не собиралось столько народу в наурыз. Мы ходили гордые и счастливые. Душа взлетала к небесам, когда мы видели, что все стараются нам помочь, услужить, кто чем может.

Не был забыт древний обычай – из огромного тай-казана мы угощали всех, кто пришел, наурыз-коже. Самым почетным гостям преподнесли блюда с мясом и лошадиную голову.

Представление еще не началось, а народ уже навалился на кумыс. Между тем, наш учитель по имени Жален взобрался на трибуну и начал рассказывать людям о том, откуда повелся этот праздник – наурыз.

В толпе кое-кто уже начал обниматься со всеми подряд, утверждая при этом, что именно так поздравляли наши предки друг друга с наступлением Нового года.

Ведущим на празднике был Абижан. Он, видать, маленько хватил перед самым началом, так что был всегда навеселе. То, что представление все-таки состоялось, во многом заслуга Абижана, половину хлопот, можно сказать, он на своих плечах вынес. Ведь именно Абижан организовал билеты, уговорил женщин напечь сладостей, достал ковры, посуду, инструменты... Все – Абижан! Но старания его оплачены сполна, потому как нет для Абижана большего счастья, чем увидеть на афише после слова “ведущий” собственное имя, ведь парень-то он немало хвастливый.

Абижан знаком со всем светом, и о ком бы ни зашла речь, он тут объявит – да это же мой курдас! Нет, уж если дело идет о веселье – то возглавлять его должен непременно Абижан!...

Прозвенел второй звонок. За сценой суета, обычная для такого случая – кто настраивает домбру, кто потихоньку распевается, кто взялся вдруг причесываться, кто-то поправляет ворот... Как-то оно все будет? Может, осрамимся на весь город, а может, наоборот, примет нас публика? Сердце колотится от волнения.

Третий звонок. И вот уже занавес раздвинулся перед нами. В зале шумно. Кто-то ходит между рядами, кое-где идет разбирательство – спорят из-за мест. Другие нетерпеливо шипят на них – да сядьте вы, тише! Постепенно гомон все же улегся.

Сценка, которую мы разыграли, удалась. Так, во всяком случае показалось нам самим.

Публика в зале захлопала, и мы тут же закрыли занавес. А вот хор маленько подкачал... После хора выступил с декламацией Рахимбек, потом вышел наш маленький скрипач – двенадцатилетний Маржим. Ему народ устроил настоящую овацию, раза три вызывали на бис, все не хотели отпускать. Потом вышла молоденькая барышня-студентка – она сама вызвалась, между прочим, – и стала читать “Одинокого старика”. Вначале вроде бы ничего, а потом вдруг начала мямлить. Из зала кто-то крикнул: “Громче, не слышно!” – но от этого стала еще хуже, барышня осеклась на полуслове и замолкла, будто ее по макушке стукнули. Потом она достала бумажку, стала искать место, на котором запнулась. Мы ей машем из-за кулис, уходи, мол, но она упорная оказалась,

дочитала все-таки до конца и, тяжело дыша и обливаясь потом, как будто только что тушила пожар, удалилась со сцены.

К остальным провидение оказалось более милостивым — никто не осекся, не дал петуха, не забыл текст.

Но больше всех порадовал народ в тот день Амирхан.

Раньше он пел только на больших сходах и праздниках, где собирались казахи, выступать со сцены ему еще не приходилось.

Накануне мы его поучали. Требовали, чтобы он сделал легкий поклон-тажим, чтобы не затягивал домбровый наигрыш перед песней, чтобы двигался по сцене степенно.

Но Амирхан не внял ни одному нашему наставлению. Он вышел на сцену и поклонился до самой земли, как кланяются люди, совершая намаз, потом плюхнулся на ковер и слегка откинулся назад.

В зале зашумели и захлопали в ладоши, едва Амирхан появился на сцене. Он не был похож на тех, кто выходил до него ни обликом своим, ни одеждой, ни манерой. В каждом его жесте проявлялась вольная казахская натура, не стесненная никакими условностями.

Амирхан начал наигрывать на домбре, а потом, после высокого протяжного зачина, запел во весь голос.

Зал замер.

Перед народом Амирхан преображался, он будто обретал крылья, казалось, духи предков помогают ему в эти минуты. Нет, не было и нет равных ему певцов! Люди сникли все, и над залом пролился какой-то сумеречный свет.

*И голос его был подобен
Звуку свирели,
В волнах напева слышался
Кюй "Бозагыр",
И возносился тот голос
К недосыгаемым пикам Алтая!
Он был, как осенняя буря,
Рвущая кошмы на юртах.
Голос невец понижал,
И становилась песня
Похожей на рокот ручья
В каменной пади.
И воспряла та песня,
Как лебедь прекрасный,
Поднявшийся с глади озерной,
Плавно паря над хребтами Сары Арки.
Тише запел Амирхан,
И мелодия стала похожей на свежий
Степной ветерок —
Робкой, стыдливой,
Как молодая невестка.
Всю казахскую степь он сумел*

*В этот зал принести...
Люди влюбленно кричали:
"Выйди к нам, Амирхан!" –
И Амирхан выходил к народу!...*

В тот день Амирхан пел необычные песни. В этих песнях смешалось все – и мелодия грустного прощанья, и горечь несбывшихся надежд, и тоска по любимой, и боль сломанных крыльев, и слезы, и страдание, и отчаянная мольба.

Люди в зале сидели понурившись, и каждый прислушивался к самым потаенным струнам своей души. Никто не шелохнулся, когда песня кончилась. Над залом надолго зависла тишина. Потом раздались рукоплескания.

Если разбудить человека посреди волшебного сна, он будет изо всех сил стараться снова заснуть, чтобы вернуться в этот сон. Так и люди в зале не хотели отпускать певца, чтоб хоть как-то продлить это чудо.

Амирхан надвинул шапку на самые глаза и вышел на сцену. И снова песня его била волнами, неслась стремительным наметом, задыхалась в порыве, и было так, пока люди не насытились, не утолили, наконец, свою жажду.

В тот день Амирхан был словно конь, опередивший всех в трудной скачке. Зал бесновался. А мы за кулисами бросились обнимать певца, каждый старался прорваться к нему и хотя бы похлопать по спине.

Нет, никто не умел так петь, как пел Амирхан! Но в обыденной жизни его никто не признавал. Лишь когда он начинал петь, всем становилось ясно, что перед ними не простой человек. Амирхан забывал все на свете, когда пел. И казалось, что песня вырывается у него не из горла, она исходит из самого сердца певца. Он тонко понимал каждый поворот мелодии, непонятные другим интонации, это был человек, рожденный для совершенного звука, для многолюдных сборищ. В песне Амирхан обретал блаженство, и когда пел, пели его глаза, все его тело, руки, а сам Амирхан из человека превращался в живую песню. Смотреть, как поет Амирхан, уже само по себе было удовольствием.

Но не всегда Амирхан мог петь именно так. Он вдохновлялся лишь там, где было веселье, кумыс, красивые женщины.

И еще ему нужно было, чтобы те, кто его слушал, сами знали толк в песне. Но стоило только кому-нибудь отвлечься, Амирхан переставал петь, вставал и уходил.

С людьми Амирхан сходилась легко и быстро, а за друга готов был отдать душу. После того наурыза мы с ним подружились. И если певец приезжал из Заречья, он непременно заглядывал к нам.

– Пора бы и вам, парни, посмотреть мою обитель, – как-то раз сказал нам Амирхан и повел к себе в гости.

Обитель певца напоминала темную нору. Здесь мы застали его мать-старушку и тихую невзрачную женщину – жену Амирхана. На полу не было даже приличных лоскутных одеял. И кроме изящной домбры, украшенной перьями филина, в доме этом, пожалуй, не нашлось бы ни одной ценной вещицы.

– А вот и моя благоверная, – Амирхан подвел к нам жену, и мы поздоровались с ней за руку.

Манеру эту – представлять гостям жену – он перенял, видать, у кого-то из образованных наших горожан. Хозяйка как-то заполошно бросилась нас обхаживать, принесла мясо и кумыс.

Жил Амирхан на самом краю города, сразу за его домиком начиналась зеленая степь. Мы попили кумыс и вместе пошли погулять на простор. И снова заговорили о песне.

– Где меня только не носило, наверное, земли такой не осталось и народа, которого я не видел, – начал свой рассказ Амирхан. – В детстве я много ездил с отцом по аулам. Он у меня певец был отменный. А когда отец умер, стал я при людях состоятельных разъезжать. На всех ярмарках побывал. Петь меня научил еще отец, а потом учился я у знаменитого певца Жумабека. Эх, вот уж кто был джигитом, так это Жумабек! Такого певца мне больше не приходилось видеть. Слушать его можно было хоть целую вечность – не надоест никогда. Ты знаешь, чтобы перенять у него одну только песню, я и сейчас готов коня отдать – не жалко! Я уже всех слышал, кто у нас певцом слывет, куда им до Жумабека! Рядом поставить нельзя! Вроде бы и правильно начинают, а потом все равно скомкают мелодию. Спрашивается, зачем тогда петь, если не можешь до конца правильно вывести?.. Слышали когда-нибудь Естая?

– Нет...

– Говорят, это он “Корлан” сочинил... А вот поет Естай как-то чудно: рычит, зубами скрежещет, напрягается весь. Посмотреть – человек в драку лезет, а не поет... Многие певцы напускают на себя непонятно что. А песня хорошая, глядишь и испорчена уже. Чего-то там визжат, вздыхают... Слушать не хочется – что они с хорошей песней делают. Да и как слушать, когда он весь кривляется или тужится изо всех сил? Петь надо, чтобы песня сама летела, свободно... А еще многие поют за славу или награды ждут, стараются, даже если душа его петь не

хочет. Если через силу поешь, разве получится песня? Это от души, должно быть... Я сам только тогда хорошо пою, когда в настроении.

В каждой мелодии есть поворот такой особенный, его не каждому дано понять... Нет же, все в певцы лезут... Или еще мода пошла: на русский или татарский лад петь. Зачем портить казахскую песню, ты спой ее, как она родилась, по-казахски, вот тогда тебя и слушать будут!.. Нужно ведь до самой сути дойти в любом деле. Вот Жумабек покойный всегда у знающих людей спрашивал: “Какое вам место не нравится?” И слушать любил, как другие поют, старался перенять у них хорошее, а плохое отбрасывал. Взять хотя бы “Екі жирен”, я ее еще в детстве слышал, хорошая песня, стоило ее немного подправить, и народ ее подхватил, наравне с новыми песнями...

Такие суждения можно было услышать от одного Амирхана. Наверное, всем певцам присуще ценить в песне одно только исполнение. Надо сказать, что Амирхан, как никто другой, был предан песенному искусству, все остальное в жизни его просто не заботило. Да и делать-то он ничего не умел. При этом Амирхана никогда не заботило, что он станет завтра есть, на чем ездить. Иногда, правда, он начинал вдруг бегать по знакомым: “У старухи-то моей совсем еды не осталось!”. Все у него было в долг – у одного коня возьмет, у другого харчи кой-какие, либо денег перехватит. Как говорится – что есть, того не жалеет, а о том, чего нет, не тужит. Попроси у него хоть что – отдаст, не задумываясь, но и сам может попросить какую-нибудь вещь или из одежды что-то поносить. Не посчитает за стыд. Но обмануть или совестью своей поступиться – на это Амирхан не был способен. Доверчивость его часто подводила – сколько раз бывало, ведь знает, что обманут его, а все равно верит. Где еще сыщешь такого?..

Не было для Амирхана понятия – это, дескать, твое, а это – мое. Как-то на вечеринке подвел он ко мне молоденькую женщину, подмигивает, не теряйся мол, а сам ушел в сторону, сел там, поет и все кивает на эту молодуху. Оказалось – это его жена. Я к нему: “Ты что делаешь, чокнутый! Это же твоя баба!”

А он хохочет:

– Моя... ну что с того?

– А куда ты прежнюю дел?

– Выпроводил я ее, – отвечает.

– Спросил у людей, а они говорят, да это у него пятая по счету! Жен Амирхан менял тоже по настроению, как и песни пел. Когда первая волна страсти проходила, жены сами покидали его или он их выгонял из дому. И ведь не считал для себя позором, если жена от него уходила, но он выгонял их без жалости.

Никогда не заботило Амирхана, что творится у него дома, как ни встретишь – всегда веселый, хмельной, беззаботный. В народе его

поругивали, называли шалопаем, а то и вовсе – полоумным. Иногда я задумывался – неужто так и не проймет его жизнь? Неужели печаль так ни разу и не закрадется в его душу?

Я еще не знал тогда, что мне доведется не только прочесть тоску на лице Амирхана, но и увидеть, как он плачет.

Был месяц Кукушки – апрель. Пора, когда начинает плодиться скотина, зеленеют луга и птицы вьют свои гнезда.

Втроем – я, Амирхан и Даулетжан – отправились мы на охоту на озеро Кереуенколь. От города это место было в сорока верстах. Прихватили мы с собой два ружья и кос. Два дня провели мы на этом озере, плавали на лодке по камышовым заводям, собирали гусиные яйца, охотились. Как-то вечером Даулетжан ушел бродить по берегу с ружьем, а мы с Амиржаном сидели возле коса ошипывали гусей и варили в котелке яйца. Ну и разговорились. И тогда я попросил Амирхана рассказать какую-нибудь историю из его жизни. Вот что он мне тогда рассказал:

– Я тогда ездил по степи, песни пел, дурил, в общем... Услышу, что где-то веселье или вечеринка, и еду туда. В Ормамбете была красавица чудная по имени Актамак. Знаешь, какая красивая – ягодка, так и хочется ее проглотить! Мне скоро тридцать два исполнится, а такой красавицы я больше не встречал. Гордая она была. На парней не глядела даже. Сколько к ней ловкачей подбиралось, да все попусту.

Однажды на вечеринке молодежь затеяла игру. И вот во время игры Актамак мне платочек свой подбросила. Я сначала даже не поверил, подумал, может, сон это? Дрожь по всему телу прошла, так разволновался. А она подходит ко мне и говорит: “Если вправду любишь – целуй”. Игра у них такая. Кто не мечтал поцеловать Актамак? “Люблю!” – говорю. Она взяла меня за руку и рядом с собой усадила. Другие парни чуть не лопнули от зависти. А я обрадовался – гордый сижу, будто небо макушкой подпираю. В следующий круг она наклонилась ко мне и говорит: “Почему бы тебе почаще не приезжать в наш аул?”

И я с тех пор все свое время в этом ауле проводить стал. Приеду к ее тетушке, а Актамак меня петь заставляет. Шутит со мной, мол, все мне охота слушать, как ты поешь! А однажды сказала: “Я тебя во сне видела”. Так вот и сам не заметил, что без нее уже и дня прожить не могу. Прикажи она мне умереть – отдал бы жизнь не задумываясь. А у самого добра-то – она лошаденка. Что она во мне нашла, сам не знаю. И вот однажды Актамак мне говорит:

– Умыкни меня, если правду говоришь, что любишь меня!

– И куда мы подадимся?

– В город.

– Ну а я-то дурнем оказался, будто жить мне надоело.

Взяли мы двух байских коней, и когда за полночь перевалило, двинулись в город. Тебе не приходилось девушек воровать?

— Нет...

— Это дело лихое!.. Всю ночь, пока темно было, мы ехали, а когда уже светать стало, остановились под горой Орда. Там никто не жил. День мы решили переждать в горах, а ночью дальше тронуться. У нас был с собой маленький торсык с кумысом и мясо в одной половине переметной сумы. Все она приготовила.

Едва только начало темнеть — мы снова отправились в путь. Лошади успели отдохнуть за день, быстрым ходом пошли. Миновали две гряды, потом степь открытая началась, мы и ее пересекли, а там уже перевал Итжатпас начался. Только мы стали к нему подниматься, как впереди какие-то трое верховых замаячили, прямо перед нами. Смотрю — разбойники это. Актамак испугалась, схватила меня за руку. А они наезжают уже, кричат: “Слезай с коня!” Я спешиваться перед ними не стал, и тут один огрел меня соилом. Ну, я и скатился на землю, как шапка, сбитая с головы. Потерял сознание, а когда очнулся — руки связаны, на глазах повязка, а сам я сижу на коне у кого-то за спиной. Актамак нет уже рядом. Сначала долго ехали в гору, потом спуск начался. Потом меня стянули с коня, обвязали ноги чумбуром и привязали к какому-то дереву. Стою, как бревно, даже сесть невозможно. А сам думаю, как там моя Актамак? Что с ней? Через некоторое время слышу — копыта стучат. Подъехали двое, отвязали меня от дерева, на коня посадили и опять куда-то повезли. Развязали мне глаза. Смотрю — белый кос стоит, а вокруг джигиты. “Заходи!” — говорят. В косе увидел я Актамак, посмотрела она на меня и заплакала. Главарь их спросил у меня, кто я такой. Ну я сказал всю правду. Он велел принести кумыс. Потом достал домбру маленькую, протянул мне и говорит: “Пой!” Пришлось петь, что делать? Потом он спросил: “А знаешь ты песни разбойничьи?”

— Знаю, — говорю. И спел я им песни Искак-Ермек, Иманжусула, Балуан Шолака, Мади. Понравилось им мое пение.

— Да ты джигит!

— Хорошо поешь, а то пришлось бы тебе с жизнью распрощаться. Видать, храбрец, раз решился в одиночку похитить девушку. Молодец! Доброго тебе пути!

Разбойники вернули нам коней, снова завязали глаза, а потом двое джигитов вывезли нас из этих гор.

... А прожили мы с Актамак всего одну недельку. Вот она, жизнь!..

Амирхан тяжело вздохнул и замолчал.

Я посмотрел на него и увидел, что из глаз его катятся слезы.

— Э, да что с тобой? — хотел было я его утешить.

— Нет... Ничего. Просто душа разболелась...

– Ну что ты, ребенок, что ли? Кто же по былому сокрушается?

– Эх, Актамак, ее-то проделки похуже оказались... – и он разрыдался в голос. Как его успокоить?

– Не бывает ни у кого так, чтобы все сбывалось... Ты лучше расскажи, как с ней ты расстался?

– Самая страшная беда, – сказал Амирхан, – эта та, что от твоих же друзей-приятелей... Что говорить, добро, оно среди людей не приживается... Если бы только теми разбойниками все и обошлось... Человек, он на все способен...

Больше я не стал ничего выспрашивать.

С берега к нам шел Даулетжан, неся свою добычу – двух гусей и трех лысушек.

Жусипбек

Ташкент. 1925. 6 марта.

Перевод с казахского Ерлана Сатыбалдиева.

“Евразия”. – 2002. – № 1. – С. 54-63.

НЕ ҚЫП ЖАТЫР?

Түрленіп мынау заман ағып жатыр,
Жай өтпей, ыәркімге сын тағып жатыр,
Жайынан замананың хабардар ма?
Осы біздің қазақтар не қып жатыр?

Шүкір, қазақ ұйқыдан тұрып жатыр,
Өз әлінше өрмегін құрып жатыр,
Жіліктің майлы басын бері тартып,
Икемдеп өз алдына бұрып жатыр.

Бізге де өнер, ғылым жұғып жатыр,
Жастар мұны үйреніп ұғып жатыр,
Халыққа бас-көз болып, “жол мұндалап”,
Бір-бірлеп газеталар шығып жатыр.

Қазақтың балалары оқып жатыр,
Білімін күннен-күнге қосып жатыр.
Жат мінезге әулікпей, жұртын ойлап,
Ұлттың қамын көңілге тоқып жатыр.

Ушител, мұғалымдар тарап жатыр,
Байлар да үлкен іске жарап жатыр.
Тас болат үй, магазин, зауыт ашып,
Тайталасып, өнерге жанып жатыр.

Нашарға көңілдері еріп жатыр,
“Мә, жәрдем!” – деп, аямай беріп жатыр,
Ұйымнан, ынтымақтан басын тартпай,
Сөзге, жөнге, қатарға кіріп жатыр.

Сөйтіп, қазақ ілгері басып жатыр,
Медресе, мектептерін ашып жатыр.
Инженер, агроном, адуакаттар,
Дәрігерлер де өнеге шашып жатыр.

Қазаққа қалай пайда келтірем деп,
Қайтсін! Басқара алмай сасып жатыр.
Біреулері өнермен жетілем деп,
Біреулер – шаруамен, десіп жатыр.

Нөсер соғыс әлемге жетіп жатыр,
Ақ патша жұртқа пәрмен етіп жатыр.
Ол пәрменде санатқа қазақ кіріп,
Шот, қорегі жылтындап кетіп жатыр.

Жүген, құрық көрмеген аңғырт жұрт қой,
Дұшпанды бүйірінен тесіп жатыр.
Мойны қатты надандық шіркін кернеп,
Көнбегендер желкесін жесіп жатыр.

Қатын-бала, шал-кемпір қалып жатыр,
Шөлкестікпен жаласып, талап жатыр,
Алыстан Герман не қып жатыр? – деуші еді,
Жақын жерден білуге барып жатыр.

Лай суға қуанған шортандардай
Бұйырғанын құлқынға салып жатыр.
Жәбір-жапа көргендер жалынысып,
Ғаділетті төреге шағып жатыр.

Куропаткин сияқты ұлықтары
Туралық назарына алып жатыр.
Иншалла, қазаққа да болар теңдік,
Қисықты ауылы тезге салып жатыр.

Ұлы соғыс басылып, таң да атар,
Русиядағы дұшпанын бір мұқатар
Шот, қорегі шетімен шекпен болып,
Қазақ та халық болар тырна қатар.

1917

*Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы:
Ғылым, 2002. – 1-т. Таңдамалы шығармалары. – 34-35 бет.*

ӘСКЕР МАРСЕЛЬЕЗАСЫ

Арғы атам – ер түрік,
Біз – қазақ еліміз.
Самал тау, шалқар көл,
Сарыарқа жеріміз.
Сай сайлап, мал айдап,
Сайрандап, ен жайлап,
Ерке өскен Арқаның
Еркесі – серіміз.
Біз жүрген Алаштың
Шын кемеңгеріміз.
Егессек, ел бермес,
Еңіреген еріміз.
Бұғаудан босанған,
Біз – долы арыстан,
Долданса, болмайтын
Жаңа дәу – періміз.

Ат мінсек, жел болып,
Дуылдап шабамыз.
Лап десек ерленіп,
Дауылдап жанамыз.
Алаштың ақ туын
Қолға ұстап ақырып,
“Алаш” деп шапқанда,
Жауға ойран саламыз.

Ер түрік ежелден
Оқ тескен етіміз.
Қаймығып еш жаудан
Қайтпаған бетіміз.
Жауып оқ, ақсын қан,
Шықсын жан, қорқу жоқ,
Алаштың жолында
Жан қимақ – ниетіміз.

Біздерге сөз бе екен,
Жауыңның көп-азы.
Өлсек, хақ шәһитбіз,
Өлтірсек, біз – қазы.
Жол болып, жау шауып,
Сау қайтсақ, боламыз

Қазақтың шын ұлы,
Қаһарман сарбазы.

Алаштың аруағы
Жебесін, қолдасын!
Ақсақал, тілей көр,
Сапарды оңдасын.
Жасаған жар болсын
Қазақтың еліне,
Жасасын, сақтасын
Алаштың ордасын.

1917

*Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы:
Ғылым, 2002. – 1-т. Таңдамалы шығармалары. – 43-44 бет.*



ҰРАН

Қазағым, қақтықпа, қамалма!
Ел болар қамыңды амалда!
Кетті түн, атып таң, шығып күн,
Сал малды, сал жанды, аянба!

Мал баққан, жай жатқан ел едің,
Бейнетті көп тартқан ер едің,
Қаны жат, тілі жат, діні жат,
Жат елден таяқты жеп едің.

Жатқа жем бай едің, кен едің,
Бағың жоқ, биліктен кем едің,
Партия, сұрқия, қым-қиғаш,
“Басы аман” көп надан сен едің.

Зарыққан, талыққан шағыңа
Тап болды бостандық бағыңа!
Ұйымдас, ұрандас, жағалас!
Сен де мін бабаңның тағына!

Құның жоқ, қорлықта өшіп ең,
Терезең төремен болды тең.
Намыстан, қайраттан, қатарға ен!
Басқадан кем болған сенің нең?

Ұраным, қорғаным – сен, Алаш!
Жолыңа құрмалдық мал мен бас!
Өнер тап, өрге шап, қару ат,
Аллалап алға бас, ал, Алаш!!!

1917

Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 2002. – 1-т. Таңдамалы шығармалары. – 40 б.

ЖӘМИЛА

Жәмила! Мұнша неге жүдедің
Бетінде тамшы қан жоқ қой,
Жаралы ма жүрегін?

Жәмила! Себебі не, жалғанда
Серпіліп ойнап күлмейсің?
Түнде жұрт ұйықтап қалғанда
Тыныш бір ұйқы көрмейсің?

Жәмила! Кеудеңе от толды ма?
Уһілеп айға қарайсың.
Өмірің у болды ма?
Жұлдызды неге санайсың?

Жәмила! Шапаныңды бүркеніп
Тысқа ақырын шыққанда
Күрсініп, ауыр күңіреніп
Айтқаның зар ма я ән бе?

Жәмила! Қасындағы жауызың
Айырды ма жарыңнан?..
Сарғаймашы, бауырым,
Бітесің ғой зарыңнан.

Жәмила! Арқанда анау таңба не?
Ах! Имансыз ол хайуан.
Жыла, жаным, аллаға.
Бұдан басқа қайғың не?

Жәмила! Түскен мынау жүзіңе
Қасірет пе, пашың ба?
Қайғылы қара көзінде
Мөлдіреген жасың ба?

Жәмила! Қайғылы, сорлы қарындас,
Қайғыға қалай шыдайсың?
Жылап, бауырым, төгіп жас:
Мен де бірге жылаймын.
Жәмила! Жәмила!

1920

*Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы:
Ғылым, 2002. – 1-т. Таңдамалы шығармалары. – 45 б.*



ТАР ҒЫЛЫМ

Ақ уыз жегізген,
Аузымды аққа тигізген,
Талпақ танау тар ғылым.
Шөлдегенде айраным,
Қарным ашса, қаймағым,
Талпақ танау тар ғылым.
Кертiп жейтiн қатығым,
Тiк тұратын қасығым,
Талпақ танау тар ғылым.
Сауып жатса, көпiршiк,
Сауып алса, iрiмшiк —
Талпақ танау тар ғылым.
Алақанда сар майын,
Жаландайым, iм-нәйiм,
Талпақ танау тар ғылым.
Құртым толған баспағым,
Туырылған қаспағым,
Талпақ танау тар ғылым.
Балқаймағым, ақ көжем,
Ақ бидайым — тоқ көжем,
Талпақ танау тар ғылым.
Сенiң жөнiң бiр басқа,
Бұйра құртым сары қасқа
Талпақ танау тар ғылым,
Бәрi менiң тар ғылым,
Бәрiн берген тар ғылым.

Тар ғылымды не етейiн?
Тар ғылымды күтейiн:
Бақайынды қағайын,
Арқаңа үзiк жабайын,
Аузыңа шөп тосайын,
Шөпке нанды қосайын.
Суырайын, қарайын,
Жылы жерге салайын,
Үстiңдi құрғатайын,
Салам сап жұмсартайын.
Тар ғылымды жатқызып
Мен де ұйқыға жатайын.

1929.

Әзiрлеген — Нұржан Қуантайұлы.

“Ақ жол Қазақстан”. — 2002. — 29-қараша.

ЖАЗУШЫЛАРҒА

“Алаштың” талабы зор, мақсұты мол,
Әртүрлі кемшілікке созып түр қол.
Бір мақсұты – әйелдің халін аяп,
Азаттық, адамдыққа іздемек жол.

Бұл талап сәті болса – таудай талап,
Ниеті қабыл болғай, Құдай қалап.
Әркімнің жүректегі дертін қозғап,
Жазылар талай сөздер неше тарап.

Әйел сөзі – қытықшыл, нәзік бір іс,
Нәзік істі бүлдірмей істеу дұрыс.
Адамдық, адалдық пен тұралықты,
Жазушы бетке ұстаса, болмас бұрыс.

Адамзат рақат құмар малдан зият,
Әйел – адам, нәрседей нәпсі ниет.
Тән рахатын ізденіп, әйелді алдап,
Адамдық былай қалмақ ар мен ұят.

Бұл кемдік бәріміздің басымызда,
Сүйекке сіңіп өсті жасымызда.
Құр софысып, хақтықты бүркемейік.
Шынға дұшпан, Алланың қасымыз ба?

Ынсап, ұят, адалдық, тұрақтылық –
Адамдыққа ұнасар көркем қылық.
Әйелді теңдікке алсақ, терең ойлап,
Жазсақ екен нәпсіден жырақ тұрып.


Ойнас жағын көркейтп, сырламасақ,
Қызыққа қызықтырып жырламасақ,
Жату, тұру, күшақтау,...-ды айтып,
Күйігін ғашықтықтың жырламасақ.

Бақшаға екен қызғалдақ қуармаса,
Таза бұлақ лай боп суалмаса,
Майысқыш шар тарапқа жас табиғат,
Жарар еді жамандыққа бұра алмаса.

Талай роман орыста жатыр толып,
Керексіз жаман сөзбен іші толық.
Жастарды бұзықтыққа қоздырады,
Ұрыға сойыл тауып берген болып.

1917

*Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы:
Ғылым, 2002. – 1-т. Таңдамалы шығармалары. – 33 б.*



КОЧЕВКА

Сквозь сон долетает: “Пора откочевывать нам!”
Лицо потираю, с трудом разлепляю ресницы
и, щурясь, гляжу с удивлением по сторонам:
все движется, все суматошится, все суетится.

И, как муравьи, деловито хлопочет народ,
а трудным заботам, видать, ни конца нет, ни краю.
Разобраны юрты. Гора на повозке растет.
Поклажу арканами пестрыми перевивают.

Здесь нет никого, кто бы празднично стоял в стороне,
считая людей, как ворон, в суете неустанной.
“Арбу заложите!” – “Ну вот – все порушили мне!” –
и посвист камчи, и смешок вслед за окриком бранным.

“Коров подоите...” – “Когена¹” никак не найду...”
“Кому говорят, поворачивай живо отару!”
“Чего же стоишь ты, набрось-ка на лошадь узду...”
“Покрепче вяжи – растеряешь поклажу задаром!”

“Эй, чья там корова гуляет в нескошенной ржи!”
“Да брось ты возиться с теленком, подай мне веревку!”
“Тяни до упора подпругу...”, “Коня придержи!”
... Одно только слово у всех на устах: откочевка!

И талии туго затянуты у молодых,
что грузят арбу за арбой, помогая друг другу.
Коней созывая, джигиты летят во весь дух –
и топот, и крики “кур-кур”² оглашают округу.

Мальчишка с уздечкой в руках, спотыкаясь, бежит.
Табун врассыпную, мальчишка вдогонку – а толку?!
И смотрит потерянно, и от обиды дрожит:
“Ага... Агатай!”³ – бедолага твердил без умолку.

Неужто ни капли ни в ком, ни на грош доброты?!
И не достучаться до них, и взывать к ним напрасно?!

¹ Привязь для молодняка.

² Звукоподражание: так подзывают лошадей.

³ Уважительное обращение к старшему.

Стоит сиротливо среди толчей, суеты,
а взгляды людские скользят по нему безучастно.

“Глядите-ка, наш верблюжатник старик Жапабай
кобылу седлает – увел у кого-то, пройдоха!”
За пегим быком потащилась со скрипом арба,
пожалуй, и мне прилепиться к ней было б неплохо!

Дрянная скотина, намного дрянней ишака!
Три шага пройдет и стоит – истукан истуканом.
Крутить ему хвост всю дорогу устанет рука.
Эх, язва его побери, маята с окаянным!

Не сел бы на эту собаку, да черный верблюд
дурнее в сто раз: вот уж норов взаправду собачий!
Паршивец упрямый!.. И сам изведешься и кнут
о драную спину его измочалишь впридачу.

Кобыла-трехлетка, ощерясь, грызет удила.
Слуга босоногий управился с нею насилу:
в который уж раз вышибает его из седла.
И нечего думать объездить такую кобылу!

Завидев мужчин, убегает невестка стремглав,
желек⁴ на лицо опускает и там, в отдаленье,
от глаз любопытных подальше, подол подобрав
садится на лошадь, вокруг озираясь в смущенье.

И глух колокольчик, и полунавьючен верблюд,
и ступица мазана дегтем... Бескрайнею степью
железом обитые спицы арбу понесут, –
в ней тоже следа нет от прежнего великолепья.

Колеса натужно скрипят под разбитой арбой,
нестройные песни выводят... И сердце в тревоге:
неужто как песни колес, что звучат вразнобой,
так дети твои разбредутся по разным дорогам?

*Журнал “Абай”, 1918 год, № 12.
Перевел с казахского Кайрат Бакбергенев
“Простор”. – 1989. – № 12. – С. 2-3.*

⁴ Шелковое покрывало.

**ЖҮСШБЕК АЙМАУЫТОВ –
АУДАРМАШЫ**

ПӘРЕНЖІ (ПЕРДЕ) ЕРТЕГІСІ (Асылы орысшадан)

Қызыл таңдағы да, ымырты да, аласәулесі де жоқ, “келе жатырмын” деместен, соғыс жарияламастан қара түн келді де, жарық күнді жағасынан алып ұрды.

Тек қоңыр салқын арықтың ақырын сыбдыр қаққаны болмаса, төңірек құлаққа ұрған танадай мелшиді.

Әлдеқайда бір бармақ домбыраны дыңғырлатқан болады; домбыра арыққа ән қосады, адамның жаны ол әнге неғып сыйсын...

Жүз-жүзден жылдар теңдеген Самарқанның салауатты мешіттері жалбарғандай қолдарын көкке ұсынуда. Шаһ зынданының арқалығы аспандай иіліп, үңіреюде. Адам қолымен жасап келтіре алмайтын Бибі ханым мұнарасының тамтығы мұңайып, мүлгуде.

Бибі ханым Ақсақ Темірдің қатыны деп қариялар да қауесет етеді. Өтірік-расын кім біледі. Бірақ ажал қайда болса, Ақсақ Темір сонда болды деседі. Өйткені, ұлы ажал долы Темірдің ғана қолынан келген ғой.

Алыстан ат өктеп, аптығып келген азамат масаты шатырға кіріп, тәжім етіп, иран патшасы еркімен бағынатын емес деп хабар бергенде Темірдің қылжыр, қыли көзі нажағайдай жарқ етті де, қабағы жауар күндей түйіліп кетті. Таң атысымен ат жалына ұмтылған, қорамсақтарынан сарбас түксиген орданың сансыз қолы ұшы-қиыры жоқ даланың соны шөбін жапырып, жосылтып, сендей ағылды. Самарқан аңырады. Қасында топты күн-нөкер Бибі ханым масаты шатырдың саясында шөптің сыбдырына, қасқырдың ұлуына құлақ салып, атлас төсекте төңбекшіп, танды таңға ұрды. Бибі ханым қорықты дейсіздер ме? Неден қорқады? Темірді жан жеңіп көрген жоқ, оның болат жүрегінен өтетін садақты әлі бір ұста жасаған жоқ.

Күндерден күн өтті. Өткен сайын көзінен от кетіп, қабағын шытып, ернін еміре тістеп, Бибі ханым есалаң адамша кілем үстінде сендел қақты. Ақсақ Темір әлдебіреуді сүйіп қоя ма деп, түн баласында кірпігі айқаспайды. Аузына тілі сыймай, келе ұшып жығылған шабарман иран жұртын Темір жеңді деп хабар бергенде Бибі ханым асыл білезігін атып тастады, ханның асау аптығын жалғыз өзі иемденуге Алладан жәрдем тіледі; Аллаға ісім жақсын деп, хан келгенше мешіт салдырмақ болды. Ондай сұлу мешіт жер жүзінде болмау керек қой.

Жұрттан асқан шеберді іздеткенде ханның бір бегі тұтқын арабты жіберді.

Тал бойында бір міні жоқ, сүйріктей қара торы жігіт шатырға кіріп келіп, іркілмей бас иді.

Бибі ханым:

– Сен мешіт саласың, – деді.

– Құп болады. Сұлудан өзгені өзім де салған емен.

– Сен ер екенсің, өнерің де ерлігіндей болса, сені азат етемін.

– Әкемді жақында құшады екем ғой.

– Жақсылап жасай алмасаң, әкең өзінді емес, басыңды құшар, – деп ханым кекей жымыды.

Шебер ләм деген жоқ, иығын бір қысып, шығып кетті.

Содан былай, таң атқан сайын Бибі ханымның көзі мешітке қарап, мешіт емес-ау, бақыт сұрап, тастан соқтырған дуасына қарап оянар еді. Үйткені, бейнеусіз тас пен балшық ертегіден бетер, заматта дуал боп өсіп келе жатыр еді. Түн асқан сайын мешіт көркейіп барады.

Ханым мәз: мешіт көңіліндегідей, мешіт дегенше, баққа аңсап, шөлдеген жанның құмартқан жыры десең болмай ма! Шебердің өнеріне тамсанбады, үйткені: а құдай, басыма бостандық бер, маңдайымды аш деп, о да жанын салып жатқанын ханым біледі ғой. Шебердің қара торы жүзі кейде кенет құлпынайдай қызғылт тарта қалады, құба талдай майысқан мүсін денесі жын қаққандай қимылдайды, даусы тамағынан емес, кеудесінен шыққан тәрізденеді, қорыққан, дірілдеген, долданған топты құлдарды саусағының ұшымен, қабағының қағысымен құрдай жорғалатып, әмірін орындатады; Бибі ханым оның бәрін де бұя бастырмай көреді, аңдайды, тындайды, таң қалады.

Шебер жұмысының буына түскен, шебердің өнеріне, оның сұлу мешітіне құлдар да мастана, әуліге қимылдаған; о түгілі шебердің жалынды көзі түсіп кетсе, жансыз қара тастар да жан біткендей орын-орнына тұра қалған; мұның бәрі де ханымға алақанның аясындағыдай аян.

Тас пен балшық бақтың сұлу дуасындай тізілтіп, қатарланып, өсіп бара жатқанын да ханым сезеді.

Алайда ханымның көзі бір нәрсені көрмейді: шебер жүрегінің асау толқынын сездірмеймін деп ханыммен бетпе-бет келгенде қырын-дап, қаймақ ерні қалтырап кеткенін, абайсызда артынан көз жібергенін, түн баласында шатырында төңбекшіп, ұйқы көрмегенін, “дауысым шығып кетпесін” деп, сүйріктей білегін қанатқанша тістегенін ханым көр-мейді.

Ертеңгі, кешкі намазда әзәзілдің арбауына түскенін ұмытып, дуа орнына шебердің еріні бір ғана ханымның атын сыбырлағанын ханым естімейді.

Бірақ мешіттің ірге жағы шебер жазылған дуадай, шебер қадаған маржандай тізіліп келе жатып, үстіңгі жағы оқысынан құйқалақтанып, иілген арқалықтар, көлденең бүкпелер, кедір-бұдыр боп бара жатқанын ханым байқай қойды. Байқаған адамға мешіттің үсті мен асты, созылып намаз оқып тұрған адамның асау нәпсін тыюға әлі келмей, қырдың қорқауындай жан шошырлық ащы дауыстап, ақырып жібергені іспетті көрінер еді.

Мешіттің өзгеріп бара жатқанын сезген күні сәскеде ханым шеберге қарап наздана езу тартты, үйткені, ханымның көптен ізетпен

шөлдеп, құмартқан балдырған денесі құмарлық билеп, делбеше бұр-андап, намазда тұрып, айқайлап жіберіп еді. Үйткені, ханды тезірек қай-тара гөр деп, о да тәңірге жалбарынды ғой; шеберге ұсап о да әзәзілдің арбауынан қорықпай, жас жаны махаббат аңсап, зарланды ғой; сондықтан оның тілегі де тәңірінің көкейіне қонғандай күштірек болды.

Шебер менің сырымды ұқты-ау дегендей, кете беріп, оған қарап, тағы бір жымыды.

Шебердің көзі кетіп бара жатқан ханымға түскенде білегін тағы бір қыршып, шатырына сүңгіп кетті.

Со күні кешке шатыр жанындағы жапырылған шөпті жанышқан аттың қатты дүрсілі тағы естілді, үзенгі күңгір етті, алқынған шабарман шатырға арсалаңдап кіріп келді.

— Он күн өтіп, он бірінші дегенде Ақсақ Темір көреген осында болмақ, — деді.

Қан иісін сезген тағы мысықтай Бибі ханым бұлғаң етіп, дереу шеберді шақыртты.

— Бітуге қанша қалды? — деп сұрады.

— Мұнараның төбесі қалды, — деді шебер жерден көзін айырмай.

— Оны тез бітіресің бе?

— Тіпті бітірмеймін, — деп, жалынды көзін ханымға қаратып жарқ еткізді.

Ханымның іші сезе қойды, ызбала мырс етті.

— Ендеше, өлесің.

— Өлімнен қорықпаймын, жүрегім өзі де өлім аузында.

— Сені мен азат етемін деп серт қылдым ғой...

— Маған азаттық ажалдан тәтті емес.

Ханым шебердің от боп жайнаған көзіне тағы бір қарады да, нөкерлеріне сілейт деп бұйырды.

Ханым ертеңінде тұрысымен оның шатырына кірді. Ол жатыр. Қол-аяғында бұралмаған, мертікпеген буын жоқ, сұлқ денесі найзағай соққан бұтақтай бейнеуі кеткен; қамшы сойған арқасы көк ала қойдай, қан талаған, жалғыз-ақ көзі... көзі бұрынғы қалпы; көзіне тесірейе қарады да, ханым тысқа шықты.

Кешкісінде шатырдың босағасында ентіккен ат тағы пысқырды да, Көреген үйде болады, — деп шабарман тағы хабар қылды.

Ханым ым қақты — шеберді тағы алдырды.

— Мешітті неге бітірмейсің?

— Сүйгенімнің сүйгеніне бола мешіт соққым келмейді.

— Сен мені сүйесің бе?

— Оны мешіттің тастары, айдай шағылысқан сырлары айтып тұр, заңғар күмбезден гуілдеген даланың желі жырлап тұр! Бар махаббатымды осы мешітке төккендігімді әр топаны, әр тозаңы сөйлеп тұр; әлде сен оларды көрмейсің бе?

– Көремін, ал не тілейсің?

– Көп емес. Дуылдаған аузымды улы түсті ерніңе бір тигізсең, болады.

Шебер бұл тілегіне:

– Әкет, сой! – деген жауап алды.

Оқ жыландай бұрандап, безгектей қалтыраған, қобыздың шегіндей тырсылдаған ауыр ойлар ол түні ханымның басын ара шаққандай қылды. Күнін жылдай өткізген ұзақ айлар бойы жалғыздықта жанына жинаған құмарлығын бірге не ханға сақтап, құрамылтқан денесінің әрбір ләззатын, қомағай ернінің әр сүйгенін соған ғана татырам деп жүргенде шебер деген немесі сүйгіз дейді!.. Жоқ, қарағым! Оның жөні не бола қойсын. Оның аты: ханның көзіне шөп салған, өз ырысынан өзі безген болмай ма?

Бірақ мешіт не?.. Оны бітіру керек. Әйтпесе, тәңірінің сілесіне қалып, Темір ханнан жүрдай боп, оған әлдебір әйелді құшақтатқаны да.

– Апырмай, енді не қылу керек?

Кешкісінде тағы шабарман келіп, қалған аз күннің бірін тағы шегеріп қойды.

Бибі ханым тағы ойға қалды. Мешіт бітпесе, не болмақшы? Ханның махаббатынан, өзінің рақатынан айрылмақшы. Ал шебердің көңілін тапса, оны хан білсе, онда не болмақшы? Ажал да.

Ажалдан бәлен қорыққан жоқ. Ақсақ Темір Көрегеннің ханымы емес пе?! Махаббат қуанышына салыстырғанда өмір соншама қымбат нәрсе емес. Сөйтіп, Бибі ханым:

– Шеберді келтір, – деп тағы әмір етті.

– Жүруге жарамайды, – десті.

– Ендеше көтеріп әкеліңдер.

Шеберді кілемге салып, көтеріп әкеліп, ханымның аяқ жағына қойды. Бозарған жүзі одан жаман шөлмектей болып, сызықтары қылдырықтай болып, қазына қалыпты. Көздері бұрынғыдай жайнап тұр.

Ханым күндерін ымдап шығарып жіберіп:

– Айтқаныңа көндім, – деді.

Шебер жымың етіп, әнтек басын көтерді.

Ханым қасына келіп, тізерлей отырып, ернін созды. Шебер еңсеріле ұмтылды, дәл жеме-жемге келгенде, ханым басын әнтек қырындата берген кезде кезерген ыстық ерні ұртына сүлікше жабысып қалды. Ентіге, құшырлана сорып, мауқын басып, кілемге құлап кеткенше ханым тырп еткен жоқ. Ханым орнынан тұрғанда сол сүюден бейне бір шипа тапқандай, күйреген сүйектері әп-сәтте бірігіп, шыққан буындары салынып, жаралары жазылып, шебер де ұшып түре келді.

– Темір ханның келуіне қарсы мешіт дайын болады, – деді де, шебер шығып жөнелді.

Айтқанындай-ақ, хан келерден бір күн бұрын мешіт дайын болды. Көздің жауын алғандай мұнараның шаңқайған ашық сырын көргенде ханым таңданғаны сонша, шаңқ ете жаздап, дауысына әрең деп ие болды. Мұндай сұлу мешітті адамзат қолымен жасай алады дейсіз бе? Шебер сарғая, өзеурей күткен тілегінің бар қуанышын, үмітсіз талабының бар құмартқан күшін, жан-тілін салғандықтан, мешіт осындай болып шықты ғой; махаббат күші керемет қой.

Неше түрлі қымбат бұл, қалы кілем, асыл тас деймісің, ұзатқан қыздай он түйеге ырғап-жырғап, шеберді бір керуен қылып, ұзаттырды.

Шебер ханымға анадайдан үнсіз тәжім етіп, атына секіріп мініп, керуенін бастап, дөң асып жөнелді.

Ханым артынан қарап тұрды да, мешітіне көзін бір салып, көңілі жай тауып, қатты бір күрсінді.

Бірақ дәл сол кезде ұрты қышып бара жатқанын сезді. Қолдары мұздай боп кетті, жүрегі тына қалды. Неден қорыққанын өзі де білмейді. Тұра шатырына жүгіріп, күміс айнаны жұлып алды. Түрін көрер-көрмес-те айна қолынан түсіп кетті. Масқара! Үлбіреген ақ құба ұртында шебердің жұп-жұқа ернінен қалған таңба тайға басқандай, баданадай боп, баттып тұр.

Ханым ұлы сәскеге дейін шатырында міз бақпастан сілейіп жатты. Бүгінгі түні хан болат білегімен бауырына қыспайды, құрамытқан, құмартқан денесінің сусынын қандырмайды, апарып өлтіріндер деп әмір қылады да, қайтып есіне де алмайды деген ой миын толассыз улады.

Ханым ханға бетін көрсетпеу керек, тым болмаса, бүгінгі түні жасыру керек. Енді қайтпек?

Неге болса да басын байлады. Мұндайда махаббат пердесін жанымен жаны ашығансып, андып жүретін эезіл сайтан айла тауып бере қойды.

Ханым бетіне пәренжі салды; өз қылмысын білдірмеу үшін, әйел біткен бетіне перде киіп жүрсін, бетін көрсетіп, еркекті қызықтырып, аздырмасын, үйткені, еркектің ойы дейім қасиетті, зор жұмысқа бөліну керек деп жарлық шашты.

Орданың одыраң әскері қикуды салып, бөріктерін аспанға атып, садақпен көздеп, арынды аттары ауыздықпен алысып, Самарқанға саусылдап кіріп келгенде, шатырларының алдында бетіне қара салған, сымбатты бөтен әйелдер ұшырады.

Бірақ қан жұтып, шаң жұтып, соғыстан аң болып, әйелдің жылы қойнын аңсап қайтқан әскер тындасын ба, киімдерін пәренжісімен қабат сыпырып алып, тер сіңген кежімнің, кілемнің, олжа салған қоржындардың үстіне жалаңаш әйелдерді алды да ұрды, алды да ұрды.

Олардың ішіндегі ең күштісі де, ең тағысы да Темір ғой. Ол мешітке көзін салған жоқ, шатырға ентелей кіріп келді, Бибі ханымның бұраң белін таң атқанша алып білегімен айқастыра қысып, бос тұрған

сұлу сауыттай-ақ құмарлықтың қатты ашыған, ыстық сусынын толғанша құя берді.

Түні бойы, таң атқанша, мана жаққан сөнген оттан аулақ шатырдың көлеңкесінде, айдың сәулесінде құшырланған тістерден, еркектердің ентіккен демінен, әйелдердің мыңқылдаған, сыңқылдаған ыстық дауысынан құмарлықтың толқынды жыры жасалды. Тек анда-санда жерде от басында аунақшып, терең сырлы күншығысындай, ескі, ащы темекінің түтініне булығып, уына елтіп, демігіп отырған қарау-қарау шылымшылардың көлеңкесі қарауытады. Олар жөтеледі, қырылдайды, бірінен соң бірі жан шошырлық, мәнсіз, мас дауыспен сақылдап тұрып күледі. Олардың күлкісіне дала қарсақтарының ішін тартып ұлыған дауысы ән қосады.

Таңертең ше?.. Таңертең Бибі ханымның жағасы жайлау, төбесі қыстау, езуі бір жиылған жоқ; жазаласа да, хан бәрін біліп қойып, ұстап әкелген арабпен екеуін қосақтандар деп, әмір қылғанда да езуін жимады. Екеуін биік мұнараның басына алып шыққанда, өлер алдында бір сүймек болған шебердің отты ернінен басын бұлқынғанда да ханым жымыюдан танбады.

– Бәрібір екеуміз бірге өлетін болдық қой, – деп, шебер омыраулағанда:

Бибі ханым басын былғаң еткізіп:

– Жоқ, – деді.

Бір мөнет өткенде екеуін мұнарадан құлатып жіберген әскер, ханымды салбыратқан жіп үзіліп кетіп, бейне махаббатың мамық төсегінде жатқандай, Бибі ханым қатты жерде емін-еркін, сұлу айдай жарқырап жатқанын көрісті.

Міне, Бибі ханым мешіті деген мешіт солай салынған еді; пәренжі киюдің ертегісі осылай айтылушы еді.

Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1997. – 2-т. Повесть пен әңгімелер, аудармалар. – 240-246 б.

БАЛЖАН

(Рабиндранат Тагордан)

Баланың атын Балтілді деп қойғанда, сақау болады деген кімнің есінде бар? Екі апасының аттары: бірі – Сұлушаш, бірі – Күлімкөз болған соң соларға ұйқастырғалы әкесі кенже қызын Балтілді қойып еді. Еркелетіп Балжан деуші еді.

Қыз туды – масыл ғой. Екі апасын жасап, жабдықтап, рендеп құтты жеріне қондырса да, кіші қызы ата-ананың жүрегіне қара тастай басып, өтпей отырып алды. Жұрт оны мақау болған соң құлағы да керен деп ойлады. “Сорлы, заманың әлде қандай болады?” деп, оның көзінше есіркеп, сөйлей беруші еді. Құдай ата-анасына қарғысқа бола бергенін Балжан бала жасынан сезді ғой: кісікиік болып, оңаша күнелтіп үйренді. Жұрт Балжанды жан екен демей, ұмытып кетсейші. Онда да бір сәрі болар еді. Жан жарасын кім ұмытар? Балжанды ойлап, күні-түні ата-анасының жаны күйзеледі. Мылқау Балжан өте-мөте анасына қорлық боп көрінді. Анаға ұлдан да қыз бала тонның ішкі бауындай, он екі мүшесінің біріндей болмақ қой: қызының мініне анасы өз мінінен жаман ойлады. Ата байғұс аяй ма, кім білсін, сақау Балжанды өзге қыздарынан кем көрген жоқ. Қайта артық көрді. Бірақ анасы Балжанды мойнындағы кескектен бетер жек көрді.

Балжан тілден тақыр болғанмен, ұзын кірпікті саялаған сұлу қос қара көзден тақыр болған жоқ. Ішкі сырына айна болғандай оймақ ауыз, тәтті ернінен де Құдай оны кенде қылған жоқ.

Ойлағанымызды сөзбен жеткізбек болғанда дәл сөз таба қою оңай емес қой. Қалай айтсам екен деп, ішіннен лажсыз ойланасың ғой. Кейде сөзің ойыңа дәл келмей, жазатайым кетесің ғой. Ал қара көзге ондай тілмаштың қажеті жоқ. Жанның сыры айнаға түскендей дәл көрінеді. Қара көзде жан сыры тұтанады. Сөнеді, біресе лапылдайды, біресе тұңғыыққа батады, біресе батар айдай біртегіс нұрланады, біресе жарқ еткен нажағай отындай көк күмбезін замат жарық қып жібереді. Туғаннан ерін қыбырлағаннан басқа тіл сыйына жарымаған жан көз тіліне жаттығады. Көз тілі ішкі сырды көрсетуге, теңіздей терең, тандақ пен шапақ, сәуле мен сая кезек ойнайтын, аспандай ашық болады. Жаратылыстың өз бетіндегідей сақаудың бетінде әлдебір жалғыздық айбарының ізі жатады. Балжанның сонысынан қорыққандай өзге балалар онымен еш уақытта ойнаған емес. Балжан тілсіз, үнсіз, тал түстегі құла түздей жансыз.

Балжанның ауылын Шандуер деп атайтын. Ауылды жанап ағатын өзге Бенгел өзендерінен бәсірек жіңішке өзен (. . .) ауылдың аруындай, тар арнадан бойы көрінбейтін. Осы тынымсыз аққан жылым су қасындағы ауылдың қыбырлап жұмыс қылған адамдарындай, кемерінен бір де шықпай, өз міндетін атқара беретін өзеннің екі жақ жағасында ағаштан

тон жамылған, тұянадай үйлер созылатын. Өзен патшасы – пері қызы тағынан түсіп, ауылдың бау-бақшасына билік құрып, қара басының қамын ұмытып, берекелі, құтты еңбекке елгезектеніп, үкідей ұшатын.

Байқадам (Балжанның әкесі) үйі өзеннің қақ жиегінде. Қасынан өткен қайықшыларға Байқадамның қорасы алақанның аясындай көрініп тұрады. Сол өлі мүліктің ортасынан жұмысын бітіріп, жасырынып жиекке келіп отырған шүйкедей қызға әлдебіреудің көзі түсті ме, жоқ па – кім білсін, бірақ қыздың кемтігін жаратылыс өзі толтырды. Қызбен өзі сөйлесті. Судың сыбдыры, ауылдың шуылы, қайықшылардың әні, құстардың шырылы, орманның сыбыры араласып, Балжанның жүрек діріліне құйылысып үндесуші еді. Бәрі қосылып, бір зор толқынды дауыс болып, Балжанның үрейлі жанына есігін ашып кіруші еді. Жаратылыстың осынау бұлдыр шуылы, осынау қыбыры сақау қызға тіл болушы еді. Өзін кірпік аясындағы осынау қара көздің сөзі маңайдағы дүниенің сөзі тәрізденуші еді. Басында торғай шырылдаған ағаштан бастап, жымыңдаған момын жұлдызға шейін – бәрі де ымдасқандай, қолдарын сермескендей, сөйлескендей, жылағандай, күрсінгендей болар еді. Шеке қызар, ми қайнар түс болып, қайықшылар қайығын доғарып, тамаққа кеткенде, ауыл адамдары маужырап ұйқыға батқанда, құстардың шырылы тынғанда, паромдар қаңтарылғанда, қыбырлаған жұрт тыным алғанда, дүние иесіз аңырап, жансыз алыпқа айналғанда, көктің көз жеткісіз жан сүйсінерлік көк күмбезінің астында жалғыз-ақ меңіреу жаратылыс пен меңіреу қыз қалар еді. Екеуі де үнсіз сөйлер еді, біреуі күннің жомарт нұрына шомылып, бірі аласа ағаштың саясына тығылып.

Алайда Балжан достан да құралақан емес. Қорада екі сиыр бар: Жантақ пен Месқарын. Балжанның аузынан өз аттарын өмірі естімесе де, аяғының тықырын олар жақсы біледі. Балжанның оларға айтар сөзі болмайды, бірақ оларды еркелетіп, бірдемені былдырлайды. Сартылдаған сөзден де достың былдыры оларға көп ұғымды. Өзгелерден де Балжанның оянғаны, жылы ұшырағаны оларға жағымды. Балжан қораға кіріп, Жантақты мойнынан құшақтайды: жағын жағына үйкейді. Ол кезде Месқарын момақан көзін бажырайтып, Балжанның бетін жалайды. Мерзімді уағында сиырларына Балжан күніне үш рет келеді, кейде одан да жиі келіп қалады. Біреуден ренжіткендей сөз есіткенде Балжан үнсіз достарына мезгілсіз де келіп жүреді. Олар Балжанның мұнды баяу көзінен жан жапырығын оқыған іспеттенеді. Таяу келіп, мүйіздерін елтеп қолына сүйкеп, үндемей, дөрекіленіп, Балжанды уатқан болады. Бұл екі достан басқа ешкілер де, мысық та бар-ды. Олар Балжанға опашылдығын көрсетем десе де, сиырлардай дос қылмаушы еді. Күндіз демей, түн демей, қалт еткенде мысық Балжанның тізесіне қарғып шығып, қалғып пырылдаушы еді. Балжан нәзік бармақтарымен желкесін, арқасын сипаса, бір жасап қалар еді.

Жақсы жануарлар арасынан Балжанның бір жолдасы болды. Бірақ онымен арасы қандай екенін айту қиын. Өйткені, ол сөйлей білетін адам мен Балжанда ұғысатын тіл бар ма? Ол – Үсейіннің мейлінше жалқау кіші баласы Әлтай еді. Әлтайды адам қылам деп, ата-анасы осынша талпынса да, түк шықпасын біліп, күдерін үзген еді. Дегенмен жалқаулардың да бір артық жері бар: үй іші жамандаса да, оларды өзге жұрт тәуір көреді. Жұмысқа айналмай қолы бос жүрген соң, олар әлеуметтің меншігі болып алады. Әрбір қалада таза ауамен дем алып, бас қосарлық бір орын болады ғой, сондай-ақ күнін кім көрінгенмен мылжыңдасып өткізетін, тентіреген, еріккен екі-үш еріншек әр ауылға да керек. Істерлік іс болмаса, әңгімелесерлік кісі керек қой, сондай кезде еріншек қолыңа түсе кетеді.

Әлтайдың басты кәсібі балық аулау болатын. Уақытының көбін ол аушылыққа жұмсайтын. Әлтайды іздеген кісі күнде түстен кейін өзен жиегінен табатын. Әлтай жиекте отырып, Балжанмен көп кездесетін. Қандай жұмыс қылса да, Әлтай жанында серік болғанын жақсы көретін. Балыққа қармақ салып отырған кісіге сөйлемейтін серік қаса көрім ғой. Үндемейтіні үшін Балжанды Әлтай бағалы адам деп санады. Өзгеше көргендігі ғой, өзгелер Балжан десе, ол Бал дейтін болды. Балжан томар ағашының көлеңкесінде отырады. Аңадай жерде Әлтай отырып, қармақ салады. Әлтай дәйім азырақ қамыр әкеледі. Балжан қармаққа шаншуға оны даярлап береді. Қасында ұзақ отырған соң, көзінің сұғын сатқан пайдасыз адам көрінбейді, Балжан оған шынымен көмек көрсеткісі келді-ау дейміз. Бірақ жұмыс жоқ, қалай көмегін тигізсін? Сонда Балжан “Балымның мұндай іс қолынан келеді деп ойлаған емен” дегізіп, Әлтайды таңдандырғандай бір оқыс күш бер деп, жаратушыға жалбырынады.

Ой-дүние-ай! Балжан перінің қызы болып, судан ақырын шыға келіп, жылан бас асыл тас әкеліп берер ме еді! Онда Әлтай жаман аушылықты былай тастап, дүниені кезіп кетер еді. Кімді іздеп десейші? Күміс сарайда, алтын төсекте жатқан Байқадамның балдырғандай майысқан Балжанын іздеп. Күнмен шағылысқан асыл қазына патшасының қызы – біздің Балжанды іздеп. Бірақ бұл болмайды ғой, мүмкін емес қой, дүниеде болмайтын нәрсе жоқ қой. Сондықтан емес, Балжан жер астындағы патшаның қол астында тумай, Байқадам үйінде туғандықтан. Сонсоң Үсейіннің баласын қалай таң қалдырар?

Балжан бірте-бірте бой жетті. Бірте-бірте есі кіріп, ішкі сырына бойлады. Ішіндегі жаңа ойлар айдың он бес жаңасы кезіндегі көк теңіздің қиядағы толқындарындай көтеріліп, сыртқа шығуға жол таба алмады. Балжан өз ішіне үңіліп, өзінен әлденелерді сұрады, бірақ түсінгендей жауап ала алмады.

Күндерде бір күн ай төбеден асқан, түн ортасы ауған мезгілде Балжан есігін ептеп ашып, тысқа қорғалап қарады. Самалдай жарық түнде жалғыздық көрген Балжандай жаратылыс маужыраған жерге көз

салып тұрады. Көкірегіндегі асау, албырт жас өмір аттай тулады. Сүйініш пен күйініш кемеріне жетіп, жанын кернеді. Балжан ұшы-қиыры жоқ жалғыздықтың ең шетіне жетті, жетпек түгілі аттап кетті. Жүрегі қорғасыннан ауыр тартты. Қайтсін, түк айтуға мұршасы келмеді. Аласұрған үнсіз анасының етегі жанында аласұрған, қимылсыз, үнсіз сілейіп тұрып қалды.

Күйеуге қалай берудің қарызын ойлап, ата-анадан маза кетті. Көршілері қорлап өлтіріп барады. Ортамыздан қуамыз деген сөздердің шетін де шығарды. Байқадамдікі – ауқатты үйдің іші, күніне балық етін де екі жейтін үй. Ондай үйдің досынан дұшпаны көп болмақ қой. Аяғында бұл жұмысқа әйелдер араласты. Байқадам бірнеше күндей жоғалып кетті. Сапардан қайтып кеп: “Қалқұтқа жүреміз” деп қамдана бастады.

Бөтен елге жүрмек болды. Күзгі сасық тұмандай Балжанның жүрегінің көздің жасы жанышты. Қоқырланып қашаннан жиналған мәлімсіз қорқыныш жанын өртеп, аузын бұған өгіздей Балжан ата-анасының соңынан аяңдай берді. Бірдеме сұрайтын адамша үлкен көзін бажырайтып, олардың бетіне қарай берді. Ата-анасы бір ауыз да тіл қатпады. Осы әңгіменің қызу үстінде, балық аулап отырған Әлтай күліп, Балжанға қарап: “Ақыр-ақ олар саған күйеу тапқан екен. Барған соң ұзатады ғой. Әйтсе де мені мүлде ұмытып кетпе”, - деді. Деді де қармағымен тағы алданып кетті. Жаралы бұлан: “Не жазығым бар еді?” дегендей, ішінен қиналып, аңшыға қандай мөліп қарайды, сол тәрізді Балжан да Әлтайға қарап қалшып қалды. Бұл күн Балжан ағаштың саясында отыра алмады. Байқадам түскі тамақтан кейін көзінің шырымын алып, төсегінде темекі тартып отыр еді, Балжан әкесінің аяғына өкіре жығылып, бетіне жаутаңдай қарай берді. Байқадам уатқан болды. Өзінің бетінен де жас сорғалады.

Қалқұтқа ертең азанда жүруге байланды. Бала жасынан дос болған достарымен құшақтасуға Балжан сиыр қораға барды. Өз қолымен ауыздарына шөп асатты. Мойындарынан кезек-кезек құшақтады. Көздеріне үңіле қарады. Көзінің жасы тимей-тимей кетті. Бұл түн айдың оныншы түні еді. Балжан үйінен шығып, сүйікті өзені жиегіндегі жасыл шалғынды келіп құшты. Жер айбынды, үнсіз анасындай еді. Жер – Анасын құшағына алып: “Мені жіберме, ана! Мен құшқандай сен де мені қолдарыңмен мықтап құшып, жіберме!” дегендей көрінді.

Бірнеше күннен соң Қалқұт шаһарының бір үйінде анасы Балжанды аса қастерлеп, киіндіріп жатты. Бұрымдарын талдап өрді. Тана моншақты саусылдатып қадады. Шолпы тақты. Құдайдың берген көркін бұзуға бар күшін салды. Балжанның екі көзі бұлаудай. Анасы көзі ісіп кетеді-ау деп қорқып, жылама деп ұрысты. Көздің жасы ұрысқанға көнетін-ау. Қалыңдықты көруге күйеу, құда келді. Соғымның малын таңдауға құдай келгендей, ата-анасының есі шығып кетті. Шымылдық

ішінде шешесі қызына насихат айтам деп, көздің жасын одан жаман молайтты. Содан кейін сыншылар отырған үйге кіргізді. Маңғаз мырза қызды айналдырып көп қарады да: “Онша жаман емес екен”, – деді.

Күйеу өте-мөте көзінің жасына зер салды. Жүрегі жұмсақ екен деп ойлады. Ата-анасынан айырыларда қатты қиналған жүрек тегін болмайды, “бұл – мұның жақсы жағы” деп түйді. Тананы қымбат қылған меруерттей, қызды қымбат қылатын көзінің жасы деген оймен күйеуінің сыны тамам болды.

Сәрсенбінің сәтті күні тойын қылып, ата-анасы қызын аттандырды. Қызын құтты жеріне қондырып, көңілдері бір демдеп, олар үйіне қайтты. Құдайға шүкір, екі дүниеде абыройы түгел, жандары жұмақта болады. Күйеудің қонысы құбыла жақта екен, кешікпей қалыңдығын алып, солай тартты.

Он күнге толмай-ақ жас келін сақау деген лақап дүңк етті. Сақау екенін білмегендерге Балжан жазалы емес, Балжан кісі алдаймын деп қашан ойлады? Сақау екенін көзі-ақ айтып тұрды. Бірақ оны ешкім ұққан жоқ. Төңірегіне көз салып, дағдылы тілімен сөйлесерлік жанды Балжан көре алмады. Бала жастан бірге өсіп, біте қайнап, сақау қыздың тілін ұғатын жануарлар да болмады. Оның үнсіз жүрегінде түпсіз, шетсіз, дауыссыз зар өксіп жатты. Ол зарды жалғыз-ақ жүрек тамыршысы есітті.

Әнеугідей емес, бұл жолы көзі түгілі құлағын да түріп, Балжанның мырзасы келіншегін оңдап тұрып қарады да, тілі бар бір жас тоқал тағы алды.

Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1997. – 2-т. Повесть пен әңгімелер, аудармалар. – 221-226 б.

ТЕҢСІЗ, ТЕЛЕГЕЙ АТТАНЫС

(Джек Лондоннан)

1876-ыншы жылы Қытай бір жақ, қалған жер жүзі бір жақ болып, екі елдің араздығы шарыққа шықты. Сол араздықтың салдарынан Әмерике елдігіне екі жүз жыл болған тойын тойлай алмады. Жер жүзіндегі өзге жұрттардың да талай келешектегі істері шым-шытырық, ойран-топан болып, орнына келмеді. Селебе қатерді жүрегі сезіп, жер жүзі сілтідей тұнды; бұған шейін жетпіс жыл тынбай оқиға осы бетте шыныға берді.

Оқиғаның қара басы 1904-інші жыл екен, содан 70 жыл өткенде жер жүзі бұлқан-талқан болуға тағдыр жазыпты. Орыс пен Жапан соғысы 1904-інші жылы болды. Сол кезде-ақ тарихшылар бұл соғыс Жапанның елдігін көрсеткені, таралғысын тартқаны деп топшылап еді. Дұрысында ол оқиға алып Қытайдың ұйқыдан оянған нысаны екен. Оның оянуын жер жүзі ұзақ күтті, күте-күте жалықты. Батыс халықтары Қытайды оятам деп байқаса да, Қытай оянбады. Дүниеде болдырмайтын жок деп, көкірегін керген өзімшіл Батыс Қытайды бұ жалғанда оятуға болмайды деп қол қойды.

Сөйтсе, Батыс халықтары жаза басқан екен: Қытай мен өздері арасында жуысарлық жалпы сыр, жалпы тіл жоқ екен. Екі жұрттың ой жүйесі екі арнамен ағады екен; олардың арасында жасырын сырды білісерлік жалпы лұғат жоқ екен. Батыстың алғыр ақылы Қытай ойының түбіне бара алмай, тайызға жетіп қайраңдап, түпсіз тұңғиықта қалқып тұрып қалыпты. Ал Қытайдың ақылы Батыс жанының әудем жеріне жетіп, ұғымсыз, меңіреу қорғанға тұмсығы тіреліпті. Мұның бәрі – тіл бақалықтың қырсығы. Қытай баяғы ұйқысында жата берді. Батыстың дүние-мүлік мәдениет жүзіндегі табысы Қытайға жеті қырдың астындағы жеті баспалы кітаппен тең еді. Сол кітапты Батыс аша алмады. Ағылшын елінше сөйлейтін тұқымдардың ар жағында, әлдеқайда санасының түкпірінде, одан ұғымды айтсақ жанында саксон (герман тұқымды) сөзіне келте жауап қайырарлық бір зейін бардай еді; Қытай санасының шығар аузында әлдебір Қытай таңбасына жауап берерлік бірдеме бардай еді; бірақ Қытай ақылы Саксонның келте тіліне жауап қайыруға олақ еді; ағылшын-саксонның ақылы да қытай таңбасына сондай топас еді. Олардың жан ырысы да, арқауы да екі алуан заттан жасалған еді; олардың рух әлемі біріне бірі жат еді. Міне, сондықтан Батыстың дүние-мүлік, мәдениет жүзіндегі табысы Қытайдың мәңгі ұйқысын бұза алмады.

Ал сонда Жапан деген шығып, 1904-інші жылы Ресейді соғысып жеңді. Жапан тегі Шығыс халықтарының ортасынан қараңғыны қақ жарып, екі құлағы тік шыққан бір шіңгі тұқым болды. Батыс нені ұсынса, соны қағып алатын болды. Батыстың пікірін Жапан тез сіңіріп,

қайнатып, пайдалануға шеберлігі сонша, аз жылда айбарлы жұрт болып, барлық қару-жарағын асынып, қан майданда шыға келді. Айуандар әлеміндегі табиғаттың әлдебір қалжағын ұғыну қандай қиын болса, Батыстың жат мәдениетіне Жапанның төтен шалымдылығын ұғыну сондай қиын болды.

Аузынан жалыны шыққан арыстандай Ресейді алып ұрып, Жапан айбарлы жұрт болуды көксеген зор арманын дереу іске айналдыра бастады. Керей (карей) жұртын сауулы сиырдай отар қылып алды; айлалы елше, пайдалы серт, шырмаулы тор құрып, Манжүрианы дербес азық қылды. Жапан оны да місе тұтпады; Қытайға көз тікті. Қытайдың жері ұшан-теңіз; жерінің асты толған қазына – темір мен көмірдің кені; бұл екеуі жүрген жер мәдениетінің сауыры ғой. Жер байлығы тұрғанда өнеркәсіп қаулауға одан соңғы қосеметкей себеп еңбек қой. Қытайдың жел жеткісіз байтақ жерінде төрт жүз миллион жан мекен етеді. Есеп қылсаң, мұнша жан жер жүзіндегі адам ұрпағының төрттен бірімен тең; ол ол ма? Жер жүзінде еңбек қылуға Қытайдай ерінбейтін, көнбіс ел жоқ; тағдырға бас берген дін пәлсепесі, темірдей берік жаралған дене жүйкесі, билей білген адамдардай көсем болса, Қытайды жауынгер ел қылғандай еді. Жалаңдаған Жапан сондай көсем бола кеткені екі бастан белгілі.

Бәрінен де оңдысы – Жапанның Қытайға қан жүзінен қарындас-тығы еді. Батысқа перде есепті көрінген Қытай мінезінің жұмбағы Жапанға жұмбақ болмады. Жапан Қытайды ішек-қарнына шейін жете білді. Біз оны мәңгі білмес едік. Жапанның ой жүйесі қай жолмен жүрсе, Қытайдікі де сол жолмен жүреді. Ой бернесі, ми соқпағы екеуінде де бірдей. Сондықтан Жапан Қытай жанының қараңғы түкпірін кезіп кетті. Батыстың аяғы жетпеген жерге Жапан жетті. Еуропалықтар көрмеген қалтарысты Жапан көрді, олар өте алмаған күдерден Жапан жағалап өтті, Қытай жанының біз бара алмаған тарауына Жапан барып ұялады. Олар бір ауыл, бір бауыр ел еді. Атам заманнан бірінің жазуын бірі үйренген, есте жоқ ескі заманда екі ел де манғол тұқымынан өсіп-өрбіген. Жер жағдайының өзгешелігі, басқа жұртпен қан араласуы екі елді аз-маз өзгерткен, бірақ асылында атадан қалған қандастық арылмай, сүйегіне біте қайнасқан, екеуінде де бір ұйқастық сақталған. Жылдар, айлар өтсе де, ол қандастық жойылмаған.

Ал сонда Жапан Қытайды билемесін бе? Ресейді жеңгеннен кейін, Жапан тыңшы азаматтарын қытай жеріне аттандырады. Қытай ішіне мың-мыңдаған шақырым жерге шейін Жапан тыңшылары, енженерлері құл киімін, саудагер киімін киіп, әйтпесе қаңғырған бұда (қытай, жапан діні) абыздары болып, сіңіп кетті. Олар босқа қыдырған жоқ, пәлен су ағардың күші неше аттық, пабірік салуға қай жер қолайлы, таулардың, асулардың биіктігі қандайлық, соғыс кезінде бекінуге берік, осал тығырықтар қандай, шиманды өлкелер қай жерде, пәлен алапта өгіз

қанша, еріксіз соғысқа айдарлық диканшы қанша – міне, сондай кезекті аманатты орындап жүрді. Қытай жұртында мұндай санақ мәңгі болған емес еді.

Кешікпеді, Жапан желегін сыпырып тастаған келіндей, көп сырын сыртына шығарды. Жапан әпесерлері Қытайдан әскер жасады. Орта ғасырдың айғыр үйіріндей аңқау құралды әскерінен Жапан капралдары (салдат басы) 20-ыншы ғасырдың айлалы, әдісті, әрі мерген, әрі өнерлі салдатын жасап шығарды. Олардың салдаты таңдама Еуропа ұлтының қай салдатынан болсын соғыста басым болды. Қытайдың қылдырықтай тышқан із, шым-шытырық арықтарын Жапан енженерлері саралады, терең сайға айналдырды, зор пабіріктер, шойын құятын зауыттар салдырды, қытай жерін тілипон, ділгірәм, шойын жолмен шарлады. Мәшине мәдениетін өрбіткен шеберлер Шонсанда (Қытай жері) адам сұрағысыз мұнай тапты, жер жүзінде бірінші жүлде алған Оау-Уй-ғаз құдығын қазып шығарды.

Қытайдың мемлекет кеңестерінде Жапан кемесерлері қонжиды. Жапанның мемлекет азаматтары Қытайдың мемлекет адамдарына ақыл үйретті. Қытайдың жауынгер ел болуы, саясаты қайта құрылуы Жапанның арқасы еді – олар оқымыстылар табын, көтеншектер атаулыны қуып, олардың орнына итіншек төрелерді отырғызды. Кент сайын, қыстақ сайын газет шығарды. Газет біткенде саясатты Жапан жазушылары жүргізді, өйткені, олар нұсқаны тура Тоқудан (Току-Жапан байтақты) алып тұрды ғой. Бұл газеттер елді ілгері басу жолында тәрбиеледі.

Тұтқиылдан оянған Жапан да дүниені сондай таң қалдырған еді, бірақ онда Жапанның барлық жаны 40 миллиондай еді. Ал төрт жүз миллион жаны бар Қытай сынды жұрттың оянуы әрі керемет, әрі мәлемет боп көрінді. Қытай күллі халықтың ортасындағы толқыған егін еді. Қытайдың даусы ұлт топтарында үйірге түскен сақа айғырдың даусындай саңғырлады. Жапан Қытайды айтақтады, Батыстың паң халықтары құрметпен құлақ қойды.

Қытайдың сұмдық тез көтеріліп кетуі көбінесе халқының еңбек-қорлығынан еді. Қытай барып тұрған кәсіпкі кейіпкер болды. Бұрын да солай еді ғой. Жұмысқа келгенде, дүние жүзінде ешбір жалшы Қытайға тең келген емес. Еңбек – Қытайдың дем алатын ауасы. Басқа жұрт алыс елге жорыққа аттануды, әйтпесе алыс жолға – Әжіге баруды қандай сүйсе, Қытай еңбекті сондай сүйер еді. Бостандық деген – Қытайға еңбек құралы деген сөз. Ерінбей егін егу, дамылсыз еңбек ету – міне, Қытайдың тіршіліктен де, тәңірден де тілегі. Қытай оянды. Оның оянуы есепсіз еліне жалаң бостандық, жалаң еңбекке еркіндік беріп қойған жоқ, еңбектің ең жоғарғы, ең білімді, ең өнімді, жетікті бағытына жол ашты.

Қартайып, жасарған Қытай! Бұдан Қытайдың тік көтерілуіне бірақ аттам қалды. Қытайға жаңа бірлік, жаңа қайрат пайда болды.

Жапанның жүгенін киген Қытай ауыздығын шайнап пысқырынды, бірақ жай пысқырынған жоқ. Жапанның тілін алып, алдымен Қытай өз жеріндегі Батыстың миссионерлерін, енженерлерін, капралдарын, саудагерлерін, тәрбиешілерін қуып шығарды. Содан Жапанның да сол тәрізді қызметшілерін айдады. Жапанның советшілерін қытай сый-сипатпен еліне қайырды. Батыс Жапанды оятты. Бірақ, Батыстың сүтін ақтаса да, Қытай Жапанның сүтін ақтамады. Қытайға көрсеткен шоласыз еңбегіне Жапан жәй ғана алғыс алды, құрғақ алғыстан басқа Қытайдың берері болмады, құр жын-қолаңымен Жапан адамдарын сауырдан сипап қоя берді. Батыс халықтары Жапанды табалап, сық-сық күлді. Жапанның әлемді арманы далаға кетті.

Жапан долданды – Қытай оны сықақ қылды. Сұмырайдың кекті қаны, қанды қылышы соғысуға аптығып айт-өйге қарамастан, Жапан соғыс жариялады. Бұл соғыс 1822-інші жылы болды. Алты-жеті жылдың ішінде Жапан Манжүриадан, Керейден, Пұрмозадан (Пұрмоза – Жапан аралы) айырылып, әуре болып, елден ине шаншар жері жоқ, алақандай аралдарына қайта тықсырылды. Жапан жиһан майданынан шықты, айбарын жоғалтты. Содан кейін Жапан бар күшін өнерге салды, сұлудың сұлуын жасап, дүниені таң қалдырмақ болды.

Жұрттың аңызы аныққа шықпай, күшейсе де, аламандық, жауынгерлікті көксемеді. Напалионша жер жүзін бағындырам деп шарыққа құлаш ұрмады. Жайбарақат кәсібін істей берді. Алай-түлей дәуір өткен соң, Қытайдың соғысынан емес, саудасынан қорқу керек деген наным жұрттың көкейіне орнады. Нағыз қатер қайда екенін ешкім де білмеді, оны кейін көреміз.

Қытай бұрынғыдай мәшине мәдениетін бүлкілдетіп қайната берді. Дәйім ұстайтын сансыз әскердің орнына Қытай одан да сансыз, тамаша үйретілген сайдың тасындай мелитсе құрып алды. Қытай кемелерінің дәмкерлігі сондай, жер жүзі мысқыл етер еді. Қытай соғысы кемелерін күшейтуге тырысқан да жоқ. Кеме келетін теңіздердің сертті портына (порт – теңізде кеме тоқтайтын орын) Қытайдың сауытты кемелері келіп көрген емес.

Шын қатер – Қытай елінің балықтай өсімталдығы екен. 1870-інші жылдарда ғана Қытайдың қатерлі ел болғаны жер жүзін тітіретті. Қытаймен астасқан қоңсы елдер Қытай келімсектерінен алдақашаннан тынышы кетіп, қаңқылдаулы еді. Сол кезде Қытайдың жаны 500 мөлиенге жетіпті деген лақап дүңк ете түсті. Қытай оянғаннан бері еліне жүз мөлиен адамдай қосылған екен. Бұл кепке бұрыққалтер назар тікті. Ол сан жүйесімен жабайы есеп қылды. Ол Әмірикенің, Канаданың, Жаңа Зелендианың, Абыстралияның, Түстік Апырикенің, Англиенің, Пырансиенің, Германиенің, Абыстриенің, Еуропадағы Ресейдің, Искандиаудың халықтары қосты. Бәрін қосқанда, 495 мөлиен болды. Қытай-

дың адамын санаса, бұл керемет сипрден 5 мөлиен артық екен. Бұрыққалтердің сипрі жер жүзін кезді. Сонда дүние тітіреді.

Талай ғасырлар өтсе де, Қытай халқы онша етек алмай бір сипірдің маңында тұрар еді. Қытайдың жеріне адам лық толып еді. Басқа сөзбен айтқанда, Қытай жеріне қарағанда, жабайы кәсіппен адам баласын ең көп асырап тұрған жұрт саналатын еді, бірақ. Ал, Қытай оянып, мәшине мәдениетін мандытқаннан кейін оның өндірген табысы мейлінше молайды. Сол жерінде Қытай одан да көп жанды асырауға әдді жетті. Сонымет қатар Қытайдың өлгенінен туғаны басымдай берді. Қытай ауыр еңбек қып, әрең күнелткен кезде, ашаршылықтан өлетін адам да көп болушы еді. Мәшине мәдениетіне айналған соң, қорек те толықты, ашаршылық та жойылды. Қорек молыққан сайын адам өсімі де арта берді.

Қытай күш жинап, мәдениетін өркендеткенше, жер алам, ел алам деген ойды да қозғаған жоқ. Қытай озбыр, обыр жұрт емес еді. Бұл еңбекқор, құнтақты, тыныштық сүйгіш халық еді. Соғысты бір жағымсыз, кейде еріксіз істерлік ділгер жұмыс деп санаушы еді. Сонымен, Батыс халықтары өзара араздасып, жауласып, арбасып жатқанда, Қытай өз жайымен шегесін шықылдатып, еңбегін істей берді, күн санап көбейе берді. Енді Қытай елі әбден кемеліне келіп, кемерінен асып төгіле бастады. Ниеті болған Қытай сыбайлас елдің жеріне мұз топанша мымырантып, қаптай бастады.

Бұрыққалтердің сипрі елді біріктіргеннен кейін 1870-інші жылы Пырансие ежелден емешесін құртқан арманына жетуге адам салды. Пырансиеге қараған Үнді Қытайға, Қытай келімсектері алдақашан қаптап, орнап алған еді. Пырансие келімсектерінді тоқтат деп жүрді. Оны тыңдаған жоқ, Қытай толқыны ағыла берді. Пырансие кесірлі отары мен Қытай шекарасына жүз мыңдаған әскерін орнатты. Қытай мелитсе салдатынан мөлиен адамды әскерін жіберді. Оның артынан екінші қол жүрді. Ол салдаттардың қатын-бала, туған-туысқандары еді. Қытайлар пырансүз әскерін беймаза шыбындай типыл қылды. Қытай мелитселері қатын-бала, үмек-шүмегімен 5 мөлиеннен астам жан сезбестен келіп, Пырансиенің Үнді Қытайына, атақонысынан жаман жайланып, орнығып алды.

Намыстанған Пырансие тік көтеріле қаруға жабысты. Қытай теңізінің жағасына әскер, қару-жарақты кемелеп төкті. Шығынға белшесінен батты. Шойырылып қалуға таянды. Қытайда соғыс кеме болған жоқ, Қытай бауырына жиырылған кірпіше, өз жерінің түкпіріне қарай шегіне берді. Қытайдың тастап кеткен ауыл, қалаларын жиектеп пырансүз кемелері ұдайымен бір жылдай оқтың астына алды. Қытай оған елең еткен жоқ. Өзге дүниеге несіне жалынсын. Ол пырансүз оғынан аулақ отырып, өз жайымен жұмысын істей берді. Пырансие ойбайды салды, аңдай ұлды, азуын шайнап, қапырықты халықтарды

көмекке шақырды. Ақырында тура Қытай астанасы Пекінді барып талқанда деп айбынды әскер аттандырды. Бұл әскерде 250 мыңдай адам бар еді. Бұлар өңкей тістің суындай, сайдауыт, ардагерлері еді. Әскер Қытай жағасына жетіп, Құрыға шықты. Шай деп бетке қаққан Қытай жоқ, Қытай жеріне сүңгіп кіріп кетті. Сол кеткеннен мол кетті. Ол әскерден қайтып хабар-ошар болмады. Құрыға шыққан күннің ертеңінде-ақ хабарласарлық сым үзіліп қалды. Не пәлеге кез болғанын айтарлық бір пырансұз да тірі қалмады. Қытайдың апандай аузы бәрін жұтып қойды.

Соңғы бес жылда Құрыдағы Қытай күші шартарапқа қанат жайып, тез көтерілді. Сыйам Қытай патшалығының бір бөлімі болды. Англиенің арпалысқанына қарамастан, Барма, Малай түбектерін қаулаған өрттей Қытай елі басты. Сібірдің түстік жақ шегін қалпымен Қытай басып, Ресейді үріккен қойдай ығыстырды. Жер алу деген Қытайға түкіргеннен жеңіл болды. Алдымен Қытайдың көш басшылары келді. Содан кейін қару-жарақтың даусы шығатын болды. Қарсы тұрған әскерді Қытайдың мелитсе салдаты бордай тоздырды. Алған жеріне Қытай отар салып отыра берді. Бұ сияқты соғысты, мұндай жер алу әдісін дүние жаралғалы тарих жүзі көрген жоқ шығар.

Непалды алды, Бутанды ауызға салды, Үндістанның барлық Сібір жақ шетін осынау селебедей шеңкиіп әкетті. Батыста Бұхар жұтылды, құбылада Ауған тұтылды. Иран, Түркістан, бүкіл Орта Азия – бәрін де осы топан жанышты. Сол кезде Бұрыққалтер сипрін қайта бір қарап жіберсе, құдай ұрған екен, Қытай халқының саны 700, 800 мөлиенді қусырып, миллиартты шарпып қалған екен. Дәл қанша екенін адам біле алмады, “сірә, миллиарт барсың-ау” деп жүрісті. Сонда Бұрыққалтер дүние жүзіндегі ақ түсті тұқымдардың бір-біреуіне Қытайдың екі адамы келеді деп жариялады. Дүние сонда сілкінді. Қытайдың өсуге бет қойғаны 1904-інші жылдан бастап болса керек. “Содан бері Қытайда бір жыл да ашаршылық болмапты-ау” деп есепшілер естеріне алысты. Жылына 5 мөлиен жан қосылып отырғанда, өткен 70 жылдың ішінде 350 мөлиен жан өсім кіреді екен. Кім біледі, әлде одан да артық шығар? Жиырмамыншы ғасырда Қытай сынды тез жасарып, тез өсіп, дүниені тітіреткендей, жалмауыз, жауынгер жұрт шығады деп кімнің есіне келген?!

1875-інші жылы Пиладелпі шәрінде зор тап болды. Бұл топқа Батыс халықтары тік көтере келді. Жақын Шығыстан да өкілдер болды. Бірақ топ ешбір байлаулы қаулыға келе алмады. Барлық халықтарда баланы көп табушыға бәйге тігілген деген сөз болды. Бірақ бұл жобаны есепшілер сықақ қып, күлкіге шаптырды. Өйткені баланы көп табуға келгенде қытайдан үздік жұрт табылмады. Қытаймен алысуға дұрыс шара ұсынушы адам болмады. Біріккен жұрттар Қытайға тоң айбат көрсетіп, бұ қылығынды қоймасан, қиратамыз деген болды. Одан басқа

түк бітірген жоқ. Қытай тобына да, мемлекеттеріне де күліп қарады. Тоң айбатын қырау құрлы көрмеді. Аждаға тақты қорғаушы Ли-Танг-Пунг Еуропалықтарға былай деп қайырды: “Ұлттар біріге берсін. Оның Қытайға керегі не? Біз ең ежелгі, ең алапатты жұртпыз, ел-елдің сырттанымыз. Біз өз міндетімізді атқармақшымыз. Рас, біздің міндетіміз басқалардікіне қайшы болатындықтан, оларға көңілсіз де шығар. Болғанмен қайтейік? Сендер бәрің бас қосып “алапатты тұқымбыз”, “жер мұраланамыз” деп сата беріндер, біздің жауабымыз: “істі кезінде көреміз”. Сендер бізді баса-көктей алмайсындар. Сендердің соғыс кемелерінен біз қорықпаймыз. Босқа кеңірдек созбандар. Соғыс кемелеріміз аз екенін өзіміз де білеміз. Соғыс кемесін палессейлер үшін ғана ұстайтынымызды өздерің де білесің! Біз теңізге қызықпаймыз. Біздің күшіміз – еліміз. Оның саны жуықта миллиартқа жеткелі тұр. Сендердің арқанда біз бұл замандағы әскер әдісіне ие болдық. Кәрлі әскерлерінді жібере бер, бірақ әуелі Пырансиені естеріңе бір ал! Жарты мөлиен салдатты біздің жиекке төгу деген әр қарсына-ақ бар күшін салумен бір есеп. Біздің мың-мөлиендеріміз оларынды бір ақ қылқып жұтады. Мөлиен жіберіндер, 5 мөлиен жіберіндер, – бәрібір, жұтуымыз бір қалыптан танбайды. Түп-пә! Бос сөзді шатасындар, бір уыс жапырақтар! Әмірикелерің килігініп еді, не бітірді? Біздің төккен 10 мөлиен қанымыз бүкіл кемелерінді тасқынқып жіберді. Мықты болсаңдар, соны жойып көр. Со немене? Ол біздің бір жылғы өсіміміздің жартысына да жетпейді”.

Ли-Танг-Пунг солай соқты. Дүние сең соққан балықтай аузын ашып, демі құрыды, құты ұшты. Қытай шын айтып еді, Қытайдың керемет өсімталдығымен алысарлық ылаж табылмады. Халқы миллиартқа жеткен Қытай жылына 20 миллион қосылып отырғанда, 25 жылдан кейін бір жарым миллиартқа жетеді екен. Бұл 1904-інші жылғы жер жүзінің барлық жан саны. Бұған не шақ келеді? Дәнемеден дәмесіз бұған не амал қыларсың? Ешбір бөгетсіз, судай тасыған осынша өмірді қалайша сырықтап тоқтатарсың? Соғысудан түк пайда жоқ. Маңындағы елдер ұрандасып бірігіп жатса, Қытай күлкі қылды. Қайта олардың келгеніне қуанды! Қытайдың өлшеусіз жемсауына жер жүзі жиналып қанша әскер жіберсе де, сығандай еді. Әйтп-бүйткенше, сары тұқым Азияны топанша қаптап баса берді. Батыстың алаң-бұлаң білімдарлары журналдарына оқымысты пікірлерін жазса, Қытай оны оқып, қарқ-қарқ күлді.

Бірақ Қытай кәдіріне жете алмаған бір оқымысты бар еді. Аты-жөні Иакобуш Лингдел еді. Асылында ол өзі оншама оқымысты да емес еді, онша дәріпті де кісі емес еді. Әуелі Иакобуш оқымысты болды. Оған дейін Ниуиорк шәрінде денсаулық жөнінен дәріс беретін пропессұр еді. Жұрт оның қандай білімі барын да білмеуші еді. Иакобуш Лингделдің басы кәдімгі кісілердің басынан түк айырмасы жоқ еді. Бірақ оның басына бір ой келді. Осы бастың ақылы ойын жасырын ұстауға жарады. Ол журналдарға мақала жазуды қойып, оның орнына пұрсат алды. 1875

жылдың 19-інші сентәбірінде Иакобуш Вашингтон шәріне келді. Кеш мезгілі еді. Кеш те болса, ол шақырған пірезидентке барды. Пірезидент Мейермен есікті бекітіп қойып, үш сағаттай сөйлесті. Екеуінің сөйлескенін әлем соңынан білді. Ол кезде әлем Иакобуштың кім екенін керек те қылған жоқ. Ертеңінде пірезидент уәзірлерін шақырды. Мәжілісте Иакобуш та болды. Мәжіліс құпия еді. Со күні кешке бас хатшы Рупұс Каудері Башынгтоннан шығып, ертеңінде ертемен Англиеге жөнелді. Оның апарған сыры өкімет адамдарына ғана ашылды. Иакобуштың басында қандай ой туғанын 5-6 ақ адам білген шығар. Дереу кемелерде, қайықтарда, қару-жарақ қоймаларында қызу жұмыс басталды. Пырансие, Абыстрие халықтары сектеніп, құлағын тікті, бірақ өкімет сондай ант-су ішіп оларды сендірді. Өздері де мәлімсіз кепке сабырлықпен қарады.

Бұл дәуір – зор тыныштық, зор толастың дәуірі еді. Мемлекет біткен басқалармен соғыспасқа серт қып еді. Соғысқа алғашқы адым – Ресей, Германия, Абыстрие, Түркия, Гретсие әскер жасаудан басталды. Әскердің беті – Қытай. Міне, бар мәлім болғаны осы-ақ. Аз күн өткен соң теңіздерде ұлы жорық басталды. Қол-қол әскер лек-легімен әр мемлекеттен шығып, теңізді шарлап “Қытай, қайдасың?” деп самсады. Ұлт біткен кеме қоймаларын қақыратты. Баж дүкендері деймісің, хабаршы кеме деймісің, жүзбе майак деймісің, – бәрі де Қытайға қарай қозғалды. Олар көнетоз кірейсір, ескі көбелі кемелеріне шейін тиеді, оны азсынып, сауда кемелерін де соғыс жабдығына жекті. Санақтың айтуына қарағанда, 58640 сауда кемелері жайнауыз лампы (прожектұр), жалмауыз зеңбірек киіп, әр жұрттан Қытайға аттандырылған екен.

Қытай жымып, тосты да жатты. Еуропаның мөлиендаған салдаты Қытай жиегіне орнады. Қытай мөлиен мелетсесін бес есе арттырып, жауды күтті. Теңіз жағасында да осыны қылды. Бірақ есінен айырылып қалды. Сонша әбігер болып, қаруланып, қамданып, даяр тұрса да, жау кірмеді.

Қытай не екенін ұқпады. Сібір жақ шекара бейбітшілік. Жиектегі бір қыстақ, не бір қалаға тырс етіп оқ түскен жоқ. Соғыс кемелерінің мұнша сұрапыл жиналып, қара құрттай қаптағанын тарих жүзі көрген емес. Бар әлемнің кемесі сонда еді. Мөлиондаған көк сауытты кемелер Қытай теңізін шарқ ұрып, толқынды жосытып, күні-түні дамыл жоқ. Қанша жүрсе де, түк соғыс білінбейді. Соғысам деген ойларында да жоқ. Япырау! Бұлар қайткелі жүр?! Әлде Қытай қол-аяғын бауырынан шығарады деп дәме қып жүр ме? Қытай жымыюда. Әлде Қытайды аштан қатырып қырам деп ойлай ма? Қытай тағы да жымыюда.

1876 жылы он бір мөлиен жаны бар қытай астанасы Пекін шәрінде болған адам таң қалғандай оқиғаны көзі көрер еді. Ол қандай керемет десеңіз, көше толған шаң-шұң дабырласқан қола түсті жандар, бас біткеннің айдары артына салбырап, қыли көздер көкке қадалғанын көрер

еді. Олар жоғарыда бұлтпен араласқан қарайған нүктені болжар еді, оның жат қозғалысына қарап әуе кемесі екенін білер еді. Қаланың үстінде қара шыбындай құжынап жүрген осынау кемелерден оқ жауар еді. Оқ емес-ау, жұқа шыныдан жасалған жіңішке түтікшелер түсер еді. Көшеге, шатырға түскенде, күл-күл болып қирап саудырар еді. Шыны түтіктердің кісі өлтірерлік түк қатері де болмас еді. Қорқынышты еш нәрсе де жоқ. Тым болмаса, мылтық дәрісі де бырс етпейді. Рас, бастарына жоғарыдан түтік түсіп, үш қытай өлді. Жылында 20 мөлиеннен өсім кіріп жатқан Қытай еліне үш кісінің шығыны деген не? Бір түтік бақтағы балықты қара суға тікесінен түсіп, сынбай қалды. Бақ иесі түтікті судан суырып алды. Түтікті ашуға батылы бармады. Достарын ертіп, қаптаған топты соңынан шұбыртып сиқыр түтікті маңындағы мағистратқа (кеңсеге) алып барды. Кеңсеші ер екен. Шылым тартатын мыс түтігімен бір қойып, жұрттың көзінше шыны түтікті сындырды. Таң қалғандай дәнеме болған жоқ! Жақын тұрған адамдар түтіктен бірнеше маса ұшып шықты десті. Бар болғаны сол. Қарқылдасып топ тарасты.

Жалаң Пекін емес, бүкіл Қытайдың үстіне осындай шыны түтіктер жауды. Екі кісі отырғандай, құртымдай айыропандар соғыс кемелерінен ұшып шығып, қаланың, ауылдың, қыстақтың үстінде қайтқан тырнадай қалықтап жүргенде, бір кісі мәшинені жүргізіп, біреуі түтіктерді тастап отырды.

Пекін шәрін баяғы көруші ай жарым өткенде қайта көрген болса, он бір мөлиен жанның орнын сипалаған болар еді. Үйлер, көшелер, ауланың іші, жолдың бойы төбе-төбе болып үйіліп, сасып, шіріп жатқан мың-мыңдаған өліктерді көрер еді. Қалғандарын ұзын жолдың үстінен іздеуге тура келер еді. Топалаң тиген Пекіннен жұрттың көбі-ақ қашып құтыла алмағанын сезер еді. Олардың ізіне, шұбырып өлген жүз мыңдаған адамдардың денесіне қарап, бәрі де қашқандығын байқар еді. Пекінде қандай болса, Қытайдың барлық қаласында, ауыл-қыстағында, үйінде, түзінде осындай күйге түсіп, қырылғанын білер еді. Бір емес, екі емес, он рет, 20 рет қырғын табар еді. Қауырт аурудың неше тұқымы қытайды қаулады. Жаудың сонша қамданып, баптанып жатқанын өкімет кеш сезіп қалды. Сансыз көп әскер төгіп, құртымдай айыропандар ұшырып, титімдей түтік жаудырып, қайткелі жүргенін қайдан білсін. Өкіметтің жарнамасы түкке де сеп болған жоқ. Дерт сенделткен он бір мың сергелденді Пекіннен шығармай, дерт таратпай, қамап ұстауға жарнаманың әлі келмеді. Дәрігерлер, саулық қызметкерлері жүргені жүрген, тұрғаны тұрған жерінде арам қатты. Бәрін жеңген ажал патша ағзам мен Ли-Танг-Пунгының декреттерін қырау құрлы көрсін бе? Патшаның өз басына да дәретке отырып, күліп өтті.

Бір ғана дерт болса, әлде қайтер еді. Қытай арпалысып көрер еді. Бір емес, ондаған дерт, бірінің үстіне бірі қаптаған соң, тірі жан аман қалар ма? Шешектен сау қалған, түйнемеден өлді. Сары безгекке бой

бермеген адамды оба әкетті. Ал обаға болмаса, оны қағынды, не қара ажал дейтін топалаң қағып кетті. Бұл дерттер қайдан келді десеңіз, олардың құрттары батыстың тәжірибеханаларында қолдан өсіріліп, Қытайдың төбесіне бұршақтай жауған шыны түтіктердің ішінде келіп еді.

Мемлекет ұйымы күйреді. Өкімет қардай еріп, тозғындады. Декреттен пайда болмады. Өйткені, оны шығарушы адам минөттен кейін өзі де жоғалды. Өлім қуған ессіз мөлиендер тоқтамады, ешкімнің тілін алмады. Олар қаладан қашып, дертін ауылға апарып жұқтырды. Жаз өте ыстық болды – Иакобуш Лингдел уақыты айламен таңдалған екен – дерт күденің өртіндей қаулады. Көп нәрселер туралы оймен жүріп білуге тура келді, талайларын жалғыз-жарым жаны қалғандардың сөзінен білісті. Сорлы адамдар мөлиен-мөлиен болып, мемлекет жерінде сандалды. Қытайдың жинаған сансыз әскері бордай тозды. Елдің астығы талауға түсті, жаңадан астық егуші болмады. Шашылған егін жинаусыз қалды, жинайтын жан қалмады. Бәрінен жаманы – елдің босқаны болды. Елдің көбі босуда жүрді, олар шекараға тырмысты. Тырмысқандарды жаудың қалың әскері тұмсыққа ұрып, кері шегерді. Құтырған жаудың шекарадағы көрсеткен қорлығы, ұрып-соққаны адамның есінен қалмас. Батыстың қарауылшылары сансыз өліктен, дерттен сектеніп, 150-200 шақырым шегіністі.

Бір кезде топалаң майданды жарып өтіп, Түркістан шегін күзетіп тұрған Герман, Абыстыриа салдаттарына келіп тиді. Ондай шаққа күн бұрын қам істелген еді. Алпыс мыңдай салдат қырылса да, ұлттардан құралған дәрігерлер көбісі дертті тоқтатып, қайта қуды. Осы топалаңмен арпалысып жүргенде, дәрігерлер жаңа бір құртты тапты: топалаң құрты басқа құрттармен араласып, жаңа бір құрт пайда қылады екен. Оның зәрі топалаңдыкінен де уытты болады екен. Сол құрттың барлығын алғаш байқаған Бамберк еді, өзі сол аурудан өліп еді. Соңынан ол құртты оңаша алып, Стивенс, Газенбельт, Норман, Ландерс дегендер зерттеді.

Қытайды басқан теңсіз, телегей аттаныс осылай болды. Мілиарт адамның күні қараң болды. Дерт кернеген кең даласына қамалып, береке-бірліктен айрылып, өлуге ғана дәрмені келді. Құтылар ылаж қалмады. Құрттан қандай шегерсе, судан да сондай шегерді. Қытай жиегін 75 мың кеме күзетіп тұрды. Кемелердің түтіні күндіз су жүзін көк тұман қылып, түн болса жалмауыздың көзіндей жарқыраған электрі түнекті нұр қылып, бір қайықты, бір адамды қашырмады. Қашам деген уақ қайықтардың халі мүшкіл болды. Теңіз күзетшілерін бірі де көз жаздыра алмады. Ол күнгі соғыс мәшинесі тозғындаған Қытайды қысып ұстауға жарады, дерт өз білгенін қылды.

Ескі әдісті ескі соғыс адам күлгендей естегі әңгіме боп қалды. Оның сыбағасына шалғыншылықтан басқа түк тимеді. Қытай соғысқа күлер деп, соғыс көрді. Бұл соғыс тым орасан, жиырмамыншы ғасырда

ғана болатын, оқымыстылардың, тәжірибеханалардың, Иакобуштың соғысы еді. Алты жүз пұт оғы бар зеңбіректер ажал арқалаған, ажал періштелеріндей шашылған тырнақтай дерт құрттарының жанында ойыншықпен бір есеп боп қалды.

1876-ыншы жылдың күзінде Қытайға тамұқ орнағандай еді. Құрттың араламаған түкпірі қалмады. Құтылуға не шара? Жүз мың жандар көмусіз. Күн сайын құрт өсуде. Күніне мөлиен адам қырылуда. Аштық денені әлсіретіп, құртқа жем қылуда. Кісі етін жеу, кісі өлтіру, талау, қырғын. Міне, Қытай өстіп құрыды.

Келесі жылдың өт жұлдызында деген сақылдаған сары аяздың кезінде Еуропаның алғашқы молашылары келді. Бұларды жолаушы, сейілші деп атайды. Жолаушылар аз еді. Олар оқымыстылар мен әскер адамдары еді. Олар Қытайдың тұс-тұсынан кірді. Дертке қарсы қандай қам істесе де бірнеше салдат, бірталай дәрігер өлді. Бірақ жолаушылар ерлік қыл-ды, қайтпады. Олар Қытайдың орнынан жел ескенін көрді. Ойран болған құла түзде түздің тағы иттері мен дерттен қалған қарақшылар ғана кезіп жүр. Жолаушылар аман қалғандарын тағы қырды. Сонда Қытайды сауықтыру деген зор жұмыс басталды. Бұған 5 жыл, жүз мөлиендеп ақша кетті. Содан кейін Қытай жеріне басқа әлем ағыл-тегіл аттанды. Аздап емес, ұлт-ұлт болып жөнелді. 1882-інші жылы Қытай жерінде қырық ру ел араласты. Бұдан зор қан араласу әлемде болған жоқ шығар. Бұл тәжірибе тетік, рух, көркемдік жүзінде қандай ғажап жеміс бергені айдан жарық.

1887-інші жылы зор толастық күні толды. Елусіз Латарингіге таласып, Герман мен Прансүз қайта соғысты. Сәуірде Еуропаның үстіне қара бұлттар төнді. 17-ісінде Капенгаген шәрінде топ құрылды. Бұл топта ұлт біткен түгел еді. Сонда ұлтты бұдан былай Қытай аттанысындағыдай, бір-біреуімізге қарсы тәжірибехана соғысын ашпалық деп бата қылысты.

Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1997. – 2-т. Повесть пен әңгімелер, аудармалар. – 246-257 б.

**ХАЛҚЫМ ДЕП СОҚҚАН
ЖҮРЕГІ, ҚАЗАҚҚА
ТУҒАН ҰЛ ЕДІ**

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТӘЛІМ-ТӘРБИЕ

XX ғасыр басында көптеген қазақ зиялылары, атап айтқанда, А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейханұлы, М. Дулатұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытұлы, Х. Досмұхамедұлы, С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, М. Әуезұлы, С. Мұқанұлы, т.б. қоғамдық-әлеуметтік салалармен бірге ұлттық дәстүр-өнегелерге, адамгершілік-имандық мәселелерге, руханият ісіне үлкен үлес қосты. Әдеби-ғылыми салада да елеулі ізденіс, іргелі еңбектер қалдырғаны қазіргі кезде жан-жақты жазылып, айтылып келеді.

Олардың көп қырлы қасиеттері ұлттық тәлім-тәрбие саласынан да жан-жақты жарқырай көрінер еді. Айталық, А. Байтұрсынұлының “Оқу құралы” /1912/, “Тіл құрал” /1915/, “Әліп-би” /1926/, “Әдебиет танытқыш” /1926/, М. Дулатовтың “Есеп құралы” /1922/, “Оқу құралы” /1924/, Х. Досмұхамедовтың “Табиғат тану” /1922/, “Оқушылардың сауаттылығын сақтау” /1928/, “Адамның тән тірлігі” /1927/, “Сүйектілер туралы” /1928/, М.Жұмабаевтың “Педагогика” /1923/, Н. Құлжанованың “Мектепке дейінгі тәрбие” /1923/, “Ана мен бала” /1927/, т.б. оқулық-кітаптары, сондай-ақ, С. Асфендияров, Қ. Жұбанов, Ғ. Қарашев, С. Қожанов, т.б. әдеби-ғылыми, танымдық мұраларының бүгін де маңызы зор.

Қазақ әдебиеті мен мәдениетіне, ұлттық тәлім-тәрбие саласына өз тұстастары секілді Ж. Аймауытұлы да едәуір еңбек, мұралар қалдырды. Ұстаз-психологтың ұлттық тәлім-тәрбие тақырыбына арналған еңбектері /“Тәрбиеге жетекші”, “Психология”, “Комплекспен оқыту жолдары”, “Жаңа ауыл”/, педагогика саласының түйінді тұстарын арқау еткен мақала, ізденістері бүгін – демократия тағылымдары өмірдің барша саласына батыл енген шақта маңызды мәнге ие болып отыр. Біздіңше, оның бірнеше себеп-сыры бар.

Біріншіден, қаламгер әрі ұстаз-психологтың өмірбаян беттеріне үңілсек, 5 пен 15 жас аралығында ескі молдадан оқыған. Керекудегі екі сынып орыс-қазақ мектебін, Семейдегі мұғалімдер семинариясын бітірген. Семей губерниялық оқу бөлімін басқарып, Қазақ институтында /Ташкент/, Шымкент пед. техникумында оқытушы әрі директорлық қызметтер атқаруы әлеуметтік-халықтық іске, ағарту саласына сергек қарауына мол септігін тигізді /жоғарыдағы еңбектердің жазылуы – осыған дәлел/.

Екіншіден, педагог-ғалым уақыт талабына орай халқымыздың тыныс-тіршілігіне негізделген, тәлім-тәрбиелік мәні зор ғылыми еңбектер жазып қалдыруы ұлттың, ұрпақтың ұлы байлықтарының бірі – бала – болашақты ата-ана тәрбиесімен, адамның өмірдегі мақсат-мұраттары-

мен, іс-әрекеттерімен табиғи байланыста қарастыруы бүгінгі күні де ерекше орын алады.

Ең негізгісі, оқу-білім, тәлім-тәрбие мәселелерін адамтану ісінің күретауыры, келешек кепілі ретінде тану айқын аңғарылады. Адам мен оның өмірі, еңбегі, іс-әрекеттері, т.т. әуелгі негізін, арна-бастауларын отбасынан, оқу-білім иірімдерінен, тәлім-тәрбие тағылымдарынан алатыны нақтылы дәлел-деректер негізінде өріс алады. Бұл бағыттағы көзқарас эволюциясы, тәжірибе-тәлімдері бедерлі.

Бұл тақырыпты Ж. Аймауытұлы жекелеген мақалаларында, атап айтқанда, “Емлені өзгерту жобасы” /“Қазақ тілі”, 1924, №15/, “Әйелді мектепке алындар” /“Ақ жол”, 1924, 26 қаңтар, “Қазақша хат тану әдістері” /“Жаңа мектеп”, 1929, №14-15/, “Мектеп қандай болу керек” /“Еңбекші қазақ”, 1927, №21/, “Ана тілінің оқыту әдістері” /“Жаңа мектеп”, 1929, № 13/, т.б. ұлт тілі, ұлттық үлгі-өнеге, ұрпақ қамы, сауатсыздықты жою секілді маңыз, мәнін еш уақытта жоймайтын мәселелермен толықтыра, дамыта түсті. Маңыздысы – қайсыбір мақала, ізденістен – келешекке көзқарас, ақыл-парасатқа – азаттық, ұлттық тәлім-тәрбиеге кең өріс беру қажеттілігі терең сезіммен жеткізіледі. Бұл – бүгінгі күннің де көкейкесті талаптарының бірі.

Бұған қоса жастар тәрбиесінде саяси-ағарту үйірмесінің ережесін жасайды /“Жас қазақ” журналы, 1924, № 5-6 және 7-8/, ел арасында кездесетін ұлттық психологияға, әдет-дағдыға жат құбылыстарды “Тара алу тоқтала ма?” /“Ақ жол”, 1924, 22-қараша/, “Тәп қол ағашта” /“Қазақ тілі”, 1926, 4-қазан/ деп сын тезіне салады. Балалар әдебиетіне, жас ұрпақ тәрбиесіне – “Көк өгіз”, “Жаман тымақ”, “Шал мен кемпір”, “Күй” секілді ертегілерімен де үлес қосты.

“Абай” журналында /1918, №1–2, 10–12, 14–21 беттер/ басылған “Тәрбие” атты мақалада адам мен хайуанның жаратылысы, іс-әрекеттері әртүрлі мысал-деректермен беріледі. Тәрбие мәселесі, ол жәйлі жазылған еңбек-мұраларға зор ілтипат көрсетіліп, өзіндік ой-пікір білдіріледі. “Тәрбие екі түрлі”, – деп жазады автор, – дене тәрбиесі және жан /рух/ тәрбиесі. Хайуан көбінесе денесін тәрбиелейді. Адам балаларына дене тәрбиелеудің үстіне жанын /рухын/, ақылын, сезімін, жігерін, мінезін тәрбие қылу керек. Денесі мен жаны бірдей тәрбиеленбеген кісі сыңар-жақтау бола береді...

Мінездің, ақыл-қайраттың әртүрлі болмағы тәрбиенің түрлі-түрлі болмағанынан”. Демек, тәрбие мұраты, оның қоғам мен өмірден алар орны қай кезеңде де маңызды әрі мәнді мағынаға ие болып келген. Ал бүгін ше? Бүгін ойласар да, жүзеге асыруға тиіс те іс-шаралар шашетектен екенін өмір шындыққа шығарып отыр. Несін жасырайық, қылмысқа жаза сай еместігін күнделікті МАИ хроникасынан анық аңғарамыз. Алып-сатар деймісіз, адам өлімі мен алдап-арбау, ұрлық, т.т. күнделікті “төл ісіміз” секілді көрінеді. Мұндай мысалдар көп. Бірақ “негізгі

тамыры қайда жатыр?” дейтін болсақ, мың бір жауаптың бірегейі ретінде – тәрбие тағылымдары ойға оралар еді.

Асылы, от басындағы тәрбие адам өміріне, еңбек ырғақтарына әсер етпей тұрмайды. Бұл жерде мектеп, жоғарғы оқу орнының әсер, ықпалын жоққа шығарғымыз келмейді. Алайда, от басындағы әке-шешенің бір-біріне деген қарым-қатынасы, іс-қимылдары жас буынға, оның қалыптасуына, өріс-өресіне тигізер әсер, ықпалы мол. Халық даналығын ойға алсақ: “Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі”, “Сүтпен біткен мінез сүйекпен кетеді...”

Ендеше, отбасындағы тәрбиеге көзқарас та, құрмет те төмендемеуге тиіс. Бүгінгі күннің басты шындықтарының бірі – осы.

Мақалада тәрбие туралы ой-пікір айтып, еңбек-мұралар қалдырған зиялы қауым өкілдеріне /Аристотель, Бикон, Сократ, Солон, Цицерон, Коменский, Толстой, Ушинский, т.б./ жылы ілтипат білдіріледі. Ақын Абайдың: “Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам баласының мінезін түзеп болмайды деген кісілердің тілін кесер едім” деген ойлары тәрбиенің жоғарғы үлгісі ретінде еске алынады. Бұл бағыттағы ойын: “... Адам баласының арасында ұрлық, зорлық, өтірік алдау, кісі өлтіру, тонау сықылды неше түрлі бұзықтықтың көптігі көбінеки тәрбиенің жетпегенінен”. Немесе: “... Адам тәрбиенің құлы болуға жетпей, әлі күнге табиғаттың құлы болып жүргендігінен. Адам баласы қашан табиғатқа құл болудан құтылады? Анық ақылға билетіп, жалпы жұрт жақсы тәрбиелі болғанда құтылмақ” деген түйінмен тиянақтайды.

Аталмыш еңбекте тәрбие мақсаты мен қуатына зор маңыз берілді. Автор “адамды бұзатын да, түзейтін де тәрбие” екеніне мол мысал-деректер келтіреді, бұрынғы білімпаздар ой-пікіріне ден қояды. Жеке адам, оның өмір, қоғамдағы орны мен ұлтқа, Отанға үлес-салмағы, адамгершілік, әділдік жолындағы іс-әрекеттері кең көлемде сөз етіледі. Бұл бағыттағы ғылым, тәжірибе әсерінің мәні терең түсіндіріледі. Нәтижесінде: “... адамның өмір сүруінде бір мақсат болса, тәрбиеде де мақсат болуға тиіс. Ол мақсат жалпыға пайдалы, іске асырарлық болуы жөн” дейді.

Ғалым-ұстаздың тәрбие шарттары жөніндегі ой-пікірлері бүгінде мән-мағынасын жоймағанын байқар едік. Автор әрбір адамның туу, қалыптасу, жетілуінде тәрбие шарттарының, атап айтқанда, “жаратылыс /дүние/, үй-іші, өскен орта, замандастар, туған жұрты, оның діні, тілін” бөлекше атап, ерекше мән береді. Айталық, ата-ана тәрбиесі туралы: “Бұл мінездердің бәрі жас уақытта басқа бір күшті шарттармен бұзылып-түзелмесе, түпкілікті мінез болып қалғаны” десе, оқу орнының маңызын: “Баланың ақылын арттырып, білім беретін ілтипатты, табанды, талапты, ыждаһатты қылатын, өмірлік азық беретін жақсы медресе болу керек” деп түйін жасайды.

Расында, тәрбие ғылымының бүгінгі өріс, өресіне жіті көзбен қарасақ, ұштаған ұжым – отбасы мен балабақша, оқу орнының маңыз-мақсаты биіктей түсері хақ. Әсіресе, тәуелсіздік талаптарын баянды ету жолында бұл бағыттағы іс-жұмыстардың арна-ағысы бұрынғыдан да кеңіп, зорая, толыса түсуде.

Негізінен алғанда, айтылмыш мақала бірнеше маңызды қырлары-мен назар аудартады. Олар:

- тәрбие мақсатын айқындаудан;
- тәрбие туралы ойшылдар пікірін назарда ұстаудан;
- тәрбие шарттарына көңіл бөлуден;
- тәрбие маңызын арттырудан тұрады.

Жалпы, адам өмірінде, оның қалыптасуы мен дамуында, іс-әрекет-терінде тәрбие тәлімінің сан тарау әсер, ықпалы жатқаны белгілі болса, Ж. Аймауытұлының бұл тақырыпты аталмыш мақаласында өмір-құбылыс сырына сай, әлеуметтік-қоғамдық және ғылыми тұрғыдан негізді етіп сөз етеді. Мұның қазіргі кезеңде, әсіресе демократиялық даму жолына түскен тұста мәні артып тұрғаны анық. Демек, бұл бағытта көпке ор-так, ойласатын тұстар әлі де бар.

Ж. Аймауытұлының педагогика ғылымына қосқан елеулі еңбек-терінің бірі – **“Тәрбиеге жетекші”** /1924/. Ағартушы-психолог бұл ең-бегінде педагогика саласының алуан қырын, әсіресе дидактика туралы: **“... Баланы оқытудың ережелерін, заңдарын баяндайтын дұрыс жүйесін”** көрсетеді десе, мектептің жүрегі – мұғалімді жас ұрпақ тәр-биесіндегі басты тұлға” ... үнемі қозғалып, өзгеріп, өсетін” сипатта баяндайды. Нәтижесінде – мұғалімнің қоғамдық өмірдегі, мектеп, отбасын-дағы ор-нын нақтылы сөз етеді.

Ал, ана тілін – білім негізі, болашақ тұтқасы деп түсінген ұстаз-психолог: **“Ана тілін жақсы меңгеріп алмай тұрып өзге пәндерге түсіну мүмкін емес”** екендігін алуан ой-аңсарлары арқылы жеткізеді. Автор ана тілін тарих, жағрафия пәндерінің өткен кезеңді танып-таразылауда, туған табиғат, жер-су, кісі аттарын айқындауда зор маңызы барын да негізгі назарда ұстайды. Алдымен өз тарихыңды тану, өмір-тұрмысты сезіп-білу барынша мәнді, құнды құбылыс екенін ескертеді. Әдебиет, тарих, жағрафия пәндері – халық өмірінің айнасы, дәстүр-өнегелерінің рухани шежіресі деп біледі. Бұдан **“Ана тілі – мәдени өрлеудің аса зор тегеріші”** /Н. Марр/ екені, **“Тіл – аса кәдірлеп ұстайтын байлығымыз”** /Л. Толстой/ болатыны терең танылады. Демек, тәрбие – үлкен-кішіге ортак, үнемі назарда ұстап, дамыта түсуді қажет етеді.

Ал, тәрбие тақырыбы әр қырынан алып қарастыратын еңбектері-нің бірі – **“Психология”** кітабы /12 бөлімнен тұрады/. Автор аталмыш еңбегінде бұл пәннің **“бала оқытушыларға”** арналатынын айтып, **“қарапайым адамға жұмбақ сықылды көрінетін талай нәрселер”** ұлттық тұр-ғыдан, пәлсафалық негізде қарастырылатынын кеңінен көрсетеді. Еңбек-

тің әр бөлімі адам дүниетанымының иірімдеріне терең бойлап, оған әсер етуші факторлар, эмоция мен сезім күші, айнала-әлемдегі заттар мен құбылыстар сыры, ой мен сөз, ес пен елес, т.т. мәселелер нақтылы деректерімен ден қойғызады. Педагог-психологтың адаммен жануардағы дағды, соқыр сезімдер, өсімдіктердегі тропиздер мен нерв жүйесі, оның атқаратын қызметтері хақындағы ой-толғам, тәжірибелері дәлелді дамып отырады. Сондай-ақ, эмоция мен сезім сырлары /5 тарау/, ерік-жігердің мәні /9 тарау/, ұйқы, түс көру ерекшеліктері /10 тарау/, дәстүр тағылымдары мен салт-сана иірімдері /11-12 тараулар/, т.б. әлеуметтік, қоғамдық тұрғыдан да, халық өмірі мен тұрмысына байланысты да табиғи өріс, арна алады. Бұған кітаптағы сурет, схема, т.б. безендірілімі елеулі әсер, ықпал еткен. Әсіресе, екі ғасырдан астам тарихы бар психологияның /ақыл-ой/ және эксперименттік /тәжірибе/ үлгілерін, математиканың вариациялық статистика саласының ұлттық топырақтағы орнын дерек дәйегі мол нақтылы фактілер негізінде өрістетіп, тереңнен сөз қозғайды. Біздіңше, бұл еңбек адамзат дамуындағы пәлсапалық қисын-негіздерді өмір-уақыт сырына сай саралап, адам әлемімен табиғи байланыстырады.

Ж. Аймауытұлының ғылыми еңбектерін еске алғанда, жан әлеміне сырлы саяхат жасататын – “Психология /жан дүниесі/ мен өнер таңдау” атты кітабының мәні айқындала түседі. Адамтану мен оның бойындағы қабілет, секем, дағды, дарын, мінез қырлары, т.т. – аталмыш еңбектің қарастыратын негізгі, түйінді мәселелері. Сонымен бірге мамандық таңдау ісіндегі анкеталық әдістің алар орны да арнайы сөз болады. Сол арқылы өмір мәнін, мамандық сырларын тереңнен толғайды. Автор: “... Әр адам қабілетіне, ыңғайына қарай өз орнында қызмет етпесе, әлеуметке пайда орнына зиян келтіреді” – деп өмір мәнін, адам орнын, іс-әрекетін биік бағалайды. Автор “Неге арналсаң, соны істе!” деп өмірдегі адам орнына зор маңыз береді. “Адам – өзінің ыңғайымен, еркімен қызмет ететін зат” деп түсінген автор: “... әркімде бір қабілет болуға тиіс”, соны керекті қызметке пайдаланудың жайын тарата талдайды. Адамның қабілеті, талабы туралы бірнеше анкеталық іс-тәжірибелер жүргізіледі, күнделік жазбалардың да маңыздылығына тоқталып, төрт түрлі мінезге /сангвиник, меланхолик, холерик, флегматик/ сипаттама береді. Қысқасы, кітап авторы өмірге келген әрбір адамның ертеңіне алаңдап, өз орнын адаспай тауып, қоғамға пайдалы қызмет ету үшін дұрыс тәрбие, қабілет, икемін танитын – дана көз, тура жол сілтейтін – ата-ана, әрбір өнерге бейімін байқайтын – асыл ұстаз хақында сырлы әңгіме қозғайды. Демек, жан жүйесі жайлы еңбек жазған автор адам қабілетінің сыры мен қырын сөз ету негізінде ата-ана, мектеп, әлеуметтік ортаның ықпалына ерекше мән береді. Бұл белгілі ерекшеліктердің бүгін де маңызды екенін өмір шындыққа шығарып отыр.

Асылы, бала-болашақ, ұрпақ мүддесі қай кезеңде де күн тәртібіне өткір қойылған. Бұл тақырып бүгін өз мән-маңызын жойған да, төмендеткен де жоқ. Ойымызды ұстаз-ғалымның “Тәрбие” мақаласынан алынған пікірімен сабақтайық: “... Бұл күнге шейін тәрбие ғылыми-күшейіп, етек алып, кәметке жетпеген, кейінгі басқышта жүрген ғылым, – деп жазады Ж. Аймауытұлы. – Дәрігер адамның денесін сауықтыратын болса, тәрбиеші адамның ақылын, мінезін, жанын сауық-тырады. Ақылды адам көбейсе, отанның күзетшісі, қорғаны. Олай болса, тәрбиешіге Отанның келешек өмірін тапсырған болады” /“Абай”, 1918, №2, 20-21 беттер/.

Ендеше, Ж. Аймауытұлының педагогикалық еңбек, мұраларының бүгінгімен – уақытпен үндесетін тұстарын егемен елдің мектеп пен оқулығында, бағдарламасында басшылыққа алуға, үлгі-өнеге тұтуға әбден болады. Көп қырлы ғылымның өміршең өнегелерінің бірі осы.

Ж. Аймауытұлының тәлім-тәрбие тақырыбындағы еңбек мұралары – адамтану мәселесінің алуан қырынақ ой қозғайды. Ұлт мүддесі, ұрпақ қамы, үлгі-өнегеге қатысты көзқарас эволюциясынан бүгінгі күннің талап-тілектері – отбасы мен мектеп ісіне зор маңыз беру, жас буынның есеп-есею, қалыптасу жолдарына айрықша көңіл бөлу, ұстаз бен шәкірт байланыстарына кең жол ашу, ең негізгісі – Адам әлемінің қыр-сырын танып-түстеуге қатысты өмір өнегесі, уақыт шындықтары, тәжірибе тағылымдары кеңінен көрініс тапқан.

Ұстаз-ғалым Ж. Аймауытұлының ұлттық тәлім-тәрбие ісіндегі ерен еңбектерінің кейбір үлгі өрнек, тағылымды тұстары осындай. Мұны білу, әрі жүзеге асыру – көпке ортақ, кәделі істеріміздің бірі.

***РАҚЫМЖАН Тұрысбек,
филология ғылымының докторы,
профессор***

ҮЛКЕН СУРЕТКЕР

Халқымыздың аса көрнекті жазушысы, елімізде тұңғыш рет өлең, жыр араластырмай бастан-аяқ проза түрінде кесек туынды берген Жүсіпбек Аймауытовтың орны да, жолы да, жөні де бөлек, айрықша. Ол сөз өнеріндегі өзіндік хас шеберлігімен, үлкен суреткерлігімен ерекшеленеді.

Аса талантты жазушы, драматург, сыншы, публицист, әнші Жүсіпбек Аймауытов – соңына қыруар, мол мұра қалдырып кеткен адам. Оның қаламынан туған дүниелердің бәрі де жан-жағына от шапып тұрғандай нұрлы да шұрайлы. Әсіресе, жазушының “Ақбілек” романы – бастан-аяқ ішкі ұйқасы, ішкі сазы, ішкі үндестігі бар, ақ өлеңдей қабылданатын ғажап, көркем дүние. Мұндағы Алтай тауының табиғаты оқушының көзінің жауын алып, көңілін шуаққа бөлейді. Оның бұл туындысы сол кезде шығып тұрған “Әйел теңдігі” журналының 1927-жылғы № 2, № 3, №4, №5, № 10, № 11 және 1928-жылғы № 3, № 4, №9, № 10 сандарында жарияланған.

Жазушының тағы бір сүбелі еңбегі – “Қартқожа” романы. Бұл туындысында Жүсекең 1916-жылдың оқиғасын суреттейді. Романның оқиғасы бас кейіпкер Қартқожаның өмір жолы арқылы өрбиді. Жазушының бұл шығармасында кейіпкерлердің жан дүниесі психологиялық тереңдікпен өрнектеліп, шебер берілген.

Жүсіпбек Аймауытовтың айрықша тоқталмауға болмайтын ендігі бір туындысы – “Нұр күйі”. Бұл шығарманы автор “Күйлі сөз” деп атапты. Оның себебі, бұл да бастан аяғына дейін өзіндік ырғақ, өзіндік ұйқаспен жазылған әдемі дүние. Жазушының осы аталған туындысы 1929-жылы Қызылорда қаласынан жеке кітапша болып шыққан.

Автор бірнеше пьесалар жазған: “Рабиға”, “Мансапқорлар”, “Шернияз”, т.б. Ол аударма саласында да өнімді еңбек етті, Пушкин, Толстой, Лермонтовтардың туындыларын шебер тәржімалап, қазақ тілінде сөйлетті.

Жүсіпбек Аймауытов ғылыммен де терең айналысқан адам. “Психология”, “Психология мен өнер таңдау” сияқты мән-маңызы айрықша, осы күнге дейін бағасы биік кітаптар жазған.

Жүсекең сын да жазған, Мағжан Жұмабаевтың талантын жоғары бағалай отырып, ақынның нәзік лирикасын жан-жақты талдап, қазақ поэзиясына қосқан өзіндік үлесін анықтап, жұртшылыққа түсіндірген. Сонымен бірге, оның Әміре Қашаубаевтың әншілік өнері туралы жазған “Әнші” атты туындысы қазақ әні мен өнерінің қайнарлары туралы кеңінен толғайды.

Осындай жан-жақты талантты жазушымыз кезінде Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің ортаншы баласы Әмен жауыздар қолынан қайтыс болғанда іштей күңіреніп, жақсы азаматқа қабырғасы қайыса отырып “Ақжол”

газетінің бетінде (26-июнь, 1921 жыл) оның әкесіне көңіл айтыпты: “Қапаста қалған Әмен Жүсіпұғылы” деген қазанаманы – оқығанда жүрегім су ете түсті. Көзіме жас, көкірегіме қан толып, не болғанымды білмедім! “Әмен... Әмен” – кешегі өзіміздің оттай жайнап, жігері қайнап жауыздықпен алысып жүрген Әмен бе?! Бауырым, досым, таянышым, рас сенсің бе?!

Қазақтың кем, қор әйеліне теңдік әперем деп өлетін жігіт аз. Әйел теңдігі үшін бірінші құрбан болған жігіт – Әмен. Қазақ халқы жоғалмай жасайтын болса, әйелдер Әменнің атын алтын жазумен жазып, бойтұмар қылып сақтап, маңдайшасына іліп қоюға міндетті”. Бұл көңіл айту Мәшһүр-Жүсіпке арналғанымен, қазақ халқының аяулы ұлдарының жақсы қасиетін де толық ашып берген туынды деп есептейміз. Бақұлдасу, көңіл айту түрінде жазылған дүние оқырмандарға түсінікті болу үшін Мәшһүр-Жүсіп әулеті жайлы мәлімет бере кетейік.

Ақынның үй-ішін, бір сөзбен айтқанда, мұғалімдер отбасы десе де болғандай. Өзі де көп жылдар бойы бала оқытқан, Әмен – ақынның ортаншы баласы. Арнайы жолдамамен Ташкент қаласындағы № 4 мектепте сабақ береді. Бір оқушы қызының әке-шешесі он үш жасар баласын малға сатып, ұзатпақшы болып жатқанда, ара түсейін деп, 1921-жылы азғындаған жандардың қолынан қаза табады. Бұл оқиғаны Ташкентте шығып тұрған “Ақжол” газетіндегі қазанамадан көрген Мәшһүр-Жүсіп:

Қан түсті алпыс үште аяғыма,

Оқ тиді түзде жүрген саяғыма, – деп қатты күңіренген көрінеді.

Мәшһүрдің тұла-бойы тұңғышы – Шәрәпи момын адам екен. Ал-айда әжептәуір сауаты да болыпты. Өзі алдыңғы қатарлы колхозшы болса керек. Мәшһүр-Жүсіптің бұл баласы 1936-жылы өз ажалынан қайтыс болыпты. Кенже ұлы Пазыл көп жылдай мұғалім болып істеген. Үкімет пен партия алдында адал қызмет жасағаны үшін Ленин орденімен наградталған, 1970-жылы қайтыс болған.

Мәшһүр-Жүсіп өзінің үш баласына баға бере келіп, “бір ұлым бар өзімнен өте туған (Әмен), бір ұлым бар өзіме жете туған (Шәрәпи), бір ұлым бар кейіндеп кете туған (Пазыл) – деп әзіл-қалжыңы аралас айтып отырады екен.

Міне, Жүсіпбек Аймауытов осындай азаматты газет арқылы жоқтай отырып, оның әкесіне, ағасына көңіл айтады. Осы бір шағын дүниенің өзінде елім, жерім деп оқу оқып, білім алған көзі ашық азаматтарға әлі де қараңғылықтан арыла қоймаған елді оятудың, жаңаға толық бет бұрғызудың қаншалықты қиынға түскені, ол үшін кейде тіпті өмірін беруге тура келгені көрінеді, уақыттың ащы шындығы көзге ұрады. Әйел теңдігі жолындағы күрес – соның бір айғағы.

Жүсіпбек пен Мәшһүр Жүсіп екеуі бір ауылдан – Баянауылдың түлектері, бірін бірі ұмытпай, ылғи да іздеп-сұрап, хабарласып тұрған.

Кезінде бұл екі сұңқардың өзара жазысқан хаттарын Қазақстан Ұлттық академиясының Орталық Ғылыми кітапханасынан тауып жариялаған осы жолдардың авторы (“Социалистік Қазақстан”, № 102 (19577) 1990-ж.) болатын.

Екі ғұламаның хаттарынан олардың өзара шынайы дос-туыс екенін, іштері елжіреп, көздері мөлдіреп сағынысқанын асыл сөздерінен, отты өлеңдерінен көреміз.

Жүсіпбек ағасына өте бір кішіпейілдікпен үн қатып: “Хатыңызды алдым, “ақыл” деген ақылыңызды қабыл тұттым... Енді қалған өмірді қалай өткізу туралы данышпан Толстой сексеннен асқанша, өле-өлгенше қаламымен сырласып өткен. Ірі хакімдер, философтар көп жасап, көп мұра қалдырған. Өмірде ойланумен, толғанумен, жақсылық-жамандықты барлаумен, әділдік, шындық, адамгершілік сынды ізгі мұраттарды көксеумен өткізген... Сіз қазақтың қазақ заманында дүниеге келіп қалған гауһарсыз. Сіздің құлашыңыз ұзын, қиялыңыз терең, заманыңыз алыстағы өткен өмірде. Жаңа заманның бұйынтақ сөзі, жыбырлақ мінезі сізді жарытпайды, тосаңсытады, күні өткен жат адам қылады. Сіз жалғыздығыңызды, жапандығыңызды, сәнді-салтанатты ескі күніңізді жырлап өтіңіз. Ақынның ақындығы улаған ойын, тулаған сырын, оқушыны толқытқандай қылып, тізген меруерттей кестелі, толғаулы сөзімен айта білуінде ғой”, – десе (Шымкент, 20-мамыр, 1927- жыл) Жүсіпбектің кең құлашты жазушы, парасаты мол азамат екенін танып-білгендейміз. Ол Мәшһүр секілді аса аяулы жанның ішкі ирімдеріне еркін бойлап, нәзік көңілін толқытып, қартайған адамның қайратына қайрат, жігеріне жігер қосқандай әсер қалдырады. Жүсіпбек қара сөзбен емес, ақ өлеңмен жырлап, әр сөзін “алтынмен аптап, күміспен күптеп” ақын ағасының сезімін дауылдай шайқап, теңіздей тербеген. Бұл жағдайды Мәшһүрдің жазған хатынан анық байқаймыз, ол:

Көркейдім хатыңды алып мен бір жасап,
Хатты ашып оқыған күн дейін оны.
Қазақша жұма – ұлыстың ұлы күні,
Көргендей қызыл гүлді бір масайрап,
Бұлбұлдың заманында ашылды үні.
Өліктей бір жан едім жатқан көрде,
Өлмеген соң аманат сақтап төрде.
Шаттанып хатыңды алып оқығанда,
Оянды ұйықтап жатқан сана-зерде.
Оянып сана-зерде қозғалды ой,
Өзіме – айт амандығың, өзіме – той.
Шарқ ұрып шар тарапқа құлаш жайып,
Шіркін-ай, көтеріліп жұлқынды бой.
Бәйгеге жүйрік болмай қосылмайсың,

Қақпаса жалғызаяқ тосылмайсың.
Тастан қатты, қараңғы түннен ауыр,
Қайғы бар жүректі жеп қылған жауыр.
Жақсы көрген кісіңнен хат алғанда,
Серпіліп, болар жарық әжептәуір.

Жүсіпбектің Мәшһүрге жазған хатында бүгін мен өткенді бірдей толғап, өз тарапынан кешегі өткен ұлылардың өмірінен түсінік, үлгі-өнеге айта отырып, қолына көптен қалам алмай кеткен ақынды қайрап, жігерлендірсе, керісінше Мәшһүр Жүсіп саяқтанып, жан-жағының сирегенін, кәріліктің қиындығын айтып, ішкі құса-шерін толғайды. Жақсы ниеттес інісі түпкі сырын түп қотара ашып тастайды. Ақынға тән нәзіктікпен, еркелікпен, терең ой, ұшқыр қиялмен жырлапты. Сонымен бірге, өмір жайлы, оның бір қалыпты тұрмайтын өзгермелі қалпын айнақатесіз толғағанына біз де тәнті боламыз. Балаша қуанып, “бәрекелді”, кісі болса, осылардай болсын дейміз, іштей риза болған кейіппен.

Бір қызығы, халықтың “Сөз сүйектен өтеді, таяқ еттен өтеді” деген мақалына сай, Мәшһүр ақын жазушының хатын алған соң өзі де қарап жатпай, қолына қалам алғанын айтады:

Үні өшіп жатқан қиял жанданды ғой,
Ғарышқа көтеріліп жан барды ғой.
Кәрілік тіпті ойынан шығып кетіп,

Қаламды жазған Мәшһүр қолға алды ғой, – десе, біз де өсіп, марқайып қаламыз.

Мәшһүр көзі тірісінде қолынан қаламын тастаған емес, оны біз ғалымның өз қолжазбасынан білеміз. Олай болса, бұл ғажайып жанның тынбай еңбек етуіне әрі өлең жазып, әрі ғылыммен айналысуына Жүсіпбек Аймауытовтың хатының сәл де болса септігі тиген деп білсек керек.

Ақын мен жазушы бірі Шымкентте, бірі Баянауылда (Павлодар) тұрып, үзбей хат жазысып тұрыпты. Жүсіпбек өзінің кезекті бір хатында: “Екі жарым ай болды үйден түзге шықпағаныма, не істеді десеңіз, “Қылуатта” жатып, бір роман жазып бітірдім, өзіңіз көрген “Қартқожадан” үлкендігі екі есе болады... Таңертең сағат сегізде тұрамын да, шай ішіп, қызметке бала оқытуға кетемін. Күніне алты сағат бала оқытамын. Сағат үште үйге келемін, тамақ ішемін. Одан кейін ұйықтаймын. Сағат алты-жетілерде оянамын... жазуға отырамын. Сол отырғаннан түнгі сағат екі-үшке дейін отырып қалам... Екі жарым айдай көрген күнім осы.

Соңғы хатыңызда жіберетін сөздер даярлап қойдым деген екенсіз, Оларыңызды жібере беріңіз, түгел басылып, кітап болып шықса, тіпті жақсы.

Сұлтанмахмұт сөздерін былтыр түгел жинап, баспаға бергенмін, одан “басылады” деген хабар алып отырмын. Қаламға жармасқаныңыз-

ды естіп, қатты қуандым. Толстой сексенге келгенше жазған ғой. Әркімнің өз Толстойы өзіне-дағы” (Шымкент, 15-қараша 1927-ж.), — десе бізге бәрі түсінікті. Жүсіпбектің жан сыры, халықтың әдебиетіне деген қамқорлығы, тіпті өзін былай қойып, шаршап-шалдығып жүргеніне карамай, Сұлтанмахмұттың кітабын баспаға әзірлеуі, Мәшһүрдің қолжазбасын қайта-қайта хат арқылы сұрауы — “елім-жерім, ертеңім” деген азаматтың абыройлы ісі.

Мәшһүр Жүсіп Жүсіпбекке бірнеше хат жазып, уақытылы хабарласып тұрған ақын өзінің хатының артына немесе алдына қай жылы, қай күні жазғанын айтып-көрсетпеген. Біз Мәшһүрдің жазушыға арнаған екінші бір хатын оқып көрейік:

Бәйге алған шаршы топта озып аты,
Танымал болған жұртқа қияпаты.
Мәшһүрді өліп қалған бір тірілткен
Шымкенттен Жүсіпбектің жазған хаты.
Жақсыға төр алдында орын бар ғой,
Жаманға қайда жүрсе дүние тар ғой.
“Мың өліден бір тірі артық” деген,
Бұрыннан айтылған сөз, мақал бар ғой.
Астыңа құтты болсын ағаш атың,
Артылсын күннен-күнге алапатың.
Қаламыңның ұшына қыдыр дарып,
Әуелеп өрлей берсін жазған хатың.

Қуандым тірілікте хатыңды алып,
Сөзіңнен сағынғандық әбден танып.
Шаба бер, Алла оңғарып, жолыңды ашсын,
Тұрайын мен “Мақпалдап” ұран салып.

Арғы-бергі тарихты терең зерттеген, көзі тірісінде, “шежіре” атанған Мәшһүр Жүсіп Шымкентте қызмет бабымен жүрген жерлесі Жүсіпбектен үнемі сәлем-саухат, хат-хабар алып тұрған, екеуі бірге туыспаса да, Ғабит Мүсіреповтың айтқанындай, “туыспаған туыс” болып кеткен. Жүсіпбек шетте жүргендіктен оған тілеулес болып, Жаратқаннан амандығын, абыройының артуын күндіз-түні есінен тастамай, әрбір намазы сайын дұға жасап отырған.

Бұл екі ұлы адамның тастай берік достығы, бірін-бірі құрметтеп сыйлауы, аңсап сағынуы, жанымен жаны, қанымен қаны қосылғандай жақын болуы — тарих үшін де, бүгінгі біздің жас ұрпақ үшін де ғажап құбылыс. Қазір де бірі ақын, бірі үлкен суреткер жазушы ретінде халық жадында, ел есінде мәңгі қалары сөзсіз.

Жүсіпбектің бұдан басқа да Д. Әділовке, С. Сәдуақасовқа жазған хаттары бар, ол хаттардың да мазмұны, көтеретін өзіндік проблемалары айқын, адам жанын толғандыратын жайлары аз емес. Академик С. Қирабаев осы хаттарды жан-жақты саралай келіп: “Бұл хаттар әдебиет мәселелері туралы арнайы жазылған мақалаларына қоса, Жүсіпбектің әдебиет, өнер, мәдениет жайлы ойларын тануда едәуір маңызды рөл атқарады. Жаңа әдебиеттің туа бастаған кезіндегі оны өркендетуге деген қамқорлығымен, сөз өнерінің қоғамдық рөлін көтеруге ұмтылысымен Жүсіпбек өз дәуіріндегі ұлттық мәдениеттің дамуына зор үлес қосты. Ол дәуірдің жаңа сөзін айтты” (Жүсіпбек Аймауытов “Ана тілі”, 1993, 193 б.)

Жүсіпбек – аса көрнекті жазушы, аз ғұмырында әдебиет саласында халқына жасап кеткен қыруар мол жұмысын айтып тауысу мүмкін емес, Мәшһүрдің сөзімен айтсақ, ел-жұрты “өзіне де, сөзіне де риза”, біз де дән ризамыз.

*СӘРСЕНБІ Дәуітұлы,
филология ғылымының докторы,
профессор*



ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫНЫҢ ЖУРНАЛИСТІК ҚЫЗМЕТІ

I

Жүсіпбектің баспа бетіне шыққан ең алғашқы шығармасы былай табылды.

“Ең алғаш басылған сөзім”, – деп жазған жазушының өзі, – “1913-жылы болса керек, бір ақымақ алыпсатардың болыс болам деп, елге бір мөсте шай апарып, елдің қулары болыс қоямыз деп, шайларын алып, бос қайтқанын жазып едім, бұл хабар “Қазақ” газетінде басылды. Сол хабардың басылуы қалам ұстауыма үлкен себеп болды” /1/. Географиялық ауқымды және ең бастысы қаламгердің қалам ұстауына үлкен себеп болған, заметкадағы сюжеттік желіге негіз жасаған өзі айтқан кішкене ғана оқиғаны еске сақтай отырып, 1913-жылы жарияланған материалдарды мұқият қарастырдық. Соның нәтижесінде газеттің 16-қазанындағы санында “Ішкі хабарлар” айдарымен берілген “Болысқұмарлық” деген заметка Жүсіпбектікі деген тұжырымға келдік. Рас, мұның соңына автор “И.А.” деп қол қойған екен. Біз бұл есімді “Иусфбек Аймауытұлы” деген аттың бастапқы әріптерін алғаннан шыққан есім деп айта аламыз, үйткені, кейіннен “Абай” журналына қаламгер “Иусфбек” деп қол қойып мақалалар жазған. Бұл – бір. Екінші, жоғарыда айтып кеткеніміздей, географиялық ауқым мен оқиға барысы басты дәлел бола алады. Толық келтірейік: “Өткен жаз сайлауда Павлодар үйезі, Далба волысында болыс боларлық орысша білетін бір кісі болмаған; Мұны естіп, болыс боламын деп, Павлодар жатағында мелішпен кәсіп қылып жүретін Х.И. деген жігіт далақтап, еліне шауып барған. Болыстың ел аларлық пұлы 25 шамалы тақта шай, білімі қалада жүріп үйренген саудалық былдырақ бес-алты ауыз орысша тіл еді. Шар саларда елубасылар болыс қоямыз деп, байғұстың ноғайдан вексельмен алған шайын алдап алып, қойындарына салыпты. Шарға түсіп, болыс болмақ түгіл жұртқа күлкі болып, шайынан айырылып, шертиген шенқұмар сорлы салы суға кетіп, үйіне қайтты” /2/. Осы шағын хабардың өзінен Жүсіпбектің қолтаңбасы аңғарылады.

Сонымен ұлы қаламгердің баспасөзде шыққан ең әуелгі тырнақалды шығармасы табылды деп айтуға болады.

1914-жылы, жиырма төрт жасқа аяқ басқан кезінде ол Семейдегі мұғалімдер семинариясына түседі. Архив құжаттары семинарист Ж. Аймауытұлының земство стипендиясын алып оқығандығын /3/ көрсетеді. Бұл жылдары да Жүсіпбектің “Қазақ” газетін алдырып тұруы әбден мүмкін. Бұл тарапта “Қазақ” газеті” жинағы /4/ және республикамыздың Ұлттық Ғылым академиясының Орталық ғылыми кітапханасы мен Ұлттық кітапхананың сирек қолжазбалары қорында сақталған сол “Қазақ”

газетінің тігінділерін пайдаландық. Әйткенмен, шындыққа мойынұсыну керек-ақ: “Қазақ” газеті” жинағындағы Жүсіпбек Аймауытұлының деп болжам жасалған дүниелер терең зерттеуді, түбегейлі дәлелдеуді қажет етеді. Ғасыр басындағы қазақ мәтбұғатын жүйелеп, ретке келтіруде аса үлкен еңбек сіңірген белгілі библиограф-ғалым Ү. Сүбханбердина “Қазақ” газетіндегі “Желкек”, “Желкең” бүркеншек есімдері Ж. Аймауытұлына тиесілі деп болжам жасаған еді /5/. Дегенмен, “Қазақ” газетінің материалдарын аңдап қарап отырып, “Желкек” деген бүркеншік есім Жүсіпбектікі емес деген қорытындыға келдік. Жалпы, “Желкек” атымен “Қазақ” газетінде бес публицистикалық туынды жарық көрген. Олар – “Жазу мәселесі” рецензиясы /6/, “Шәкерім ақсақалға” рецензиясы /7/, бұлармен қатар “Ауру қалса да, әдет қалмайды” /8/, “Азық-түлік жабдығы” /9/, “Жұрт алдында жауапкер” /10/ деп аталатын заметкалар. “Желкек” – Ресей патшасы заманындағы әкімшілік-территориялық бөлініспен айтар болсақ, Ырғыз уезінің адамы болса керек. Үйткені, соңғы үш заметкада да Ырғыз уезіндегі жаналықтар: уездегі елдің тұрмысы, хал-ахуалы, партия таласы, сайлау, т.с.с жағдайаттар сөз болады. “Желкектің” өзі емес екенін Жүсіпбек “Бұ да ұлт театр жайында” деген мақаласында өзі де аңғартады. Бұнда “Бір жағынан елдегі күйлерді жыйнап, екінші жақтан, Желкек айтқандайын, ән-күйге қолайы бар қалқанқұлақ балаларды кансербаторияға жібере беру керек” /11/ деген сөйлем бар. Көріп отырғанымыздай, “Желкек” (немесе “Желкең”) дейтін ат Ж. Аймауытұлыныңкі емес екені айқындалды.

Бұл ретте қаламгердің баспасөздегі бүркеншік есімдерін толықтай қарастырған жөн. Ғалым Б.Байғалиев 1989-жылы “Жүсіпбек Аймауытұлының бүркеншік есімдері” деген арнаулы мақала жазып /12/, оның “Қызылтаулық”, “ЖК”, “Қызылбас”, “Жанак”, “Келешек”, “Таңашбай”, “Екеу” деген бүркеншіктерін атаса, сол жылы жазылған мақаласында /13/ белгілі ғалым Т. Қожакеев бұларға қоса публицистің “Ермағамбет”, “Қып-қызыл”, “Шоғарақы” деген тағы үш бүркеншік атын көрсетеді. Кейінгі зерттеушілер де осы есімдерді атап жүр. “Қызылтаулық” деген ат жас Жүсіпбектікі екені, осы атпен “Ескі тәртіппен бала оқыту”, “Рәбиға” пьесаларын жариялағаны кезінде “Сарыарқада” да жазылған /14/. Ал “Таңашбай” деген лақап ат өзініңкі екенін, ол бесінші атасының есімі екенін публицист 1927-жылы өзі ашық айтқан болатын /15/. Оның 20-жылдардағы және одан ілгерідегі қазақ баспасөзінде жарық көрген дүниелерін жиыстыра жүріп, біз осы аталған бүркеншіктерді қаламгердің расында да пайдаланғанына көз жеткіздік. Алайда олардың ішінде бір рет қана пайдаланылған аттар бар екенін айта кету керек. Олардың ішінде, мәселен, “Келешек” (“Елес” әңгімесінде), “Шоқарақы” (“Көшпелі Көжебай” фельетонында), “Қып-қызыл” (“Әсемпаздық” фельетонында) сияқты бүркеншік есімдері бар. “Қызылбас” – өзінің екі ғана әңгімесінде (“Томарбай мен қатыны” және “Жаңабайдың жанындағы

трагедия”) қолданған аты. “Жанақ” – тек “Ақбілек” романында ғана қойылған есім (“Әйел теңдігі” журналының 1927–1928-жылғы сандарында). Жанақтың Ж. Аймауытұлының екінші ұлы екені белгілі. Мұнымен бірге қаламгер “Ж.”, “Ж.А.” деп, аты-жөнінің басқы әріптерін ғана көрсетіп қол қойып отырған. Көбінесе “Жүсіпбек”, “Иусфбек” деп өз есімін толық көрсеткен екен. Жиі қолданған тағы бір бүркеншік аты – “Жік”. Бұл – жазушы есімінің бастапқы және соңғы әріптерінің бірігуінен жасалған сөз. “Жазушының жиі пайдаланған бүркеншік есімі – “ЖК” (“Жік” емес)” /12/ деп жазады Б.Байғалиев. Дегенмен публицист алғашқыда “ЖК” деп қол қойды десек те, кейінгі шығармаларында “Жік” деп анық көрсеткен деп айта аламыз. Оған 1925-жылы “Ақ жол” газетіндегі /16/, “Пионер” журналындағы /17/ кейбір шығармаларына “Жік” деп қол қоюы дәлел бола алады. Үйткен себебі, ол басылымдардың бұл кезде А. Байтұрсынұлы енгізген араб әліпбиіндегі “төте жазу” үлгісінде тасқа басылғаны мәлім. Сондықтан “і” әрпін еркін тани білу мүмкін екендігі түсінікті болса керек.

Сонымен “Ж.”, “Ж.А.” және “Жүсіпбек”, “Иусфбек” деп қол қойғанын есептегенде, Ж. Аймауытұлының он бүркеншік есімі бар екендігін аңдадық. Шығармаларын түбегейлі жинастыруға ден қойған тұста біз классик қаламгердің тағы екі бүркеншік атын таптық. “Алып ұйқы” әңгімесін 1926-жылы “Қазақ тілі” газетіне “Қара адыр” деген атпен бастырған екен /18/. Алты ай өткесін бұл әңгіме “Еңбекші қазақта” қайта жарияланған, сондағы нұсқа бойынша жазушының 5 томдық шығармалар жинағына еніпті /19/. Бұл – жазушының туған жерінің атауы. “... Қызылтаудың бауырындағы Қараның адыры деген жерде, Дәндебай ауылында тусам керек” деп жазған қаламгердің өзі /1/. Сондай-ақ, оның “Бажаның басы қышиды” деген әңгіменің өзінікі екені туралы мәлімет қалдырғанын еске түсіру керек /1/. Бұл әңгіме (Әйел теңдігі, 1927, №10-11, Б. 104-108) осыған дейін көзге ілікпеген “Ақыл” бүркеншігімен шығыпты. Бұл атпен “Неге неке бекем емес”, “Үй қандай болу керек” және т.б. мақалалары да жарық көрген. “Ақыл” – өмірінің соңына таман қолданған бүркеншігі. Сонымен Ж. Аймауытұлының “Қара адыр” және “Ақыл” деген он бірінші, он екінші бүркеншік есімдері бар деп сеніммен айта аламыз.

Соғыс кезінде іргетасы шайқалып, 1917-жылғы ақпан төңкерісінен кейін ақыры құлаған патша өкіметі тарих сахнасынан кеткесін қазақ ұлты үшін өз тізгінін өзі ұстайтын әлуетті ел болу үміті оянады. Әйгілі ақпан төңкерісін белгілі тарихшы К. Нұрпейісов: “ел үшін маңызды мәселені – аграрлық, ұлттық, республика түріндегі жаңа саяси жүйені қалыптастыру мәселелерін шешу үшін алғышарттар жасады” /20/, – деп бағалайды. Бұл кезде семинария оқушысы Ж. Аймауытұлы осы көкейкесті мәселе жөнінде өз ойын білдіріп, К. Төгісов шығарып тұрған

“Алаш” газетіне алғашқы көсемсөз туындыларының бірі болып саналатын “Қазақтың өзгеше мінездері” /21/ деген мақаласын бастырады.

1918-жылдың күздікүні Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының қарсаңы болғандықтан, қоғамдық-саяси өмірде оған қызу дайындық жүріп жатыр еді. “Құрылтай сайлауы таянған себепті, ел аңдаусыз қалмасын деп, облосной қазақ комитеті Павлодар, Семей ьәм Өскемен уездеріне 7 кісі шығарды”, – деп жазады “Сарыарқа” газеті, – “Семей уезіне шыққандар: Мұстақым Малдыбаев, Мұхтар Әуезов, Шанжы Мұсатаев, Құрман Есенболов, Әшім Нұрмаханбетов; Өскеменге барып, ондағы ақсақалдар, азаматтармен сөйлесіп сайлау мәселесін түсіндірушілер шығару үшін Сыдық Дүйсембин кетті; Павлодарға да осы мақсатпен кеткендер Юсуфбек Аймауытов ьәм Қаныш Сәтбаев” /22/. Бұдан анық аңғарылатын нәрсе: Алаш партиясы облыстық комитетінің тапсырмасымен жүрген Жүсіпбектің сол партияның мүшесі болғаны, соны қолдағаны, Павлодар уезінің қазақтары арасында Алаш партиясының бағыт-бағдарымен таныстыру жұмыстарын жүргізгені. “Қазақтың өзгеше мінездері”, “Тұр, бұқара! Жиыл, кедей! Ұмтыл, жастар!”, “Азық-түлік жайы”, “Партия”, “Жуан білектік”, “Мемлекет құрылысы” деп аталатын алғашқы бірнеше мақалалары жарияға шыққан Жүсіпбек Аймауытұлының қайраткер-қаламгер дәрежесінде өз ортасына біршама танылған мезгілі де осы тұс.

1917-жылы желтоқсанның 5–13-күндерінде Орынборда екінші жалпы қазақ съезі өтеді. Оған бүтін қазақтың сол кездегі барлық облысынан, Алтай және Самарқан қазақтарынан делегаттар, Жетісу қырғызынан 2 делегат қатысты. Бұл күндер қазақ тарихында алтын әріптермен таңбалануы керек: Алаш автономиясы және оның Алаш Орда деп аталатын Ұлт кеңесі осы кезде құрылды /23/. “.. Желтоқсанның 12-сі күні, түс ауа, сағат 3-те дүниеге “Алаш” автономиясы келіп, азан шақырылып ат қойылды”, – деп жазады Әлімхан Ермеқұлы, – “Алты алаштың баласының басына ақ орда тігіліп, Алаш туы көтерілді. Қырғыз бен қазақ жұрты өз алдына ауыл болды. Отансыз жұрт отанды болды” /24/.

Алаш-Орда өкіметінің “Қазақстаннан” кейінгі екінші тынысы болған, шығып тұрған уағында қырдағы қалың ел арасына кеңінен тараған басылымның бірі – “Сарыарқа” газеті. Жалпы, оның библиографиясы түгенделсе де /5/, басылымның шын мәнінде өз зерттеушісін күтіп жатқанын естен шығармаған ләзім. Баста К. Үкібаев деген біреудің, кейін Семей облыстық қазақ комитетінің, соңында Алаш-Орданың Семей облыстық кеңесінің баспаханаларында басылған, қаржы жағынан “Тендік” серіктігі жәрдем еткен бұл газетке ең әуелі Райымжан Мәрсекеұлы, сонан кейін ұзақ уақыт Халел Ғаббасұлы, жабылғанша Имам Әлімбекұлы редакторлық еткен. Бірер санына Ш. Керейбайұлы шығарушы болған.

Жүсіпбектің “Сарыарқа” газетінде жарыққа шыққан бірнеше мақаласы бар. Солардың алғашқысы “Тұр, бұқара! Жиыл, кедей! Ұмтыл, жастар!” деп аталады /25/. Ж.Аймауытұлы төңкеріс бостандығы әуелі қалың бұқараға керек деп байлам жасайды. “Сөз бостандығы келді, қара халық, сөзіңді тыңдайтын хакімдер бар” деген насихат айтады. Елдің “игі жақсыларына” да арнап: “Кел, мырзалар! Заман ыңғайы шалғырт, шенқұмарлық көкsep, бұзықтық шығара бермей, өткенге қанағат қылып, кешу алып; келешекте түзеліп, жанды олжа көріп, “тек жүрсек, тоқ жүреміз” – деп жазады.

“Сарыарқаның” кезекті 3-інші санына ол осымен үндес “Партия” деген мақаласын бастырады. Мұнда қазақ ішіндегі бақталас, билікке талас партия туралы ежелгі мағынаның ескіргенін, ол партияның бұдан былай керек еместігін баса айтады. Бірінші жер-жаһан соғысына қазақтан солдат алу дүрбелеңінен бастап жалғасқан екі жылдайғы алмағайып мезгіл ішінде ел өндірістік заттарға, әсіресе шай, қант, былғары, ұн, шыт сияқты өнімдерге зәру болған екен. Осындай әлеуметтік өзекті мәселені де “Азық-түлік жайы” /26/ мақаласында Жүсіпбек көз аясынан сырт қалдырмайды.

“Сарыарқа” газетінде жарық көрген “Тұр, бұқара...”, “Мемлекет құрылысы” деген мақалаларынан Ж. Аймауытұлының заман ағымына сай қоғамдық және әлеуметтік мәні зор мәселелерді қозғағанын аңғарамыз.

Семей қаласында 1918-жылдың ақпан-қазан айларында алғашқы кезде “Жанар” ұйымының, кейін Уақ қарыз серіктігінің қаржысымен шығып, облыстық қазақ комитеті баспаханасында басылған “Абай” журналы қазақ халқының әлеуметтік және рухани өмірінің өзекті мәселелерін қозғап, ұлтымыздың тыныс-тіршілігіне ықпал етуге атсалысқан басылымдардың қатарынан орын алады.

Айына екі рет шығып тұрған, 900 данамен тараған журналдың тұрақты редакторы Жүсіпбек Аймауытұлы болған. Басылымның тек 2-ші және 3-ші сандарында ғана (мұқабаның сыртында) “шығарушы – Басқарма” деп көрсетілсе, қалған барлық нөмірлерінде “шығарушы – Жүсіпбек Аймауытов” екені атап айтылған. Сондықтан қазіргі ұғыммен айтқанда, әрі бас редактор қызметін атқарған Жүсіпбектің журнал шығарудың бар ауыртпалығын өз мойнына алғандығы өтірік емес. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архивтік материалдарында сақталған Ж. Аймауытұлының 011494 (бұрынғы нөмірі – 124) қылмыстық ісінен алынған өзінің жауабында да бұны растайтын мәліметтер бар. Жүгінейік: “..1918-жылы ортақ жолдастық қаржымен шығатын “Абай” журналына редактор болдым”, – дейді ол, – “Журналды шығаруға алғашынта көрсеткен – Семей қаласындағы “Жанар” мәдени-ағарту қоғамы. Қоғамға мұғалімдер мен оқушы қазақтар кірді. Қоғам әу баста “Абай” журналын қолжазба күйінде шығарып тұруға келісті, бірақ кейін,

жоғарыда айтқанымдай, алаштың жолдастық ұйымы журналды шығаруды өзінің қолына алды /27/. Бұл тарапта күмән қылатын ештеңе жоқ екені өз-өзінен түсінікті болуы керек.

“Абай” журналының Алаш мұраты жолындағы басылым болғандығын Б. Кенжебаев та растайды: “Абай” журналы 1918 жылы ақпан айынан сол жылдың қазан айына дейін Алаш (Семей) қаласында шығып тұрды. Барлығы 11 саны шықты. Алашордашылардың орталық журналы болды” /28/. Баспасөз зерттеушісі Б. Жақып кейіннен бұл басылымның 12-інші нөмірі де табылғандығын жазады /29.Б.36/. Мұны 1992-жылы қайта шыққан “Абай” журналы да растайды /30/. Ал енді соңғы уақытта журналдың тоғыз ай ішінде жалпы 13 саны шыққаны белгілі болып отыр /31/. Алайда осы ең соңғы нөмірі таралмай қалған.

“Журнал туралы” мақаласында Жүсіпбек өзінің “Халықтың өнерлі болып, жетіліп кетуіне де әлгідей көп себеп, көп шарттар бар. Көп шарттың бірі – баспасөз” деген ұйғарымын айтады /32/.

“Тәрбие” атты ғылыми-танымдық көлемді мақаласында педагогикалық ұтымды әдісті пайдаланады: әр нәрседен мысал келтіріп, жалқыдан жалпыға шығып, оқушыны жетелеп отырады. Мақала соңында публицист: “Дәрігер адамның денесін сауықтыратын болса, тәрбиеші адамның ақылын, мінезін, жанын сауықтырады. Ахлақты, ақылды адам көбейсе, Отанның күзетшісі, қорғаны. Олай болса, тәрбиешіге Отанның келешек өмірін тапсырған болады” деп түйін жасайды.

“Байлық-кедейлік” мақаласында көсемсөзші ел өміріндегі әлеуметтік теңсіздіктің түп себебін іздейді, қоғамдағы тұрмыстық қайшылықтардың мәселесін қозғайды. Бай болудағы, өлерменденіп, мал, ақша жиғандағы мән не деген сауалға жауап іздейді.

“Абайда”, сондай-ақ, Ж. Аймауытұлының “Бетім-ау, құдағи ғой!” деп аталатын сатиралық әңгімесі, “Ұлтты сүйю”, “Қазір екі нәрсе керек”, “Уақ қарыз серіктігі”, “Қазіргі саяси хал”, т.с.с. мақалалары жарық көрген.

Жүсіпбектің журналда шыққан “Әдебиет” деген зерттеу мақаласы /33/ әдебиет теориясын жетік білетін білгір көсемсөзшінің еңбегі екені бірден байқалады. Екі бөлімнен тұратын көлемді дүниесінде автордың таным-талғамы осы күнгі филология ғылымына қойылатын талаптарға жауап бере алатындай жоғары деңгейде көрінеді. “Ғылымның мақсұты – нәрсені толық, кеңінен толғап, терең қарастыру, зерттеу” /34/ деп өзі жазғанындай, Жүсіпбек әсте кез келген дүниесіне атүсті қарамай, толық біліп, терең қарастыруға тырысқаны байқалады. Мұны “Абайдан соңғы ақындар” деген сын мақаласынан да бағамдауға болады. Сонымен бірге мұнда айтылған кейбір ойлар Әуезовтің кейін “Шолпан” журналында жарық көрген “Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі” деген тарихи-талдау очеркіндегі тұжырымдармен іштей қабысып жатқандығын аңғару қиын емес /29.Б.47/.

II

1919-жылы мұғалімдер семинариясын бітірген Жүсіпбек кеңес өкіметі келгенше облыстық комитеттің бекітуімен қаладағы қысқа мерзімді педагогикалық курстарда сабақ беріп жүреді /35/. Сол жылдың 18-желтоқсанында губревком құрамында Алаш (Жаңа Семей) қаласының ревкомы құрылды /36/. 25-желтоқсаннан Ж. Аймауытұлы губревкомға мүше болып кіріп, қазақ нұсқаушылар бөлімшесінің меңгерушісі қызметіне кіріседі /37/.

1920-жылдың 13-наурызында Сібір ревкомына қараған Семей губерниясының қызметкері Ж. Аймауытұлы, Ә. Ермекұлы, М. Әуезов Қазақстан ревкоміне, Сібір ревкомына және Қазақстан ревкомы Орталық атқару комитетінің мүшесі А. Байтұрсынұлына хат жолдайды /38/. Онда олар жергілікті жерде бұрынғы саяси қызметі үшін ұлт оқығандарын қуғындауды қойдыруды талап етеді. Ленин қол қойған, “Бұрынғы Алаш Орда үкіметінің мүшелерін совет қызметіне жіберетін уақыт жетті деп саналады және оларды бұрынғы саяси істері үшін қудалауға мүлдем тиым салынады” деген ВЦИК-тің белгілі қаулысы /39/ шықса да, жергілікті орыс совет басшылары оған мән бере қоймайтынын осы хат аңғартса керек.

Сол кезде Семей қаласындағы Ленин көшесінің 4-інші үйінде орналасқан 3-інші мемлекеттік (бұрынғы “Труд”) баспаханадан басылып шығатын “Қазақ тілі” газетінің тиражы бұл жылы 3 мыңға жеткен /40/. Алғашқы сандарында “Шығарушы: Жазушылар ұйымы” деп көрсетілетін бұл басылымға 1920-жылдың жаз айларында М. Тұрғанбай редакторлық етеді. Қазан айында Жүсіпбек Аймауытұлы редактор болады. Сол жылы газет бір ғана парақ болып шыққан. Азғана нөмірі сақталғандықтан шығар, Ж. Аймауытұлының нақты өз атынан берілген дүниелерін кездестіре алмадық. Әйтсе де, Жүсіпбек редактор болған сандардан оның жазу мәнеріне ұқсайтын “Басқармадан” деп берілген шағын мәтіндерді көруге болады. Мәселен, “Кедей сөзінің” ілгешегіне жауап деген дүниесінде “Басқарма” Омбыда шығатын “Кедей сөзі” газетінің әйел теңдігі мәселесін көтерген “Қазақ тілінің” материалына тиіскен орынсыз сынына “Қазақ тілі” қазақ әйелінің, әлі жетілмегендігінен де, өз бетімен жол таба алмайтындығынан да, кейде қыз болып ағасына не туысқаны жазатынын да біледі. Басына бостандық алған қызды да, қорғалап, қолтықта қалған қызды да, өнеге алсын не сақтансын деген мақсатпен басады” /41/ деп жауап қайтарады. Редактор Аймауытұлы РОСТА-дан “Қызылдар майданы” айдарымен “Врангель бөліне бастады”, “Күнбатыс майданы”, т.с.с. тақырыпта хабарлар ұйымдастырған /42/. Бұл ретте “жергілікті жағдайда газет материалдарын ұйымдастырушы РОСТА мен газеттер біртұтас көрінеді деуге болады” /43/.

Қазан айында Жүсіпбек Қазақ Орталық атқару комитетінің (КирЦИК) мүшесі және Халық ағарту комиссарының орынбасары болып сайланады /44/.

Орынборда “Еңбек туы” газетінің (бүгінгі “Егемен Қазақстан”) алғашқы саны КирЦИК пен РКП(б) облыстық бюросының үні ретінде 1920-жылдың 13-қарашасында шығады. Алғашқы сандарында С. Сәдуақасұлының, С. Тұрғанбайдың; С. Сейфуллиннің, Ғ. Айсариннің мақалалары жарияланған. Газет алғашында жетісіне үш рет шығуға талпынғанымен, арасына жиырма шақты күн аралатып, 1920-жылы баржоғы үш-ақ саны жарық көреді. Басты себеп қаржы тапшылығы болса керек. 3-санында Жүсіпбек Аймауытұлының “Жастар кім?” деген мақаласы басылады /45/. Совет өкіметі өзінің билік орындарына оқығандарға, зиялыларға зәру болса да, олардың ішінде жастарға сеніп, оларды өз мүддесінде тәрбиелеуге баса назар аударған. Осы себептен болса керек, оқығандар ішінде “ескішіл”, “жаңашыл” деп бөлінген екі түрлі пікірдегі ағым сезіле бастаған. Міне, осыған Ж. Аймауытұлы “бұрынғы оқығандардың бойында, ісінде міндері болса, ол үшін мүлде айыптауға болмайды” дей келе, ол “жастың мақсұты – әділдік” деп жазады.

Көп ұзамай, 1921-жылдың 31-қаңтарында Ж.Аймауытұлы Халық ағарту комиссариатының алқа мәжілісінде Халық ағарту комиссары А. Байтұрсынұлының орынбасары болып екінші рет тағайындалады /46/. Қазақ жастарын арнаулы курстар мен мектептерге шақыру жұмыстарына араласады /47/. Арада жиырма күн өткесін, 21-ақпанда Кирпартбюроның шешімімен ол С. Сәдуақасұлының орнына “Еңбек туы” газетінің редакторы болып бекітіледі /48/. Сүйтіп, ұлы қаламгер Жүсіпбек Аймауытұлы бүгінгі “Егемен Қазақстанның” ең алғашқы редакторларының бірі болған. Бірақ орыны толмас бір өкініш: ол басқарған жеті-сегіз айдағы “Еңбек туының” тігінділері арнаулы қорларда сақталмапты. Күндердің күнінде мүмкін табылып қалар деп үміт етеміз. Совет дәуіріндегі Қазақстанның алғашқы газеттерін ғана емес, тұңғыш журналдарын шығаруға да Жүсекеңнің атсалысқанын архив құжаттары дәлелдейді. Мәселен, Қазақ ғылыми комиссиясының (төрағасы И. Тоқтыбаев) Халық ағарту комиссариатына 1921-жылдың 1-наурызында жіберген № 74 хабарламасында “Шолпан” деп аталатын педагогикалық, саяси-экономикалық және ғылыми-әдеби журналдың алғашқы саны 15-наурызда шығатыны, оны шығармақ болған қызметкерлердің ішінде А. Байтұрсынұлы, Б. Сәрсенұлы, Х. Болғанбайұлы, А. Бірімжанұлы, М. Саматұлы, Е. Омарұлы, С. Сәдуақасұлы, Б. Күлеев, С. Сейфуллиндермен қатар Жүсіпбек Аймауытұлының бар екені айтылады /49/. Бірақ бұл журнал белгісіз себептермен шықпай қалған.

Сол жылы жазғытұрым, 24-мамырда қаламгер “Еңбек туының” редакторы міндетінен босатуды сұрап, Кирпартбюроға өтініш жазған /50/. Бірақ өтініштің өзінің мәтіні сақталмаған, сондықтан оның не

себепті босатуды сұрағанын анықтау мүмкін болмады. Алайда өтінішке қол қойылмайды: күнде шығуға тиіс “Еңбек туын” техникалық мүмкіндіктері болмағандықтан апталық етіп, “Беднота” газетін ұқсатып шығаруға және үгіт бөліміне газет техникасын тәртіпке келтіруді тапсырып, Кирпартуро қаулы қабылдайды. “Еңбек туының” жауапты редакторы болып жолдас Аймауытов бекітілсін” деп ұйғарым жасайды /50/. Бұл жерде белгілі публицистке үлкен сенім артылғанын және компартия мүшесі ретінде тәртіпке бағыну талап етілетінін де аңғаруға болады. Алайда Алаш Орда үкіметінің бұрынғы қызметкерлеріне дәл осы жылдары жаңа үкімет тарапынан ешқандай сенім көрсетілмейтін. Оны Мәскеуге жөнелтілген жеделхатта “Алаш Орда үкіметі мүшелерін Қазревкомге жібермейтіндерін” растап, 1921-жылдың 8-маусымында Қазоблбюро төрағасы Пестковскийдің қолы қойылып, қабылданған қаулы да /51/ дәлелдейді. Большевиктік өкімет бәрін өз қалауынша жасауға ұмтылған, үйткені, “совет жаулаушылығының алғашқы қадамдарынан бастап қазақ даласындағы саяси өкіметтің барлық органдары Мәскеудің қарамағында болды” /52/.

1921-жылдың 8-шілдесінде Халық ағарту комиссарының орынбасары Ж. Аймауытұлының /53/ Қазобком төралқа мәжілісі қаулысымен бір жарым ай еңбек демалысын алып /54/, елге кетеді.

Сол кезде Семейде жүріп, ол “Қазақ тілі” газетіне “Бияш” деген мақаласын /55/ жариялайды (М. Тұрғанбаймен бірге). Бияш – Алаш Орданың көрнекті қайраткері Б. Сәрсенұлы еді. “Өткен июльдің 17-інде Орынбор қаласында Қазақстан Оқу комиссариатының басқарма мүшесі Би-Ахмет Шегедекұлы Сәрсенов оба ауруынан қаза болды” деп басталған көлемді қазанама-мақалада автор Б. Сәрсенұлының өмірбаянына шолу жасап, оның қазаққа сіңірген еңбегіне тоқталған. Төңкеріске дейінгі әлеуметтік және оқытушылық қызметін айтып, “әлеумет ісіне қатысқандықтан айыпталып, Қалшак тұсында, соңғы совет үкіметі тұсында абақтыға да жатып шықты” деп жазады. “Бияш қиын-қыстау, қияға салатын, дәнекер болатын, өзгеше жаралған жан еді. Ондай кісі қазақтан кем шығады. Бияштың орны үңірейіп қалды” деп айрықша баға береді публицист.

1921-жылдың 8-шілдесінде бір жарым айға еңбек демалысын алған ол, бір қызығы, арада бір ай өткесін 10-тамызда Семей губерниялық оқу бөліміне бөлім меңгерушісі болып, Ә. Сәтбаевпен бірге бір күнде қызметке тұрған /56/.

Кейінгі тергеу мәліметтерінде Ж. Аймауытұлы мұны растай отырып, сол айларда “Қазақ тілі” газетінің шығарушыларының бірі болғанын айтады /57/.

1922-жылдың алты ай жазынан қара күзіне шейін Семей губерниялық Аштарға көмек комиссиясының уәкілі болған Ж. Аймауытұлы сол жылдың қазан айында Қарқаралыдағы I сатылы, № 2 совет мектебіне

менгеруші болып барады /58/. Бұл кезде танымал журналист Жүсіпбектің қырға шығып кетуі, қиырдағы шағын мектепке директор болып бару себебі денсаулығы мен отбасы жағдайына байланысты болса керек деп жорамалдаймыз. Осы қызметте жүріп, ол губерния орталығы – Семейдегі “Қазақ тілі” газеті редакциясының алқа мүшесі де болыпты /58/. Оған заметка, корреспонденция, мақала, фельетондарын жолдап, үзбей байланыс жасап тұрған.

“Қазақ тілі” газетінде Ж. Аймауытұлының “Театр кітабы туралы” сын-рецензиясы, “Тілшілерге”, “Төңкеріс жемісі ьәм әлеумет қызметкері”, “Тәлкөшке шешендері”, “Қазақ партиясы туралы”, “Сауатсыздықты қалай жою?”, “Мал бас садақасы ма, бас мал садақасы ма?”, “Емлені өзгертуге жоба”, “Ауылдарда”, “Қызыл әскер жайынан” атты мақалалары және “Күдіріс”, “Мысыққа ойын, тышқанға өлім” деген шағын әңгімелері, “Кеп қолғашта” фельетоны жарық көрген. Публицистің қоғамдық-саяси, тұрмыстық-әлеуметтік, шаруашылық және оқу-білім жайынан жазылған мақалалары сол кездегі қазақ өмірінің тыныстіршілігінен мол мағлұмат береді.

Қарқаралыда жылға жуық тұрған ол 1923-жылдың жазында Орынборға келеді.

1924 және 1928-жылдары аралығында Ж.Аймауытұлының әңгімелері, фельетондары, мақалалары көптеп жарияланған. Оның публицистикалық туындыларын біз “Ақ жол”, “Еңбекшіл қазақ”, “Қазақ тілі”, “Ауыл тілі” газеттерінен, “Қызыл Қазақстан”, “Жас қайрат”, “Жас қазақ”, “Әйел теңдігі”, “Жаңа мектеп”, “Лениншіл жас”, “Жаңа әдебиет” журналдарынан көреміз.

Жүсіпбек Тәшкенге 1924-жылдың қыркүйек айының соңында келсе керек. Үйткен себебі, сол жылдың 11-қазанында шыққан Тәшкендегі Қазақ институтының директоры С. Айзуновтың қолы қойылған № 49 бұйрықта оның 1-қазаннан бастап қызметке кіріскені көрсетіледі. Толықтау етіп келтірсек, онда “Оқу халық комиссариатының жеделхатымен Павлодар уезінен, Баянауылдан шақыртылған Юсупбек Аймауытов 1-қазаннан Қазақ институтында ана тілінің оқытушысы болып тағайындалады. Негіз... Институт директоры С. Айзунов (қолы)” /59/ деп жазылған. Мұнда ол Х. Досмұхамедұлы, А. Байтасұлы, Б. Сүлейұлы сияқты қазақ зиялыларымен бірге қызмет істейді /60/. Дәріс оқи жүріп, Ж. Аймауытұлы “Ақ жол” газетінде де қызмет етеді. “Мен әдебиет бөлімін басқардым және “Ақ жолдың” қосымшасы – Сәуле” журналында тұтастай редакторлық еттім” деп өз қолымен жазған кейін (21.05.1929 ж.) ОГПУ тергеушісіне берген жауабында /61/. Ол Тәшкенде сонымен бірге “Шолпан”, “Сана” журналдарын шығаруға да қол үшін берген /62/.

Ж. Аймауытұлы Тәшкенге келісімен “Ақ жолда” “Жарасымды сүгіреттер” фельетонын бастырады. Өндірте жазып, жыл соңына шейін

“Радио хабарлары”, “Көшпелі Көжебай” фельетондарын, “Аю мұртынан күлді” аудармасын, “Тінікейді не ойландырды”, “Қойшы Тастамақ” очерктерін, “Қазақта “жезөкше” бар ма?”, “Тәшкентте сауық кеші”, “Үлгілі мектеп”, “Қазаққа пайдалы жас талап” мақалаларын жариялайды.

1934-жылдың күз айларында Жүсіпбектің редакторлығымен алты саны шыққан “Сәуле” журналы Әлихан Бөкейхан мен Мағжан бастаған ұлт әдебиетшілерінің шығармаларын басып отырған. Жүсіпбектің өзінің “Елеусіз ерлер” /63/, Г. Мопассаннан тәржімалаған “Су жүзінде” /64/ атты әңгімелері жарық көріпті. 2000 данамен тараған “Сәуле” журналы Тәшкендегі “Советский Восток” баспаханасында басылып, “қазақ тілінде айына бір рет шығатын білім әдебиет құрасыны” деп шығып тұрған. Жүсекең шығарған “Сәуле” журналы – 20-жылдардағы идеологиядан тыс, қазақ мәдениетін жандандыруға арналып шығарылған “Шолпан”, “Сана”, “Таң” сықылды ұлттық басылым болды.

1925-жылы да Ж. Аймауытұлы “Ақ жол” газетінің белді қызметкері ретінде көрінеді. Осы жылдың 14-көкегінде оған № 0618 редакция куәлігі беріліпті /65/. Бұл кезеңде білікті журналист қазақтың алғашқы сатиралық басылымы – “Шаншар” журналын шығарады. Оны “жарыққа келтіруде Жүсіпбек ащы тер төккен” деп жазады Т. Қожакеев /66/. Шынында да “Шаншар” сатиралық журналын шығару жалғыз адамға оңай тимеген. Бұл журналдың бізге әзірге бір ғана саны белгілі болып тұр. Басқа сандары Алматы мен Тәшкендегі мұрағаттар мен кітапханалардың арнаулы қорларынан табыла қоймады. Соған орай, “Шаншардың” тек осы алғашқы қана саны шығып, тоқтап қалған деген жорамалымыз бар. “Шаншардың” мақсұты: елді араламақ, жақсы мен жамандықты, ақ пен қараны сараламақ, тура жолдан аяғын қия басқанды біздеп, жараламақ”, – деп жазады Ж. Аймауытұлы “Шаншар” кім? деген басмақала іспетті беташар сөзінде /67/. Мұнда публицистің өз атынан немесе оның бүркеншік есімімен берілген материалдар жоқ. Десе де, “Басқарма” деп қол қойған дүниелердің Жүсіпбек қолынан шыққанын сөз саптауынан, жазу мәнерінен, стилінен білу аса қиын емес. Мысалы, “Басқарма” деп қол қойылған “Шаншардың” оқуларына қосылыңдар!” деген фельетонның оныкі екені күмән туғызбайды. Автор жеңіл әзілге сүйей отырып, замана келбетін мысқылдай суреттейді, астарлы пікір білдіреді: “Балшабайлар келген кезде де талай қызықтар болып еді-ау! О кезде күлу қайда? “Ақты жақсы көресің бе? Қызылды жақсы көресің бе?” деп жаналқымға алғанда “Сізді... сізді жақсы көреміз” деп жанымыз қалушы еді.. Өтер күн өтті... Қымбат та болса, жұрт бірсыдырғы борбайын жапты... Кедейлеріміз, жалшыларымыз сөзге, топқа кіріп, адам қатарына қосылып келеді.. Әйелдер де сайрандап жүр... Бұл думанда күлмейтін не бар? /67. Б. 14, 15/”.

1926-жылдың маусымында Ж. Аймауытұлы Қызылордадан Шымкент қаласына ауысып, ондағы Сырдария губерниялық Қазақ педтехникумы мен ауылшарушылық техникумына оқытушы болып қызметке тұрады /68/. Негізгі жұмыс орыны педтехникум болған. Үйткені, архив құжаттарының көрсетуінше, Жүсіпбек Шымкенттегі Қазпедтехникумнің 1926-жылғы 2-маусымдағы № 2442 арнайы шақыртуы бойынша келіп, № 74 бұйрықпен қызметке кіріскен /69/. Сол жылдары педтехникум директоры С. Садықбеков, ауылшаруашылық техникумы директоры Ә. Ерімбетов болыпты /70/. Жүсіпбек Аймауытұлы техникумдармен қатар аймақтық курстарға да дәріс оқыған көрінеді /71/. 1927/28 оқу жылында Жоспарлау комиссиясының қаулысы негізінде педтехникумның директоры Ж. Нұрбеков болады /72/. Бұл жігіт – 1927-жылы Тәшкендегі Қазақ институтын бітірген, мұғалімдік стажы үш жыл ғана болған, ВКП(б) мүшелігіне өткен, Жүсіпбектің өзінің шәкірті екен /73/. Мұны мысалға келтіріп отырған себебіміз: совет өкіметінің қырағы басшылары мен арнаулы мекемелерінің бір кезде Алаш Орда баспасөзінде қызмет еткен қазақ азаматтарына жоғары лауазымды қызмет бермегеніне тағы бір мәрте көз жеткізу. Бірқатар зерттеулерде Ж. Аймауытұлының Сырдария педтехникумына директор болған деген жаңсақ мәлімет бар /74/, архив құжаттары оны теріске шығарып отыр.

Шымкентте де ол өзінің шығармашылық күш-қуатынан төмендемеген. Мұнда оның әйгілі “Ақбілек” романы жазылғаны белгілі. Сондай-ақ, 1927-28-жылдары қаламгер бұдан басқа да әлденеше шығармалар жазыпты. Осы орайда біз еліміздің Орталық мемлекеттік архивінде сақталған 81-қордың 1-тізіміндегі 1394-істен алынған құнды мәліметтерді келтірмекпіз, үйткен себебіміз, бұнда Ж. Аймауытұлының осы күнге шейін белгісіз болып келген шығармалары аталады. Құжаттардан рет-ретімен үзінділер алған жөн шығар. Әуелгісі: “14.04.1928-ж. № 2319 қатынас қағаз. Сейфуллин жолдасқа. Сізге Аймауытовтың “Қол дорба” және “Оянған Асан” атты қолжазбаларын жолдай отырып, Ғылыми-әдістемелік кеңес (НМС) олардың балаларға жарайтындығы, қай жасқа лайық екені жөнінде жазбаша пікір беруіңізді сұрайды... Оқу комиссариатындағы НМС ғылыми қызметкері Шонанов” /75/. Со күні дәл осындай мәтіндегі, Т. Шонанұлының қолы қойылған осы мекеменің қатынас қағазы “Ауыл тілі” газетінде істейтін Б. Майлинге де жолданыпты. Онда да Ж. Аймауытұлының балаларға арналған “Түлкі қасқыр, түйе” және “Екі еріншек” атты қолжазбаларына жазбаша пікір білдіру сұралған /76/. Міне, осы аталған қолжазбалар жеке жинақ болып шықпаған және олардың кейінгі тағдыры да жұмбақ күйінде, белгісіз болып қалды. Жүсекеңнің сондай шығармаларының бірі “Мәскеу мен Қырымға жолаушылық” деп аталады екен. Оны бізге көрсеткен құжаттың мазмұнын сол күйінде оқыған дұрыс деп тауып, түпнұсқасын ұсынамыз: “5.05.1928 г. № 2119. Чимкент. Педтехникум. Тов.

Аймаутову. Научно-методический совет (НМС) протоколом № 9 от 4.04.28 г. решил издать по плану 1928 г. Вашу рукопись “Путешествие в Москву и Крым” с тем, чтобы Вы дополнили часть, описывающую Москву и по возможности сократили часть о Крыме в интересах пропорциональности части и дачи более полного представления о революционно-культурном центре – Москве. В частности у Вас отсутствует описание Музея революции в Москве, современной техники и жизни в крупных организациях и учреждениях. НМС просит переработать в указанном направлении рукопись и срочно выслать НМС для отпечатания. Председатель НМС Сайдалин, научный сотрудник Шонанов” /77/. Осы құжаттан біз жазушының тағдыры белгісіз тағы бір шығармасын білдік және оны оқи отырып, сол кезеңдегі совет цензурасының бас бұрғызбайтын қатал екенін де аңғаруға болады.

1928-жылдың қазан айында Ж. Аймауытұлы педтехникумдегі оқытушылық қызметінен өз еркімен босап, сол кездегі ел астанасы Қызылордаға ауысады. Оны дәлелдейтін құжатты толық келтірген жөн деп білеміз: Қазақ Оқу комиссариатына. Сырдария педтехникумінде қазақ тілі, қазақ әдебиеті және ГУС бағдарламасының (қазақ тілінде) оқытушысы болып соңғы уақытқа шейін Аймауытов істеп еді. Оның Қызылордаға кетуімен педтехникум оқытушысыз қалды. Ауыстыратын адам жоқ. Жағдай өте қиын. Бұл пән бойынша оқытушының жоқтығы қызыл педагогтерді даярлауда кесірін тигізбей қоймайды. Сондықтан жоғарыдағы пәндерді өзіне ала алатын қазақ мұғалімін іссапармен жіберулеріңізді өтініп сұраймыз. Партияға мүше болса, дұрыс болар еді. Аймақтық Оқу бөлімінің меңгерушісі Құлжанов. 31-қазан. 1928-жыл” /78/. Педтехникумнен публицистің не себепті кеткені белгісіз, десе де, осы құжаттан-ақ оның аса зәру маман болғанына көз жеткізуге болады.

ҚУАНТАЙҰЛЫ Нұржан,
жазушы,
филология ғылымының кандидаты

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиеті, 1988, 23-желтоқсан
2. И.А. Болысқұмарлық // Қазақ, 16-қазан, № 34
3. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (бұдан ары: ҚР ОМА), 503-қ., 1-т., 22-іс, 176-п.
4. “Қазақ” газеті”. – Құрастырған Сүбханбердина Ү., Дәуітов С., Сақов Қ. – Алматы: Қазақ энцикл., 1988, 67 бет.
5. Сүбханбердина Ү. Қазақ, Алаш, Сарыарқа. – Алматы: Ғылым, 1993, Б. 196.
6. Қазақ, 1915, 28-наурыз, № 114.

7. Қазақ, 1916, 9-ақпан, № 168.
8. Қазақ, 1917, 4-шілде, № 295.
9. Қазақ, 1917, 14-қыркүйек, № 243.
10. Қазақ, 1918, 5-қаңтар, № 258.
11. Бұ да ұлт театры жайында // Еңбекші қазақ, 1925, 10-желтоқсан, № 419.
12. Өркен, 1989, 14-қазан.
13. Қожакеев Т. Жүсіпбек және жастар // Лениншіл жас, 1989, 16-ақпан.
14. Сарыарқа, 1917, 20-желтоқсан, № 26.
15. Басқармаға хат // Еңбекшіл қазақ, 1927, 3-наурыз, № 51.
16. Делебесі қозған жігіт // Ақ жол, 1925, 26-қаңтар, № 529.
17. Балалармен әңгіме // Пионер, 1925, № 2-3, 7-10 б.
18. Алып ұйқы // Қазақ тілі, 1926, 12-қаңтар, 4; 14-қаңтар, № 5; 17- қаңтар.
19. Аймауытов Ж. Бес томдық... – Алматы: Ғылым, 1997. – 2-т. 132-137-б.
20. Нұрпейісов К. Алаш Орда // Қазақстан коммунисті, 1991, № 8, Б. 23.
21. Алаш, 1917, 30-наурыз, № 16.
22. Сарыарқа, 1917, 5-қараша, № 19.
23. Сарыарқа, 1918, 25-қаңтар, № 29.
24. Әлімхан. Жасасын, Алаш, жасасын // Сарыарқа, 1918, 22 қаңтар, № 28.
25. Сарыарқа, 1917, 19-маусым, № 2.
26. Сарыарқа, 1917, 5-шілде, №5.
27. Қазақстан республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің архиві (бұдан ары: ҚР ҰҚК архиві), 001494-іс, 2-том, 110-п.
28. Кенжебаев Б. Қазақ баспасөзі... – Алматы, 1950, 27 б.
29. Жақып Б. Мұхтар Әуезов – публицист. – Алматы, 1997.
30. Абай, 1992, № 1, 36.
31. Әуезов М. Елу томдық... 1-том. – Алматы: Ғылым, 1997, 316 б.
32. Аймауытұлы Ж. Журнал туралы // Абай, № 1, Б. 1-3.
33. Абай, 1918, наурыз, № 3 Б. 8-9; мамыр, № 5, 6-10 б.
34. Аймауытұлы Ж. Тәрбиеге жетекші. – Мәскеу, 1924, 65 б.
35. ҚР ОМА. 1398-қ., 4-т., 26-іс, 23-п.
36. Шығыс Қазақстан облыстық Жаңа тарихи құжаттар орталығы (бұдан ары: ШҚОЖТҚО). 72-қ., 2-т., 21-іс, 4-п.
37. ШҚОЖТҚО. 72-қ., 1-т., 125-іс, 3-п.
38. ҚР ОМА. 14-қ., 1-т., 104-іс, 5-7-п.
39. ҚР ОМА. 14-қ., 3-т., 4-іс, 11-п.
40. Қазақ тілі, 1921, 31-желтоқсан, № 112.
41. Қазақ тілі, 1920, 28-қазан, № 98.
42. Қазақ тілі, 1920, 25-қазан, № 97.
43. Омашұлы Н. Жол үстінде – журналист. – Алматы: Атамұра, 1999, 76-б.
44. ШҚОЖТҚО. 72-қ., 148-іс, 33-п.
45. Еңбек туы, 1920, 25-желтоқсан, № 3.
46. ҚР ОМА. 81-қ., 1-т., 2-іс, 43-п.
47. Қазақстан Республикасының Президенттік архиві (бұдан ары: ҚР ПА). 139-қ., 1-т., 266-іс, 145-п.
48. ҚР ПА. 140-қ., 1-т., 82-іс, 17-п.
49. ҚР ОМА. 81-қ., 1-т., 23-іс, 16-п.
50. ҚР ПА. 140-қ., 1-т., 83-А-іс, 57-п.
51. ҚР ПА. 140-қ., 1-т., 46-іс, 13-п.

52. Пайпс Р. Совет Одағының қалыптасуы. Коммунизм және ұлт-шылдық. 1917–1923-жж. – кітапта: Қазақстан шетел әдебиетінде. Құрастырған К. Есмағамбетов. – Алматы: Атамұра, 1994. - Б. 152.
53. ҚР ОМА. 5-қ., 19-т., 12-іс, 1-п.
54. ҚР ПА. 139-қ., 1-т., 13-А-іс, 18-п.
55. Жүсіпбек, Мәнен. Бияш // Қазақ тілі, 1921, 22-тамыз, № 136.
56. ҚР ОМА, 81-қ., 1-т., 103-іс, 18-п.
57. ҚР ҰҚК архиві, 011 494-іс, 2-т., 116-п.
58. Оңтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архив (бұдан ары: ОҚОМА). 147-қ., 1-т., 1-іс, 154-п.
59. Өзбекстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (бұдан ары: ӨР ОМА). 372-қ., 1-т., 61-іс, 20-п.
60. ӨР ОМА. 372-қ., 1-т., 58-іс, 30-п.
61. ҚР ҰҚК архиві. 011 494-іс, 2-том, 119-п.
62. Мұқанов С. Өмір мектебі, 3-кітап. – Алматы, 1970, Б. 95.
63. Сәуле, 1924, № 6, Б. 2-9.
64. Сәуле, 1924, № 5, Б. 2-7.
65. ОҚОМА. 147-қ., 1-т., 1-іс, 165-п.
66. Қожакеев Т. Көк сеңгірлер. – Алматы: Қазақ ун-ті, 1992, 272 б., Б. 37
67. Шаншар, 1925, № 1, Б. 2.
68. ОҚОМА. 147-қ., 1-т., 1-іс, 154-п.
69. ОҚОМА. 147-қ., 1-т., 16-іс, 57-п.
70. ОҚОМА. 147-қ., 1-т., 16-іс, 52-п.
71. ОҚОМА. 147-қ., 1-т., 1-іс, 230-п.
72. ОҚОМА. 147-қ., 1-т., 35-іс, 4-п.
73. ҚР ОМА. 81-қ., 1-т., 1406-іс, 32-п.
74. Досжанов Д. Абақты. – Алматы: Қазақстан, 1992, Б. 52.
75. ҚР ОМА. 81-қ., 1-т., 1394-іс, 21-п.
76. ҚР ОМА. 81-қ., 1-т., 1394-іс, 30-п.
77. ҚР ОМА. 81-қ., 1-т., 1394-іс, 25-п.

ЕЩЕ РАЗ О “ВИНЕ КУНИКЕЙ” Ж. АЙМАУТОВА

(К гендерной теме в казахской прозе)

Гендерная тема – традиционная для казахской прозы. Своеобразное воплощение получили в ней мотивы любви, наказания, греха и искупления. Обычно она включает ключевые понятия – взаимоотношения мужчины и женщины в свете нравственных законов казахского общества. Эта тема соотносится с мотивами изменений в жизни влюбленных (произведения С. Кубеева, С. Торайгырова, М. Дулатова, Б. Майлина), их мгновенного разъединения и горьких размышлений (в частности, страдающих героинь) о трагичности и ненужности своего бытия.

Образ женщины Куникей в повести “Вина Куникей” Ж.Аймаутова (1928)¹ определяют лексические единицы с временной семантикой, как юность и молодость с исчезнувшей красотой. Реалии даются в восприятии повествователя в начале повести, своеобразной экспозиции. В разговорно-бытовом стиле повествования его риторические вопросы о Куникей и причинах ее вины, интонации удивления, сожаления, сострадания о ее плачевном состоянии передают тяжесть времени и обращены в прошедшее. Они могут рассматриваться как образные характеристики. В главе “Күнікей ғой бұ жатқан” (“Это же лежит Куникей”) повествователь словно отвечает на вопросы всех, кто знал Куникей. Время осознается им в измененном мировосприятии, оно оценочно в анализе проходящего времени, настоящего и прошедшего героини. На будущее указывает только вопрос о ее вине в лирическом отступлении. Символика горя и завершения жизни ассоциируется с мрачно окрашенной землянкой с единственно целым стеклянным окошком, где в давно в не стиранной грязной постели лежит, похожая на бесплотный дух, умирающая Куникей. Ужас заброшенности пронизывает все ее существование. Особенно он усиливается в ее затаенном подбострастии к девочке – родственнице, изредка заглядывающей к ней: “Айдарлым-ау, жап-жас боп аяуды қайдан білесің?” Мүшеліге жаңа жеттің ғой... Айналайын өзіңнен! Сусының бар ма, апатай, қалайсың деген сөзіңнен!... Сен болмасаң, қарағым!... – деп қояды Күнікей, деміге сөйлеп еңтігіп” (347). В чем вина Куникей, совместившей в себе две противоположности: некогда небесной (уверенной в себе умной, привлекательной, энергичной и хозяйственной) девушки, с красивым голосом, а ныне изможденной, призрачной, подобной тени, больной. Повторяющийся вопрос в экспозиции, рассматриваемой и как финал повести, подчеркивает трагизм

Куникей, ее расколотовость, В чем же ее вина и отчужденность от людей? В первородном женственном грехопадении? Или же это результат ее внешнего раскрытия как личности, сделавшей в чем-то шаг к самопожертвованию во имя какой-то общей с другими благородной цели? Перед нами тайна любившей (любящей) женщины, свободной волей выбравшей свою судьбу и самоуничтожившейся в любви. Если рассматривать ее образ шире, то можно отметить в ней (как в «сосуде дьявольском») воплощение испорченности нравов всех людей аула и, в первую очередь, греховность семейных женщин, не любивших своих мужей (образ Шекер, матери Куникей) или же уже до замужества в полной мере вкусивших запретный плод, о чем заявляющих беспристрастно (образ женге Баден). У самой Куникей к новоиспеченному мужу, невзрачному сапожнику Туяку, выбранному ее матерью, иного чувства, кроме как отвращения, нет: “Өған сактағанша, итке тастасам болмай ма? Оған кара басым да көп” (366). “Чем беречь себя для него, лучше уж собаке отдам. Он даже не стоит меня” Пер. автора статьи - А.С.).

Гендерная тема нерасторжима с понятием счастья. Тема “проклятого богатства”, вернее, устремленности к нему разворачивается на образе Шекер. Концепт счастья у нее концентрируется вокруг внешних благ. Ее эмоциональная сфера получает цветовые характеристики. Свое счастье мать открывает в дочери, в которой желает видеть блеск во всем. Несмотря на бедность, она находит средства на покупку дочери зеркала, гребенки, масла для волос, душистого мыла, украшает разноцветными нитками ее платья. Писатель останавливается на деталях предметов, подчеркивая их цвет и материал. Все это она проделывает не для того, чтобы скрыть свое подлинное имущественное неравенство, а искренне не замечая внешней или внутренней разницы между своим ребенком и байскими дочками. Наоборот, яркая индивидуальность певуньи Куникей, выделяющая ее от молодежи захолустья, заставляет Шекер выискивать пути для сопротивления бедности и самоутверждения социального статуса дочери. В повести она чаще всего выступает ее покровительницей и подругой. Так, для нее важным видится не духовная или телесная близость Куникей во взаимоотношениях с мужем, а материальное богатство, которого, как она полагает, рациональный Туяк способен добиться. О себе она высокого мнения, хотя и жена самого что ни на есть бедного и простодушного чабана Култумы, озабоченного изнурительным кожным зудом, который едва ли в состоянии защитить дочь от посягательств местных молодчиков: “Қойшы – тек қол байлау, құдай бұйрығы. Анығында Шекер өзін ана мырзалардың қатынымын деп есептейін” (350). (“С койшы повязана волей бога. В действительности же она считала себя равной женам господ”. Пер. автора статьи - А.С.). Духовное и греховное находятся в оппозиции. Для Куникей

